

Жасан ЗЕКЕЙҰЛЫ
Үзбен ҚҰРМАНБАЙҰЛЫ

ТӘУЕЛСІЗДІК – ТАҒДЫР СЫЙЫ

Ой толғаныстар, пікір-ұсыныстар



Алматы, 2016

ӘОЖ 821.512.122-1

Ү 55

Бас редактор – Еділ Құламқадырұлы МАМЫТБЕКОВ
«Нұр Отан» партиясы Астана қалалық филиалының
төрағасының бірінші орынбасары

Ү 55

Жасан Зекейұлы, Үзбен Құрманбайұлы.
ТӘУЕЛСІЗДІК – ТАҒДЫР СЫЙЫ. Ой толғаныстар,
пікір-ұсыныстар. Ж.Зекейұлы, Ү.Құрманбайұлы. /Алматы,
«Курсив» баспаханасы, 2016. -352 б.

ISBN 978 – 601 – 06 – 3850 – 1

Туынды тәуелсіз Қазақ елінің жетістігіне сүйініп, қоғамдағы түрлі келеңсіздіктерді қалт жібермей баспасөз ақпарат құралдары арқылы пікір-ұсыныстарын білдіріп отыратын жазушылардың бұл еңбегі еліміздің, қазақ ұлтының тыныс тіршілігіне қатысты ой толғақ, мақалалары мен елдік пен ерлікті арқау еткен өлең жырларынан тұрады.

Кітап авторлары бұл еңбектерінде халық пен мемлекет арасындағы дәнекері мемлекеттік қызметкерлердің іс қызметіне сын көзбен қараумен қатар, оларды халық және қоғамдық ұйымдармен қоян-қолтық жұмыс жасаудың маңыздылығына тоқталады.

Кітап жалпы көпшілікке арналған.

ISBN 978 – 601 – 7459 – 48 – 2

ӘОЖ 821.512.122-1

© Ж.Зекейұлы, Ү. Құрманбайұлы, 2016

© Алматы, 2016

*Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің
25 жылдығына арнаймыз*

*Жасан Зекейұлы
Үзбен Құрманбайұлы*



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ,
ЕЛБАСЫМЫЗ НҮРСҰЛТАН ӘБІШҰЛЫ НАЗАРБАЕВҚА**

Ассалаумағалейкум, құрметті Нұреке!

Сіз, Ақтөбе оқиғасына байланысты Қазақстан халқына жасаған мәлімдемеңізде: «Тәуелсіздікті жариялау бар, ал оны қорғап, нығайту және дамыту одан да жауапты іс. Ел бірлігі ішкі тыныштық сол үшін керек. Мен мұны ылғи айтып келемін. Ел ішіне бүлік салудың, «түрлі-түрлі революциялардың» талайын басқа елдерден көріп, біліп отырмыз. Ол лаңкестік әрекеттерден, көшеге шығып шулаудан басталады. Одан конституцияға қарсы шығады да, аяғында мемлекет күйреп, халық аш-жалаңаш қалады. Мұның бәрін біз көріп, біліп байқап отырмыз» деп бүкіл халықты сақтыққа шақырдыңыз. Барлығымыз бірігіп, елімізді сақтап тәуелсіздігімізді қорғауды айттыңыз. Әрине, мың рет өліп, мың рет тірілген қазақ енді өлмеуіміз керектігін, сол үшін береке бірлікте өзара тату болуды, сөйтсе ғана шеттен бізге ешбір қауіп-қатер төнбейтінін, ал өз ішімізден ыдырап тәртіпсіздікке бейберекетсіздікке берілсек сырттың жауыздары өзінен өзі лап қоятынын да үнемі ескертіп келесіз. Қазіргі заман тіпті алмағайып, тіпті қорқынышты. Шеттің зымияндық іс-әрекеті күшейіп, олардың қулықтарына құрық бойламайтын заман келді. Жауыздар, өзімізді өзімізге қарсы қойып, ішімізден ірітіп тоздыру арқылы күлімізді көкке ұшыруды көкसेп отырғаны анық. Әсіресе, интернет, ақпарат құралдары

арқылы мемлекетке, оның саясатына қарсы шығып, жала жауып, өтірік мәлімет таратып өздерін «батыр» санайтындар көбейе бастады.

Қадірлі Елбасы! Қазақстан халқы, қазақ елі әрбір азаматы, біз сізбен біргеміз. Елімізді, тәуелсіздігімізді сақтап, қорғауды сіз қалай айтып келесіз, біз солай жасай береміз. Қазақстан Мемлекетін дүниеге әкеліп, Тәуелсіз Ел етіп, оны не бәрі 25 жылда екі жүз жылдық өркенге жеткізген де, Қазақ елін әлемнің алдыңғы қатарына қосқан да, “атасында көрмегенді ботасында” көрсетіп, халқыңызға тек бақыт пен шаттық сыйлаған да, болашағымыз үшін Мәңгілік ел құрған да өзіңізсіз. Сол Мәңгілік Қазақ Елін аялайтын, қорғап сақтайтын, кемеліне келтіретін, қазақ халқын асқақтататын да өзіңіз бола бересіз. Ал, қазақ елі халқы, әрбір азаматы бұрынғыдан да артық, сіздің жаныңызда, өзіңіз құрған «Нұр Отан» Партиясына топтаса береді. Өйткені, халықта бұдан өзге жол жоқ. Осы орайда елімізді, тәуелсіздігімізді қорғап сақтауда қазақ елін мәңгілік жасатуда өзіңізге, «Нұр Отан» Партиясына септігін тигізетін жәрдемші, көмекші болатын бірден бір күшатажұртын аңсап, Отанына оралып, қара шаңырағын тапқан бір миллион жарым оралман ағайындар. Жат елдерге бытырап кеткен қандастарыңызды қанатыңыздың астына алдыңыз. Бұл тарихи ерлігіңізді, ұлттық қасиетінен айырылуға тірелген бес миллион қазақтың тағдырын құтқарған ұлы төңкерісіңізді бүгінгі біз ғана емес келер ұрпақ еш уақытта ұмытпайды. Сол үшін біз азды көпті ойлана толғана келіп, отанына оралған бір миллион жарым азамат елімізден, қара шаңырағымыздан алсақ емес, барымызды берейік, бір кірпіші болып қаланайық, септігімізді тигізейік, сынамайық, тек

сыйлайық, ақыл айтып көсемсімей ақылын алайық, заңына бағынайық, құрметтейік, өзіміз ортаға сыйымды болайық. Отанның қадір қасиетін, тәуелсіздіктің құндылығын өзгеге түсіндірейік. Сөйтіп ортаға татулықтың, береке бірліктің ұйытқысы болайық деген мақсат көтердік. Яғни ата жұртына оралған ағайындар ортасынан қоғам қайраткерлері, білікті білімді, саналы азаматтар бастама көтеріп Атажұрт қоғамдық бірлестігін құрдық. Бұл тек «Нұр Отан» Партиясының бағыт бағдарламасы, саясатын ұстанып, оларға көмекші ретінде тұрғылықты халықпен бірлесе, бірігіп жұмыстайтын болады. Сіз өзіңіз құрған Қазақстан Халық Ассамблеясы өз жемісін берді. Ол да сіздің көрегендігіңіздің белгісі. Ал, ата жұртына оралған қандастар бұдан да артық нәтиже көрсетіп, сеніміңізді ақтайтын болады. Сондықтан, Ақтөбе оқиғасына байланысты мәлімдемеңізді басшылыққа ала отырып, бәрінен де Еліміздің елдігі, Мемлекетіміздің тәуелсіздігі қымбат екендігін айқындаған «Тәуелсіздік – тағдыр сыйы» кітабымызды, ел тәуелсіздігінің 25 жылдығына арнап жаздық. Сіздің айтқан әрбір тапсырмаларыңыз, алға қойған мақсатыңыз, бағыт бағдарламаңызды барлығымыз абыроймен орындаған жағдайда мемлекетіміздің ұлттық қауіпсіздігіне ешбір қауіп-қатер төнбей, керісінше мәңгілік ел болып жасай беретіндігімізді, сол үшін халқымызға дұрыс түсінік беріп, қоғамда етек ала бастаған жауыздық іс әрекеттің жолын қиюға арналған бұл кітапты өзіңізге ұсынып отырмыз. Ең негізгісі Еліміздің алып адымын, арғымақтай шапқан жүрісін көре алмайтын шеттің жауыздарына, іштің бүлікшілеріне тосқауыл қоятын, жолын қиятын, бар шындықты түсіндіру арқылы халықты толығынан тыныштандыратын, әрбір азаматты жасам-

паз етіп, Елбасымызға, өзі құрған «Нұр Отан» Партиясына бұрынғыдан да артық топтастыратын көптеген жұмыстарды ұйымдастыруымызға кемеңгерлікпен басшылық жасай беріңіз. Сіз нұсқаған бағытпен бұл сынақтан да аз уақытта сүрінбей өтетінімізге кәміл сенеміз.

Жасан ЗЕКЕЙҰЛЫ,

*Халықаралық инемен емдеу академиясының академигі,
Халықаралық «Сократ» атындағы орденнің иегері,
Вена халықаралық университетінің «Құрметті профессоры»,
Қазақстан Республикасы денсаулық сақтау ісінің үздігі,
«Нұр Отан» партиясы Әуезов аудандық филиалы
саяси кеңес бюросының мүшесі,
Қазақстан Республикасы Журналистер одағының мүшесі,
«Жас-Ай» медициналық-ақпараттық журналының Бас редакторы,
«Ел-шуақ» қоғамдық қайырымдылық қорының құрылтайшысы.
Медицина саласындағы екі патенттің иегері.*

Үзбен ҚҰРМАНБАЙҰЛЫ

*Монголия Жазушылар Одағының мүшесі,
Мемлекетке еңбек сіңірген қоғам қайраткері,
Еліміздің тәуелсіздігін мақтан етіп,
Елбасына арнап 2004-жылы
«Оралған бақыт, орындалған арман»,
2014 -жылы «Мәңгілік Ел»,
2016 жылы Тәуелсіздігіміздің 25 жылдығына арнап
«Тәуелсіздік – тағдыр сыйы» кітаптарының авторы*





Қазақтар талай рет тұтасымен қырылып кетуге шақ қалды. Бірақ өмірге деген құштарлық, азаттық аңсары еңсесі түскен елді қайыра түзетіп, қайтадан тәуелкел тұғырына қондырып отырды.

Н.Ә. Назарбаев



КІРІСПЕ

Бері айтқанда төрт мың жылдық тарихы бар қазақ деген ұлы халық сан ғасыр бойы басынан небір қилы тағдырларды өткергенін тарихшыларымыз болмаса, қарапайым халықтың егжей-тегжейлі біле бермейтіні анық. Халқымыздың басынан бақыт пен байлыққа кенеліп, баз кешкен дәуренді дәуір де, басқаға бодан болып, құлдықтың қамытын киген кінәратты кезендер де өтті. Біз бәз біреулердің көре алмастықпен айтып жүргеніндей жаралғаннан жартыкеш халық болмасақ та соңғы орыс отаршылдарының үш ғасырға жалғасқан езгісі елді есеңгіретіп тастағаны да анық. Алайда сол үш жүз жылда да су түбіне кеттік деп тәуелсіздіктен үмітімізді үзген жоқпыз. Ғасырлар бойы ата мекенімізден, ана тіліміз-

ден, қасиетті дінімізден, ұлттық салт-санамыздан, рух-жігерімізден айырылып қалмау үшін жанталасып жауымызбен жаға жыртысумен келдік. «Жыланды үш кессе де кесірткелік қалы бар» дегендей ұлы даланың ұлы халқы, көк тәңірдің көк бөрісі екенімізді танытып, ел жерімізді, ұлттық құндылықтарымызды жоғалтпай ұрпақтан ұрпаққа жалғап, тәуелсіздік таңына жеткіздік.

Егемен ел ретінде салтанат құрған ширек ғасырға толлар-толмас уақыт ішінде ұлттық ұлылығымызды әлем халықтары алдында дәлелдеп, «Абылай аспас» асулардан асып, өркениет биігіне қол созған әлемнің 50 елінің қатарына қосылдық. Бұл әуелі Алланың сыйы, қала берді көреген көсеміміз Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың кемел ақыл ойының, қажырлы еңбегінің арқасы екендігін өзіміз түгіл өзге жұрт мойындап отыр.

Алайда, тәуелсіздігімізді, осы жетістігімізді көре алмайтын дұшпандарымыз, тағы да көз алартып, халқымыздың ынтымақ-бірлігін іштей ірітуге әрекеттене бастады. Ал өзіміз болсақ қолға келген тәуелсіздікке мастанып, бүгінгі жеткен жетістігімізге марқайып, тәуелсіздікке қол жеткізуден сол тәуелсіздікті қорғау анағұрлым қиын екеніне аса мән бере алмай отырғанымыз – бүгінгі өмір шындығы. Әрине, ел экономикасын дамытып, халықтың әл ауқаты тұрғысында еңсемізді қазіргіден де тіктей түсу үшін халқымыздың құлшына еңбек етіп жатқанын жоққа шығара алмаймыз. Бірақ одан да маңызды мәселе – халықтың тыныштығы, шырқының бұзылмауы, берекеміздің қашпауы. Дәл осы мәселе тұрғысында бойымызды босқа салып, жете мән бермей отырғанымызды ашық айтқан жөн.

Біз өткен замандардағыдай халықтың шырқын бұзар сыртқы жауды мылтығын кезеніп, қылышын жалаңда-

тып шекарадан атой салып кіріп келетіндей сезініп жүргенге ұқсаймыз. Ондай дәуір әлдеқашан өткеніне қорытынды жасайтын кез жетті. Еліміздің елдігін, береке бірлігімізді көре алмайтын, жеріміздің асты- үсті толған ен байлығымызға қызығатын дұшпандарымыз, ендігі жерде бізді, бізді ғана емес, әлемді жаулаудың, отарлаудың жаңа тәсіліне көшті. Көзге көрінбейтін, қолға ұсталмайтын, адамдардың сана сезімін ғана улап, ақыл есінен айыратын, сол арқылы уысына түсіріп, «айтқанына көндіріп, айдағанына жүргізетін» қарумен жасақтанып, жымысқы жолмен жаулау – дұшпандарымыздың бүгінгі таңдағы басты стратегия, тактикасы. Олар осы қару арқылы қой терісін жамылған қасқырдай дін атын жамылып, жастарымызды теріс ағымға бұрып әкете бастады. Мемлекетіміздің бүгінгі жеткен жетістігін жоққа шығарып, Елбасының, елдің жетекші партиясы «Нұр Отан» партиясының ұстанып отырған кемел саясатын бұрмалап, жастарды өздерінің құйтырқы іс әрекетіне иландыру арқылы елді іштей ірітуге күш сала бастады.

Басқаша айтқанда, қару кезеніп келіп айқаспай-ақ, өз көзімізді өз қолымызбен шұқытуға әрекеттеніп бағуда. Дұшпандардың мұндай құрығына ілігіп, санасы уланған жалғыз жарым жастарымыздың біразынан көзімізге көрініп, санамызға сезіліп тұрған еліміздің бүгінгі таңдағы нақты болмысына емес, құлақпен естіген қауесетке имандай сеніп, еліміздің өркен жетістігін жоққа шығаратын, ел болашағына сенімсіздікпен қарайтын жағдай көрініс бере бастады. Бұған әр жылдары еліміздің әр өңірінде қылаң берген бұзақылық жағдайлар мен кішігірім лаңкестік әрекеттер дәлел. Ең соңғысы жуықта Ақтөбе, Алматы қалаларында болған

жағдай бәріміздің жағамызды ұстатты. Мұндай оқиға тәуелсіздік алған соңғы аз жылдың ішінде еліміздің әр түкпірінде жиырмадан астам рет қайталанғандығы жұртшылықты алаңдатып отыр. Бұл тұрғыда еліміздің құқық қорғау, қауіпсіздік ұйымдары, қарулы күш, шекара күзеті, ел тыныштығына тікелей жауапты басқа да құрылымдар қол қусырып қарап отыр деп айта алмаймыз. Керісінше оларға қолдау-көмек көрсететін өзге де тетіктерді осы маңызды іске толықтай жұмылдыра алмай отырмыз. Бұл жерде өзге тетіктер дегеніміз не, қандай күш деген сұрақ туындайды. Өйткені біздің санамызға елдің қауіпсіздік мәселесіне, тыныштығын қорғауға жоғарыдағы ұйымдар ғана жауапты деген түсінік берік қалыптасқан. Ал шын мәнісінде жеке азамат, отбасы, ұжымнан бастап отан қауіпсіздігіне тікелей қатыссыз мемлекеттік мекемелер, ерікті топтардан құрылған түрлі қоғамдық-бұқаралық ұйымдар мен қауымдастықтардың әрқайсысының қоғам қауіпсіздігін сақтауға қосар үлкенді-кішілі өзіндік үлесі, атқарар міндеті бар. Бұл міндеттің маңыздылығын Елбасымыз Қазақстан халықтары ассамблеясының түрлі жиындарынан бастап, әртүрлі мінберлерден айтып, ескертіп жүрсе де оған аса мән бере алмай салғырттық, немқұрайлылық танытумен келеміз. Ең бергісі үкіметтік кейбір ұйымдар қоғамдық ұйым, бірлестіктерді қолдауға, өзіне көмекші күш ретінде пайдалануға дәрменсіз, тіпті ата-ана ұрпағын отан сүйгіштікке тәрбиелеуге жете мән бермейді.

Отанды сүюдің басы – береке бірлік, «екі аққудың бір басшысы бар» дегендей Елбасының айналасына топтасудан, ақылына құлақ асудан басталатынын толық түсіне бермейміз. Әншейін сөйлегенде «тәуелсіздігіміз,

еліміздің бүгінгі жетістігі Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың кемеңгерлігі», Елбасы жетекшілік ететін саяси күш «Нұр Отан» партиясының арқасы деп таңдайымыз тақылдап тұрғанымен, ісіміз, еңбегіміз, ақыл парасатымыз арқылы, ең бергісі ұрпақ тәрбиесі арқылы Елбасының ізгі арман мүддесіне көпшілігіміз қолдау, көмек көрсете алмай отырмыз.

Жалпы біздің ұлтымыздың жағымсыз қасиеттерінің бірі осы қоғамдық белсенділігіміздің төмендігі, салғырттық, немқұрайлылығымыз болса керек. Өмірде мақтаныш ретінде көп айтылатындай сан ғасыр бойы осынау кең байтақ шалқар даламызды жау табанына таптатпай қорғап, бүгінге жеткізген қазақ деген халықтың да кіндік кесіп, кір жуған туған елі Қазақстанның сағынып қайта оралып жатқан еліміздегі басқа ұлттардың өзін отан сүйгіш емес деп ешкім де айта алмайды. Тек отан тыныштығына, қауіпсіздігіне әрқайсымыз үлес қосуға келгенде салғырттық танытамыз.

Міне, осындай бір қарағанда оншалықты маңызды емес, бір қарағанда отан қауіпсіздігі үшін ауадай қажет мәселелер төңірегіндегі өз ой толғаныстарымды, пікір ұсыныстарымды көп жылдан бері түрлі жиын мінберлерінен айтып, орталық баспасөз, ақпарат құралдарына үзбей жариялап келемін. Кеше ғана елімізді дүр сілкіндірген Ақтөбе, Алматы оқиғаларынан кейін парасатты азаматтардың бұл жағдайларға қатысты айтқан ой-пікірлері, түрлі сараптама қорытындылары жоғарыдағы оймен ұштасып отыр. Өз ішіміздегі салғырттық, немқұрайлық, жеке тұлғаның қадір-қасиетін бағалай алмау, қала берді алауыздық, көре алмаушылық, бақталастық, сияқты жағымсыз қасиеттеріміз сыртқы дұшпандарымыздың сырымызды алуына, салғырттығымызды пайдалануына жол ашып отыр.

Халқымыз «айтып қойған соңғылыққа жақсы» дейді. Айта беру, айта беру, халықтың құлағына құя беру артықтық етпек емес. Бірақ біз жеткілікті айта алмай жатырмыз. Бір ғана мысал: Елбасы еліміздің тәуелсіздігін баянды ету, өркенін өрге бастыру, халықтың әлеуметтік жағдайын жақсарту жолында қолдан келетіннің барлығын жасады, айтуға тиісті ақыл-кеңестердің бәрін де айтып, кемшіліктерді ұдайы ескертіп келеді. Алайда ол кісінің айтқан ақыл, сын ескертпелерінің бәрін қарапайым халыққа толық жеткізе алдық па? Ең бергісі Нұрсұлтан Назарбаевтың өткен жылғы Президент сайлауының ант көтеру салтанатында еліміздің өнеркәсіп саласын индустрияландыруға қатысты айтқан «Іздеген сайын табылатын, игерген сайын молаятын асыл қазына ол – инновация» деген тұжырымының мағынасы қандай терең, ойы қандай ұтқыр! Алайда еліміздің баспасөз, ақпарат құралдары, «Егемен Қазақстаннан» бастап Елбасының осы қанатты ойын, құнды идеясын халықтың санасына сіңіре алды ма? Жоқ, бір айтылды, қалды. Осы бір орамды ойдан туындаған ұтқыр сөзді ақыл, нақыл ретінде халықтың, жастардың жүрегіне терең сіңгенше неге насихаттамаймыз деген ой туындайды. Шынында ертең жер бетіндегі, жер қойнауындағы алтын мен күміс, мұнай мен газдан бастап барлық байлық таусылатыны шындық. Ең таусылмайтын асыл қазына, сарқылмайтын ен байлық – адамның ұшқыр ойының жемісі, ғылым мен техниканың жаңа жетістігіне жол ашатын – инновация. Кеңестік дәуірде Лениннің «Оқы, оқы және оқы» деген қасиетті құран кәрімнен алған жалғыз ауыз сөзін халық имандай жаттаған еді. Қай мекемеге, қай оқу орнына барсаңызда осы сөз алдыңыздан шығатын. Бұдан он еседен де артық Елба-

сының аса құнды нақты осы сөзін жастарымыз жаттап алуға неге болмайды. Айтуы жетіспеудің айқын дәлелі – осы. «Оқы, оқы және оқыны» жаттағаннан аға буын ұрпақ біз пайда көрмесе зиян көрген жоқ. Шынында осы идеяның рухымен оқи беру үшін, ғылым білімнің шыңына шығу үшін өмір бойы талпындық. Олай болса Елбасының еш сөзін елеусіз қалдырмайық. Ақылына құлақ салайық.

Мен бұл еңбегімде қоғамымыздағы келеңсіздіктердің себеп-салдарына, оның түп тамырына балта шабуға байланысты ұсыныс-пікірлерімді жинақтап оқырман қауымға ұсынып отырмын. Басшы да қосшы да емес, қарапайым халықтық тұрғыда өз идея, пікірлерімді жоғардағы басшының ақылы емес, төмендегі қара халықтың көкейдегі көп ойларының жемісі деп білерсіз. Бұл ойлар оқырманға бір қарағанда күнде айтылып жүрген ұсақ-түйек дүние болып көрінуі де мүмкін. Алайда ірінің бәрі ұсақтан құралатынына мән берейік, ағайын. «Елемеген дау – жаман, ескермеген ауру – жаман». Елемеген, ескермеген, түкке тұрмайтын деп есептелінетін ұсақ-түйек асқына, қордалана келе қауіп-қатерге ұшырататыны – өмір заңдылығы. Сондықтан біздің де осы бір елеусіздеу көрінуі мүмкін пікір ұсыныстарымды парасатты оқырман қауым ой елегінен өткізіп, екшеп, кәделеріне жаратар деген сенімдеміз. Ізгі ниетімізді қабыл алуларыңызды өтінеміз!

**Жасан ЗЕКЕЙҰЛЫ,
Үзбен ҚҰРМАНБАЙҰЛЫ**



Бірінші бөлім

ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАН
деген тәтті ұғым – Нұрсұлтан Назарбаев
деген асқақ тұлғамен біте қайнасқан,
ажырағысыз біртұтас дүние



*«Нұр Отан» партиясы – азаматтық қоғамның
ажырағысыз бөлігі. Сондықтан біз азаматтық
бастамаларды дамытуға, қоғамдық бірлестіктер
арасында кеңінен үн қатысуға жағдай жасауға тиісіз.*

Н.Ә. Назарбаев

ҚАЗАҚ ЕЛІН БОЛАШАҚҚА БАСТАЙТЫН ТЕМІРҚАЗЫҚ – «НҰР ОТАН» ПАРТИЯСЫ

Қандай қоғамда, қандай елде болмасын таңдаған дара жолы, дұрыс ұстанымы арқылы танылып, халықты өз айналасына топтастыруға қабілеті жеткен, елдің, мемлекеттің алға қадам басуына жол сілтейтін жетекші бір саяси партияның болуы – заңдылық. Демократия жетіліп, көп партиялылық жүйе әлдеқашан қалыптасқан, дамыған капиталистік елдерде де солай екенін жақсы білеміз. Қазақ елінде тәуелсіздік таңы атып, егемен ел екенін жариялаған алғашқы күннен бастап Елбасы өзі құрған «Нұр Отан» партиясы әлемдік үрдістегі дәл осы міндетті абыроймен атқарды. Сондықтан ширек ғасырдағы еліміздің экономикалық тұрғыдағы екі ғасырлық дамуының да, халықтың бүгінгі бақуатты тұрмыс тіршілігінің де бастаушысы, қайнар көзі – «Нұр Отан» партиясы десек артық айтқандық емес. Бұл партия осы жылдар ішінде Қазақстанның жалпы халқымен ұдайы бірге болып, қиын қыстау кезеңдерді бастан кешіріп, қоғамдық өмірдің барлық саласының ыстығына күйіп, суығына тоңа білді, саясат сахнасында шыңдалды.

Осы тұрғыда әр жылдары Елбасы ұсынған «Қазақстан-2030», «Қазақстан-2050», «Нұрлы жол», «Мәңгілік ел», «100 нақты қадам» сияқты ұзақ жылдық стратегиялық бағдарламалары мен жыл сайынғы Қазақстан халқына Жолдауы, жоғары мінберлерден сөйлеген сөздеріндегі айқындаған тактикалық, стратегиялық

бағыттарын халыққа насихаттап, олардың орындалуына тұрақты бақылау қойып, қадағалау арқылы мүлтіксіз жүзеге асыруға мүмкіндіктер туғызып келеді. Сөйтіп, «Нұр Отан» партиясы бүгінгі таңда еліміздің жетекші партиясы ретінде көшбасшылық рөл атқарып отырған бірден бір партия екендігі қоғамдық өмірдің барлық саласында дәлелденді, жалпы халық мойындады. Әр жылдарғы Парламент мәжілісі сайлауында осы партияның 80 пайыздан жоғары орын иеленіп отырғаны айқын дәлел. Бұл туралы ел Президенті Н.Ә.Назарбаев: *«XXI ғасырда мемлекет пен саяси көшбасшылықтың рөлі бұрынғыдан да салмақты бола түсті. Сондықтан Қазақстанды нығайтудағы ерекше миссия «Нұр Отан» партиясына тиесілі. Бүгінде «Нұр Отан» Еуропа мен Азиядағы жетекші елдердің ірі партияларының жолымен дамып келеді. «Нұр Отан» партиясы – бұл шешімдерді іске асыруға қабілетті, күшті саяси ерік-жігердің қуатты көзі, елді дамытудың ірілендіруші секторы»* деп атап өткен болатын.

Аталмыш партия мемлекеттік ұйымдарды әрқашан халықпен бірге болуға шақырып, қоғамда орын алған жемқорлық, пәреқорлық, бюрократтық сияқты келеңсіздіктермен күресуде де айрықша белсенділік танытып келеді. «Нұр Отан» партиясының қоғамдық өмірдің барлық саласындағы ұсынған бағдарламалары мен беріп отырған бағыт-бағдарының негізі Қазақстан халқының игілігіне айналып, болашағының жарқын болуына кең жол ашумен дараланады.

Қазақстан тәуелсіздікке қол жеткізген алғашқы күннен бастап демократиялық жолды таңдаған ел тұрғысында көп партиялылықты қолдайтын, адам құқымен айрықша санасатын ел тұрғысында көп партиялық

жүйеге қарсы болған емес. Күні бүгінге дейін Қазақстан Парламенті көп партиялы парламент, еліміз көп партиялы мемлекеттер қатарында. Ал осы елдің тұңғыш партиясы болып құрылған «Нұр Отан» партиясы «Нұр Отан» атауына ие болмай тұрып-ақ елімізде пайда болған өзге де көптеген партиялардың жолына тосқауыл болған емес. Керісінше оларды серіктес болуға шақырып, ұсыныс пікірлеріне ыждағаттылықпен қарап, санасып отырды.

Жалпы өзге де саяси күштердің қоғамдық өмірге еркін араласып, «Нұр Отан» партиясымен бірдей мемлекетті басқару ісіне елімізде айрықша мүмкіндіктер жасалды. Мәселен, елімізде кейбір заңдарға өзгерістер енгізу арқылы партиялардың Парламентке енуіне жеңілдіктер жасалуының өзі демократия қағидаттарына құрметпен қарап, әділеттілікті қолдайтынының бір көрінісі болмақ. Осындай жеңілдік, қолдау арқылы «Ақжол», «Ауыл», «Қазақстан коммунистік халық партиясы» сияқты партиялардың өкілдері әр жылдарғы сайлауда парламенттен орын алып, мемлекет басқару ісіне араласып отырғанын жақсы білеміз. Соның нәтижесінде еліміздегі саяси жүйе одан сайын жетіліп, көп партиялылық жүйе қалыптасты. Дегенмен бұл «Нұр Отан» партиясының іс қызметіне көлеңке түсірген емес. Керісінше мақсат-мүддесі бір кейбір партиялар “Отан” партиясымен бірігуінің өзі осы партияның әу бастан мықты ықпалды болғанын көрсетеді.

2006 жылы желтоқсан айында “Отан” РСП-ның 10-съезінде партияның аты “Нұр Отан» Халықтық Демократиялық Партиясы” болып өзгертілді. Бұл партияның қатарына “Отан”, “Асар”, “Азаматтық” және “Аграрлық” партиялар бірікті.

Өзінің халықпен санасқан, әділеттің ақ жолын ұстанған іс қызметі арқылы халықтың жүрегінен жол тапқан, қолдауына ие болған бір партияның өз беделі арқылы басшылық, жетекшілік сипатқа ие болары сөзсіз. Бұл – саясат саласында әлемнің барлық дамыған елдерінде қалыптасқан үрдіс. «Нұр Отан» партиясы да аз уақыттың ішінде дәл осындай жетекші партияға айналды. 2007 жылы тамызда өткен парламент сайлауында “Нұр Отан” партиясы айқын басымдылықпен жеңіске жетіп, билік партиясы аталды. Ең бастысы ұсынған бағдарламаларын халық жылы қабылдап қана қоймай осы партияның қатарына еруге асықты. Партияның қатары жыл санап емес, ай санап еселеп өсуі – мұның айқын айғағы. Партияның беделінің өсуінің сыры құрамына білімді, білікті азаматтарды топтастырау арқылы әрқашан мемлекет, халық мүддесін қорғап, экономика мен әлеумет саласында еліміздің дамуына серпін беретін кезек күттірмес келелі мәселелерді күн ілгері көре біліп, тың бастамалар көтеруінде, кемшіліктердің бетін ашып, жоюдың жолдарын ұсына білуінде еді.

Құрылған күннен бастап халыққа етене жақын болып, өз іс қызметін халықтың ұсыныс пікірімен ұштастыра білгендіктен халық аталмыш партияның әрбір қадамына сәттілік тілеп қана қоймай, оның жүзеге асуына барынша қолдау-көмек көрсетіп отыратындығын көзімізбен көріп жүрміз. Соның нәтижесінде бүгінгі таңда «Нұр Отан» партиясы республикамыздың барлық өңірінде өкілдіктері, кәсіпорындар мен мекемелерде бастауыш ұйымдары бар беделді саяси күшке айналды. Қоғамды одан әрі демократияландыруға бағытталған экономикалық және саяси реформаларды жүзеге асыруға, азаматтардың өмір сүру деңгейін көтеруге, әлеуметтік әділеттік орнатуға күш салды.

Жалпы өркениетті қоғамның дамуында беделді саяси ұйымның алатын орны айрықша. Бүгінгі таңда Қазақстан қоғамын бір мақсат жолында біріктіруге «Нұр Отан» партиясының рөлі мен қызметі өте зор екені анық. Елбасымыздың айқындап берген міндеттерін орындауда партия белсенділері үлкен ерік-жігер танытты. Соның нәтижесінде ғана бүгінгі таңда «Нұр Отан» партиясы да, мемлекетіміз де зор жетістіктерге жетіп отыр.

Бүгінде «Нұр Отан» партиясы парламенттің басым көпшілігін құрап отырғандықтан елдің елдігін, демократияның бекемдігін танытатын заң, заңнамалық құжаттар осы партияның сүзгісінен өтетіні де түсінікті жай. Мәселен заң жобалары, сондай-ақ Палатаның жалпы отырысында талқыға түсетін саяси мәселелер әуелі «Нұр Отан» партиясының парламенттік фракциясының отырысында қаралады және ол бойынша шешім шығарылады. Фракция мүшелерінің қолдауына ие болған мәселелер Палатаның жалпы отырысында көтеріледі. Фракция отырыстарында Мемлекет басшысы басымдық берген заң жобалары талқыға салынып, ортақ пайымдар жасалады.

«Нұр Отан» партиясының ең қуатты саяси күшке айналуы осы партияның Төрағасы, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың есімімен тікелей байланысты. Елбасының жас тәуелсіз мемлекетті қалыптастырудағы қайраткерлік еңбегі, әлемді мойындатып отырған саяси ұстанымы әрдайым халықтан қолдау тауып келеді. Сондықтан «Нұр Отан» партиясының ұстанған басты бағыты Мемлекет басшысының идеяларын іске асыру болып табылады. Сол арқылы «Нұр Отан» елдік мүддені жүзеге асыратын халықтық партия атанып отыр.

«Нұр Отан» партиясының жалпы қоғамдық тұрғыдағы басты мақсаты – дамыған азаматтық қоғам институттары мен заманауи бәсекеге қабілетті саяси жүйесі бар, экономикасы жағынан мықты, демократиялық, зайырлы, құқықтық, әлеуметтік мемлекет құру екені баршамызға мәлім. Әрине саяси аренадан орын алғысы келетін әр партия алдына осындай мақсат қоятыны заңдылық. Алайда мақсат қою бір басқа да оны мүлтіксіз жүзеге асыру бір басқа. Тек партияның басшылығы кемегер болса ғана, әрбір мүшесі осы жолда адал қызмет жасаса ғана аталмыш миссияны абыроймен жүзеге асыратыны белгілі. Басқаша айтқанда, «Нұр Отан» партиясының басшысы Нұрсұлтан Назарбаев кемел саясаткерлігімен өз елімізде ғана емес әлемдік аренада танылса, осы партияның мыңдаған мүшелері тәуелсіз еліміздің қоғамдық өмірінің барлық саласының дамуына білімділігімен, біліктілігімен белсенді түрде атсалысып келеді. Жалпы «Нұр Отан» партиясы еліміздің тұрақтылығын, өсіп өрлеуін қамтамасыз ету жолындағы әрбір ісі нақты, жанды болып келді. Алда да осылай бола бермек.

Елдің қоғамдық өмірі сөз болғанда көкейімізге ең алдымен экономика, онан соң халықтың әлеуметтік жағдайы оралары заңды. Экономика саласына келсек еліміздің тәуелсіздікке қол жеткізген небәрі ширек ғасырға жетер-жетпес уақыт ішінде екі ғасырлық өркениетке жетіп, әлемдегі дамыған 50 елдің қатарына қосылу жолындағы «Нұр Отан» партиясының Елбасы ұсынған нақты бағдарламаларды табысты жүзеге асырып отырғанын тілге тиек етсек те жетіп жатыр. Өндірістерімізді индустрияландыру, осы заманғы озық техника, технология мен жарақтандыру, Елбасы тілімен

айтсақ: «Іздеген сайын табылатын, игерген сайын мольдатын» инновацияға ден қою мақсатын жүзеге асыру «Нұр Отан» партиясының басты нысанасы болды. Сондай-ақ алдыңғы қоғамнан бізге «мұра» болып қалған ауыл шаруашылығындағы мешеулікті жою, қала мен ауыл арасындағы алшақтықты біртіндеп жақындату мемлекетіміздің, мемлекет ұсынған мақсаттарды жүзеге асырушы жетекші партияның басты міндетіне айналды. Басқаша айтқанда мемлекеттік қамқорлық, осы саясатты жүзеге асыру жолындағы «Нұр Отан» партиясы тарапынан жұмсалып отырған күш жігер арқасында еліміздің ауылдық жерлері дамудың жаңа сатысына көтерілді. Соның нәтижесінде елді мекенде соңғы заманғы аурухана, мектеп, балабақша, пошта тәрізді халыққа қызмет көрсететін мекемелердің жаңа ғимараттары бой көтеріп, осы заманғы құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілді. Ауылдық жердегі кеңестік дәуірден бері толық шешімін таппаған ауыз су мәселесін шешуді мақсат тұтқан «Ақ бұлақ» арнайы жобасы жүзеге асырылып, су жүйелері кешенді түрде жаңартылып, шет аймақтарға дейін тартылды. Екіншілік пен мал шаруашылығын тең өркендетуге назар аударылып, шаруашылықтарды ірілендіру, өнім сапасын арттыру, осы заманғы техника технологияларды ауыл шаруашылығына енгізу тұрғысында зор өзгерістер жасалды. Бұл игі істе партия белсенділері үлкен жұмыс атқарды. Нарықтық экономиканың өтпелі кезеңінде кеңестік дәуірдегі үрдісінен де айырылып, шатқаяқтап қалған көптеген шаруашылықтар дамудың арнасына түсті.

«Нұр Отан» партиясы еліміздің экономикалық өсімін қамтамасыз етумен қатар халықтың әлеуметтік жағдайын жақсартуға да айрықша көңіл бөліп, осы

саладағы шешімін таппаған әр мәселені назар төрінде ұстап, түрлі бағдарламалар ұсынуда. Атап айтқанда халықты жұмысты болдыру, еңбекке жарамсыз адамдарға әлеуметтік қолдау, көмек беру, халықтың денсаулығын қорғау, жалпы халықты, соның ішінде тұрмысы төмен отбасылар мен жастарды тұрғын үймен, жасөспірімдерді мектеппен, бала бақшамен қамтамасыз ету жолындағы атқарған ісі өз алдына бір төбе. Елімізде өз нәтижесін беріп, халықтың әлеуметтік жағдайының жақсаруына, денсаулығының артуына айрықша үлес болып қосылған «100 мектеп», «100 аурухана» бағдарламалары, еліміздің әр түкпірінде салынған денсаулық орталықтары мен спорт кешендері тікелей «Нұр Отан» партиясының атсалысуымен жүзеге асты.

Партияның әлеуметтік саланы қолдаудағы жемісті еңбегінің бір парасы – мүмкіндіктері шектеулі мүгедектерге, көп балалы аналарға, ардагерлерге көмек көрсету. Осы мақсат ауқымында «Нұр Отан» партиясының бастамасымен мүгедектерге көмек көрсету бағдарламасы жасалып, еліміздің барлық аймақтарында жұмыс жасап отыр. Нақтырақ айтсақ 2009 жылы Әлеуметтік кеңес бастамасымен ұйымдастырылған Қазақстандағы мүгедектер құқын сақтаудағы халықаралық стандарттарды жүзеге асыру шешімі қабылданды. Мүгедектерді қолдауға арналған мемлекеттік қор құрумен қатар қаржыландырудың балама көзі ретінде қайырымдылық қорлар жүйесін құру, мүмкіндіктері шектеулі адамдарды техникалық құрал-жабдықтармен қамтамасыз ету жүйесін жетілдіру сияқты нақты шаралар қолға алынды. Бұл бір қарағанда қандай елде, қандай қоғамда болмасын мемлекеттің басты назарында болатын әлеуметтік мәселелердің бірі болып көрінгенімен дамыған ірі

елдердің өзінде шешімін толық таппағандығын ескерсек, жеткен жетістігімізді өз халқымыз ғана емес, әлем мойындап отыр.

Осылайша еліміздің даму қарқынын ширек ғасырда екі белеске көтеруде айрықша міндет атқарып, «Қазақстан-2030» бағдарламасын табысты жүзеге асырған «Нұр Отан» партиясы ел өркенін бұдан да асқаралы биіктерге көтеру жолында зор мақсат көтеріп, 2013 жылы жаңа саяси Доктрина қабылдағаны белгілі. Партия Доктринасы – «Нұр Отан» партиясының ХХІ ғасырдағы миссиясын және әлемдегі дамыған 30 елдің қатарына қосылу мақсатын қойған «Қазақстан – 2050» стратегиясын тиімді жүзеге асыруды қамтамасыз етудегі жаңа қадамы болып табылуда. Бұл мақсаттың орындаларына Қазақстанның күллі халқы бүгінгі таңда сеніммен қарап отыр. Өйткені «Нұр Отан» партиясы Елбасының басшылығымен ширек ғасырда елімізде экономикасы серпінді дамыған қарымды қоғам және демократиялық мемлекет қалыптасты. Халықты ортақ мақсатқа біріктірудің нәтижесінде «Қазақстан-2030» стратегиясының негізгі межелері мерзімінен бұрын жүзеге асқанына куәміз. Бір сөзбен айтқанда «Нұр Отан» партиясы осы жылдар ішінде қоғамды ұйыстыратын және Елбасының мемлекеттік бағдарламаларын жүзеге асыруды қамтамасыз ететін, халықты топтастырушы еліміздегі негізгі саяси күш болып толық қалыптасты. Қазақстан Республикасының Президенті, «Нұр Отан» партиясының Төрағасы Н.Ә.Назарбаев партияның XV съезінде сөйлеген сөзінде: «Нұр Отан» басты патриоттық күш ретінде Партияның аса маңызды миссиясы – «2050» Стратегиясында жарияланған Жаңа Қазақстандық Патриотизм қалыптастырудың жалпыұлттық түпқазығы

болуы тиіс. Бұл жұмысқа «Жас Қыран» және «Жас Ұлан» балалар ұйымдары, «Жас Отан» бастаған жастар бірлестіктері, Республикалық Ардагерлер кеңесі, барлық патриоттық БАҚ-тар мен ҮЕҰ-лар қатысуы қажет» деп атап көрсеткен болатын.

Сөйтіп, «Нұр Отан» партиясының елімізді ең дамыған 30 мемлекеттің қатарына қосу мақсатын көздеген Елбасының «Қазақстан–2050» Стратегиясын да табысты жүзеге асыратынына кәміл сенуіміз, халық болып осы ұлы мұратты іске асыруға құлшынуымыз Қазақстанның әрбір азаматының абыройлы борышы. Өйткені ол– Елбасымыз,өзі құрған саяси партиясының нұсқап отырған сара жолы, бағыт бағдарымызға жол сілтейтін темір қазығы. Бұл жөнінде «Егер ел өз бағыты мен баратын айлағын білмесе, ешқандай жел оңынан соқпайды. «Қазақстан-2050» Стратегиясы айқын шамшырақ секілді басты мақсатымыздан көз жазбай, азаматтарымыздың күнделікті тіршілігінің мәселелерін шешуге мүмкіндік береді» деген Нұрсұлтан Назарбаевтан асырып айту мүмкін емес.

Елбасымыз Н.Назарбаев жетекшілік ететін «Нұр Отан» партиясы – Қазақстан Республкасындағы көшбасшы партия ғана емес, әлемдік деңгейдегі бағдары айқын және даму бағыты дараланған шынайы демократиялық үдерістерге сай партия. Бүгінгі таңда әлемнің дамыған елдерінің ел билігін ұстап отырған ұзақ жылдық тәжірибелері бар жетекші партияларының өздері «Нұр Отан» партиясын қолдап қана қоймай, ақылдасатын, санасатын тіпті тәжірибесін қолданатын болуы оның халықаралық беделінің өскенін көрсетіп отыр. Мәселен АҚШ-ның, ҚХР-ның, Ұлы Британияның ел билігін ұстап отырған жетекші партиялары «Нұр Отан» партиясымен қоян-қолтық жұмыс жасап келеді.

Біз әуелгі кезекте «Нұр Отан» партиясының қоғамды өркендетудегі нақты көзге көрінетін (экономика, әлеумет) салалар бойынша жасаған игілікті істеріне тоқталдық. Ал қашан да партиялық істің ең бір маңызды бөлігі оның рухани жетекшілігінде, қоғам мүшелерінің ішкі жан дүниесімен, ой санасымен санасу арқылы жүзеге асатын партиялық идеологиялық ұстанымында екендігі әлемдік деңгейде мойындалған қағида. Бұл экономикалық, әлеуметтік саладағы сияқты нақты көзге ұрып тұрмайтын күрделі де нәзік дүние болғандықтан дөп басып, дұрыс саясат жүргізу оңайға түспейді. Партиялық істің осы бір күрделі тетіктерін «Нұр Отан» партиясы аса ыждағаттылықпен жүзеге асырып келеді. Әрі алдағы басты міндеттерінің бірі де осы сала төңірегінде болмақ.

Біздің еліміз үшін тәуелсіздікке қол жеткізіп, зайырлы мемлекет құрған алғашқы күндерден бастап қоғам мүшелерінің ой санасындағы ұлтаралық қатынас, діни көзқарас, адамдардың жеке бастық құқық мәселесі сияқты көзге көрінбейтін нәзік қатынастарды реттеу, көпшіліктің көңілінен шығатын идеологиялық жұмыс жүргізу қоғамдағы саяси жетекші күш «Нұр Отан» партиясына жүктелген аса маңызды да күрделі міндет болып келді, алда да бола бермек. Өйткені, әлемнің барлық елдерін бір-біріне барған сайын жақындатып мидай араластырған жаһандану процесі, ірі өркенді батыстың азғынданған идеологиясы, әлемдегі барлық елдерді ашса алақанында, жұмса жұдырығында ұстағысы келетін зұлым күштердің байлыққа қызыққан ашкөздік саясаты осыған мәжбүрлеуде. Біз осыбір «екі елі балық бір елі балықты жұтатын» заманның, зұлым саясаттың құрбаны болмай Елбасы ұсынған «Мәңгілік ел»,

«Ұлы даланың ұлы елі» идеясын, «Қазақстан-2050» стратегиясын мүлтіксіз жүзеге асыру үшін қоғамдағы жетекші күш «Нұр Отан» партиясының айналасына берік, нық топтасуымыз керек.

Еліміздің тәуелсіздікке қол жеткізгеннен бергі ширек ғасырлық даму жолына көз жүгіртсек, мемлекет басшысының сілтеген нұрлы жолымен алға басуымызға «Нұр Отан» партиясы зор рөл атқарғанын аңғару қиын емес. Ең бергісі бүгінде әлем елдері мойындап, үлгі тұтқан, тәжірибемізге зер салып отырған жүздеген ұлттың береке-бірлігі, тату-тәтті өмір салты, «Қазақстан Халықтары Ассемблеясының» жігерлі іс қимылы «Нұр Отан» партиясының ұстанымының жемісі екендігінде дау жоқ. Сол сияқты ұлтаралық және конфессияаралық келісімді нығайтуға, Қазақстан Республикасының жан-жақты және үйлесімді дамуы үшін азаматтардың отан сүйгіштігі мен жауапкершілігін арттыруға белсенді ықпал етуді басты мақсаттары етіп жариялап алға қойған міндетін жүйелі түрде іске асырып келеді.

«Нұр Отан» партиясының назар төріндегі тағы бір күрделі мәселе – сыбайлас жемқорлықпен күрес. Сыбайлас жемқорлық біздің экономикамызды ғана емес, адамдық қасиетімізді, иманымызды тоздыратын, нәпақамызды азайтып, нәпсімізді қоздыратын, ашкөздікке итермелейтін теріс пиғыл екендігінде дау жоқ. Сыбайлас жемқорлықпен күресу жолында мемлекеттік мекемелердің, өндіріс шаруашылық орындарының әр буынында партия белсенділері арнайы нақты жұмыстар жүргізіп, кемшіліктердің бетін ашып, нақты шараларды жүзеге асырып келе жатқанын халқымыз жақсы біледі, түбегейлі нәтижелерге жететін шақ алыс емес екенін терең түсінеді. Жемқорлық, пәреқорлық күшей-

ген сайын оған қарсы тынымсыз күресіп халықтың көңілінен шығып, сенімін ақтай бастады. Сол сенімге селкеу түсірмеу – «Нұр Отан» партиясына сын. Ал сенімнен айырылмау – халыққа сын. Ол үшін біз алда да жетекші партияның ұстанған бағытынан таймай бір басшылық, бір жүрек, бір білекпен іс тындыруымыз қажет. Көп партияға бөлінсек, айтыс-тартыс, дау жанжал молаяды, жемқорлық асқына түседі. Әр түрлі саяси күштерге арқа сүйеген түйені түгімен жұтатын алпауыт топтар өз мүдделері үшін халықты аздырып-тоздырудан тайынбақ емес. Олар үшін халықтың да, ел мүддесінің де бір тиындық құны жоқ. Сөз жүзінде айды аспанға шығарып, халықтың басына жұмақ орнататындай көрінгенімен іс жүзінде араны ашылған ішмерез күштер отанын, халқын сыртымыздан торыған зұлым күштерге сатудан тайынбайды.

Қазір әлемнің көптеген елдері осындай зұлым күштердің алдау-арбауына түсіп, азып тозып, қайғы-қасірет шегіп отырғанын ақпарат жүйесі мейілінше дамыған бүгінгі таңда барлығымыз да күнделікті көзбен көріп, құлақпен естіп отырмыз. Сол үшін де нақты халық қамын ойлайтын, бүліншілікке жол бермейтін Елбасының нұсқаған жолына дұрыс бастайтын сыналған партияның жетекшілігімен жүрсек қана адаспайтынымызды түсінуіміз керек. Қазақстан халқы дербес ел болып құрылған күннен бастап өзінің авангард күші ретінде «Нұр Отан» партиясын таңдады. Халықтың бұл таңдауы ешқашан өзгермеуге тиіс. Қазақ елін мәңгілік жасататын «Нұр Отан» партиясы екеніне сенуіміз керек.

Біз сан ғасырлық тарихымызда «мың өліп, мың тірілген», басымызға таяқ тиген, өмірдің сол қасыретінен тағылым, сабақ алған халықпыз. Арғы тарихымыз-

да ұлы Түрік қағанаты да, Алтын орда мемлекеті де береке-бірліктің жоқтығынан ыдырады. Бір басшылыққа мойын ұсыну арқылы ғана Түркі қағанаты Күлтегін Білге қаған тұсында, Алтын орда Керей, Жәнібек хандар тұсында қайта гүлденді, қазақ халқы жеке мемлекет құрды. Біздің бастан кешірген тарихи сабағымыз – міне осы тарих.

Елбасы нұсқаған жол – бізді қателестірмейтін сара жол. Елбасының, Елбасы құрған партияның жолымен жүрсек адаспаймыз, ұтпасақ ұтылмаймыз. Жалпы өсетін елдің, ұлы халықтың сенімді көшбасшысы, саяси жетекші күші болатыны сыналған тәсіл. Ол – қазақ халқы үшін Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев пен оның құрған парасатты партиясы. Ал жүрісінен жаңылған болашағы бұлыңғыр елдің талғамы да, таңдауы да көп болады. «Оны көрсе оны сақ, мұны көрсе мұны сақтықпен» бірінен кейін-бірін аңсап, партияларға бөлініп, айттыс-тартыспен, берекесіздікпен күн өткізеді. Қоғамның негізгі күші болған бір ғана тұрақты саяси партияның көшбасшылығындағы ел ғана мәңгілік мақсатына жете алады.

Біздің мәңгілік ел болу жолындығы ұлы мұратымызды көре алмайтын сыртқы күштер қазірдің өзінде адастырудың, аяғымыздан шалудың айла-тәсілдерін әр түрлі жолмен іске асыра бастаған Ақтөбеде, Алматыда ұйымдастырған лаңкестік әрекеттерінен көзіміз жетті. Біз Елбасының нұрлы жолы арқылы, «Нұр Отан» партиясының жетекшілігімен өз таңдаған жолымызбен басқаға еліктемей, солқылдамай бүгінге жеттік, адасқамыз жоқ. Алдағы уақытта да өркениет биігіне көтерілген ұлы елдердің озығынан ғана үйреніп, тозығына байыппен, сабырлылықпен, талғаммен қарауға

тиіспіз. Қазақ халқы қашаннан ұлы халық екенінмізді әлем елдеріне паш ететін кез жетті. Сондықтан Қазақ елі өзінің бостандығынан, еркіндігінен айырылмау үшін демократия деген желеумен желпіне бермей өзіндік ұстаным қалыптастыруға тиіспіз. Бұл жол – халықтың ар-ұждан жолы, береке-бірлік, намыс жолы. Досқа күлкі дұшпанға таба болмау үшін қоғамды қандай бір бейберекетсіздіктен, тәртіпсіздіктен қорғай білуіміз қажет. «Алыстан қызыл көрінгеннің» бәрі манат емес, «көтеріліп ұшқанның бәрі» қанат емес, батыстықтар бізді қызыл-жасыл алабажақпен қызықтырып адамдықты хайуандыққа алмастырған ұятсыз дарақылығын, адамдарды ұлтқа, партияға, топқа бөліп арасынан айтыстырып, бірін біріне қарсы қойып қағыстырған, қоғамды бей берекетсіздікке айналдыдырған атыс-шабысты насихаттайтын қатыгез дөрекілігін адам құқы, демократия принципі ретінде дәріптеу арқылы жастарды өздеріне тартпақ. Бізге ондай тұрпайы демократия керек емес. Заманнан бері халқымыздың дәстүр салтында, ел басқарған хандар мен билердің қағидаттарында қалыптасқан адамгершіліктің, мейірімділік, әділеттің, сыпайыгершіліктің, береке-бірліктің асыл үлгілері – қазақтың өз демократиясы. Сондықтан батыстың демократиясын аңсамай-ақ, халықтың байырғы демократиясын байыта берсек те ешкімнен кем болмаймыз. Өйткені Қазақ елінің өз демократиясы өзіне жетеді. Әрине, әлемдік демократияның озық тұстарынан қашпай, өмірге қолдану диалектикалық үрдіс екенін де естен шығармақ емеспіз. Еліміздегі халықтық дәстүрлі демократия мен батыстық үлгідегі демократияның озық тұстарын үйлестіре білуімізді дамушы елдер тәжірибе ретінде пайдалана бастауы біздің ұстанымымыздың дұрыстығын көрсетеді.

Жастарымызды теріс жолға түсірудің тағы бір айла-тәсілі мұсылман діні атын жамылған имансыз секталардың теріс үгіті екеніне де көзіміз жетті. Кісі өлтіру, тонау, қулық пен сұмдыққа баулитын үгіт-насихаттың мұсылман дініне үш қайнаса сорпасы қосылмайтын әрекет екенін жастарымызға түсіндіруіміз қажет.

Елбасы: «Бүгінде, интернет пен жоғары технологиялар ғасырында, ақпараттар тасқындаған заманда, «сүзгі» адамның ішінде болу керек. Ішкі «сүзгі» сұрақтар қойып отыруға тиіс: аналарымыз, әпке-қарындастарымыз, қыздарымыз орамалға оранып алып, басқа халықтардың киімін кигені бізге керек пе? Бізбен бір дастарханда отырып тамақ ішпеуге тиіс пе? Мұның бәрі – басқа елдердің орныққан дәстүрлері, біздің даламызда ондай дәстүрлер ешқашан болған емес» деген еді. Сондықтан жалпы халық партия белсенділерімен бірлесе отырып радикализмнің, экстремизмнің және терроризмнің барлық түрлерімен ымырасыз күрессек қана, ата-бабаларымыздың ұстанған ұлағатты діні мұсылман дінінің Ханафи мазхабын берік ұстанғанда ғана жеңіске жетеміз.

«Нұр Отан» партиясы өзінің идеологиялық іс қызметін осындай айла-шарғыларға қарсы күресіп, ұлттық дәстүр-салтымызды, рухани құндылықтарымызды, ұлы мұратқа жетелейтін дінімізді насихаттауға бағыттап келгенін көз алдымыздағы өмір шындығы болғандықтан ешкім де жоққа шығара алмайды.

«Нұр Отан» партиясы ұйтқы болған «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында рухымызды оятып, санамызды серпілтер көптеген нақты іс тындырылды. Алайда жастарымыздың бір тобы өзге идеологияның жетегінде кетуге бейім тұратыны өкінішті. Сондықтан біздің ынтымақ-бірлігімізді көре алмаушылар мен отанымыз-

дың байлығына көзі тұнған сыртқы жауларымыздың іс әрекетіне партиямен бірлесе отырып қана тосқауыл қоя аламыз. Нұр Отан партиясының алға қойған ең негізгі мақсаты ол, халқының болашағын жарқын етіп, ұлттық мүддеін қорғау, елін Мәңгілік ету, сондықтан халқы да әрқашан бірге бола беретініне дау жоқ. Халыққа өзге партияның да қажеті шамалы.

Қорға айтқанда, «Нұр Отан» партиясы тәуелсіз Қазақстанның ширек ғасырлық даму жолын нұсқаған Елбасының қоғамның барлық саласындағы тактикалық, стратегиялық бағыт, бағдарламаларын мүлтіксіз іске асыру арқылы елімізді асқаралы биіктерге бастап келе жатқан бірден бір саяси ұйым екенін өзінің нақты ісімен дәлелдеп, халықтың зор сеніміне ие болған партия екенінде дау жоқ.

Еліміздің жиырма бес жыл ішінде қиындықтарды еңсере отырып жеткен жетістіктері тұнғыш Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаев пен оның өзі құрған «Нұр Отан» партиясы есімімен тығыз байланысты. Бұл партия жиырма бес жыл ішінде өзінің саяси қоғамдық ұстанымы тұрғысында бір сәт те тізгінінен айырылу түгіл босаңсытқан емес. Болашақта Қазақ елін «Мәңгілік Ел» ету мақсатын да аброймен орындап шығары даусыз. Басқаша айтқанда бұл партия елімізді алда да адастырмай жол сілтейтін, алыс көкжиектерге жеткізетін темір қазығымыз.

Сондықтан халқымызды ширек ғасыр бойы даңғыл жолмен бастап келген, алда да алдымызға айқын мақсат ұсынып, оған жетудің жолын нұсқап отырған, саясатта сыналған дәл осы партиямыздың беделіне көлеңке түсірмей, абыройын асқақта берейік, ағайын. Біз сонда ғана арманымызға жете береміз. Ал, бұдан басқа ешбір жол жоқ екенін де түсінгеніміз абзал.



«НҰР ОТАНҒА» ЖЫР ШАШУ

(Толғау)

Байрағын көтергенде тәуелсіздік,
Атқанда алтын арай таңы еркіндік,
Таңырқап қарай қалған қазағыма,
Құлағын алты құрлық – әлем түріп.

Сүйінші сұраған бар; сүйінген бар,
Көре алмай, көз алартып, күйінген бар,
Қалай да қайта шапты қара арғымақ,
Орнынан қайта тұрды сүрінген нар.

«Дөп басып болашақты пайымдар кім?
Қаймана қалың жұрттың қамын жер кім?»
Дегендер көп болса да, шаңырағын,
Көтердік қазақ деген байырғы елдің.

Біреулер «ел болмайды, – деді, – ешқашан»,
Атар деп ойламаған Алашқа таң,
Әліптің артын бақты біреулері:
«Уақыт көрсетеді, таласпа сен».

«Одақтан бөлінгенге өкінеді,
Төгеді Алла берген несібені,
Ысылған партия жоқ саясатта.
Бастайды қандай ұйым көшін елдің»?
Шынында ақыл жарым, көңіл күпті ед,
Таңдауы дүйім елдің кімге түспек?
Ұстаттық ел тізгінін Нұрекеңе,
Парасат, қайратына сенім жүктеп.

Жас елдің дұшпаны көп, досы аз кезі.
Ұйытар ұйым керек ошарлы елді,
Нұрекең өзі бастап есім берді,
«Саяси партия аты – «Отан» деді.

«Отанға» от берді елі, қолдады жұрт,
Болсын деп нұрлы қадам, береке-күт,
Аманат саған ғана ел тағдыры,
Аманат саған ғана арман, үміт.

Соңында «Нұр» тіркесін халық қосты,
Шашсын деп шұғыласын парықтапты,
Жүректен «Нұр Отан» боп жол тапты да,
Осылай ардақты атау қалыптасты.

Ұсынды идеялар сарапталған,
Көтерді биіктерге қанатты арман,
Ақ туын әділеттің биік ұстап,
Әмбеге бірдей болды талап, талғам.

Қолында «Нұр Отанның» елдігім де,
Қолында еркіндігім, теңдігім де,
Аттамай ала жібін әділеттің,
Тең көрді шендіні де, шерліні де.

Алдында тұрды ағалар ұлы күштің,
Тұлғасы тәуелсіз ел, нұр ұлыстың
Қостады біліктілер, білімділер,
Пайымын, сырын ұққан құбылыстың.

Қосылды алақайлап жастар жағы,
Дем беріп «Нұр Отанға» асқаралы.
«Жас Отан» жалындады жігерімен,
Халықтың орындалды басты арманы

Тізгіні «Нұр Отанның» Елбасыда,
Ұлы елім қадам басты алға асыға,
Қосылып «Асар» менен «Руханият»
Тоғысты Ұлы өзеннің арнасына.

Ақсаған қандай іс бар қай салада,
Бәрінің тауқыметін арқалаған,
Тікелей Елбасының нұсқауымен,
Жасалды Болашаққа қанша қадам.

Өмір сүр қай қоғамда мың кінәрат,
Біреуді жәбірлейді құр кінәлап
Біреулер әділетті аттап өтіп,
Жасайды бейуазға бір қиянат.

Сұрайды ол «Нұр Отаннан» арашаны,
Ал «Нұр Отан» бәрімен санасады,
Тыңдайды ғалымды да іскерді де,
Көне көз ауылдағы қара шалды.

Осы екен селкеуі жоқ сенім деген,
Қараша, халқым деген, елім деген

Бөленіп қамқорына «Нұр Отанның»
Жанымен шапағатын сезінген ел.
Ұйысса, өзің ұйтқы жүз отыз ұлт,
Шешеді ынтымақты бір отырыс,
Еш адам басқа бақыт іздемейді,
Заң әділ зәуіменен, заман тыныш.

Санасар «Нұр Отанмен» үш билік те,
Ынтымақ қашан дағы күш бірлікте,
«Пішкен тон ақылдасып келте болмас»,
Сыры жоқ бөтен ақыл іштің бүкпе.

Түседі мүшелікке көбі құда,
Қатары «Нұр Отанның» толығуда,
Төрт билік жоғардағы түгелдіктен.
Төбедегі кеп жатыр қолымызға.

Құс жолы – сенің жолың арсыдағы,
Әмбеге бағыт берер шам шырағы,
Бастаған қазақ елін биіктерге,
Халқымның сенім жолы, таң шуағы.
Елбасы партиясы, көш басында,
Елімнің болашағы жарқын әлі.

ҚАЗАҚ ДЕГЕН ТАРИХЫ ТЕРЕҢ, ЕЖЕЛДЕН ҰЛЫ ХАЛЫҚ

Отаршылар бізді басыбайлы құл ету жолындағы зұлымдық саясатын әуелі тарихымыздан көз жаздырудан бастады. Кеңестер Одағы дәуірінде ұлы державалық, шовинистік, саясат ұлы тарихымызды бұрмалап, мүлдем басқа арнаға бұрып жіберді. Ақты қара қылып, ұлыны улы қылып көрсетіп, ұрпақтарды жәдігөй, мәңгүрт болдырудың небір құйтырқы жолдарын ойлап тапты. Қазақ деген ұлтты көшерін жел, қонарын сай білген қаңбақ сынды қаңғыбас, жабайы тірлік иесі, мешеу халық ретінде көрсетті. Сақ, ғұн дәуірлерінен бергі қазақ даласында өмір сүрген халықтарды бүгінгі қазаққа «үш қайнаса сорпасы қосылмайтын» етіп көрсетті. Алтын орда дәуірінен басталатын мемлекеттігіміздің тарихын таза қымтап, жауып қойды.

Сөйтіп, Тәуелсіздікке қол жеткізген тұстан бері халқымыздың тұрмыс тіршілігі түзеліп, экономикамыз қарқын алса да, рухымызда қалыптасып қалған қараңғылықты серпіп ашсақ та, тарихи шындықтың түбіне жете алмай жатқанымызды мойындауға тиіспіз. Бұл ешкімнің қателігі, бойкүйез салғырттығы салдары емес. Топырақтан алтынды екшеп, тазартып алу мынау ғылым мен техника, технология қарыштап дамыған заманның өзінде қаншалықты қиын болса, тарихты түгендеп, шындыққа өзгенің көзін жеткізу де соншалықты қиын да күрделі шаруа екендігінде. Басқаша айтқанда ұлыстың, ұлттың тарихы нағыз баға жетпес

алтын екенін осыдан-ақ бағамдай беріңіз. Біз бүгінгі таңда сол алтынды қазуға, топырықтан тазартуға шындап кірістік. Бұл ұлы іске Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев өзі мұрындық болып отырғанына қуанамыз. Бұған дәлел Елбасымыздың осыдан он жыл бұрын қолға алып, өз нәтижесін еселеп берген «Мәдени мұра» бағдарламасының заңды жалғасы іспетті өткен жылғы Ұлытаудағы сұхбаты, «Мәңгілік Ел» идеясы, биылғы халыққа жолдаған Жолдауы, «Нұрлы жол» бағдарламасы мен «Қазақ хандығы құрылуының 550 жылдығын атап өту жөніндегі бастамасы. Елбасымыз қазақ халқының тарихы тереңдегі, әлем өркениетінен әсте қалыс қалмаған, адами құндылықты, әділеттілікті, мейірбандықты, бауырмалдықты бағзы заманнан ту еткен ұлт екенін мейлі халқының ортасында, мейлі шет елдерге жасаған сапарларында сөйлеген сөздерінде ұдайы айтып келеді. Бірақ тарихымызды бір күнде түгендеу мүмкін емес екенін жоғарыда айттық.

Елбасының тапсырмасымен Қазақстан тарихы еліміз тәуелсіздік алғалы сан мәрте түзетіліп, толықтырылып басылды. Жалпы халыққа, әр сатылы оқу орындарының оқушылары мен студенттеріне арналып өзгертулер, толықтырулар енгізіліп келді. Тарихымыз бен мәдениетімізге қатысты құнды деректер мен жәдігерлердің жоғалғанының ізіне түсу, рухани құндылықтарымызды толықтыру мақсатында білікті ғалымдарымызды алыс, жақын шет елдерге аттандырып, баға жетпес деректер, жәдігерлермен тарихымызды барынша жаңалап, толықтырып келеміз. Әйтсе де ұлтымыз тарихына қатысты әлі күнге дейін айтылмай жүрген деректер қаншама. Мәселен, бізді теңгергісі келмейтіндер Қазақ хандығы құрылғанға дейін «қазақ» деген атау, ұғым болмаған,

олардың қолынан мал бағудан өзге ештеме келмейтін жабайы халық деп сәуегейсиді. Ал шындыққа жүгінсек, Қазақ деген халықтың кемінде 3000-4000 жылдық тарихы барын дәлелдейтін деректер аз емес. Оның үстіне жаратушымыз басқа ұлттарды алдымен, соңынан ғана біздерді жаратыпты дегенге кімдер сенеді. Мүмкін, біз үшін үш мың жылды да қиғысы келмей, ал өз тарихтарын бес мың жылдан асырғысы келетіндерге ғана оңтайлы болары хақ.

Бергісі Шыңғысханнан бұрын Моңғолия жерінде «Би төбе» деген жерде Керей мемлекеті, Қарақорымда Найман тайпасы құрылғанын, найман, керей қазақ деген халықтың белді рулары болғанын кім жоққа шығара алады. Ат төбеліндей моңғолдардан шыққан Шыңғысханның 600 мың әскерінің 400 мыңы қазіргі Қазақ елінің бір бөлігі Керей, Меркіт, Жалайыр, Қоңыраттар болғанын қайда қоямыз. Шыңғыстың анасы Өзлүн олод - Уақ, әйелі Бөрте - Қоңырат, Шыңғыстың ұлдары Өгедейдің әйелі Төрекене - Меркіт, Төлейдің әйелі Сорхагтани Беки - Керей қызы болғанын Сорхагтани Бекиден туған Хубылай мен Хулагу Қытай мен таяу Шығысты бағындырған, жалпы Шыңғысхан әулетінің қазақтармен біте қайнап, қаны араласып кеткенін сол дәуірде жазылған жалғыз кітап «Моңғолдың құпия шежіресін» оқығандар ғана біледі. Шыңғысхан моңғолдың тарихын, шежіресін бастап жазуды алғаш Керейдің атақты білгірі Шынсайға өзі тапсырған. Шынсай бұл тапсырманы Керей мемлекетінің батысындағы Қазақ тауындағы «Хасагт хайрхан» елді мекенді жеріде жатып жазатынына уағда береді. Шыңғысхан қытай бөлгері, сопы Чан Чуньді де шақырады, ол алдымен Қазақ тауына келіп, одан Шынсай ағайды атқосшы етіп, 1223

жылы Алтай тауын асып, Ертісті бойлап, Ұлы қаған Шыңғысқа әкеліп таныстырғаны өз алдына ұзақ әңгіме.

Ал «қазақ» деген атаудың өзіне келер болсақ Моңғолияның Завхан аймағында Хасыхты Хайрхын “Қазақ тау” (Моңғолдар күні бүгін қазақты «хасаг» (айтылуы «қасық») деп атайды) тауының атауы Шыңғысхан дәуірінен бері белгілі. Шыңғысхан заманында арба үстіне тігілетін ханның ақ ордасын «хасаг гэр» (Қазақ үйі) деп атаған. Ал көшкенде он атан өгізге жегілетін үстіне хан ордасы тігілген алып арбаны «хасаг тэрэг» (моңғол тілінде қазақ арба) деп аталған. XV ғасырда Моңғол империясын билеген Моңғолдың атақты патшайымы Мандухайдың (Мандухай цэцэн хатан) ордасының оң жағында «хасаг гэр» болғанын моңғолдар Мандухай туралы тарихи кино түсіргенде де атымен, затымен қаз қалпында көрсеткен.

Тіпті, қазақ киіз үй туралы осыдан 2600 жыл бұрын Аристотель бағалаған ғұлама бабамыз Ақанарыс: «Түндігінен күн нұры төгіліп түскен қасиетті киіз үйге тастан, саз балшықтан, ағаштан қаланған қапас кепелер қайдан жетсін» деп жазып кеткен. Сол заманда киіз үй болмаса Ақанарыс қалай теңеді? Ақанарыс 2600 жылдың алдында жазса, қазақтың киіз үйі одан қанша жыл, тіпті неше ғасыр бұрын пайда болғанын бір Алла ғана білер. Жалпы киіз үйді көшпенділер, соның ішінде моңғолдар мен қазақтар пайдаланғаны тарихтан белгілі. Қазақтың қазақ болғанына кемінде 4000 жыл болғанын айғақтайтын деректер міне, осы киіз үйден бастап толып жатыр.

Ал көшпенділердің, соның ішінде қазақтың бүркіт ұстап, садақ пайдаланғанынан бері қаншама мың жыл өтті. Сондықтан біз Қазақ хандығы құрылуының 550 жылдығын атап өту барысында ұйымдастырылып

жатқан сан алуан шаралар аясында тек қазақ хандығының тарихын жас ұрпақтар санасына сіңіріп, әлем елдері назарына ұсынып қана қоймай, қазақ тарихының тереңде жатқанын, көмескі тартса да өшпегенін, ежелден ұлы халық болғанымызды дәлелдеуіміз керек.

Тарихшыларымыз қазақ халқының арғы тарихын ата-бабадан қалған біздің қазіргі киелі байтағымыз Қазақстан территориясында б.ж.с бұрынғы VII-I ғасыр аралығында мекен етіп өмір сүрген тайпалардың тарихымен сабақтастыра зерттеу үрдісі тәуелсіздіктен бергі уақытта толық қалыптасып үлгерді. Әсіресе, Сақтар мен Ғұндардың дәуіріне байланысты тарихи, археологиялық деректер негізге алынуда. Бұл, әрине, заңды да шартты дүние екенін ешкім де жоққа шығара алмайды. Өйткені, одан арғы тарихқа нақты көзіміз жетпесе де Сақ, Ғұн дәуірінен бергі кезеңде қазіргі Қазақстан территориясында мекен еткен халықтар түп қотарыла басқа жаққа көшіп кетпегені, Алтайдан Атырауға дейінгі ұланқайыр кеңістікті мекен еткен байырғы халық, дәлірек айтсақ, қазақтар мен басқа да түркі текті халықтар осы сақтар мен ғұндардың ұрпақтары екені әлдеқашан анықталған, әлем тарихшылары мойындаған тарихи шындық.

Ал одан арғы тарихта да, адам баласы алғаш пайда болған заманнан бері Орта Азияда, Тұран даласында мекендеген халықтардың болғанын археологиялық қазбалар дәлелдеп отыр. Өйтсе біздің халқымызды сол дәуірдегі адамдардың бүгінге дейін жалғасқан ұрпағы екендігін жоққа шығара алмайды. Мүлдем әріге бармағанның өзінде жер жүзін басқан соңғы топан су кезінде аман қалған Нұқ пайғамбар ұрпақтары екеніміз ақиқатқа саяды. Сондықтан арғы тарихымыз мүлдем

зерттелмеген деуден аулақпыз. Тіпті, кей тарихшыларымыз гипербориялықтардың өзі біздің ата-тегіміз екенін айтып жүр. Машһұр Жүсіп Көпейұлы біздің ата-бабаларымыздың осы Нұқ пайғамбардың кемесі Қазығұрт тауына тоқтаған топансу заманнан бері наурыз мерекесін тойлап келгенін жазып кеткен.

Міне, тарихымызды сол дәуірмен Нұқ пайғамбармен байланыстыра зерттеп жүрген жекелеген тарихшылар да жоқ емес. Әрі бұған күмәнмен емес, осы бағамда да жан бар болуы мүмкін деген ізденіс, сенімімен қаруымыз керек сияқты. Мәселен, осындай арғы тарихымызды Нұқ пайғамбар дәуірімен сабақтастыра зерттеп жүрген Халел Нүркеұлы Нұқ пайғамбардың Япас, Ғад, Тола атты ұрпақтары Алтайға келіп ұрпақ өсірген дегенді Алтай халықтары арасындағы аңыз және кейбір ғалымдардың пайымына сүйене отырып дәлелдеуге тырысады. Жалпы америкалық үндістердің “кей” тайпасының мыңдаған жылдар алдында Орта Азиядан Аляска арқылы өткен көшпенділер екені тарихта дәлелденгенімен олардың қазақпен қатысын саралап жатқан ешкім жоқ. Өткен жылы ғана Амазонка өзенінің бойынан табылған ежелгі дәуірдегі әйел сүйегіне жасалған ДНК-лық сараптама қазақ әйелдеріне 99 пайыз сәйкесетінін американдық ғалым Жанин Дэвис Кимбалл анықтаған. Қарапайым халықтың мұны бұрын-соңды айтылмаған тың жаңалық, тың зерттеу ретінде қабылдағаны анық. Өйткені өз ғалымдарымыздың бұл саладағы еңбектері әлі де сол баяғы болжам ретінде қалып келеді. Біз бүгін бұл деректерді зерттеу үшін емес, қазақ деген халықтың, тіпті, қазақтың мемлекеттігінің тарихының өзі өте тереңде жатқанының дәлелі ретінде ғана атап отырмыз. Сөзіміз дәлелді болу үшін та-

рих ғылымының докторы, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры Тұрсынхан Зәкенұлының тұжырымына жүгінсек «Қазақ хандығы мен Қазақ мемлекеттілігі – екеуі екі басқа ұғым. Қазақ хандығы қазақ мемлекеттілігінің аясына кіреді, немесе оның белгілі бір кезеңі деп түсінген жөн. Іс жүзінде Қазақ жеріндегі мемлекеттілік дәстүр тым ерте кезден бастау алады. Археологиялық деректер Қазақ жерінде бұдан бір миллион жыл бұрын адамзат мекенденгенін дәлелдесе, осындағы мемлекеттілік дәстүр тек екі жарым мың жылды құрайды. Ал қазақ жеріндегі алғашқы мемлекеттер туралы деректер біздің заманымыздан бұрынғы VI-V ғасырлардан басталады. Мемлекеттілікке байланысты ең алғашқы дерек ретінде сақтардың үш бөлігі туралы мәлімет берген Парсы патшасы Дарийдің жазбаларын атауға болады» дейді.

Осындай тарихи нақты деректерге жүгінсек, біздің баба тарихымыздың тым әріде екенін аңғарамыз. Қысқасы сақтар, ғұндар, түріктер құрған мемлекеттер біздің ата тегіміз болып есептелінетін халықтардың әлем тарихынан ойып тұрып орын алатын төрт құбыласы тең мемлекет құра білуінің айғағы болса, одан арғы тарих қазақ халқының мемлекеттік өркениеттен бұрын да болғанының куәсі.

Сақтар кім еді, қайда өмір сүрді, тек тұрпаты, тұрмыс тіршілігі, өмір сүру салты қандай болды? Осы сауалдардың қайсына жауап іздесек те олар бүгінгі біздің арғы тегіміз екенін аңғару қиын емес. Нақты тарихи дәлел, дерек те аз емес.

Көне деректер бойынша соғдылар мен хорезмдіктердің теріскей жағын «желдей жүйрік атты көшпелі турлар» мекендеген. Парсы деректерінде турлар – сақтар

деп аталады, ал грек авторларының туындыларында олар скифтер деген атпен кірген, бұл көшпелілердің екінші аты екендігін тарихшылар әлде қашан дәлелдеген. Б.з. І ғ. көне Рим оқымыстысы Плинийдің Үлкені: «Яксарттың (Сырдарияның көне аты) арғы бетінде скиф тайпалары тұрады. Парсылар жалпы оны сақтар деп айтады... Скиф халықтарының саны қисапсыз көп... Олардың ішіндегі ел-жұртқа әйгілі болғандары сақтар, массагеттер, даилар, исседондар... армипастар» - деп жазады. Біздерге жеткен сипаттама деректерге қарағанда, сақтар малшылар болған, олар жылқы, мүйізді ірі қара, ұсақ малдар өсірген, шеттерінен ат құлағында ойнайтын шабандоздар, құралайды көзінен ататын садақшы – мергендер екен. Сақтардың ішіндегі ең көбі массагеттер болған. Геродот: олар туралы былай деп жазады: «Бұл халық Аракс (тегі Сырдария секілді) өзенінің арғы бетінде, исседондарға қарама-қарсы тұрады... Киетін киімдеріне, тұрмыс-салтына қарасақ, скифтерге ұқсайды. Олар атпен де, жаяу жүріп те соғысады. Соғыстың осынау екі тәсіліне де жетік, садақпен де, сүңгімен де шайқаса біледі; әдетте, айбалтамен де қаруланады. Олардың барлық бұйымдары алтын мен мыстан... Олар егін екпейді, үй жануарларының етімен, балықпен қоректенеді, Аракс өзені оларды балыққа шаш-етектен келтіреді. Олар сүт ішеді». Басқа бір автор: «Соғдының ар жағында, Яксарттың (Сырдария) бойын қуалай сақтар қоныс тепкен» - деген сияқты мәліметті келтіреді.

Парсының сына жазуларында сақтардың үш тобы туралы сөз болады: парадарайя (теңіздің арғы бетіндегі сақтар), хаомаварга сақтар (хаома сусының жасайтын сақтар), тиграхауд – сақтар (шошақ бөрікті сақтар).

Зерттеушілердің пікіріне сенсек, парадарайя сақтары Арал өңірінде, Сырдария мен Амударияның төменгі ағысында немесе Қара теңіздің теріскей бетінде өмір сүріп, тіршілік құрған, тиграхауд – сақтары Сырдарияның орта аймағы мен Тянь-Шяньды мекендеген; хаомаварга – сақтар Мұрғаб алқабынан қоныс тепкен. Бұлардың барлығының «сақ» атануына қарағанда шығу тегі бір болмақ. Ал ішінен біздің ата-бабамыз деп есептелінетіні, жақын келетіні қайсысы? К.А. Ақышевтың пікірі бойынша, Иран жазба деректеріндегі тиграхауд сақтарына ортокарибатия скифтері сәйкес келеді, өйткені жоғарғы екі атаудың екеуі де «шошақ бөрікті сақтар» деген сөз. Бұған қоса айтатын бір жәйт, Персеполидегі Ксеркс сарайының барельефтерінде бейнеленген сақтардың бет пішіні монголоид және олар биік шошақ бөрік киеді, ендеше бұлар, әсілі, тиграхауд – сақтар болуға тиіс – дейді ғалым. Монғолоидтер таралатын орталықтардың бірі Жетісу аймағы болуы мүмкін екендігін айтып, тиграхауд – сақтар Жетісуда тұрып тіршілік еткен деп қорытынды шығарады ол. Есік обасына қойылған сақ патшасының басына биік шошақ бөрік кигендігін оның бұл болжамын дәлелдейді.

Тарихта нақты деректер аз болса да бірен-саран деректердің өзінен-ақ айналасындағы қаптаған жаудың қай қайсысына алдырмай, мемлекттігін ұзақ жылдар сақтағанын, Тұмар ханым сынды көсемдерін білеміз. Парсы патшасы Кир б.з.б. 6 ғ-дың басында сақ-массагеттер еліне шабуыл жасаған және “шошақ бөріктілердің” табан тірескен қарсылығына тап болған. Дала жағдайында жауды әлсіретіп барып, өршелене тап берген сақтармен болған қиян-кескі шайқаста Кир әскері түгелдей талқандалады, оның өзі де қаза табады. Осы

оқиға туралы баяндаған Геродот Ұлы Далада кеңінен тараған әңгіме ретінде сақ патшайымы Томирис (Тұмар) жайлы аңызды келтірген. Көнеден жеткен әфсана бойынша, қан майданда ержүрек ұлынан айырылып, жаны күйзелген Томирис шайқаста жауын жеңген соң қан толтырылған торсыққа Кирдің басын салып, “сен осы қанды аңсап келіп едің, іш енді” депті деген аңызды біз кеңестік дәуірінде тарихтан оқыдық. Бірақ бұл сақтар қазіргі түркі текті халықтардың, соның ішінде түркі текті халықтардың ата жұрты Алтайдан сан ғасыр бойы табан аудармаған қазақтардың тегі дегенді ешкім айтқан жоқ.

Бұдан кейін Дарий І-нің де б.з.б. 518 ж. сақтарға жорық жасағаны, бірақ оларды бағындыра алмағаны белгілі. Осы жорық кезінде әдейі парсылар жағына өтіп, оларды алдап, сусыз шөл далаға ертіп апарып қырған сақ жауынгері Ширақ жайлы аңызды грек тарихшысы Полиен жазып қалдырған. Орта Азия мен Қазақстан жерін жаулап алуға келген Македонский әскерімен аяусыз күрес жүргізген сақ қаһарманы Спитамен туралы деректер де тарихтан белгілі.

Бұл ретте қазақ жерінде көне заманда өмір сүрген, бүгінгі біздің ата тегіміз ретінде мойындалған тайпалардың бірі сақтардың ұланбайтақ территориясы болғанын, оны айналасындағы жау елдерден сан ғасыр бойы қорғап келгені, бір басшылыққа, патшасына, көсеміне бағынғанының өзі мемлекеттіктің айқын нышаны. Міне, қазақ жеріндегі мемлекеттік ең бергісі осы сақ және ғұн заманында құрылғанына, қалыптасқанына ешкім де қарсы уәж айта алмайды.

Ал сақтармен қатар солтүстік Қытай, Моңғолия, Байкал өңіріне, Қазақстан аумағына дейінгі аралықта

қоныстанып, өмір сүрген ғұндарды да қазіргі қазақ халқының тегінен алыстата алмаймыз. Атақты ғалым Лев Гумилев саналы ғұмырын сарп ете отырып ғұндардың – ежелгі дәуірдегі ірі тайпалар одағының бірі, түркі халықтарының арғы тегі екенін дәлелдеп шықты. Ғұндар өздерінің біртұтас мемлекетін біздің заманымыздан бұрынғы 3 ғасырдың соңына қарай құрды. Жоғары билеушісі «тәңірқұт» қытай деректерінде «шаньюй» деп аталатын ғұндар 24 руға бөлінді. Тарихи деректерде ғұндар жылқының асыл тұқымдарын өсіріп, ат баптауды жетік меңгерген, отырықшы тұрмыс кешіп, егіншілікпен шұғылданғандары азырақ болғаны айтылады. Кен қазып, металл қорытқан. Қолөнері мен бейнелеу өнері жоғары деңгейде болған. Көк тәңіріне табынып, өздері құрған мемлекетінде дәстүрлі құқық жүйесін қалыптастыра білген. Ғұндардың жауынгерлік құдыретінен сескенген қытайлықтар Ұлы Қытай қорғанын салдырды. Біздің заманымыздан бұрынғы 209 жылдан ғұндарды Модэ (Мөде) басқарған тұстағы тарихи деректер қытай жазбаларында сақталғандықтан ғұн империясының күш қуатын ешкім де жоққа шығарған емес. Модэ билік еткен алғашқы жылдардың өзінде-ақ Қытайдың шекаралық аудандарына жорықтар жасап, оған күйрете соққы берді. Қазіргі Кореядан Тибетке және Шығыс Түркістаннан Хуанхэнің орта ағысына дейін созылып жатқан аумақ ғұндардың қол астына көшті. Біздің заманымыздан бұрынғы 177 жылға қарай Тынық мұхиттан Каспий теңізіне дейінгі жерлерді өздеріне қаратты. Тарихи деректерге көз жүгіртсек біздің заманымыздан бұрынғы 56 ж. ғұндар оңтүстік және солтүстік топтарға бөлінеді. Солтүстік ғұндардың бір бөлігі 5 ғасырда Оңтүстік Қазақстан мен Орталық Ази-

яда өз мемлекетін құрып, Ауғанстан мен Иранды, Үндістанның біраз бөлігін жаулап алды. Солтүстік ғұндардың Еділ – Жайықтағы үлкен бөлігі 4 ғасырдың екінші жартысында Қара теңіз жағалауын, Днестрге дейінгі өлкені бағындырды.

Тарихшылар көшпелі мемлекеттің негізгі белгілері осы ғұндар дәуірінде қалыптасты деп көреді. Құрылтай, жиналыстары өтететін болып, ғұндардың өзінің әдет-ғұрпына негізделген заң ережелері жасала бастайды. Онда жер-су мәселесіне ерекше мән беріледі. Ғұндар мемлекетінде, Қытай деректеріне қарағанда, тұрақты ғұн әскерінің саны 300 мың болған. Күні кешеге дейін отаршылдар көшпелі халықтарды сауатсыздар ретінде көрсетіп келсе, ғалымдар ғұндардың сол заманда ресми іс қағаздарын жүргізіп, мөр басу рәсімі қалыптастырғанын айтады. Ғұндар мемлекеті б.з.д. III ғасырдан б. з. V ғасырының жартысына дейін өмір сүрді. Әрине, басқа көшпелі империялар сияқты олар да бірде күшейіп, бірде әлсіреп отырды. Б. з. IV ғасырынан бастап ғұндардың бір бөлігі Еділден асып Еуропа жеріне қарай аяқ басты. Содан былайғы 200 жылдың ішінде олар Еуропаның жартысын жаулап алып, өз билігін орнатты. Жалпы ғұн тайпаларының шығыстан батысқа қарай жылжуы б.з.д. I ғасырдан басталып, б.з.IV ғасырына дейін созылғаны тарихтан белгілі. Тарихта бұл тарихи құбылысты «Халықтардың ұлы қоныс аударуы» деп атайды. «Ұлы қоныс аудару әсіресе қазіргі Қазақстан территориясына да үлкен әсерін тигізді: жергілікті сақ, үйсін, қаңлы сияқты тайпалардың шығыстан батысқа қарай орын ауыстыруына әкелді.

Жалпы ғұндардың жоғарыда айтқанымыздай Аттиланың басшылығында Еділден өтіп, Еуропаға енген

кезі де осы тұс еді. Герман тайпалары Готтар ғұндармен одақтасуға мәжбүр болды. Бесінші ғасырдың 30-жылдарында ғұн басшысы Румыния мен Венгрия жерінде мемлекет басына келгеннен бастап мемлекеті күшейіп, әлемге әйгілі болды. Ғұндар патшасы Аттила Еуропада Ғұн мемлекетін кұрып, елді кеңейту мақсатында Рим империясына қарсы күресті. Сонымен қатар ғұндар түркі тілінің Еуропада таралуына ықпал жасады. Түркі тілінің жергілікті диалектісін қалыптастырды. Осылай, Азия мен Еуропаға қамшы үйірген Еділ Баһадүр Атилла атымен әйгіленіп, тарихымызға өшпес із қалдырды.

Енді әйгілі түрік қағанатына тоқталайық. Отаршылдық саясат біздің мыңдаған жылдық мемлекеттігімізді, мәдениетімізді бәрін жоққа шығарса да өзінің бүкіл тарихын, мәдениетін тасқа қашап жазып кеткен V- VIII ғасыр аралығында (546- 744 жылдар шамасы) орталық Азияға үстемдік құрған біздің бергі бабаларымыз Көк түріктер тарихын жоққа шығара алған жоқ. Тіпті, қазақтар біздер осы түрік текті халықтардың қоламтасын сақтап, қарт Алтайдың бауырайында сан ғасыр бойы табан аудармай мекен еткен ұрпағы екенімізді еріксіз мойындайды. Біз де ержүрек батырлар елі Көк түріктің ұрпағы екенімізді орынды мақтан тұтамыз.

Түрік қағанаты да 552 жылдары Жужан мемлекетін тас талқан етіп жеңіп, Түркі халқына бостандық алып берген Буман қаған мен оның мұрагерлері түрік қағанатының шекарасын жыл өткен сайын кеңіте түсті. Шығысында қытайдың Сары өзеннен, батысында Амударияға дейінгі, солтүстігінде Саян тауынан Кавказ, Қара теңізге дейінгі аралыққа иелік еткен қуатты мемлекет болды. Алайда ынтымақ бірліктің жоқтығынан қас дұшпандарының алдау-арбауына көнгендіктен Түрік

тайпасының берекесі қашып, әлсіреп, батыс, шығыс болып екіге бөлінген. Ұлы Түрік қағанатының құлауына себепші болған алауыздықты ұрпақтарға сабақ болсын деп Күлтегін бабамыз тасқа қашап жазып кетті.

«Бұйрықтары да біліксіз болды, әлсіз болды. Бектері, халқына адал болмағаны үшін Табғач халқының алдауына сенгендігінен, арбауына көнгендігінен, інілі-ағалының кектескендігінен, бектері мен халықтың ымырасыздығынан Түркі халқы елдік құрып отырған елін күшпен жойды. Қағандық құрып отырған қағанын жойды. Табғач халқына бек ұрпағы құл болды, сүліктей қыз ұрпағы күң болды. Түркі бектері түркі атын жойды» деген Күлтегін бабамыздың өсиетін Елбасымыз бүгінгі ұрпақтарға ұлағат етіп, ұлт мұратына қатысты сөйлеген сөздерінде халқымыздың есіне салумен келеді. Евразия университеті ауласына тұрғызған Күлтегін ескерткішінің көшірмесі де біздің рух жігерімізге қуат беріп тұрғандай.

Қашан да елдің ел болуы оны басқарған көсемдерінің білім-білігіне байланысты екендігі тарихтан белгілі. Түркі халқының бағына туған Құтлық (Елтеріс) қаған қытайлармен жүргізген қиян-кескі соғыс нәтижесінде 682 жылы қазіргі Моңғол жерінде өз мемлекетін қайтадан қалпына келтірді. Елтерістен кейінгі Қапаған қаған мен оның мұрагерлері Білге қаған мен Күлтегін, даңқты қолбасшы Түй-ұқықтар (Тоныкөк) тұсында шығыс Түрік қағанаты қайта дәуірледі. Қорыта айтқанда бұл да біздің ұлтымыздың қуатты мемлекет құра білуіміздің жарқын дәлелі.

Жоғарда тарихына қысқаша тоқталған Сақ, Ғұн тайпалары, Түркі қағанаты тарихы қазақ халқы біздің де, бүгінгі жер бетінде жасап жатқан күллі түркі тектес

халықтардың мемлекеттігінің тарихы. Жай ғана мемлекеттік емес, дұшпанының басын идірген, тізесін бүктірген, жарты әлемді бағындырған айбынды да асқақ мемлекеттігіміздің тарихы.

Ал осы түрік текті халықтардың бірі ретінде заман өте, ұрпақ өсе келе өз алдына шаңырақ көтерген бүгінгі қазақ ұлтының құрамдас бөлігі Керей, Найман ұлыстарының Шыңғысқан дәуіріне дейінгі күш-қуаты, абырой-атағы, тарихта алар орны қандай еді. Тағы да тарихқа жүгінейік. Жарты әлемді бағындарған Шыңғысханды жас Тэмүжин кезінен Шыңғысхан дәрежесіне жеткізген әкесі Есукейдің андасы (досы) керейдің ханы Тұғырыл екенін «Моңғолдың құпия шежіресі» кітабына Ұлы Қағанның өзі жаздырып кетті. Одан артық дәлел іздеудің қажеті шамалы. Тұғырыл «Бұлғын ішік сыйың үшін, бүлінген еліңнің басын қосып берейін» дейді «Құпия шежіреде». Тек керей тайпасы емес, күні бүгінге дейінгі қазақ халқының құрамдас бөлігі найман, қоңырат, меркіт, жалайырлардың Моңғол империясын құруға сіңірген еңбегі тарихта алтын әріппен жазылып қалды. Найман мемлекетінің күш-қуатын, нақты сыпатын Академик Зардыхан Қинаятұлынан терең зерттеген ешкім жоқ. Ғалым “Моңғолдың құпия шежіресін терең талдай отырып, монғолдар мен наймандар арасындағы сан ғасырлық, соның ішінде Шыңғысхан дәуіріндегі саяси, мәдени қарым- қатынастардың қыр-сырына, әсіресе, найман мәдениетінің монғолдарға тигізген әсеріне нақты деректер арқылы үнілді, ғылыми негізде баға берді. З.Қинаятұлы Шыңғысхан дәуіріндегі найман мен монғол арасындағы өліспей беріспеген 14 жылдық шайқастың әр тұсына тарихқа сүйене отырып қортынды жасап, әрбір шайқастағы жеңіс пен жеңіліс-

тердің нақты себептерін, өзге тайпалармен одақтасудағы ұтқан, ұтылған, жаза басқан тұстарына дейін саралап көрсете келе наймандар құрған мемлекеттің шынайы тарихын жазды.

Жалпы, найманнан шыққан ұлы тұлға Майқы би, Кетбұға, Тататұңға сияқты атақты адамдардың Шыңғысханға, оның ұрпақтарына сіңірген еңбектері өшпестей болып тарихта қалды.

Біз бүгінгі таңда қазақтың мемлекеттігінің кемел шағы Алтын орда дәуірі екенімен мақтануға тиіспіз. Европаны тітіреткен, Ресейді қолына қаратқан Алтын Орданың территориясы қайда, халқы кім еді, ханы кім еді, тілі қай тіл еді?

Алтын Орданың территориясы қазақтың ата-бабадан қалған байтағы Дешті Қыпшақ даласы, халқы бүгінгі біздер, ханы қазақ текті (Меркіт), тілі күллі түрік тектес халықтардың тіліне негіз болған қазақ тілі екенін тарихтан хабары бар әр адам біледі. Жошының меркіт екенін «Моңғолдың құпия шежіресінде Шыңғыстың ұлы Шағатай әкесінің алдында Жошының бетіне басып тұрып айтқанын Шыңғыс хан туралы сериал түсіргенде қытайлар да жасырған жоқ. Шыңғыс хан қартайған шағында төрт ұлын шақырып алып: «Мен де ата бабалардың артынан кетпейтіндей, ажал мені айланып өтетіндей ойланбай келіппін» дей келе, «мен өлген соң хан тағының мұрагері қайсыларың боласың»? деген сауал қойып әуелгі кезекте ұлдың үлкені Жошының жауап беруін сұрайды. Сонда Шағатай атып тұрып: Жошы айтсын деп Жошыны неге тағайындағалы отырсыз? Біз мына меркіттің қалдығына бағынамыз ба? дегенде (Бөрте ханымды меркіттер тартып әкеткенде екіқабат болып келгендіктен солай айтқан) Жошы ұшып

түрегеліп, Шағатайдың жағасынан алып тұрып, былай дейді: «Мені хан әкем шетқақпайламағанда сен неге сыртқа тебесің. Сен менен қандай білім қабілетінмен артықсың»? (Монголдың құпия шежіресі 225 бет Ұлан-батар 1990 жыл).

Міне, мұнда шындық ашық айтылған. Автор Жошыны, Жошы да оны жасырып тұрған жоқ. Өйтсе, Алтын Орда мемлекеті қазақтың мемлекеті емей қай халықтың мемлекеті болмақ.

Біз бүгін осындай тарихта жазылып қалған нақты деректер арқылы еліміздің елдігін, мемлекеттігін, тарихымыздың тамыры тереңде жатқанын, тарихта «мың өліп, мың тірілсек те ешқашан жойылып кетпейтін Мәңгілік ел екенімізді әлем халықтарына, ғалымдарға мойындатуымыз керек. Қазақ хандығының 550 жылдық мерей тойындағы алға қоятын негізгі мақсаттарымыз осындай маңызды іс шараларға бағытталуы тиіс.

Қазақ хандығы тарихы түрік тектес халықтардан енші алып, отау көтерген шақтан басталатын біздің бергі төл тарихымыз. Мемлекеттігіміздің арғы тарихы біз білетін, айтқысы келмесе де басқалар да білетін сақ, ғұн бабаларымыз құрған көшпенділер империясы болса, қазақ хандығы ең бергі, ең жас болып есептелінетін Қазақ мемлекетінің түп-тура құрылғанының куәсі. Жас дейтініміз сақтан, ғұннан, одан да әріден басталатын мемлекеттілік дәстүріміздің біз білетін екі жарым мың жылды құрайтын тарлан тарихпен салыстырғанда қазақ хандығы құрылғаннан бергі 550 жыл – қоғам тарихында қас қағым уақыт. Бірақ осы қысқа мерзім ішінде сонау Шыңғыс заманынан Қазақ сипатымен аты аталған қазақ халқы басынан не өткермеді. Қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған небір мамыражай заманды да, ат ауыз-

дықпен су ішіп, ер етігімен су кешкен, небір ақтабан шұбырынды шақтарды да басынан өткергені тарлан тарихтан белгілі. Жалпы, қашан да дүние кезек. Қазақ деген халық бәз біреулердің айтып жүргеніндей, санамызға күйғанындай өмір бойы өзгенің текпісінде, қорлық көріп, құл болып өткеміз жоқ. «Қой үстіне боз торғай жұмыртқалаған заман» дегеніміз қандай заман еді.

*«Салп-салпыншақ анау үш өзен,
Салуалы менің ордам қонған жер,
Жабағылы жас тайлақ,
Жардай атан болған жер,
Жатып қалған бір тоқты,*

Жайылып мың қой болған жер» - деп қарға бойлы Қазтуған жырау бабамыз айтқандай қазақтың басына бақыт қонып, байлығы тасыған заман да өткен. Сол қилы заманның, қилы тарихтың басында бүгін халқымыздың мақтанышы ретінде мерейтойын өткізгелі отырған қазақ хандығының көшбасшылары, ұлы бабаларымыз Көк Орда билеушісі Орыс ханның ұрпақтары, халқы хан көтерген Керей мен Жәнібек сұлтандар тұр. Керей, Жәнібек бабаларымыз да қазақ хандығын оп-оңай бір-ақ күнде құра салған жоқ. Қиын-қыстау кезеңдерден өтті. Жауларымен айқасып, жаға жыртысты. Өздерінің қолтығына тығылған қазақ ұлысын құраушы тайпалардың жоғын жоқтады, жерін даулады.

Олар халыққа қысым көрсетіп, ала қойды бөле қырып, Өзбек хан әулетімен тең көрмей, шетқақпай еткен Әбілқайыр ханға бағынудан бас тартып, Шу өзенінің бойындағы Қозыбасы атты қоныста дербес хандықтың туын көтерді. Қалың қазақ тайпаларын бастап Батыс Жетісуға қоныс аударған Керей мен Жәнібек Моғолстан

ханы Есенбұғадан қоныс сұрады. Есенбұға жауынгер қазақтарды Әбілқайырға қарсы пайдалану үшін қарсы алып, қоныс берді. Керей мен Жәнібек осы жерде Қазақ хандығын құрды. Еркіндік аңсаған елін азаттық ұранымен жігерлендірген батыр бабаларымыз Керей мен Жәнібек жаңа ұлыстың дербестігін жариялап, жаңғырған қазақ этнонимының атауын алған тарихта тұңғыш тәуелсіз Қазақ хандығын құрды.

Бірақ қазақтардың жеке шаңырақ көтеруін Әбілқайырдың қоштамағаны да түсінікті. Өз билігіне бағындырмақ болған Әбілқайыр ханға қазақтар Керей мен Жәнібектің бастауымен тәуелсіздік жолындағы қасиетті майданға шықты. Мұхаммед Хайдар Дулатидің «Тарих-и-Рашиди» атты еңбегінде былай делінеді: «Жәнібек хан мен Керей Моғолстанға көшіп барды. Есенбұға хан оларды құшақ жая қарсы алып, Моғолстанның батыс шетіндегі Шу мен Қозыбасы аймақтарын берді...».

Тәуелсіздік туын көтеріп, дербестігін жариялаған Қазақ хандығының құрамы күн сайын толықты. Дешті Қыпшақ жұрты жаңа хандыққа қарай ағылды.

Әбілқайыр хан өзіне қарсы шығып, дербес хандық құрған қазақтарға қылышын қайрап, жойып жіберуді көздеді. 1468 жылы қыс айында Әбілқайыр хан Қазақ хандығына қарсы шабуылға шықты. Бірақ оның қалың әскері Қазақ хандығына қарсы соғысқа құлықсыз еді. Олар іштей азаттық аңсаған халықтың қасиетті күресіне жақтас болатын. Өйткені, олар да Керей мен Жәнібектің туы астындағы жұрттың қандастары – бір халық өкілдері, бәрі бір Алаштың ұлдары еді. Сөйтіп, Әбілқайыр ханның бұл жорығы діттеген мақсатына жете алмады. Әбілқайыр ханға кенеттен кесел жабысып, қайтыс болады. «Әбілқайыр өлген соң оның әскері тарап кетеді. Оның елінде қиян-кескі тақ таласы басталып, хандық

ыдырай бастады. Әбілқайыр хан бастаған Өзбек ұлысының үлкен бөлігі Керей хан мен Жәнібек ханға көшіп кетті» (Мұхаммед Хайдар Дулати, «Тарих-и-Рашиди»).

Ендігі жерде қазақтар атқа қонып, өздері осыдан біраз жыл бұрын еріксіз тастап кеткен атамекені – Дешті Қыпшаққа қайта оралды. Керей мен Жәнібек бастаған қазақ қолы Әбілқайыр ханның мұрагерлеріне қарсы бітіспес соғыс бастады. Көреген Керей хан мен Жәнібек атамекенді азат ету жолындағы бұл қан-кешті соғыстарда Әбілқайырмен ұзақ жылдардан бері билікке таласып келе жатқан Жошы ұрпақтары – Ахмет хан мен Махмұд сұлтандардың, батыс Сібірдің билеушісі Ибак ханның да күшін шебер пайдалана білді. Сондай-ақ, өздеріне іш тартатын Ноғай одағының билеушілерімен де сенімді одақтас болды. Қазақтардың жойқын күшіне төтеп бере алмаған Әбілқайыр ханның мұрагері Шайх Хайдар ойсырай жеңілді. Дешті Қыпшақта үстемдік қылмақ болған Өзбек ұлысының сан мыңдаған әскері ыдырай қашты. Әбілқайыр ханның немерелері Мұхаммед Шайбани мен Махмұд сұлтан Астраханьға барып паналады.

Әбілқайыр ханның мұрагерлерімен болған азаттық күресінде толық жеңіске жеткен Керей мен Жәнібек Дешті Қыпшақ даласын түгелдей Қазақ хандығының игілігіне қаратты. Әбілқайыр ханның 40 жылға созылған езгісінен құтылған көптеген қазақ тайпалары атамекендерінде дербестігін алған Қазақ хандығының туы астында топтасты. Өртүрлі ұлыстарда бытырап жүрген қазақ рулары енді қазақ деген ұлттық атауға ие болып, жеке халық, дербес мемлекет ретінде тарих сахнасына шықты. Қазақ хандығының халқы бір миллионға жетті. Ол заманда мұндай халқы бар мемлекет саусақпен санарлықтай ғана еді.

Міне, қазақ деген қайсар халықтың осылай өз алдына дербес шаңырақ көтергелі биыл 550 жыл толды. Осы бес жарым ғасыр ішінде қазақ халқы небір қиыншылықтарды басынан кешіріп, жоңғарлармен жан алысып, жан берісіп, қанды қырғынға ұшыраса да, орыстардың бодандық бұғауына түссе де қазақтың кеңбайтақ сахарасынан, тілінен, дінінен, рухынан айырылмай бүгінгі ұрпақтың қолына тапсырды.

Күлтегін бабамыз айтқандай қазақ хандығының 550 жылдық тарихындағы сан ондаған хандардың ішінде біліксіз, әлсіз, алауыздары да болғаны тарихи шындық. Олардың кейбірінің тұсында халық азды, тозды, жаудың талауына түсті, табасына қалды.

Небір білікті хандар да болды. Олардың есімі естен кетпес атқарған істері тәмсіл болып, тіпті аңыз болып бүгінгі ұрпаққа жетті. «Қасымханның қасқа жолы», «Есімханның ескі жолы», «Әз Тәукенің жеті жарғысы», «Абылайдың асында шаппағанда, атаңның басына шабасың ба» сияқты бүгінгі ұрпақтың аузында жүрген қанатты тәмсіл сөздер осының айғағы. Солардың кейбіріне қысқаша тоқталсақ, Керей мен Жәнібек хандардың ұлт, мемлекет мүддесі жолындағы ұлы мақсаттарын олардың ұрпақтары ішінде Қасым хан, Хакназар хан, Тәуекел хан, Есім хан, Абылай хан сияқты білікті хандар әр ғасырда лайықты жалғастыра алды, хандықты жауларынан қорғап, іргесін кеңейтіп, халқын бақытқа, байлыққа кенелте білді.

Әсіресе Қасым хан заманы қазақ хандығының алтын дәуірі ретінде тарихта қалды. Өйткені Жәнібекұлы Қасым ханның (1511-1523 жж.) тұсында қазақ хандығының саяси және экономикалық жағдайы нығая түсті. Қасым хандық құрған XVI –XVII ғасыр аралығында қазақ

хандығының шекарасы едәуір ұлғая түсті. Басқаша айтсақ, қазақ халқының қазіргі мекен тұрағы Қасым хан билік құрған жылдары қалыптасты. Бірсыпыра қалалар қосылды, солтүстікте Қасым ханның қол астындағы қазақтардың жайлауы Ұлытаудан асты. Оңтүстік-шығыста оған Жетісудың көп бөлігі Шу, Талас, Қаратал, Іле өлкелері қарады. Қасым ханның тұсында Орта Азия, Еділ бойы, Сібірмен сауда және елшілік байланыс жасалды. Қасым ханның тұсында Ресеймен, Иранмен дипломатиялық қарым-қатынас орнады. Батыс Еуропа да қазақ хандығын осы кезде танып білді. «Қасым ханның қасқа жолы» деген әдет-ғұрып ережелері негізінде қазақ заңдары жасалынды.

Өз тұсында «жерді біріктіру» процесін жедел жүзеге асырып, нағыз кемелді мемлекеттік үрдісті жүзеге асырды. Қасым хан туралы сол дәуірде өмір сүрген ұлы ғұлама Мұхаммед Хайдар Дулатидің өзі «Қасым хан Дешті Қыпшақты түгелдей өз билігіне алғаны соншалық, Жошы ханнан соң ешкім де ол сияқты (мұндай) жоғары билікке қол жеткізе алған жоқ» деп жазады. Жалпы тарихшылар Қасым ханның дәрежесін «Алтын орда» дәуіріндегі хандардан да жоғары қояды. Тіпті, қазір Қасым хан туралы деректер Ираннан да табылып жатыр.

Қасым ханнан кейін ұлы Хақназар билікке келді. Тағы да Мұхаммед Хайдар Дулатиге жүгінсек «Хақназар хандық мәртебеге көтерілген соң күшейгені соншалық, тек ноғайларды ғана емес, Башқұрт елін, Қазан, Сібір және Астрахан патшалықтарын, Бұхараны, Хиуаны, Ташкенді және басқа көптеген қалаларды өз билігіне қаратты және олардан алым-салық жинатты» деп жазады. Өз дәуірінде берілген осы бағадан артық баға жоқ болар. Түркістан, Сауран деген қалаларға да алғаш көз салған Хақназар хан болатын.

Одан кейін Тәуекел хан билікке келді. Оның билігі де күшейіп, қанатын кеңге жайды. Жәдік ханның немересі Жәнібек ханның шөбересі Тәуекелдің (1582-1598 жж.) тұсында ойраттардың бір бөлігі Тәуекел ханның қол астында болды. Тіпті орыс патшасына жолдаған хатында өзін «қазақтар мен қалмақтардың патшасы» деп атап, орыстарға сес көрсетті. 1594 жылы Тәуекел хан Ресейге достық келісім жасасу үшін Құлмұхаммед басқарған Қазақ хандығының тұңғыш ресми елшілігін жібереді. Тәуекел ханның бұндағы мақсаты Ресей мемлекетінің көмегімен Қоқан ханы Абдоллаға қарсы күресті жандандыру, Сібір ханы Көшімге қарсы одақ құру және 1588 жылы орыс әскерлері ұстап әкеткен өзінің немере інісі, Ондан сұлтанның баласы Оразмұхаммед пен қазақтың әйгілі тарихшысы Қадырғали Жалайырларды тұтқыннан босату болды. Орыс мемлекеті Қазақ хандығымен әскери одақ құрудан бас тартқанымен, Тәуекел хан орыс мемлекетімен дипломатиялық қарым-қатынасты үзген жоқ. 1595 жылы Мәскеуден орыс елшісі Вельямин Степанов Қазақ хандығына келді. Нәтижесінде екі мемлекет арасында сауда байланыстары жанданды.

Қазақ хандығының мемлекеттігін күшейткен мықты хандар ішінде Есімханның да лайықты орны бар екенін айта кеткен жөн. Есім хан Герат-Хорасанның билеушісі Дінмұхаммед баласы Иманқұлы шартқа отырып, Ташкент пен оның төңірегін түгелдей қазақтардың иелігіне алды. Есім ханның билігі тұсында (1598-1645) халық жадында «Есім салған ескі жол» деген атпен қалған әдет-ғұрып нормаларын қалыптастырды. Бұл қазақтың хандарының мемлекет құра білгенін дәлелдейтін конституциялық құжат болғаны белгілі. Тіпті,

кейін Тәукенің әйгілі «Жеті жарғысына» негіз болып, қазақ халқының мәдени-рухани және салт-дәстүр қалыптарының төл тумалығын бекемдеуге ықпал етті. Есім ханның тұсында қоныс-тұраққа, мал-мүлікке, адамдар арасындағы қарым-қатынасқа қатысты туындайтын даушардың шешімдері де сараланды. Жалпы көшпелілер мемлекетінің хандары сияқты, Есім хан да – тақ үсті мен ат үстінде бірдей танылған біртуар тұлға. Оны халқының «Еңсегей бойлы Ер Есім» деп атап кетуінің өзі құрметтің белгісі еді.

Ал қазақ хандығы дәуіріндегі еңбір қиын-қыстау, қайғы қасіретті заман жоңғар шапқыншылығы күшейген кез екенін ескерсек Абылай ханның ерлігін, бітімгерлік дипломаттығын, ұйымдастыру қаблетін өзіміз ғана емес, өзгелер де мойындағанын, аса көрнекті мемлекет қайраткері екенін айта кеткен жөн. Абылай хан тұсында біз жоңғарларды күйрете жеңіп, қазақ даласын түгелдей азат еттік. Абылаймен Ресей патшасы да санасты. Тіпті ұлы Қытайдың өзіне сес көрсеттік. 1757 жылы Мамырсуда қытайлармен келсім шарт жасалды. Қалмақтарды өз жерімізден қуып қана қоймай Абылай 10 мың сарбазбен Қашқария жерінде қалған торғауыттарды қырды. Бұған қазақтың қол бастаған әйгілі батырларының күшін жұмылдыра білді. (Арғын - Атығай - Күлеке батыр - 2000 сарбазбен; Мерген батыр (Керей) - 2000 сарбазбен, Көкжал Барақ батыр (Найман) - 2000 сарбазбен; Қаракерей қабанбай батыр - 2000 сарбазбен қатысқан), қалған қалмақтардың бірде-бірін қалдырмай тұтқындап, қазақ жеріне құлдыққа таратты.

Қазақ хандығының басынан өткен бес жарым ғасыр уақыттағы елдігіміздің, мемлекеттігіміздің, тарихына үңілсек осындай ерліктің, ынтымақ берекенің куәсі

боламыз. Егер, екі ғасыр жалғасқан қырғын, ақтабан шұбырындыда он миллион, екі реткі аштық, қуғын, сүргін, соғыс зардабынан он бес миллион адамымыздан айырылмаған болсақ Қазақтың саны 40 миллионнан да асып түскен, іргеміздегі Өзбекстан дәрежесінде отырушы едік. Өткенге иман, қалғанына қанағат, халқымызға берекет.

Ендігі айтарымыз халқымыз береке бірлікте, өз ара тату болып, ішіміздегі алауыздық, бақталастық, көре алмаушылық түп, тамырымен жойылсын деп тілейік. Адамзат өміріне қайғы мен қасірет үйірген, айтуға адамның аузы батпайтын, тамырға балта болып шабылатын, осы бір атың өшкірден құтылсақ Қазақ халқы мәңгілік жасайтыны қақ.

Ал қазақтың хандық мемлекті жойылып, бодандық камытын мойнымызға ілген дәуірде халқымыздың басынан небір зобалаң, нәубеттер өтіп, қырғынға ұшырасақ та ұлттық рух жігеріміздің, қайсарлығымыздың арқасында қайсы бір ұлттай құрып, тағдырымыз құрдымға кеткен жоқ. Қарумен, білектің күшімен жеңіске жететін заман озғанда Алаш арыстары өздерінің зиялылығын, білім-білігі арқылы көрсеті. Сол рух, сол білім-білік ұрпақтарға жалғасты. Қап түбінде жатпайтын асыл кездіктей ұл қыздардың санасына сінді. Кеңестер Одағы құрамындағы 15 республика, жүздеген ұлт-ұлыстардың ортасынан қазақтардың рухы бірінші болып оянғанына 1986 жылғы Желтоқсан көтерілісі дәлел.

Ал тәуелсіздікке қол жеткізген жылдар Ұлы тұлға, Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев бастаған зиялы азаматтарымыздың сындарлы саясатының, кемел ойларының дұрыстығының куәсі, көз алдымыздағы ширек

ғасырда дамыған 50 елдің қатарына қосылып, егей елдермен, халықтарымен тереземіз теңелген, сән салтанатты бүгінгі өмір екені айтпаса да түсінікті.

Біз бүгінгі Тәуелсіз мемлекетіміз тұсында қазақ қашанда өлмейтін ұлы халық екенін дәлелдедік. Бүгін халқымыз көреген көшбасшымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың сарабдал саясаты арқасында ешкімге басындырмайтын, бас иемейтін, қайқайып қана өтетін дәрежеге жеткеніміз Қазақ Елінің, Қазақстан халқының зор мақтанышы. Біз ешқашан өшпеген, жойылып кетпеген, болашақта да жойылмайтын Мәңгілік Елміз. Әманда жеріміз елсіремесін, халқымыз қағансырамасын!



ҚАЙТА ОРАЛДЫ ҰШҚАН БАҒЫМ БАСЫМНАН

(Толғау)

Білесіңбе, ұлым, ныспың кім сенің, тегің кім?
Білесің бе, ұлым, қадірін байтақ жеріңнің,
Бабаңнан бері жартыкеш тірлік, сор маңдай
Болып па едің басқаға бодан, телім құл?

Атама балам!
Бағзыдан бері текті едік,
Туған жерден текпілесе де кетпедік,
Өлімші қалде өзеуіреп жеткен өзге ұлтты
Өгейлік жасап, өзекке, сірә, теппедік.

Тыңда, балам!
Мақтансам былай мақтанам.
Көк теңіз болғам, тепсініп бірақ таспағам.
Жатпаған менің қылышым әсте қынапта,
Көк сүңгінің ұшымен жауды жасқағам.

Мен емес едім, құлағын мәңгі кескен құл,
Бабаларыма қонған жетіқат көктен көшкен нұр,
Мен жаралғанмын, жаралған шақта бар ғалам
«Екі арасында Қара жер мен Көк теңгір»,

Көп болды менің
Көре алмас дұшпан, қастасым,
Менсінбес жауға тірегем талай атбасын,

Тұмар анамыз, тоғытып басын Кирдің
«Тойдырған» қанға Парсының жауыз патшасын.
Атила (Еділ)
Құлдыққа қарсы күн тұлға,
Болғанын білем жарты әлем ҒҰН-ның ыркына,
Қырымға, тіпті, Ұрымға жетті ұрпағым,
Біз қалған едік, от жаққан баба жұртында.

Көк бөрі – пірім,
көп жортқан жұртпын, арланмын,
Кіндігімнен
Алтайға арқандалғанмын,
Етігімен су кешкен жері ерлердің,
Ауыздығымен су ішкен жері тарланның.

Ақ Орда тіккем
Арқаның апай төсіне,
Кең далам жатқан, көк мұнар еміп, көсіле,
Қой үстіне бозторғай салып ұясын,
Құдайым берген кемімес кемел несібе.

Осындай болған
Метін оқты мір шағым.
Басқызбағанмын жау табанына ұлт арын,
Қырдың қара қазағы етіп жібергем,
Шыңғыстың бегзат бектері мен ұрпағын.

Құрғанмын Хандық көтеріп дербес шаңырақ,
Қосылды Үш жүз
Тұс-тұстан келіп жамырап, Әмірін бұздық
Әділетсіз Әбілқайырдың,
Керей хан мен бас болып бабам Жәнібек.

Қозыбас, Шуда қосылған солай басымыз,
Жарылқап Алла, домалап өрге тасымыз,
Қара орман халық Қазақтың дербес хандығы
Өшпейтін тарих – бабадан қалған асыл із.

Қасымхан кеше қасқа жол салған Ұлыспын,
Қалмақты қалың
Жүзімен жасқап қылыштың,
Ескі жол өшпес Есімхан бізге нұсқаған
Хағназар ханым ұйтқысы болған ұлы істің.

Ұмытпас ұрпақ басына дәйім тәу етер,
Оразмұхамедті орысқа қылған дәнекер,
Қайтқан қолға қалмақтың батыс жартысын,
Айналдым сенен, аруақты бабам Тәуекел.

Ұйыспай ұлтым, ұшқанда бағым басымнан,
Қаймана жұртты
Қара қалмақтар да басынған.
Абылай бабам атойлап жауға шапқанда,
Жиылып жұртым, басымыз тағы қосылған.

Ен даланың киігі мен ем желқабыз,
Керкұлан едім, борық ішпеген мен нағыз,
Байырқалағам, бұғалақ түсіп басыма,
Бұлқына да алмай бұғауда бір кез қалғамыз.

Бақытым менің
Сусып бір кетті қолымнан,
Қособада «Бекежан» тосты жолымнан,
Кенесары боп, дұшпанға қарсы шапқанда,
ермеген шақта қас батырларым соңымнан.

Амалым қанша!
Өргенді от боп өзегім.
Дәуренімнің
Қалғып бір кеткен кезі еді,
Жаратқан Алла жаныма рух берген соң,
Жарқылдап шығар менің де келді кезегім.

Тағы ұран салдық өр дауыспен «Алаштап»,
Желтоқсаншылар
Шашқанда нұрын алапқа,
Санаға сіңген сарқыншақтарды бұл күнде,
Тазартып жатыр көктудың нұры аластап.

Кеңірдекті кескен
Кендір нокта да шіріді,
Сыпырдым бастан мәңұрт еткен сіріні,
«Мың өлген қазақ» мың бірінші рет өмлейді,
Мен өлген жоқпын, мәңгілікке тірімін.

Бақ қонып басқа,
Барақат заман оралды.
Ортам бір толған, орайда орай, орай күн,
Күн болып күлем аспанның заңғар төрінде,
Шендесіп Аймен, үркер боп дара тоғаймын.

Қүдіретін көрдім береке-бірлік күшінің,
Қыңсылаттым қызғаныштың қызыл күшігін,
Шұбалып жатыр Атырау, Үстірт үстінде
Алтайдан ұшқан ақжелең менің түтінім.

Алты Алашым, жүз отыз ұлтым бір тұтас,
Аспаным тұтас, туған жер тұтас, жыр тұтас,

Шүкірлік тілеп, ойға шомған сияқты
Бабаларымның басындағы құлпытас.

Мәңгілік елдің «әліп-би» басы – **САҚ** пен **ҒҰН**
Мәңгілік елдің мәйегі бүгін – **БАҚ** пен **НҰР**,
Тәуелсіз елдің түндігін түрдік шалқайтып,
Қарайық, қане, шаттанып шаңырақтан бір.

Тәуелсіз елдің көш басында **НҰРСҰЛТАН**,
Сіздей-ақ болар бағына елдің ұл туса,
Жас келсе көзге, қуаныш жасы болсын тек,
Шаттықтан ғана бұлқынсын жүрек бұлқынса.

Күндерім алас қасірет шеккен, аһ ұрған,
Жиналды жұртым
Қарғысты күннің қара құйынын да шашылған,
Адастырмайды, «Нұрлы жолың», **Нүреке**,
Ұйтқысы өзің ұлы Елімнің ақылман.
Оралды қайта ұшқан бағым басымнан.





ҰЛЫН ҰЛЫҚТАУ – АДАМ БАЛАСЫНЫҢ ҰЛЫЛЫҒЫ, ХАЛҚЫНЫҢ ПАРЫЗЫ

*Астана – менің қуанышым,
Мақтанышым, менің бас ауруым.
Оның әр ғимараты қалай салынғаны маған таныс.*

Н.Назарбаев

Мен – Қазақтың қарапайым ұлының, Қазақстанның қатардағы азаматтарының бірімін. Сол үшін Тәуелсіз еліміздің конституциясындағы адамның жеке бастық, азаматтық құқына сүйене отырып, өзімнің толғаныстан туындағын ой, ұсынысымды халық көпшілікпен, зиялы қауыммен бұқаралық ақпарат құралдары яғни осы бір шағын кітабым арқылы бөліскелі отырмын. Әрі бұл ұсынысты бүгін мен болмасам да, ертең басқа бір аза-

маттың немесе ұжымның жасайтыны да анық. Өйткені өмір шындыққа тоқтайды.

Арқаның төрінен бой көтерген ажарына айбыны сай, бұл күндері әлем көз тіккен ару Астананың кімнің ұсынысымен өмірге келгенін, іргетасы қалай қаланғанын халқымыздың еңкейген қарты да, еңбектеген жас баласы да айна қатесіз біліп отыр. Жай бір көшіре салу емес, әлемдік саясат құбылып тұрған алмағайып заманда Қазақ Елінің қан тамырлары тоғысқан жүрегі іспетті бас шаһарымызды байтағымыздың кіндігінен, стратегиялық маңызды орыннан тұрғызу идеясын батыл көтерген қаһарманымыз – Тәуелсіз Қазақстанның тұңғыш Президенті тұғырлы саясаткер, көреген көшбасшымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев екенін парасатты халықтың әлдеқашан пайымдағыны да қапысыз шындық. Ең бастысы Президентіміздің ел астанасын Алматыдан көшіру туралы идеясының стратегиялық тұрғыда дұрыстығын билік басындағылардан бастап, жалпы зиялы қауымның дені түсінді. Алайда олар өтпелі кезеңнің дауылы өтінде шатқаяқтап тұрған экономикамыздың дәрмені қалай жетпек деп күмәнмен қарады. Бұл идеяның дұрыстығын мүлдем түсінбеген әлдекімдер ертегіге балап, даңғазалыққа санап, миығынан күліп жүрді. Тұрғызылған алып құрылыстар құй, батпаққа батып кетеді десті. Ондайлар өз ойларының тым ұшқарылық болғанын арада бес-алты жыл өтпей-ақ болашақ Астананың күрделі құрылыс нысандарының көкке өрлей бастағанын өз көдерімен көргенде ғана біліп, ұлы идеяға еріксіз мойын ұсынды.

Ал экономикалық қарымымызға, әлеуетімізге сенбегендердің күмәні бір жағынан орынды еді. Алайда «Патшада жүз кісінің ақылы бар» дегендей білімділік,

ақылдылық, мейірбандық, батылдық сияқты сан қасиет бір басынан табылатын Нұрекеңнің өз-өзіне сенімділік қасиеті бәрінен де басым түсті деп ойлаймын. Басқаша айтқанда ел астанасын Алматыдан солтүстікке көшіруге кететін қаржы мәселесі тұрғысында Нұрекең өзінің іскерлігіне, ұйымдастырушылық қабілетіне, басқаның тілін тауып, бермесін бергізетін әлем елдерімен қарым-қатынастағы беделіне сенді.

Елбасымыз жаңа астананың қағаздағы сұлбасын қолына «биссимила» деп қалам алып өзі сызды. Құрылысшылармен қатар жүріп, қолына күрек ұстап, іргетасын өзі бірге қаласты. Бір сөзбен айтқанда жас қаланың бас сәулетшісі де, бас құрылысшысы да өзі болды. Мемлекет бюджетіне салмақ салмай дүниежүзіндегі ең бақуатты елдердің алпауыт байларына қаржы құйғызды. Алып қаланың ауқымды құрылысы Елбасымыздың бет беделімен қолға келді.

Сөйтіп, бүгінгі ару Астана небәрі бір бес жылдыққа жетпейтін уақытта өзінің бүгінгі сұлу келбетімен сылаңдап бой көтерді.

Әрине осы бір ұлы істі Елбасымыз жеке басының пайдасы үшін, даңғаза атақ үшін істеген жоқ, елінің халқының игілігі үшін, болашағы үшін Қазақ елін Мәңгілік Ел болдыру үшін жасағанына ешкім күмәнданбайды.

Нұрсұлтан Назарбаев тек келбетті Астана ғана тұрғызған жоқ, еліміздің бүкіл өркенін алға сүйреді. Қазақ елін небәрі 25 жылда 200 жылдық өркен биігіне көтерді. Әлемдегі дамыған 30 елдің қатарына жетеледі. 1990 жылдары Кеңестік Одақ ыдырап, бізбен бірдей тәуелсіздікке қол жеткізген өзге республикалар ұлтаралық қатынасты реттей алмай жатқанда біздің еліміздің 130 ұлтын «бір атаның баласындай, он саусақтың сала-

сындай» ынтымақ-бірлікте ұстап, ТМД елдерінде ғана емес, әлем халықтарына үлгі көрсете білуінің өзі Н.Назарбаевтың кемел саясаткерлігінің арқасы еді.

Сондай-ақ Нұрсұлтан Назарбаев тек Қазақстанда ғана емес, әлемдік саясатта орны бөлек тұлға екені халықаралық деңгейде мойындалғанына назар аударғанымыз жөн. Әлемді алтыбақан алауыздық жайлаған бүгінгі таңда бүлінген елдерге әркез ара ағайын бола білу арқылы да зор беделге ие болып келеді. Еліміз тәуелсіздікке енді ғана қол жеткізген тоқсаныншы жылдардың басында-ақ Таулы Қарабақ жанжалын реттеуге ара ағайындық жасап, салиқалы саясаткер екенін әлем елдеріне танытқан еді. Содан бергі 24 жыл ішінде халықаралық талай бітіспес дауды шешуге делдалдық жасап, әлем бейбітшілігін бекемдеу ісінің бел ортасынан көрініп жүр. Азия елдері десе кімнің де болсын ойына әуелі Қазақстан оралатын дәрежеге жеттік. Осы құрлықтағы бірден бір көшбасшы ел ретінде қазірдің өзінде жер жаһандағы жұмле жұртқа танылып үлгірдік.

Осындай әлем таныған көшбасшымызға халқы қандай сый-құрмет көрсетсе де лайық. Әрбір жақсылықтың, ерен ерліктің өтемі болуға тиіс. Біз Елбасының ерен еңбегінің өтілін қалай қайтарамыз? Мұның бірден-бір жолы – Астана қаласына осы істің ыстығына күйіп, суығына тоңған, маңдай терін төккен, ақыл парасатын жұмсаған Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың атын беру керек деп ойлаймын. Әрі дана халқымыз «темірді қызған кезінде соқ» деген. Биыл Ел Тәуелсіздігінің 25 жылдық айтулы мереке жылы. Айтулы мерекеде Елбасымыздың да абыройын асқақтатылық. Біз қазақ жайбасар халықпыз. Бірақ дәл осы істе жайбасарлық танытпау – біздің адал перзентіміз алдын-

дағы абройлы борышымыз. Тіпті қазірдің өзінде жайға қалдық. Халықаралық деңгейдегі саясаткер, ұлы тұлға ретінде бізден бұрын әлем танып білді. Нұрекеңнің ескерткішін түбі бір түркілер өздерінің бас қаласында әлдеқашан орнатып та қойды. Сондықтан енді кеш болдырмауымыз керек.

Жалпы, өз көсемдеріне бас қаласының атын беру үрдіс басқа өркениетті елдерде сан ғасыр бұрын қалыптасқанын әлем халықтары тегіс біледі. АҚШ-ның астанасы Вашингтон, Ресейдің бас қаласы Санкт-Петербург, Вьетнам астанасы Хо-Ши-Мин сияқты қырықтан астам елдегі ірі қалалардың аты дәлел. Біздің Елбасымыз да дәл осы әлемдік ұлы тұлғалар қатарынан орын алатын заңды көсем, көшбасшы екенінде дау жоқ.

Елбасының беделі тек өз елімізде ғана емес, халықаралық аренада танымал, алты құрлыққа аты белгілі саясаткер екенін жоғарыда айттық. Олай болса Астанамызға халықаралық деңгейдегі саясаткер көсеміміздің атын беруге әлем елдері де үрке қарамайтыны анық. Керісінше құптайды, қолдайды. Елін сүйген ұлын елі қаншалықты сүйетіндігіне тәнті болады. Қазақ деген халықтың ел үшін туған ардагер азаматтарын ардақтай білетін парасаттылығын мойындайды.

Тіпті, бір ойлағанда әлемдік үрдісте болсын, өз елімізде болсын жер суға, елді мекендерге, қалаларға бір адамның есімін беру алтыннан ескерткішін тұрғызудан артық соншылықты бір зор қошамет, бас қатыратын, талас тудыратын үрдіс емес. Өмір ағысында қалыптасатын қарапайым ғана құрмет белгісі. Айталық бүгіндері өркениеттің бесігіне айналған, ұлылы-кішілі қаншама елді бауырына басқан алып та, даңқты құрлық – Америка осы құрлыққа алғаш рет табанын тіреген (тіпті

Колумбдан кейін) саяхатшылардың бірінің атымен аталып кете берді емес пе. Ұлы адамдардың атымен аталған жер-су, қала аттары үлкенді, кішілі елдің қайсысында да жетіп артылады. Өз еліміздегі кейбір жер-су, қала аттарының тарихына үңілсек те солай. Біркез әлем халықтары теңдессіз қанішер ретінде бағалаған Шыңғыс хан есіміне байланысты Шыңғыс тауымызды айтпағанда, бүгіндері әлемнің спорт жанкүйерлері тегіс білетін әйгілі «Медеу» мұз айдынымыз осы шатқалды мекендеген қазақтың қарапайым бір қариясының атымен аталып, бұл күндері ұлттық мақтанышымызға айналып отыр. Ол аз десеңіз Республикамыздағы баржоғы 14-15 қаламыздың бірі Петропавл болмаса орыс патшасының өзі емес, баласының құрметін асқақтатуға арналғанын білмейтін Қазақстанда бірде-бір жан жоқ. Ал Ресейдің қала, жер, су аттарының қаншамасы тарихи адамдар атымен қалыптасты.

Өйтсе халқының бақытты болашағы үшін қолынан келгеннің бәрін жасап жүрген Елбасымызға бір қаланың атын қимасақ қандай ел, қандай халық болғанымыз. Тіпті, ар-ожданымызға сын.

Сол сияқты әр нәрсенің бір орайы, үйлесімі болатыны тағы бар. Бас қаламыздың аты эстетикалық тұрғыда ұнамды, жанға жайлы, ойға қонымды бір сұлулықты меңзеп тұрса тіптен ғанибет. Тәңірім Елбасын тегін жаратпаған екен. Атын да затына сай, тіпті өзінің емес, елінің затына сай етіп қойған Мырзабала әжемізге басымызды игіміз келеді. «Нұр», «Сұлтан» деген сөздерді аузына Алла салған болар. «Нұр» сөзі кімнің де болмасын жүрегін нұрландырып, шапақ шашары анық. «Сұлтан» сөзі елдің тұлғасы ретінде қазақта ғана емес, әммә түркі текті халықтарда қалыптасқан «патша» де-

ген ұғым беретін әлемдік терминге айналғалы қашан. Сондықтан Елордамыз «Нұр-Сұлтан» қаласы атанса, қандай ұнасымды! Кімнің алдында да епсізденбей, ұялмай, мақтанышпен ауыз толтырып айта аламыз.

Бұл орайда қазіргі «Астана» атауы қай ұлттың тілінде болмасын «мемлекеттің саяси орталығы, басты қаласы» деген ұғым беретін жалпылама атау, грамматикалық тұрғыда жалпы есім екенін бәріміз де білеміз. «Қазақстанның астанасы – Астана қаласы» деудің өзі басқа ат табылмағандай ерсі атау сияқты. Соңғы кездері қалыптасып кеткен «Елордасы – Астана қаласы» деген тіркес осы епсіздіктен қашқан дегдар журналистердің орынды сөз қолданысы. Бұл, әрине, Елордамыздың атын ауыстырудың, соның ішінде Президентіміздің атын берудің басты себебі емес. Тек жанама дәйек қана. Ал негізгі себеп – ұлы тұлғамыз, кемеңгер көшбасшымыз, адал перзентімізді қадір тұту, әспеттеу болмақ.

Елбасымыз Қазақ елін «Мәңгілік» ел болдырудың негізін қалады. Сол мәңгілік ел Қазақстанды өзіміз ғана емес, әлем халықтары «Аспан асты елі», «Күн шығыс елі», «Қызғалдақтар елі» сияқты «Ұлы дала елі» деп әспеттейтін дәрежеде мойындату үшін жарғақ құлағы жастыққа тимей жүр. Өйтсе, халық біз Елбасымызға лайықты құрмет көрсете білейік, ағайын! Елбасымыздың қадірін өзгеден бұрын өзіміз білмесек елдігімізге, халықтығымызға сын. «Өз-өзіңді сыйласаң, жат жанынан түңіледі», «Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» дейді халқымыз. Өз-өзімізді сыйлайық, Елбасымыздың жақсылығын айтып, Нұрағанның нұрын тасытайық, әлемге жар салайық, мәшһүр етейік! Дос сүйінсін, дұшпан күйінсін. Өзіміздің де парасатты, ұлы халық екенімізді көрсетейік.

Бұл ұсынысты Елбасының өз айналасындағы, басқаша айтқанда, ханның қасындағы қарашылар емес, қарапайым халықтың өзі көтерсе, тіптен жарасымды болары хақ. Қарапайым халық біз Елбасымыздың жанкешті еңбегін, халқына шексіз ыстық жүрегін, нұрлы махаббатын орынды бағалап өзі тұрғызған Астанасын өз атымен «Нұрсұлтан қаласы» деп атасақ, елін сүйген перзентін елі де сүйетінінің, ардақтайтынының белгісі болар еді.

Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлының елі, жері, халқы, отаны үшін атқарған іс, қызметін айтып тауысу мүмкін емес. Алғаш тәуелсіздік алар кезде, алғаннан соң да жерін қызғыштай қорғап, шекарасын белгілегенде экономикасын реттеп, өз валютасын шығарғанда, тұңғыш қорғаныс күшін құрғанда, Семей полигонын жапқанда, Қазақ Елін жариялап, әлемге мойындатқанда, тарихымызды жаңғыртып, Ұлы дала Елін қалыптастырғанда, Елін Мәңгілік етіп жариялағанда қаншама қиналғанын, талай қиындықтарды басынан кешіргенін жанның бәрі біле бермейді, соның барлығын ерлікпен жеңіп шығып, әрбір істі «майдан қылшық суырғандай» етіп атқарғанын мақтан тұтамыз. Сол бір ойпыл-тойпыл кезеңде орыспен біте қайнасып кеткен Қазақстанға дербестік алу оңайға түскен жоқ. Елбасымыз екі ел арасында шекара белгілеу, экономикалық ірі нысандарды бөлісу сияқты күрделі істерде Ельцинмен азаматтық тұрғыдағы достығын ел мүддесіне ұштастыра білуінің өзі алғырлықтың белгісі еді.

Қазақстан атты жас мемлекетті аз жылда өркениеттің биігіне көтеру жолындағы, тіпті, дүниежүзі халықтарының бейбітшілігі мен ынтымағын нығайту жолында салиқалы саясатын, атқарған абыройлы істерін де атап өтуіміз ләзім. Әрине, аталмай жүрген жоқ, тек

Қазақстан азаматтары ғана емес, АҚШ, Ресей, ҚХР сияқты ұлы державалардың басшылары Обама, Путин, Хужин-таулар бағалап, Германия, Франция, Ұлыбритания президенттері әлемдік аренада төрден орын берсе, шетелдің аузы дуалы саясаткерлері, қаламгерлері том-том еңбектер жазды. Бүгінгі шағын мақалада мұның барлығына тоқталу мүмкін емес.

Тек басты-бастыларына қысқаша тоқтала отырып, Тәуелсіз Қазақ елі деген тәтті ұғымның Нұрсұлтан Назарбаев деген асқақ тұлғамен біте қайнасқан, бір-бірінен ажырағысыз, біртұтас дүние екенін ғылыми тұрғыда анықтап, халыққа, әсіресе бүгінгі жастар мен болашақ ұрпақтың жадында сақтату сізбен, бізге парыз деп ойлаймын.

Бұл ретте өз атына байланысты мұндай ұсыныс, пікірлерді табиғатынан қарапайым Елбасының құптай бермейтінін де іштей сезіп отырмыз. Тіпті соңғы кезде «Нұр» дан басталатын түрлі атауларға байланысты қарсылығын білдіріп, талайларды тойтарып тастағанында көріп, естіп біліп жүрміз. Сондықтан біржағы Нұрекеңнен кешірім сұрай отырып, жоғарыда айтқандай Қазақ елінің қарапайым бір азаматы ретінде өзімнің парызым, құқымды пайдалануым деген идея ұстандым. Сол ұстанымымның дұрыстығын дәлелдеу үшін Елбасының халқының қамы үшінгі өлшеусіз еңбегіне, әлем тыныштығы жолындағы саясаткерлік ұлағаттығына азкем тоқталуды жөн көрдім.

Елбасымыз ең бастысы осы тәуелсіздікке қол жеткізіп мемлекет құрғаннан бергі ширек ғасырда халқы үркінішсіз, қорқынышсыз, еркін өмірге кенелді. Қоғамдық өркениет жолында Президентіміз нұсқаған сара жолдан тайған жоқ, қателікке, адасушылыққа ұрынған

жоқ, кідіріссіз үнемі өрлеу үстінде. Елбасының өзі де аяғын шалыс басқан жоқ, мүдіріссіз жол сілтеп, мүмкіндіктерді пайдалана білді. Ал халқы болса, зор сенім артудың сыртында Елбасының әрбір қадамын көзден таса болдырмады. Күдікпен емес, сеніммен қарады. Әрбір игілікті ісіне үн қосып, риза сезіммен, сүйіспеншілікпен қол соғып, Алладан тілеуін тіледі.

Осы орайда айта кететін тағы бір жай; Елбасымыз қара алтын құнының түсуіне байланысты әлемді жайлаған бүгінгі таңдағы экономикалық дағдарыс, жомарттың қолын байлайтын жоқшылықтың да жолын кесіп, халқын қиыншылықтан қысылтпай алып шығудың жолын айқындап қойды емес пе. Бұған Елбасымыздың үкімет орнының өткен аптадағы кеңейтілген мәжілісіндегі сөйлеген сөзі, берген бағыт-бағдары, тапсырмалары дәлел. Тіпті, ұлттық қор қоржынындағы ақшамызға қол салмай-ақ, халықтың зейнетақы қорындағы ақшаны айналысқа түсіру, қатаң үнемшілдік жасау, басқа да жолдармен әрбір салаға қатысты қаржыны шешіп берді. Өзге елдердегідей өндіріс саласы, соның ішінде құрылыс саласын қарқындандыру, сол арқылы халықтың баспана мәселесін шешу, халықаралық «ЭКС-ПО-2017» көрмесін ойдағыдай өткізу жоспарларының мүлтіксіз орындалуының жолдарын айқын нұсқауының өзі Президентіміздің алысты болжайтын көрегендігі мен қандай жағдайда да халықтың әл-ауқатын төмендетпеуге баса назар аударатынының айқын көрінісі.

Ал әлемдік дағдарыс ұзақ жылдарға жалғасқан жағдайда да ұлттық қордағы қазынамыз арқылы Қазақ елінің бірқанша жыл өзегі талмайтыны анық.

Басты мәселе Күлтегін бабамыздың сөзімен айтсақ: «Түнде ұйықтамай, күндіз отырмай» Елбасымыз қасықтап жинаған мемлекеттік қазынамызды шөміштеп

төкпей, ысырапшылдыққа, жемқорлыққа жол бермей ел үшін адал қызмет атқару ғана халықтың мойнына жүктеліп отыр.

Мәңгілік ел болудың маңызды шарттарының бірі – мемлекетті құраушы халықтардың бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарып, ынтымағының жарасуы болса, екіншісі – ел экономикасын өрге бастыру арқылы жүзеге асатын халықтың әлеуметтік жағдайының жақсаруы.

Ынтымақ береке атты болашағы зор ұлы да ұлағатты істі Елбасымыз еліміз тәуелсіздікке қол жеткізген алғашқы күннен бастап ту етіп көтерді. Құдайы қолдаған, бұрыннан береке-бірлігі жарасқан көп ұлтты республика халқын Тәуелсіз Қазақстанның көк байрағы астына берік топтастыра білді. Бұл ретте осы саясаттың ұйтқысы болған «Қазақстан Халықтары Ассамблеясын» құруы өз жемісін берді. Ең бастысы Қазақстан Халықтары Ассамблеясы атынан Парламенттен он орын берілуі елімізде жасап жатқан әр ұлт өкілдерінің мемлекет билігіне өз өкілдіктерін қатыстыру арқылы тең құқық иеленіп отыр.

Елбасымыз Қазақстан халықтарының ынтымық-бірлігін нығайтудың сыртында қазақ ұлты мәселесін де өз орнына қоя білді. Осы өлкенің байырғы иесі Қазақ деген халықтың мыңдаған жылғы тарихы, мәдениеті барын таныту арқылы үш ғасырлық бодандық заманда көмескі тартқан ұлттық санамызды жаңғыртып, ұлттық рухымызды асқақтатты. «Мәдени мұра» бағдарламасы ауқымында ұмыт болған салт-сана, ұлттық құндылықтарымыз қалпына келді. Ұлт тілін мемлекеттік тіл дәрежесіне көтерді. Қазақ үнін алғаш рет мұхиттың арғы бетінен естітті. Ал тағдыр тәлкегімен әлемнің әр түкпіріне тарыдай шашылып кеткен қандастарымыз-

ды тәуелсіздіктің алаң-елеңінде қарашаңырақтарына шақырып, бауырмалдық танытты. Нәтижесінде алыс-жақын шетелдерден бір жарым миллион ағайынымыз ата жұртымен қауышты.

Демократиялық бағыт ұстанған көптеген жас мемлекеттер нарықтық қатынаста қоғамдық даму капиталистік экономика заңдылығына сай «өзі реттеледі» деп Кеңестік жүйедегі жылдық, бес жылдық, переспективалық жоспарлардан бас тартып, ел экономикасын өз бетімен жібергенін, соңында соның зардабын тартқанын білеміз. Ал біздің Елбасымыз Қазақ елінің болашағын айқындайтын ұзақ мерзімдік «Қазақстан-2020», 2030, 2050 бағдарламаларын ұсынды. Елімізді Малайзия, Сингапур сияқты өркениет биігіне жеткізіп, «барыс» ел болдыру мақсатын батыл қойды. Бұл жоспар, бұл идеяның өмірде іске асуына сенбеген іштің, сырттың кейбір саясаттанушылары мен экономика саласының білгірлеріне саналатындардың талайы «Қазақстан-2050» стратегиялық жоспарын кезінде ертегіге балады. Ал Елбасының жыл сайынғы халыққа жолдауы еліміздің сол жылғы экономикалық-әлеуметтік бас жоспары, бағыт-бағдарының темірқазығы ретінде қарастырылып, оның жүзеге асуын қатаң қадағалап отырды. Соның нәтижесін көрдік.

Елбасымыздың шынайы, нақты сыпатын бағалау үшін Нұрсұлтан Назарбаев тек Қазақстанда ғана емес, әлемдік саясатта орны бөлек тұлға екені халықаралық деңгейде мойындалғанына назар аударғанымыз жөн. Бір ғана мысал; статикалық мәліметтерге жүгінсек кеше ғана тәуелсіздігін алған жас мемлекет Қазақстанды алғашқы үш жылда (1991-1994 жыл аралығында) әлемнің 140-тай мемлекеті ресми танып үлгірген. Ал

Қазақстанда 40-қа тарта шетелдік елшіліктер мен өкілдіктер ашылған екен. Мұның барлығы да Нұрсұлтан Назарбаевтың күш салуымен жеткен жетістік екенін ешкім жоққа шығармайды.

Халықаралық саясаттағы көрегендікті Елбасымыз әуелі екі алпауыт көршіміз Ресей мен Қытай Халық Республикасымен жасайтын қарым-қатынастағы қарымдылығымен танытты. Қазақстанның тәуелсіздігімен Қазақстан-Ресей арасындағы достық қарым-қатынасты Н.Назарбаев әу бастан дұрыс үйлестіре білді. Тәуелсіздік пен достықты бір-біріне қарсы қоймаудың, бір-біріне нұқсан келтірмеудің тетігін таба білді. Өтпелі кезеңнің дағдарысын Ресейден бөлініп кетуіміздің кесірі деп түсінгендердің өзі дағдарыс бұлты сейілген 1997 жылдардан кейін шарасыз мойындады.

Ал тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы ҚХР-мен қарым-қатынасымыздағы басты жетістік арада тарих, жер, ұлт басқада толып жатқан мәселелерге қатысты кінәраттар бола тұра дипломатиялық қатынас орнатып, елшілік ашу, алып көршімен екі ел арасындағы 1700 шақырымдық ұланғайыр шекарамызға байланысты келісімге қол жеткізу болды. Бұл іскерлік Елбасымыздың сарабдал саясаткерлігін көрсеткен еді. Сол жылдары екі жақтың күш қосуымен байырғы «Жібек жолы» қайта жаңғырды. Бүгінгі таңда «Батыс Қытай - Батыс Европа халықаралық тас жолы мен Иранға дейін жеткен шойын жолымыз тынық мұхит жағалауымен Европа елдерін жалғастыратын ұлы дәлізге айналып, әлем экономикасын дамытуға маңызды үлес қосып отыр.

Нұрсұлтан Назарбаевтың еліміз тәуелсіздікке енді ғана қол жеткізген 1992- жылдың өзінде Біріккен Ұлттар ұйымы Бас Ассамблеясының 47-сессиясында Азияда

өзара ынтымақ пен сенім шараларын орнықтыру туралы көтерген бастамасы дүние жүзі жұртшылығы тарапынан кең қолдау тапқанын білеміз. Нақты дәйектерге жүгінсек, келесі жылы Азияның дамушы елдерінің бас қосуы екі рет өтіп, 10-17 ел басшылары қатысса 1994-жылы Азияның 37 елі бас қосқан еді. Сөйтіп, осы құрлықтағы бірден бір көшбасшы ел ретінде тоқсаныншы жылдардың өзінде жер жаһандағы жұмле жұртқа танылып үлгірдік.

Европа елдері тұрғысында Қазақстан ұсынған Евразия одағының жобасы одаққа қатысушы жақтардың мүдделеріне ешқандай нұқсан келтірмейтін тетіктер мен үйлесімділіктер негізінде жасалғанын кезінде қатысушы тараптар бір ауыздан мойындағанын білеміз.

Ал әлемдік деңгейге келсек, Қазақ елінің ядролық қарудан өз еркімен бас тартуы, ядролық қарулы барлық елдерге үндеу тастауы, Назарбаевтың өз жарлығымен Семей полигонының жабылуы төтенше ерлік екенін жер бетіндегі барлық елдер, халықаралық саяси ұйымдар мойындады.

Тіпті, әлемдік басты-басты дін ағымдарының дінбасыларын бір үстел басында тоғыстырып, мәмілеге келтіру «екі қошқардың басы бір қазанға сыймайтыны» сияқты діндер тарихында болмаған құбылысқа саналды.

Мен кеше ғана көне Сарайшықта, Атырау қаласында болып, осы өлкенің өркеніне, адамдарының тыныс, тіршілігін көріп, күллі қазақстанның біргелкі дамып келе жатқанына көзім жетіп, мәз болдым. Менің қуанышымды құптаған, Атыраудың ардагерлері Сүйенішбек, Қалижан қатарлы көптеген азаматтары: «Үзеке, сіз дәл 1991- жылдары көрсеңіз еді, қала дейтіндей қала, көше дейтіндей көше болмады, ең бергісі асфалт жол

жоқ, батпақтан көз аспадық, көшеге шыққанда қос етік ала жүрдік, қой, ал бүгін атқа шапқандаймыз, осының бәріне жеткізген аллаға шүкір, Елбасына рахмет» десті. Осындай әлем таныған көшбасшымызға халқы қандай сый-құрмет көрсетсе де лайық.

Бұл әншейін бір көңілдің жеңіл-желпі желпінісінен туған әсершілдік емес, шын жүрегімнің толғанысы. Менің бұл пікірімді басшылық қауым ғана емес, егер референдум өткізсек, Қазақстан халқы 99 пайыз, шеттегі қазақтар 100 пайыз қолдайтынына мен сенімдімін.

Тәуелсіз Қазақстан деген ұлы ұғым – Нұрсұлтан Назарбаев деген асқақ тұлғамен біте қайнасқан ажырамас біртұтас дүние. Мен осы бір ойымды:

«Ұрпағының сындырмай сағын Алаш,

Бере салған Тәңірімнің бағына бас,

ҚАЗАҚСТАН, НҰРСҰЛТАН егіз ұғым,

Бір бірінен мәңгілік ажырамас» - деген бір шумақ жырға сыйғызғым келеді. Астана атауы тұрғысында да солай, АСТАНА – НҰРСҰЛТАН – егіз ұғым.

Қазақ Елінің бас ШАҒАРЫ Астананы НҰР-СҰЛТАН қаласы деп атауға шақырамын. Тәуелсіз Қазақстан деген тәтті ұғымның Нұрсұлтан Назарбаев деген асақ тұлғамен біте қайнасқан, ажырағысыз, бір тұтас дүние екенін (айқындаймын) дәлелдей беретін боламын. Өйткені түптің түбінде бәрі де шындыққа тоқтайды, шындықтан ешкім аспайды.



ХАЛҚЫ ҚАЛАҒАН, АЛЛАСЫ ҚОЛДАҒАН НҰРАҒАН

Абайдан соң танытқан сараңдығын,
Жарылқады бір Алла адал құлын,
Бодандықтың қамытын мойынға іліп,
Меңдеткенде, қазағым, санаңды мұң,

Ырысты елдің бақыты төмендер ме,
Алла жазса мықтыға теңелмейме,
Ұлы дала толғатты ғасырдан соң
Жүз жылда бір туатын кемеңгерге.

Бақыты үшін қазақтың тәңір берді,
Ер болсын деп халқының қадірменді,
Әбіш ата шаңырағын шаттық кернеп,
Іңгәлаған өмірге сәби келді.

Арманы еді сұлтандық әр қазақтың,
Ат қоюда халқымның талғамы – алтын,
Атын қойған әжесі Нұрсұлтан деп,
Үміт нұры ед, шынында жалғанатын.

Арман жолы әуелден аспан еді,
Алты арсыдан әрі еді, асқақ еді,
Басқа жолға тағдыры бұра тартты,
Көк жүзіне көз тіккен жас беренді,

Құрыш құйды ағызып темір – өзен,
Ауыр еңбек сынады ерін ерен,
Магнитка – Отанның тапсырмасы
Ұлдарына тапсырған сеніп өрен.

Өрт пенен сел өз ара жұлысқандай,
Ыстық леп еседі, ұрып маңдай,
Терін төгіп ақ моншақ еңбек етті,
Шығжғырылды домнада құрыш майдай.

Сосын ғана бой ұрды саясатқа,
Парасат пен білімін аласартпай,
Өткеніне ой салды ел-жұртының,
Көзін тікті келер күн болашаққа.

Нұрын төкті, халқына алтын күндей,
Сәулесімен жол тапты ел сүрінбей,
Мына заман құбылып, қырланғанда
Бола білді ақылшы Майқы бидей.

Тәуелсіздік таңы атты сағындырған,
Нұр төгілді далама сағым қуған.

Ер азамат болар-ау сіздей ғана,
«Елім үшін, - дейтұғын,- жаным құрбан».

Бодандықтан құтқарып елді, жерді.
Көк аспанда көк туым желбіреді,
«Жанды өшкені, тіріліп өлгендері»,
Қуаныштан жарылды ел жүрегі.

Азат болдық мәңгүрттік матауынан
Қайта оралды дәстүр-салт – ата мұра,
Далам менің сілкініп бір тазарды
Полигондай тажалдың зәһарынан,

Бой көтерді Арқаға мәрмәр қала,
Көрмегенге, көргенге арман қала,
Бір парасы Елбасы ерлігінің,
Жазираға қанатын жайған қала.

Өз аузына қаратты кіл жақсыны,
Татулықтың дәлелдеп қымбаттығын,
Араздасқан халыққа ара ағайын,
Бейбіт елмен жарасты сыйластығы.

Елбасымның қаһарман сойын, нарын,
Жүмлә жаһан таныды, мойындады,
Кенелдің сен бақытқа бүгінгі күн,
Қайран қазақ, «мың өлген», сорың қалың.

«Мәңгілік Ел» – бағыты айқындаған,
Алға бастық өркенмен аршын қадам.
Тәуелсіздік авторы – Елбасымыз,
Бағымызға жаралған айтулы адам.
Нұрың төкті Нұрекем байтағыма,

Бақыт кешіп ел-жұртым жай табуда,
Білімі мен арнады парасатын,
Бодандықтың есесін қайтаруға.

Әлем қанық қазақтың атағына,
Күн-күн сайын гүлденіп жасаруда,
Өркенімен өзгені таңқалдырған,
Ұлы елдердің біз бүгін қатарында.

Естілді үнім Нью-Йорктан, тым алыстан,
(Іші күйген шығар- ау, сірә, дұшпан),
Ана тілім әлемдік беделге ие
Сүйіншілеп жүгірдік қуаныштан.

Бәрі бәрі Нұрағаң кемелдігі,
Парасаты теңіздей тереңдігі.
Бақыт пенен байлықтың бастауы бұл,
Қазағымның әлі алда кемел күні.

Алыстағы қол созды қандасына,
Жарты лашық қалдырмай жар басына,
Бұлақ болып құйылды шар тараптан,
Қазақ деген ұлы өзен арнасына.

Жүз отыз ұлт жұмылдық – бір адамбыз,
Берекені Алладан сұрағанбыз
Желбіретіп көк туын бақытты елдің
Көш басында келеді Нұрағамыз.

Сындырмады ұрпағы сағын Алаш,
Бере салған Тәңірімнің бағына бас,
ҚАЗАҚСТАН, НҰРСҰЛТАН егіз ұғым,
Бір-бірінен мәңгілік ажырамас



БІЗ АЛҒА КҮДІКПЕН ЕМЕС, ҮМІТПЕН ҚАРАЙМЫЗ, ӨЙТКЕНІ ҚАЗАҚСТАННЫҢ БОЛАШАҒЫ ЖАРҚЫН

Елбасының «Қазақстан-2050» стратегиясын “Мәңгілік Ел” идеясы, ”Қазақ Елі” атауларының бәрі “атына заты сай”, қауымға ұғынықты, тәтті, жылы ұғымдар. Бұны Қазақстан халқы да ыстық ықыласпен, қуана-құптап, «Қазақстан-2050» стратегиясын мезгілінен бұрын орындауға білектерін сыбанып, белін бұды. Өйткені бақытпен-шаттықтың жолын ашқан жарқын болашақ бәрімізді алда күтіп тұр. Осы сара жолды айшықтаған Елбасының жолдауы халқына ерекше ынта-жігер, күш-қуат сыйлап, келешегімізге зор үміт арттырды. Қазақ Елі тәуелсіздігін алған аз жылда екі ғасырлық өркенге жетіп, әлемнің ірі елдері қатарына қосылғанын көре алмай «Мына Қазақстан дүние жүзін аузына қаратып, асығы үнемі алшысынан түсе беретін болды» деп

қызғанушылар “Мәңгілік” деген тек Аллаға ғана тән, бұл астамшылық деп жүргендер аз емес.

Әрине, солай дейік, бірақ бұл дүниеде Аллаһтың өзі жаратқан елі де, жері де бәрі (аспан айналып жерге түскенше) мәңгі тұра береді. Ал, жұмыр жер өшкен күні бәрі өзгеріп, тек, жаратушы Алланың өзі ғана қалады. Аллаһтың мәңгілігі осында. Сондықтан жер бетіндегі адамзаттың бәрі келешегінен үміт үзбейді. «Үмітсіз тек, шайтанның ісі». Қазір, Қытай халқы өздерін “Аспан асты” еліміз дейді, ал Жапониялықтар “біз Күн еліміз, бізге құдай бой емес ой беріп, нұрлы етіп жаратқан” деп көреді. Осылай, қара аспан төңкеріліп, күн сөнгенге дейін өздерін “мәңгілік” санайды. Бүгін, дүние жүзінде қаншама ел бар, солардың барлығыда осылай болашаққа үмітпен қарайлы. Тіпті, әлсіз, “өлежатқанның” “өзі біз ертең “өшеміз” демейді.

Сондықтан “Мәңгілік Ел”, “Қазақ Елі” деген ұғымға түсінушілікпен қараған жөн. Егер “ұққысы” келмейтіндер, ұнатпайтындар болса “Мәңгілік”-тің орнына басқада атауларды қолдана беруге болар. Өйткені, қазақ тілге бай, тек, “әлді” деген сөздің өзін алпыстан астам синониммен айтатын біздер үшін “Мәңгілік”-тің орнында «ғұмырлы», «өшпес», «өмірлік», «күшті», «қуатты», «жасампаз», «даңқты» тағы басқа көптеген атауларды қолдануға да болар. Бұдан болып Елбасының «Қазақстан-2050» стратегиясы ақсамайды, бәрі бір Қазақ Елі бұл дүниеде «мәңгілік Ел» болып қалыптасып, мәңгілікке жасай береді.

Әділет сүйгіш Қазақ елі қуаты қанша артса да ешкімге өктемдік көрсетпейді, көз алайтпайды, керісінше сыйластықпен қарап, өзге елдерге де жақсылық ғана тілейді. Міне, Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлының осы

саясаты ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып, халқының береке-бірлігі, өзара татулығы жарасып, жасампаздығы арта береді дегенге халқының сенімі зор. Осы орайда, бүгінгі қазақ еліне іштен де, шеттен де ешкімдер “көсемсіп” ақыл айтудың қажеті жоқ. Өйткені қазақ халқы – дана халық, Елбастаған көреген көсемі Нұрекеңнің де кемел ақылы өзіне жетеді.

Алайда бүгінгі заманның райы бөлек, күн санап құбылып әлем елдерінің біршамасының шаңырағы шайқалып, күл талқаны шығып жатқанын естігенде жанымыз түршігеді. Мұндайды көріп білген халқымыз да Тәуелсіздігіміздің қадір-қасиетін жете түсініп, шеттен келетін қандай да “қырсықтың” бәріне төтеп беретіні анық. Әрине, іште алауыздық, көреалмастық, бақталастық жоқ, ынтымақ берекелі болсақ, сырттан келген қауіпке төтеп бере аламыз. Әрі ондай төніп тұрған ерекше қауіп-қатер жоқ деуімізге де болады. Өйткені Қазақ Елі өзінің салиқалы саясаты арқасында шекаралас елдермен ерекше сыйластықта болудың жолын ашты. Ресей, Қытай елдерімен бауырлас, серіктес болуға, жауласпауға, өзара тату көршілік принциптер ауқымында уағдаласа, пәтуаласа білді. Осының бәрі үрейімізді арылтып, үмітімізді арттырды. Елбасымыздың ұсынған «Қазақстан-2050» стратегиясын орындауға құлшынысымызды арттыра түсті. Өйтсе «EXPO -2017»- ге дейін тағы бір он жылдың өркеніне жететініне халық сенеді. Олай болатыны бұл шаруаны Елбасы өзі қолға алды. Бұндай ауқымды істің жобасын жасатып, қаржысын тауып, үйлестіру оңай шаруа емес, бірақ Елбасының өзі кірісіп, “жеті өлшеп бір кесіп,” оңтайлы етіп ерекше шеберлікпен ұйымдастыру нәтижесінде Астанамыздың солтүстік жағалауында тағы бір әсем қалашық бой

көтеріп бәрімізді қуантар күн жақын. Ең бергісі қаншама мың адам баспаналы болып, жұмыспен қамтылды. Осының өзі бір ғанибет. Нүрекеңнің өмірді толық түсініп, әрбір істі дөп басып, кілтін таба білетіндігі, қазіргі ойпыл-тойпыл заманда ақыл парасатының сыртында ұқтымды сөзін өзгеге өткізе білетін шешендік өнері, әртүрлі кедергі, бөгеттерден іркілмей өтетін қасиеттері де көңілімізге сенім ұялатады. Тек Елбасымыздың бәрін де ашық айқайлап айтуға келе бермейтін мына заманда ұлттық мүддеге, тілге, дінге тағы басқа өзекті мәселелерге тоқталғанда «үй артында кісі бар», «ұлым саған айтам, қызым сен тында» дегендей етіп айтатын сөз астарын әрбір азамат жете түсіне білсе ағат баспайды ғой деп ойлаймын.

Қалай болғанда да Елбасының айтқан әрбір сөзін мұқият тыңдап, оны өмірде жүзеге асырып отырсақ алдымыз жарқын болады. Мемлекеттік тілді дамытуға аса мән бере отырып, өзге ағайындарды сыйлай, орыстармен орыс тілінде қатынасуды, сонда өзге ұлттар мемлекетін сыйлап, өздері қазақ тілін үйрене бастағанын тілге тиек ете келіп, қазақ ағайындарға түп-тура қазақша сөйлеуді тапсырғалы қанша уақыт болды. Екі қазақ бір-бірімізбен басқа “тілмен сөйлесу ұят” деді. “Анамыздың тіліндей таза, әдемі тіл жоқ, ана тілінді білмеу күнә,” демеді ме! Елбасының дәл осы тапсырмасын жоғарғы лауазым иелері қалай орындағанын өздері айтып, есебін бере жатар. Дегенмен министрлер, облыс, аудан әкімдері, әрбір лауазым иелері, тек мемлекеттік тілде сөйлеп, сенім жүктеткен Елбасына да, халқына да танылса елдік асқақ мұрат, мақсаттарымыз мүлтіксіз жүзеге аспақ.

Жуықта Елбасы министр қазақ азаматын қабылдап, онымен қазақша сөйлесті, ал министріміз орысша кет-

ті. Көріп отырған көрермен бас шайқап, іштей күрсінді. Мен бұны сынағаным емес, сабақ болу тұрғыда айтқаным. “Су басынан тұнады”, ең алдымен жоғарыдағылар бір жылдың ішінде мемлекет тілін игеріп, қазақша сөйлесе, төменгілері алты айда толығымен сөйлеп кетер еді. Өйткені әрбір қазақ азаматына ана тілімен сөйлеуден артық бақыт, оңай жол, жоғарғы абырой жоқ.

Бүгінгі жағдайда Қазақстан мемлекеті, құдайға шүкір ауыртпалықтың бәрін артқа тастады, дегенмен, әліде асатын асуымыз, шығар биігіміз алда. Сол үшін Елбасына бәрін айтқызып емес, берген тапсырмаларын абыроймен орындап, лауазым иелерінен бастама көтерсе, яғни ел өркеніне септігін тигізіп, Елбасына қолғабыс жасауды бүгінгі өмір талап етіп отыр. Мысалы, “Сенат”, “Мәжіліс” “ұйымдары заң шығару, шыққан заңдардың орындалуына бақылау қойып, сәйкестіріп отыратын ең үлкен негізгі ұйым екені рас. Бірақ тағы бір міндеті халықпен мемлекет басқару жүйесі арасын жалғаушы нақты “көпірі” деп түсінем. Өйткені олар халықтан сайланғандар. Сондықтан әрбір депутат мемлекет тілін дамытуға үлкен бастама көтеруге неге болмас. Сөйтсе Елбасы да, халқы да құптар еді. Осыдан екі жыл алдында, өз басым Мәдениет, Ақпарат министрлігіне ақпарат құралдарына байланысты пікір айтып, ақыл кеңес алуға бардым. Сөйтіп министр, оның орынбасары, мемлекет хатшысынан жеке тұлғаларды қабылдау кестесімен таныстым. Бұлардың әрқайсысы бір айда екі сағатын ғана жеке адамдармен кезігуге арнайды екен. Осы белгілеген күндерінде өздері бола алама, ол беймәлім. Сонда мәдениет, ақпарат ұйымдары халыққа ең жақын ұйымдар, сөйте тұра халыққа кезігуге әрбір аптаның 4 сағатын қимаған ғой. Ал Елбасы болса бұның бәрін халықпен

бірге болуға шақырады. Өткенде ғана Елбасы барлық министрлер, облыс, аудан әкімдерін жинап, халық тың алдында есеп беріп отыруларын ескертіп, жұмыстарын жақсарту арқылы көпшілік, қауымның көңілінен шығуды тапсырды. Әрине, Елбасы өзі бәріне жетпейді, сол үшін министрлер әр аптаның бір күннің жартысын, облыс әкімдері аптаның бір күнін, аудан әкімдері үш күнін, ауыл әкімдері барлық уақытын бөліп, қарапайым халықпен бірге болса, халықпен мемлекет байланысы нығайып, ең бастысы адамдардың қоғамдық белсенділігі артады. Міне, осы тәрізді жұмыстарға “Сенат”, “Мәжіліс” бақылау қойып, сәйкестіріп отырса көппен көтерген жүк жеңіл болмай ма.

Елбасы халқымен кезіккен әрбір жиында тыңнан бір мәселе көтеріп, көпшілік қауымның көңілінен шығып жатады. Өткен жылдың басында Көкшетаудағы кездесуінде, әр салада жұмыстайтын инспекторлардың білімді, дәрменді, іскер болуын талап етіп, бұлар үкімет атынан жұмыстап, әрбір іске бақылау қояды, түзейді, адамдарға көмектеседі, сөйтіп әрбір мекеменің жауапкершілігі артып, адамдардан қойылған өтініш, арыз, тілектер тез шешіліп, халқымыз разы бола беретінін дөп басып айтты. Ал, бүгін осы шешімді кімдер, қаншалықты дәрежеде орындап жүргені беймәлім.

Біздің алдағы уақыттағы өркеніміз, дамуымыз, шығатын биігіміз, асар шыңымыз бәріде осы зиялыларға тікелей байланысты, әрбір іс, жұмыстың тағдыры сол жұмыс жауаптаған адамның іскерлігінде екенін Елбасы үнемі ескертіп, оларға қатаң талап қоятыны да орынды. Елбасынан үйреніп, ол кісіге ұқсап-бағып жүргендер аз деп айта алмаймын, Бақытжан Сағынтаев, Иманғали Тасмағанбетов, Нұрлан Нығматулин, Бердібек Сапар-

баев, Бауыржан Байбек, Сенатор Мұрат Бақтиярұлы, Сәрсенбай Еңсегенов, Асқат Күзекөв, Астана қаласы әкімі Әсет Исекешев, Президент әкімшілігінің басшысы Әділбек Жақсыбеков, депутат Бекболат Ханайұлы, Қуаныш Сұлтанов, Мемлекеттік хатшы Гүлшара Әбдіхалыққызы, Министр Тамара Дүйсенқызы сияқты көптеген азаматтарға Елбасы да, халқы да разы. Елімізді қарқынды дамытуға Елбасының әр түрлі жолдаулары ерекше ықпал беріп отырғаны үлкен қуаныш. Қазақстан әрбір азаматының жанұясы жарасып, өзара тату-тәтті, береке-бірлікте, емін-еркін, уайым-қайғысыз өмір сүре бастағаны достарымызды қуантып, дұшпанымыздың сағын сындырған үлкен уақиға деп білеміз. Байлықпен бақытқа бөленген жанұя, әрбір азамат өздерінің ерлігі, ақыл-парасаты, бойындағы күш-қуаты, бір-біріне деген мейрімділігімен әлемге әйгіленіп «Адам болсаң қазақтай бол» деген абыройға ие болды. Қазақстан халқының алды нұрлы, болашағы жарқын, ал, мұраты Мәңгілік жасап, халқын ғұмырлы ету.





МӘҢГІЛІК ЕЛ, ҒҰМЫРЛЫ ХАЛЫҚ

Мәңгі деген ұғым бар – өшпейтұған,
Ұлтымда бар ұлылық тек дейтұғын,
Қазақ елі бәйтерек бүршік атып,
Көктем сайын құлпырып көктейтұғын.

Тарихым бар көнеден бастау алған,
Тау жаралған заманнан, тас жаралған.
Ел бірлігі – мың жылдық қағидатым,
Ұшыменен найзамның тасқа жазғам.

Қалыспаған Шумерден хат қаламда,
Күлтегіннің сынтасы Астанамда,
Ұлылықтың рухы бізді қолдап,
Мәңгі еліме жар болған хақ тағала.

Өлген жоқпын топансу қаптағанда,
Аман қалған арпалас бақ талайда.
Жонын тосқан Қазығұрт адамзатқа,
Нұқтың келіп кемесі тоқтағанда.

Ие бол деп тапсырып алты Алашқа,
Бабаларым аманат арқалатқан,
Сақтан, Ғұннан тараған сансыз ұрпақ,
Кеткенінде шашырап сан тарапқа.

Мен қалғанмын тірек боп Алтайымда,
Бабалардың рухы қантамырда,
Тасымадым бақытым өрлегенде,
Жасымадым қамығып қанша мұңға.

Замананың қанқұйлы дауылында,
Бастым жүз ұлт ұрпағын бауырыма,
Тау тағысы бөріден арғы тегім.
Мінезім бар лайық тау ұлына.

Қансыраған кезім бар, нан сұраған.
Жау сұраған емеспін, қан сұраған.
Өлген жоқпын мәңгілік ғұмырлы елмін,
Ұрпағымын – кешегі алтын адам.

Тағы да бір таңы атты мәңгі ұлыстың,
Тас төбеден тамылжып таң күліп тұр,
Кезек дүние кең пейіл маған жақтас,
Ел болмайды дегендер әңгүдік тым.

Тәуелсіздік тұлпарын таңдап мініп,
Бодандықты теңдікке алмастырып,

Жібек жолын жаңғырттым бабам салған,
Батыс, Шығыс арасын жалғастырып,

Айбыным бар, бұл күнде беделім бар,
Аларым бар, басқаға берерім бар.
Арқаланам халқыма қара ормандай,
Ұлт-ұлыстың бірлігі сенерім нар.

Әлем менің үніме құлақ түрген,
Тоқтағанда Семейде сынақ мүлдем,
Ширек ғасыр ішінде шырқай шапқан,
Ел бар ма екен біздердей пырақ мінген.

Күшіктейін шәуілдер күншіл күндеп,
Уақытпен жарысам мінсіз, жүрдек,
Менің елім – байтағым Қазақстан,
Азияның төрінде алтын діңгек.

Күшім қаптал дұшпанмен күресуге,
Ай етуге, елімді Күн етуге,
Нұрағандай Елбасын қазағыма,
Құдай берген пиғылы, ниетіне.

Менің енді жүзіме түн түнемес,
Бөгей алмас жолымды күншіл, егес,
Зеңгір көкке қол созған Қазақ елі,
Мәңгілік ел болмауы мүмкін емес!

ҚАЗАҚ ЕЛІНІҢ ЖАСАМПАЗДЫҒЫ – ХАЛҚЫМЫЗДЫҢ БІРЛІГІ МЕН ҰЛТ АРАЛЫҚ ТАТУЛЫҒЫНДА

Сен, ұлтыңды сүйесің, ұлтжандысың. Ұлттық ар намысыңды қорғау, әрине, мықтылығың. Бірақ әр нәрседе шек бар, нендейбір кездейсоқ себеппен, сол намысты қорғаймын деп аңдамай, абайсызда ұлтжандылығыңды асырып алсаң, біреудің қолы, біреудің тілі тиеді. Сені біреу жақтаса, қарсыласыңа да біреулер қостайды. Сөйтіп, кикілжің ұрыс-керіске, ол – төбелеске, төбелес жанжалға айналып, ақыр соңы соғысқа да тірелуі ықтимал екені өмір заңдылығы. Мемлекетаралық қатынас да осы тәрізді. Ұлтаралық қатынасқа мемлекет те, әрбір азамат та байыппен қарамаса барлық жақсылыққа қатер төнді дей беріңіз. Міне, сол үшін де Нұрекең әрбір маңызды оқиғалар кезінде, тіпті қарапайым кездесулерде де басты байлық ішкі және сыртқы татулық екендігін ұмытпауды, оны көздің қарашығындай аялап сақтауды ескертіп отырады.

Мен ағалық жасқа келген қазақпын. Қандастарымыз бар, басқа ұлттар бар көптеген ауылдың балаларымен біз қатар өскен едік. Баланың ісінде байып бола ма, кейде ойнап жүріп те көршінің балаларымен қызылшеке болып қалатынбыз. Сол сотқарлығымызды біле қалса, әкеміз қамшымен тартып жіберіп, құлақтан жетелеп алып жүріп, әлгі баланың үйіне алып барып, ата-аналарынан кешірім сұрап, бізге ескерту жасап, жүз шайысып қалған баламен татуластырып жіберетін. Нұрекеңнің ұлағаттығын естігенде сол әкелерімізді еске аламыз. Халықтық даналықтың бір тамшысы екенін

түсінгендей боламын. Сондықтанда көпшілік қауымға не істесек те ақылмен істейік, арзан ұранға, азғырынды тілге ермейік, ұшқары сезімге ерік бермейік дегім келеді. Елбасымыз әсіресе, жастар байыптылықтан үлкенді сыйлаудан, сөзге тоқтаудан айнымаса, қашан да достыққа адал болса, бауырмал, кеңпейіл болса, халықтың атына сөз келтіретін ұстамсыздық атаулыдан аулақ жүрсе деген ақылын тәуелсіздіктің алғашқы күнінен бастап ұдайы айтып, ескертіп келеді. Елбасының «Ілгерілеуіміздің басты да сенімді негізі- ұлтаралық бірлік, тұрақтылық, топтасу, халықтың рухани келісімі» деген сөздерін естен шығармай, ел болудың қағидасы етіп ұстансақ қана жетістіктерге жете бермекпіз.

Біздің ел болып қалыптасуымыз өзіміздің ішкі бірлігіміздің сыртында айналамыздағы елдермен ара байланысымызға тату, көршілік ынтымақ бірлігімізге де тікелей қатысты екені белгілі. Сол үшін Елбасы ТМД-на да терең маңыз берді, барлық елдердің бейбіт, қатар өміріне үлес қосуға ұмтылыстар жасады. Көп ұлтты Қазақстан Республикасы барлық ұлттардың мүдделеріне ерекше назар аударып келеді. Қазақстанның жер, тіл қатарлы барлық күрделі мәселесін шешуде қазақ ұлтының мүддесі төмендетілген жоқ, көп балалы шаңырақтың бірі үлкен, бірі кіші баласындай өз сыбағасына ие болып, емін-еркін өсіп өніп, отанымыздың абырой даңқын, жаңа ғасырмен мыңжылдық табалдырығынан аман алып өтіп, ғалам көшінің алғы легіне шығарды.

Менің аңғаруымша, Қазақстандағы соңғы жиырма бес жылдағы ірі өзгерістердің маңызды біреуі мемлекеттік тіл мәртебесінің биіктегендігі, қазақ тілінің анағұрлым дамығандығы. Бір кезде Алматыда қазақ жастарымен қазақша әңгімелесіп, сұхбаттасуды былай

қойғанда, жол сұрап, жөн білудің өзі мұң болатын. Қазақ елінің астанасында тұрып, сырттан келген қазақ ана тілінде жауаптасуға зәру болса, бұдан асқан сорақылық өтер ме еді?!

Ал қазір жағдай түбірімен басқаша. Түрлі сапар ба-рысында әр жерде қызмет істеп жүрген басқа ұлт өкілдерінің орыс, неміс, корей, еврей зиялыларының өздері өзіңмен қазақша тілдескенде мерейің үстем болып қалады. Әрине, әр ұлттың өз ана тілін ұмытпауына елімізде жағдай жасалып отыр. Бастысы мемлекеттік тілді артықша қадірлеуі, іс бабында қазақша сөйлегені қандай жарасымды. Разы боламыз.

Қазақстандықтардың бәрі бірдей саналы, білімді, мәдениетті, ұлт ұлысқа бөлінбей тату болуы зор шаттық. Қазақ жеріндегі 130-дай ұлттың барлығын тағдыр тоғыстырғандығын азаматтардың бәрі түсініп, зор құрметпен қарайды.

“Бәз бір ұлттың ішіндегі ширыққан саяси егесулерге, газеттегі айтыстардан басталып, мылтық кезеумен аяқталған жанжалдарға көбіне зиялылар қауымы кінәлі, - деген болатын Н.Ә.Назарбаев. Абыройымызға қарай, осы жылдардың бәрінде қазақ зиялылары ұстамдылық пен кемеңгерлік танытып, іштегі қыжылдың сыртқа шығуына жол бермеді, жұртты қолға қару алуға шақырған жоқ.” Сол зиялылардың көшбасында Елбасының өзі тұрды, айғайшы - ақылшы, сабырға шақырушы Президенттің өзі болды. Әрине, іштегі “қыжыл” – тарихтың біздің жүрегімізге салған жарасы. Алайда, «Гитлердің жауыздығына анасы кінәлі емес» деген сияқты бүгінгі ұрпақтың жөні басқа. Соның ішінде қазақ жеріне бір кезде еріксіз күшпен келген ұлттардың ұрпақтарының жөні тіптен басқа. Солардың бүгінгі ұрпақтары Қазақстан топырағында өсіп - өнді, бұл қасиетті жер заң-

ды отаны саналды. Сондықтан осы елдің мемлекетін құрметтеп, халқын сыйлаған бөгде ұлт өкілдері жат саналмаса екен деп тілейміз.

“Жаманның кегі – басы жерге жеткенше, жақсының кегі – шәйі орамал кепкенше ” дейді дана жұртымыз. Сондықтан бұрынғы өш-кекті бүгінгі ұрпақ ұмытуға тиіс. Ескі жараның орнын тырнау ешқандай пайда да бермесі анық. Барлық реніштер мен айыптарды өткенге қалдыруымыз керек. Бұл тарихи зердені жоғалту емес, болашаққа бетбұрыс, өзінді жаңа дәуірдің адамы ретінде қоғам тынысын сезінуден туған пайым болмақ екенін Елбасы ескертумен келеді. «Ескі реніштер мен айыптарды қопару ешқашан қалыпты болашақ үшін алғы шарт жасамайды” деді Нұрекең. Кәне, қай сөзі біздің мүддемізге қайшы келеді. Қазақстанның елтаңбасы шаңырақпен бейнеленген. Ғаламат мазмұнды, көзге жылы. Ал уық пен керегесіз шаңырақ тұрар ма еді. Осы символикалық бірлікті сақтауымыз керек.

Қазақстан өкіметтің әу бастан-ақ президенттік құрылымды таңдауы, сол орынға лайықты тұлғаны тауып сайлағаны «су басынан тұнады» деген қағидаға сай келген абыройлы іс болғаны анық. Өкінішке қарай, ар ұждан, ақыл парасаты биік Президентті қалайда сүріндіруді жан-тәнімен көксейтіндер “ Көпте құдайдың көлеңкесі барын” білмей, жұрт жақтаған, жат мақтаған сол кісінің сара ізіне шөп салып, кемшілік іздеп, сол арқылы Елбасының халық алдындағы беделін төмендеткісі келеді. Түк таппағанда азан шақырып, атасы қойған “Нұрсұлтан” дейтін келісімді атына дейін бұрмалап анайылық көрсеткісі келетіндерге еріксіз ренжисің. Жаман мақтанса, жақсының аяғынан шалдым деген осы. Жеке адамның намысыңа тиетін, әрі өзінің де тұрпайы топастығын әшкерелейтін осындай сорақы,

былапыт сөздерге толы мақалалар жариялайтын ұятсыз газет сымақтардың жазғанына нанатыны, иланатыны білімсіздіктің, сауатсыздықтың салдары емей немене. Даңғыл жолдан даңғойлар ғана адасады. Ондай даңғойлар елінің ұлтының мүддесін парықтамайтындар, тек өздері мансап – мәртебе дәметумен ұрпағының тамырына балта шабатындар, әлін білмей әуре – сарсанға түсіп, уақыттарын босқа рәсуа етіп, ел дамуына бөгет, ішіне іріткі салып жүрген пасықтар деуден басқа жол жоқ.

“Озатын елдің арманы түгесілмес, тозатын елдің жанжалы түгесілмес”. Құдайға шүкір, Қазақстан халқы ынтымағының шырқы бұзылмай келеді. Ынтымақ жүрген жерде ырыс орнайды. Егеменді елдің бүгінгі қарышты қадамы көбінесе сол ынтымақпен қолға келіп отыр. Тойып секіргендер ме, көрсеқызар қызғаншақтықтың, өзімшілдіктің батпағына батқандар ма, тағдыр маңдайына жазған жолы болмаушылықты басқалардан көретін ауруға шалдығып, қаны бұзылғандар ма, әйтәуір жақсы жандардың жолын бөгеп, етегіне жармасатындардың әрекеті намысымызға тиіп, қанымыз қайнайды. Ұлттың ұжданына, мемлекеттің тәуелсіздігіне зиянды әсер ететін ондай көрініске қарсы әділетті күрес жүргізудің орнына өрескелдікті құптағандай өз басын қорғап, үнсіз отыратындарға да таң қалмасқа шараң жоқ. Мейлі мемлекеттік қызметкер, лауазым иесі болсын, мейлі ішімізден шыққан арандатушы болсын елдігімізге қарсы ерсі іс әрекетімен көзге түссе, оған тойтарыс беру – Қазақстан Республикасының әрбір азаматының, бойында қазақ қаны бар әр адамның абзал борышы деп санаймын. Өйткені, “Елін ойламағанның ерлігі зая, ертеңін ойламағанның тірлігі зая”. Іштегі дұшпан сырттан келетін жаудан осал болмайды. Бұл орайда көп партиялық жүйе, пікір алуандығы жоққа шығарылмайды.

Тек олар ұлт мүддесі, ынтымақ-бірлік жолында көзқарасымыз ұштасып жатуы қажет. Демек, ел басшылары, мемлекет, әкімшілік ұйымдар шектен шыға есіріп, елдікке, егемендікке, халық мүддесіне, ұлттық дәстүр мен адамгершілік нормаларға нұқсан келтірмеген жағдайда оларға орынсыз жала жауып, мін тағып, абырой-атақ, бет беделіне шіркеу келтіру әдепсіздік болады. Керісінше, оларды қолдан келгенше қолдап-көмектесер болсақ, олардың ісі өнімді, пейілі кең, көңілі орнықты, өзіміздің де өмір-тұрмысымыз жайлы, болашағымыз жарқын болары шүбәсіз. “Берекелі елдің баласы бірі – қанат, бірі – күйрек, берекесіз елдің баласы бірі аманат, бірі күйік. Даласы да жаңарып, санасы да жоғарылап келе жатқан Қазақстан бұл жағынан ешкімге күлкі болмайды, үлгі болады. “Осы шешім қабылданған кезде өзімнің жеке басымның қамын ойламағанымды батыл мәлімдеймін. Қазір енді өзі жұртқа түсінікті” деп Н.Ә.Назарбаев 1996 жылы сәуірде ашық мәлімдеген еді. Тек реформа жөнінде ғана емес, осы көрнекті азамат барлық іс қимылында да, ТМД елдері мен дүниежүзілік бейбітшілікті қорғауда тың серпілістер жасағанда да, тіпті өзінің жеке басының мәселелерінде де бірінші кезекке тәуелсіздігін ұзақ уақыттан кейін қолға алып, әрең қаз тұрып, аяғын апыл-тапыл баса жүріп өркениетті елдер көшіне қосылған Қазақстанның мүддесі жолында барын салып, жанқиярлық күрес жүргізіп келе жатқанын аңғару қиын емес. Орта Азиядағы туысқан халықтармен, әлемдегі мұсылман мемлекеттермен, ТМД елдерімен ынтымақтасудағы талпыныстары, тіпті 2001жылы 26 Қыркүйекте Жорж Бушпен телефон арқылы сөйлескенде де терроризмге қарсы күрес өркениетті елдердің қақтығысына ұласпауға, қарапайым халықтардың арасында құрбандықтарға соқтырмауға тиіс екендігін айрықша

атап көрсеткен еді. Иә, “Сырдағы сиырдың мүйізі сынса, қырдағы сиырдың мүйізі сырқырайтыны” секілді, сонау қиырда жатқанымен құрлық, мұхиттар төңірегінде халықаралық ахуал ауырлар болса Қазақстанның жағдайы жақсарып кете алмайтынын ол біледі, ортақ бейбітшілік өз отанына игілік әкелетінін түсінеді.

АҚШ Президенті Билл Клинтон 1994 жылы сәуірде Қазақстанның ядролық қаруларды тараптау жөніндегі шартқа қосылуы бүкіл дүниежүзі үшін тарихи қадам деп санап, жас, тәуелсіз мемлекеттің бұл істе көшбасшылық жасағандығын құттықтағаны басқа елдерге сес көрсететін өз қолындағы қарудан бас тартып, тажал Семей полигонының үнін мәңгілікке өшіруі Президенттің ең иманды ісі, әлем тыныштығын маңызды санайтындығының дәлелі болды. Тәуелсіздіктің алғашқы таңынан күні бүгінге дейін Қазақ елі халқын, әрбір азаматын береке мен бірлікте, өзара татулықта болғызудың арқасында орасан табысқа жетіп Мәңгілік Ел құрдық. Егер олай жасамағанда кеше ғана бар, бүгін жоқ елдердің қатарына бізде енуді едік. Береке бірлік, өз ара татулықтың қадір, қасиетін жете түсінген Елбасымыз әлем елдеріне де ұйтқы бола алды. Тіпті кеше ғана әлем елдері арасына бейбітшілікпен, татулықтың Ұранын жариялап дүние жүзі халықтарының ықыласына бөленді. Бітіспейтін дауға айналған екі ұлы держава Түркия мен Ресейді қайтіп татуластырды. Осының бәрі аңыз емес ағайын, ақиқат.

Береке мен бірліктің, ұлтаралық татулықтың – алтыннан да қымбат екенін, адам баласының бақыты тек осында ғана болатынын қазақ елінің өркені тайға таңба басқандай айқындап отыр. Сондықтан бәріміздің ұлттық мүддеміз Мәңгілік Ел. Оған жететін нақты жол ол, береке мен бірлік, өзара татулық.

МӘҢГІЛІК ЕЛ

Бабалар көз талдыра көптен күткен,
Далама жандандыра келді көктем.
Мәуелі Бәйтеректің басын шалып,
Күн күлді нұрын шашып көкжиектен.

Ұлы елдер іргемізде,
Бір тілек, бір лебізде.
Жұптасып мәңгі қатар,
Жасаймыз біз де бірге.

Сүйікті айбыны зор Абылайдан,
Билікті мирас етіп қабыл алған,
Ағаны адал ниет арқа тұтып,
Алаштың абыройы артып бағы жанған.

Халқымның бейбіт күнде көңілі асқақ,
Кіре алмас шекарамнан дұшпан аттап.
Айбынды қарулы күш елге қорған,
Келеді Елбасымыз өзі бастап.

Күмбезін көк тіреген нұрға малып,
Елордам күн-күн сайын тұр жаңарып.
Сауығы тарқамаған әнші-күйші,
Қазағым жаны жарқын мырза халық.

Мәңгілік ертек емес епке келер,
Қозғалсақ қол ұстасып көппен егер.
Тәңірім, бармақтай бақ таудай талап,
Баянды бола берсін деп бере гөр!

Қош айтып ескі өкпе көне есепке,
Қол создық берешекті келешекке.
Барыстай ел боламыз жүрек жұтты,
Ғарышты еншілейміз демесек те.

Ұлы елдер іргемізде,
Бір тілек, бір лебізде.
Жұптасып мәңгі қатар,
Жасаймыз біз де бірге!



КӨҢІЛДЕ ЖҮРГЕН КӨП ОЙЛАР

«Мемлекет басқару – өнер атаулының төресі» деген екен Демокрит. Біз бала күнімізден мектеп қабырғасында небір халқына қамқор, қасиетті, ақылды хандар мен небір халқын тонап, аздырып-тоздырған ақымақ хандар жайлы ертегілер оқып, аз да болса көңілімізге түйіп өстік. Бертін келе тарихқа үңіліп, ел тағдырының сол елді билеген хан, патша, президенттердің қолында болғанын, бәзбір елдің ұлы ел атануына, кейбір елдің құрып кетуіне себепкер осыбір шексіз билік иесі тұлғалар болғанын санамызға сіңірдік. Ал өз басым еліміз тәуелсіздік алғаннан бері халқымыз хан көтерген ұлы тұлға Елбасымыздың қасында жүрмесем де әрбір ісіне ерекше елеңдеп, тілеуін тілеп, сүрінбесе, жаза баспаса екен, бәрі де бола берсе екен деп шын ниетіммен тілеп отыратын адамдардың бірімін. Бұл ең әуелі тәуелсіз елімізге деген ұлттық рухымыз жемісі болса, қала берді Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың таққа отырған күннен бастап, халқы үшін күн сайын игілікті істер атқарып, туған елімізді өркениет биігіне қапысыз жетелеп келе жатқан құтты қадамына деген қара халықтың бірі менің дән риза сезіміме байланысты болар. Нұрағаңның әрбір батыл бастамаларын қуана құптап, тілекші боламын. Құдайға мың да бір шүкірлік етіп, тек өз еліміздің ғана емес, әділетті әлем халқының мақтанышына айналуына тілектес болып жүремін. Тіпті, өз халқымыздың, әлемнің іргелі елдерінің өткен замандағы хан, падишаларының халқы үшін жасаған ұлағатты іс әрекеттерімен Нұрағаңның батыл қадамдарын өзімше салыстыра ойлап, риза сезімге бөленемін. Сөйтемін де Елбасының жекелеген ісіне, идеясына, салиқалы саясатына байланысты көңіл толқынысымды тұжырымдап, оқырман қауымға ұсынып отырмын.



XXI ҒАСЫР – ҚАЗАҚТЫҢ АЛТЫН ДӘУІРІ

Тәуелсіз Қазақ Елінің Елдігіне, Елбасының Ерлігіне арнадым

Қазақстан десе, мейілі шетелдіктердің, мейілі өз еліміздің әрбір азаматының ойына Нұрсұлтан Назарбаев оралары сөзсіз. Әрине, сол елдің өміріне, тағдырына қатысты жақсылық та, жамандық та «отқа жақын іс күйер» дегендей елді басқарып отырған адамның атымен байланыстырылуы заңды дүние. Дегенмен біздің еліміздегі небір айтулы табыс жетістік (ғылым-білім, экономика, әлеуметтік мәселе, тарих, руханият дегендей) Елбасының тікелей бастама көтеруімен іске асып жатқандықтан Елбасымен байланыстыру тіпті де заңдылық екені айтпаса да түсінікті. Басқаша айтқанда, Тәуелсіз Қазақстан деген ұлы ұғым Нұрсұлтан Назарбаев деген асқақ тұлғамен біте қайнасқан ажырамас біртұтас дүние. Мен қолыма қалам ұстаған тұрғыда осы ойымды бір шумақ өлеңге сыйғызғанымды тағы қайталайын.

*Сындырмады ұрпағы сағын Алаш,
Бере салған Тәңірімнің бағына бас,
ҚАЗАҚСТАН, НҰРСҰЛТАН егіз ұғым,
Бір-бірінен мәңгілік ажырамас.*

Тарихшылардың көбі 550 жылдық тарихы бар қазақ елінің өткен дәуірдегі айдарынан жел ескен алтын ғасыры Тәуекел ханның (1582-1598 ж.) тұсы деп бағалайды. Ол рас, Тәуекел ханның тұсында қазақ хандығының басты бақталасы Бұқар ханы Абдолла жеңіліс тапты. Мәуреннахр қазақ хандарының қолына толығымен көшпесе де Ахси, Әндіжан, Ташкент, Самарқан қалаларын басып алды. Соның нәтижесінде Ташкент және оның аймағы 200 жыл бойы Қазақ хандығының құрамында болды. Түркістан қаласы Қазақ хандығының орталығына айналды. Шайбани әулетінің үстемдігі біржола жойылды. Қазақ хандығының территориясы анағұрлым кеңіді.

Тәуекел хан қазақ хандығының сыртқы саясатын нығайту барысында орыс мемлекетімен дипломатиялық қарым-қатынасты жандандырды. Сыртқы саясатта өзін қолдайтын одақтастар тапты. Тіпті қазақтың ата жауы жоңғардың бір бөлігі Тәуекел ханға тәуелді болды. Халықтың тұрмысы жақсарды. Қысқасы қазақ хандығы кереметтей қуатты хандық болды.

Сол алтын дәуірді елімізге Нұрсұлтан Назарбаев қайта қайтарды десек артық айтқандық емес. Ең бастысы 300 жылға жалғасқан отарлық бұғаудан біржола құтылды, тәуелсіздікке қол жеткіздік. Ел шекарасы толық ратификацияланды. Тәуекел хан орыспен арадағы қатынасты жандандырса, Нұрсұлтан Назарбаев саяси, экономикалық басты одақтасына айналдырды. Бүгін біз әлемдегі ең қуатты елдермен одақтастық. Халықтың тұрмысы Тәуекел хан тұсындағыдан он есе емес, жүз

есе артты. Әлем халқы көз тіккен ғажайып саяси Астана салдық. Өйтсе, Қазақ елінің бүгінгі дәуірін нағыз алтын дәуір деп сеніммен айта аламыз. Әр мемлекетте кереметтей іс тындырған, елін ғажайып бақытқа, байлыққа бөлеген ханның, патшаның, президенттің тұсы елінің алтын дәуірі болған тұлғалар әр мемлекетте бар. Орыстар бірінші Петрді, Моңғолдар Шыңғыс ханды, қытайлар Кан Сиді, түріктер Ататүрікті, ағылшындар Виктория патшайымды, италияндықтар Марк Аврелийді дегендей өз елінің алтын дәуірінің авторы санайды. Ал біздің елге Тәуелсіздік арқылы келген алтын дәуірдің авторы сөз жоқ Нұрсұлтан Назарбаев. Бұл – Елбасымыздың ерен ерліктерінің тағы бір парасы.

* * *

Пруссия мен Ресей сан ғасыр бағын байлағаны болмаса, поляктардың Шығыс Европадағы ең ұлы халықтардың бірі екендігін әлем тарихы мойындайды. 1990-жылдарғы коммунизмді күйреткен «жойқын жарылыстан» соң поляктардың да бақыты қайта жанып, байырғы ұлылығын байқатқандай. Ал біздің еліміз тәуелсіздіктің небәрі 25 жылында поляктардан да асып түсіп, әлемдік даму сатысы бойынша Польшаның алдына түстік.

Дүниемен бірге жаратылып, сонау бағзы заманда «Рим империясы» атты қуатты мемлекет құрған италияндықтар – әлі де әлемнің алпауыттарының бірі. Ал біздің еліміз бүгінгі таңда әлемдік даму деңгейі бойынша осы елмен құйрық тістесті. Бұл біздің біріншіден, қашаннан ұлы халық екендігімізді аңғартса, екіншіден,

Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың ерен ерлігінің, саликалы саясаткерлігінің арқасы екенінде дау жоқ. Құдай қаласа Италияны да, оның алдындағы 6 елді де басып озып, әлемдегі дамыған отыз елдің қатарына қосылар күн алыс емес.

* * *

Қай елде болмасын, қай дәуірде болмасын ел билеген хандардың, патшалардың, президенттердің барлығы бірдей төрт аяғын тең басқан жорға, жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар парасат иесі болмағаны анық. Зама- нында біреудің бағы шапқан, біреудің бабы шапқан. Көп жағдайда хандық, патшалық мұрагерлік дәстүр- мен жалғасқан елде небір ақылсыз, кеше жандардың да таққа отырғанын білеміз. Мінген атына мәрмардан сарай салғызып, мемлекетін дамытуға күш жұмсау ор- нына сайқымазақ киім киіп, сақалын алтынмен боя- тып, күн сайын сауық сайран құрған, қызының туған күнінде халықтан сыйға келген үй жапқандай көп ақ- шаға балаша қуанып, үстіне аунап жатқан Римнің ақы- мақ императоры Калигула, халқын алым-салық арқылы қайыршылыққа ұшыратып, күн сайын киім ауыстыруға екі сағатын жұмсап, дәрет сындыратын ыдысына дейін арнайы күзетші тағайындаған Француз королі XIV Лю- довик, амандасқанда өз айналасындағы жоғары лауа- зым иелерінен басқаның қолын алмаған тәкәппар Сиам королі сияқты талай ақымақ, тіпті, есалаң патшалардың аты күлкілі жиренішті қылықтарымен қалды.

Ал әділдігі үшін, халқын байлық пен бақытқа ке- нелткендігі үшін, аты тарихқа алтын әріппен жазылған гректердің патшасы Солон, Рим императоры Марк

Аврелий, 600 жылдық ғұмырлы ұлы империя құрып, ұрпақтарына бақыт пен байлық, өшпес даңқ сыйлап кеткен түріктердің Осман патшасы сияқты кемеңгерлердің есімі күні бүгін күллі әлемге танымал. Оларды даңққа бөлеген – халқын сүйген кемеңгерлік қасиеттер. Өйтсе, халқын 300 жылдық отаршылдық, бодандықтан құтқарып, небәрі ширек ғасырға жетпейтін уақыт ішінде екі ғасырлық даму биігіне көтерген, «Мәңгілік ел» болудың жолын сілтеп, қағидаттарын қалыптастырған біздің Елбасымыздың да жоғарыда аталған Ұлылардың қатарынан орын алатынына мен кәміл сенемін.

Қазақ елі болашақта әлемге Елбасымыз өзі азан шақырып қойған атымен «Ұлы дала елі» деп, тіпті «Назарбаев елі» деп атанатынына бүгінгі жас ұрпақ сенеді, болашақ ұрпақ көзімен көреді, көкірек кере мақтанады.

* * *

Қытай халқының атақты философы Конфуций «Әр адам өз ісін адалдықпен атқара білсін. Билеуші ел билесін, жұмысшы еңбек етсін. Әке – әке, бала – бала орнында болсын тұрмыстың осы қарапайым қағидасы бұзылса, мемлекет іштен іриді» деген екен. Елбасымыз өз міндетін адал атқарып халқымды қайтсем зобалаңсыз жырғалаң елге айналдырамын деп жарғақ құлағы жастыққа тимей жүр. Өттең, былайғыларымыз да жаппай өз міндетімізді дәл Елбасындай атқарсақ нұр үстіне нұр болар еді. Әуелі өз баламыздың алдында абыройлы дұрыс әке болып, ұрпақтарымызды ата-анасын сыйлайтын ұлағатты ұл-қыз болдырып өсіру Конфуций айтқан, Нұрағаң зерделеген даналық екенін есімізден шығармайық.

* * *

«Өткен тарихымызға тағзым да, бүгінгі бақытымызға мақтаныш та, гүлденген келешекке сенім де «Мәңгілік Ел» деген құдіретті ұғымға сыйып тұр. Отанды сүю - бабалардан мирас болған ұлы мұраны қадірлеу, оны көздің қарашығындай сақтау, өз үлесінді қосып, дамыту және кейінгі ұрпаққа аманат етіп, табыстау деген сөз. Барша қазақстандықтардың жұмысының түпкі мәні - осы!» деп атап көрсетті. Осылай, бабаларымыздың мыңдаған жыл армандап өткен асыл арманын абыроймен орындаған алғашқы адам Нұрекең өзі болды.

* * *

Қасиетті Нұқ пайғамбар топан судан адамзат баласын, бүкіл тіршілік иесін құтқарса, Француздың өзімшіл топас королі XIV Людовик: «Бізден кейін топансу қаптаса да мейлі» деген екен. Ал біздің Елбасымыз қайтсем күллі әлемді тыныш, бейбіт өмір сүрудің басты факторы ядролық қарусыз ел болдырамын, халқымды қалай бақытты етемін деп, түн ұйқысын төрт бөліп жүр.



Біз «Ұлы даланың ұлы елі» екенімізді қандай қасиеттерімізбен дәлелдейміз?

Біз – сан ғасыр әлемнің көптеген халқының соғыстағы жеңіске жеткізген жүрдек көлігі жылқы деген жануарды Ботай жазығында қолға үйретіп, үзеңгіге алғаш аяқ тіреген ақылды халықпыз. Біз – алтынмен қапталып, күміспен күптелген сақ бабалармыздың қасиетті қорымын сақтаған халықпыз. Біз – күллі түркі текті халықтың от жаққан қара мекені қасиетті төр Алтайдан кіндігімізді үзбей, күні бүгін түтінімізді түзу ұшырып отырған халықпыз. Біз жоңғар шапқыншыларының Азиядағы күллі түркі текті халықтарды жаулап алуына жол бермей Қырғызға, Қарақалпаққа, Өзбек пен Түркімендерге қалқан болған халықпыз. Біз кеңестік тоталитаризмнің құрығына ілініп, сенімсіздер мен сезіктілер ретінде жер аударылған жүздеген ұлттың өкілдерін беттерінен қақпай, маңдайынан сипаған, қонақжайлығымызды, дархандығымызды танытып, ауымыздағы асымызды жырып беріп, адам санатына қосқан халықпыз.

Ең соңғысы біз әуелі Алланың рахымымен, онан соң Ұлы Көшбасшымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың көреген, дана басшылығымен Тәуелсіздігіміз жаңа ғана тәй-тәй басқан 25 жылда 200 жылдық өркениетке жеткен әлемдегі бірден-бір елміз.

* * *

Ел билеушіде болатын кемел қасиеттерді санап тауыспайсыз, білімділік, ақылдылық, мейірбандық, батылдық, жан тазалығы тағысын тағы. Біздің Елбасының бойынан осы қасиеттердің бәрі де табылады. Ал мені таңғалдыратын бір қасиеті – көп патшаның бойынан табыла бермейтін өзіне-өзінің сенімділік қасиеті. Айталық, ел астанасын көшіру туралы бастамасына атқа мінерлердің көбісі-ақ қарсы болғанын білеміз. Ядролық қарудан бас тартуын ауыздағы асты тілімен түртіп шығару немесе бақытын басқа тебу ретінде бағалаған шетелдік саясатшылар да болды. Тәуелсіздіктің буыны қатпай жатып, әлемдегі дамыған елу елдің қатарына қосылу мақсатын ертегіге балап күлгендер де жоқ емес. Ақыры не болды? Бәрі де нақты шындыққа айналды. Бәрі өз нәтижесін берді. Ел беделін асқақтатты. Шама-сы, Нұрекеңнің өзіне-өзінің сенімділігі батылдықтың жоғарғы сыпаттағы біліммен ұштасқан көрінісі деп осыны айтамыз.

* * *

XIII ғасыр жарты әлемді жалпағынан билеген Моңғолдардың дәлірек айтқанда, Шыңғыс ханның ғасыры болды, XX ғасыр жүздеген ұлтты, ондаған ұлыстың халқын басыбайлы құл етіп, қазынасын тонап, атом қаруын жасайтын пұл етіп, сол арқылы батыстың алпауыт елдеріне айбат шеккен орыстың ғасыры болды. Бүгінгі өркениетті дәуірде қарумен, қара күшпен әлемге билік жүргізу мүмкін емес екендігін «мықтылардың»

өзі мойындады. ХХІ ғасыр алтыбақан алауыз мемлекеттерге ара ағайын бола білген ақылды халықтың, ел ішін алатайдай бүлдіретін ұлтаралық араздықтың жолын кескен ынтымақты елдердің ғана ғасыры болары анық. Біздің ел осы екі биіктікті де бағындыру үстіндеміз. Елбасымыз еліміз тәуелсіздікке енді ғана қол жеткізген тоқсаныншы жылдардың басында-ақ Таулы Қарабақ жанжалын реттеуге ара ағайындық жасап, салиқалы саясаткер екенін әлем елдеріне танытқан еді. Содан бергі 25 жыл ішінде халықаралық талай бітпес дауды шешуге делдалдық жасап, әлем бейбітшілігін бекемдеу ісінің көш басынан көрініп жүр. Азия елдері десе кімнің де болсын ойына әуелі Қазақстан оралатын дәрежеге жеттік. Осы құрлықтағы бірден бір көшбасшы ел ретінде қазірдің өзінде жер жаһандағы бүкіл жұртқа танылып үлгердік.

Ел ішінде 130 ұлтты «бір атаның баласындай, он саусақтың саласындай» ынтымақ-бірлікте ұстап, әлем халықтарына үлгі көрсетіп отырмыз. Елбасымыздың осы ақылдылығы арқасында ХХІ ғасыр «Ұлы дала елі» - Қазақстанның ғасыры болуға әбден лайық. Ішіміздегі ұлт, халықтарды да бір біріне тату етіп, егіз қозыдай еткен әлемдегі жалғыз ел ол – Қазақстан.

* * *

Теңгенің екі бетіндей мемлекет пен президентті бір бірінен бөліп қарауға болмайды. Ұлы көшбасшы ұлы халықтан туады немесе ұлы көшбасшы халқын ұлы халықтар қатарына қосады. Көшпенді түркі текті халықтар ішінен шыққан екі ұлы көшбасшының есімі әлем тарихында алтын әріппен жазылған. Мұның біріншісі кезінде өзгенің көзіне түсіп, танылып үлгермеген қарапайым ғана халық моңғолдарды тарих сахнасына жарқ еткізіп шығарған Шыңғыс хан болса, екіншісі Күлтегін заманында Орта Азияны еркін билеген, Осман заманынан Батыс Европаны алты жүз жыл бойы аузына қаратқан ұлы Түркілердің ұлы перзенті Кемал Ататүрік. Ол Ұлы Түркі империясының қарымы қайтып, қарапайым ғана аграрлық елге айналған шағында мемлекетке жаңа жігер, күш-қуат беріп, айды аспанға шығарғанмен тең ерлік, даналық танытты. Ендігі кезек елінің мойнындағы бодандықтың кендір ноқтасын қиып, бөрілі байрағымызды қайта желбіреткен, тарихымызды мыңдаған жылмен жаңғыртқан, еліміздің мәңгілік жасау жолын айшықтаған Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтікі екендігінде дау жоқ.

* * *

Аузы дуалы әлемдік мықтылардың бірі қытай елінің кереметтігін «Ақ қорған» арқылы бағалап, «Осындай ғажайып бекініс салған неткен ұлы халық!» деп, таңданысын жасырмаған екен. Ал екінші бір аузы дуалы кемеңгер «Ұлы Қытайды осындай бекініс салуға мәжүбір еткен халық қандай ұлы халық» деп біздің Ғұн бабаларымыздың мықтылығына таңдай қағыпты. Сол сияқты жалпақ жаһандағы ұлы державалардың өзі бұл күндері тайфун дауылындай жолындағының бәрін жайпағалы келе жатқан әлемдік кезекті дағдарысты еңсерудің емін таппай арпалысып әлекке түсіп жатқанда біздің еліміз небәрі бір жылдан кейін (дағдарыстың бел ортасы) әлемдік ұлы жиын, ханбазар – «ЭКСПО-2017» көрмесіне қызу дайындық үстіндеміз. Біздің қарымдылығымызды, қажырлылығымызды әлем елдері осыдан-ақ байқай берсін. Әрі бұл сыннан да сүрінбей өту арқылы еліміздің даму қарқынын кемінде он жылға ілгерілететініміз анық. Елбасымыздың келешекті алты қырдың астынан болжайтынына әлем тағы бір рет көздерін жеткізері де шүбәсіз.

* * *

Біздің еліміз экономика мен табиғат берген байлықтың, оны игерудің ондаған саласында алдыңғы үштіктің қатарындамыз. Мүмкін статистикалық есептің, ғылыми талдаудың жоқтығы болмаса, өзгеден өктемдік көріп сансыраған сан ұлттың өкілдерін бауырына басып, «су сұраса нан берген» жомартығымен әлемде бірінші орын шығар. Сол сияқты тағдыр талайымен

басқа елде өмір сүріп жатқан қандастарын қаперінен шығармай қамқорлық таныту жағынан да әлем елдеріне үлгі үш елдің біріміз. Бірақ Ресей мен Израиль алыстағы ағайындарына байлығы тасып, дамыған елдер қатарына қосылған кезде қол ұшын берсе, Елбасымыздың ұлтына деген ұлы жүрегінің мейірімі арқасында біз тәуелсіздікке енді ғана жетіп, етек-жеңімізді жия алмай жатып-ақ бауырымызға бастық. Бұдан өткен дарқандық, даналық болмас. Сол бір қиын-қыстау шақтағы «Алыстағы ағайынға ақ тілек» атты үшбу хатында:

«Қымбатты отандастар! Ежелгі атамекенінен жырақтап қалған Сіздерді кешегі күнге дейін ата-баба жеріне қайтып келе аламыз ба деген сұрақтар алаңдатып келгенін мен жақсы білемін. Туған жердің түтіні ыстық дейді халқымыз. Қандас бауырларымызды байырғы ата қонысына тарту мақсатында адам құқығы туралы еларалық ережелерді басшылыққа ала отырып, Қазақстан Үкіметі “Басқа республикалардан және шетелдерден селолық жерлерде жұмыс істеуге тілек білдіруші байырғы ұлт адамдарын Қазақстанда қоныстандыру тәртібі мен шарттары туралы” арнайы қаулы қабылдады. Сондықтан атамекенге келемін деуші ағайындарға жол ашық. Ата-баба аруағы алдарыңыздан жарылқасын!» деген еді. Қандай ыстық лебіз, қандай бауырмалдық сезім. Осы хатты оқып Моңғолиядағы қандастарымыздың талайы көзіне жас алғанын, талайы ағайын-туыс, құда-жегжат, үрімбұтағымен атамекенге қарай қопарыла көшкенін көзбен көрдік. Қай елге сапарлай барса да алдымен сол елдегі қандастарының жайын сұрап, солардың проблемасын шешуді, зиялы қауымымен, ақсақалдарымен жүздесіп, дидарласуды ұмытқан емес. Тіпті, түптің түбінде түгел жинап аламын дегенді ешкімнен жасқанбай сеніммен айтып келеді.

Елбасының қамқорлығына разы қош болған ағайындар отанымнан, қарашаңырағымнан алсам емес, берсем, бір кірпіші болып қалансам, Қазақ елінің мәңгілік жасауына үлес қоссам, септігімді тигізсем деген ниетпен келуде. Елбасының саясаты арқасында әлемнің әр түкпіріне шашылып кеткен қазақтар біртұтас ұлттық мүдеге, бір шаңырақ астына топтастық.

Жалпы шеттегі қандастарымызға деген қамқорлығы Нұрағанның ұлттық рухымызды өсірудегі жүздеген бас-тамалырының ішіндегі ең ұлағаттысы деп ойлаймын. Сол ақыл мен ерліктің бас иесін біздер әрі мақтаныш, әрі арқа тұтамыз, Елбасына өзімізді мәңгілік қарыздар санаймыз.

* * *

Тарихтан хабары жоқ бәзбіреулер бізді ықылым заманнан бері басқаға бодан болып, құлдықтың қамыты мойнынан түспеген, өмір бойы өксіп өткен ел деп ойлайды, тіпті ондай санасы соқыр пенделер өз ішімізде де бар. Олар тарих түгіл «дүние кезек» деген халықтық пәлсапаны да ыждағаттай алмаған жандар. Жоқ, біздің халқымыз – бергісі 4000 жылдық тарихында әлем халықтарын талай таң қалдырған ұлы халық. Сақ бабаларымыз бағзы замандардан бүгінге дейін байлықтың өлшемі ретінде бағаланған алтынмен апталып, күміспен күптеліп өмір сүріп, жер қойнына дәл солай енген. Бұған дәлел еліміздің түкпір-түкпіріндегі көне қорымдардан табылап жатқан «Алтын адамдар». Ғұн империясының негізін қалаушы Мөде бабамыздың Ұлы Қытайды қаһарымен қаймықтырып, Ақ қорғанды салуға мәжбүр еткенін, оның ұрпағы Еділ патша дәуірінде халқымыз

құлдық қамыт кимек түгіл батыс Европаны құлдық қоғамнан құтқарып, феодалдық қатынасқа көшірген. Өкініштісі санасыздар парықсыздар мұны сезбейді.

Жарты әлемді бағындарған Шыңғысханның тақымын атқа да, таққа да жеткізгенін Ұлы Қағанның өзі хатқа жаздырып кеткен. («Моңғолдың құпия шежіресі» кітабында) Хат дегеннен шығады, сол Шыңғысханның еліне хат танытып, мемлекет ісін жүргізген адам да Наймандар еді ғой. (Найманның Таян ханының хатшысы Тататунға).

Біздің бабаларымыз Дешті Қыпшақтар «Алтын орда» дәурен сүрген үш ғасырға таяу уақытта (1227-1502) орыстың өзі бізге бодан болғанын біздің құл емес, қожа болғанымыз емей немене. Күш-қуаты толысқан шарықтау дәуірінде (13-14 ғасырлар) мемлекет жерінің аумағы 10 млн. шаршы шақырымнан асты. Оның құрамына Ресейдің еуропалық өңірі, Балтық теңізінің шығысындағы өлкелер, Польша, Мажарстан, Балқан елдері, Кавказ, Хорезм енді. Басқаша айтқанда негізгі халқын қазақ тайпалары құраған Дешті Қыпшақ қанатын кеңге жайды. Ұлы елдің негізін қалаған Жошы бабамыз (Меркіттің ұрпағы) Ұлытау қойнында мәңгі ұйқыда жатыр. Басына орнатылған сырлы кесене 900 жыл бойы «Мен құрған «Жошы ұлысының» заңды жалғасы «Алтын орда» әлі де жойылған жоқ» дегенді еске салып тұрғандай. Өткен жылы ғана Елбасымыздың Жошы бабамыздың басына барып, зиярат етіп, құран бағыштауының өзі тегін емес. Қазақ хандығы құрылуының 550 жылдағын тойлау жөніндегі Елбасының ойы дәл осы қасиетті жерде тууының өзі тегін емес. Жалпы, біздің Жошыны, оның ұрпақтарының аруақтарын сыйлап, мақтан тұтатынымыз содан. Халқымыз қой үстіне

бозторғай жұмыртқалаған небір мамыражай заманды басынан кешіргені тарлан тарихтан белгілі. Қашанда дүние кезек. Бұған Тәуекел хан, Есімхан, Қасымхан замандарындағы толықсыған шақтарымыз куә.

Өйтсе, тарихымызға үңілейік, сол бір халқымыз бақытқа, байлыққа кенелген замандарды қайта әкелген Елбасымыздың ерен еңбегін еске сақтайық, ұрпаққа үлгі етейік.





ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫ – БІЗДІҢ МЕМЛЕКЕТТІГІМІЗДІҢ БІР ПАРАСЫ ҒАНА

Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың тұлғалық ерекше қасиеттерінің бірі – мейлі саясатта, мейлі тарихта ерекше көрегендігі деп ойлаймын.

Қазақ хандығы құрылуының 550 жылдығы қазақ халқының, мемлекеттік тарихының бір парасы ғана. Мұны көрегендікпен бажайлаған Елбасы халқымызға, тарихшыларымызға ой салып, «Бұл қазақтың тарихының басы да, соңы да емес» деген еді. Біздің әлем тарихшылары мойындаған арғы тегіміз сақтар мен ғұндардан бері есептесек те 3-4 мың жылдың арғы, бергі жағына жетіп жығылады. Сондықтан тарихшы ғалымдарымыз алдында Елбасының көрегендігін ғылыми негізде дәлелдеп, халқымыздың тегіне байланысты сақ дәуірінен арғы кезеңдерге үңілетін кез жетті. Қалайда біздің ата тегіміз сақтар мен ғұндар көктен түскен жоқ қой. Тіпті, одан бұрынғы бағзы бабаларымыздың (жар-

тысы бұдан он ғасыр бұрын Аляска арқылы Америкаға өтіп кеткен) өнер-мәдениет, ғылым жағынан атақты шумерлермен теңдесетіндігі жайлы қазақтың біртуар ақыны, қоғам қайраткері Олжас Сүлейменов нақты деректермен дәлелдеген.

Сақтар мен ғұндардан бұрынғы ата тегіміз жайлы деректер осы кітаптағы «Қазақ – тарихы тереңдегі ұлы халық» деген тақырыпта егжей-тегжейлі айтылды.

Өйтсе, Елбасымыз тарихымызды жаңғыртудың жаңа жолын ашты. Енді осыларды жетілдіру, әлемге мойындату тарихшыларымыздың парызы.



ЕЛБАСЫ – КӨСЕМ ОЙ, КӨШЕЛІ СӨЗ ИЕСІ

Қазір әлем қырғын соғыс, бейберекетсіздік салдарынан экономикалық дағдарысқа ұшырап отыр. Мұның негізгі себебі алпауыт мемлекеттердің ұсақ елдерді қақпаға салып, тышқан алған мысықтай ойыншыққа айналдыру екенін түсіну қиын емес. Әрине, ол алпауыттардың өздеріне пайдалы. Әлемді долларға мүрит ету ең бергісі. Алпауыт елдер кіші елдердің құдайы болса, мұнайының бағасы түсіп, көмейлеріне тегін құйылмақ. Оны да жымысқы жолмен жүзеге асырмақ.

1990 жылдарғы әлемдік дағдарыс да солар қолдан жасаған дағдарыс еді. Дағдарысты алпауыт елдер өздері ұйымдастырып, одан шығу жолдарын өздері «нұсқады». Экономикасы құлдыраған кедей елдерге Дүниежүзлік банктен көлемді дәрежеде доллар құйды. «Жомарттық» танытты. Тіпті, өсімсіз берді. Бұл «үлестен» тығырыққа тірелген елдің бәрі де құр қалмады. Енді міне, доллардың құнын аспандату арқылы, әлгі елдерді өзіне тәуелді етті.

Бұл жолғы құйтырқылықты біздің Елбасымыз ерте пайымдады. Қор құрып, қамытшылықты ертеден жасады. Экономикамызды сауықтырудың жолы шикізатқа тәуелсіз отандық өнім өндіру, жай өндіру емес, инновациялық жолмен бәсекеге қабілетті сапалы өнім өндіруді қолға алды. Дағдарыстан шығу жолдарын БҰҰ мінберінен өзгелерге де нұсқады. Ол қандай жол? Бастысы – жаһанға үстемдік еткен әлгі жасыл қағазға тәуелділіктен арылу. Ол үшін Европа, Азия елдері экономикалық күш қуатын біріктіріп, өз ақшамызды да доллардан кем түспейтіндей құнға жеткізу керек деп пайымдады. Бәрін айт та бірін айт, біз дағдарысты бұдан бұрын да 1990 жылдары бастан кешіргенбіз. Бірақ ол дағдарыстың жөні бөлек, заңды дағдарыс. Қоғамдық жүйенің бір формадан

екіншісіне көшуі арасындағы өтпелі кезең дағдарысы. Елбасының экономикалық ұтымды саясаты арқасында одан да аман өткенбіз. Тіпті кеңестік жүйенің шалғайынан шыққан ТМД-нің басқа елдерінен етек-жеңімзді әлдеқайда бұрын бүтіндедік. Елбасымыздың ақылынан ауытқымасақ бұл жолғы дағдарыстан да бір-екі жылдың ішінде құлантаза айығатынымыз кәміл. Жуықта ғана Елбасы Қызылорда қаласында сөйлеген сөзінде қанша жоқшылық, тапшылық болса да халқымның әлеуметтік жағдайының төмендеуіне ешқашан жол бермеймін дегенді кесіп айтты. Тек жоғарда айтқанымыздай Елбасының ақылына сай әр азамат жаңа қарқынмен еңбектеніп өнім мөлшерін, сапасын арттыруымыз қажет. Дайын асқа тік қасық болып, қол қусырып отырмау – өмір талабы. Құдай бізге мұнай мен уранды, алтын мен күмісті, мыс пен мырышты аямай берген. Қолда барды әжетке жарата алмасақ – өзімізге сын. Сапалы өнім өндіріп, экономикамызды өрге бастырмасақ, долларға тәуелділіктен құтыла алмаймыз. Айтайын дегенім – Елбасымыздың көсем ойына, көшелі сөзіне құлақ асайық. Солай болғанда ғана адаспаймыз.

КӨШПЕН КӨТЕРГЕН ЖҮКТІҢ ЖЕҢІЛДІГІН ЕЛБАСЫ ЕРТЕ ТҮСІНГЕН

Бір кездері Солтүстік Кореяның президенті Ким-Ир-Сен адам баласына қажеттінің бәрін өзіміз өндіреміз, ешкімге қол жаймаймыз деген бағыт ұстанғанын білеміз. Рас, Солтүстік Корея да осал ел емес. Әйтпегенде азуын айға білеген АҚШ-қа доқ көрсете алмас еді. Бірақ, «бөлінгенді бөрі жейді», «жалғыздың үні шықпас» деген халықтық қағидаға құлақ аспау жақсылыққа бастамағанын білеміз. Мына әлемдік жаһандану заманында бұл

қағидаттардың құндылығы тіптен артты. Корея социалистік жүйе ыдырағаннан бері состиып қалды. Ең бастысы халқының әлеуметтік жағдайы нашарлап кетті.

Біздің Президентіміздің айрықша қасиеттерінің бірі – тарих тағылымдарын, халық даналықтарын қаперінде ұстау. Біздің тәуелсіздік алған 25 жылда экономикалық тұрғыда асқар биіктерге көтерілдік. Біз экономика қоржынын тек мемлекет бюджетімен толтырсақ тарихи қысқа мерзімде мұндай жетістікке жете алмас едік. Мұндай қарышты қадамымыз, сәулетті Астанамыз, даңғыл жолдарымыз, тіпті алты қат арыға қол созған ғарыштық бағдарламаларымыз дүниеге келмес еді. Мәселен, Астана қаласын салуда бюджеттен аса мол қаржы жұмсамай, көбін Түркия, Араб әмірлігі, Катарға, Жапонияға, Корея сияқты елдердің инвестициялық қаржысымен, бай падишақтардың көмегімен тұрғызғанын түсінуіміз қажет. Сол патшалардың қанша бай болса да шашылып жатқан ақшасы жоқ. Көңілін тапқандарға ғана көмек қолын созады. Нұрекең солардың ақылын тапты, арқадан қақты, беделін сатты. Алғырлық деп осыны айтыңыз. Енді міне, өткен жылы Бейжінге, Дубайға, Түркияға, кеше ғана Катарға сапарлап, «ЭКСПО -2017» көрмесіне көл-көсір қаржы кіргізді. Елбасының жарғақ құлағы жастыққа тимей қасықтап жинағанын шөміштеп төгуге жол бермейік.

Жалпы Нұрекең кіммен кездесін өзіне тартып, тіл табысып, үйіріп әкететін Алла берген айрықша қасиетті, қазақша айтқанда «бетінің алмасы бар, айрықша адам. Тілге келгісі келмегендердің өзін мысы басып тұрады. Әлемнің егей басшыларының талайы «енді Нұрекең не айтар екен» деп, біздің Елбасының қас-қабағына қарап отыратынын көріп жүрміз. Алла Елбасымызды тіл-көзден сақтасын!



ЕЛІН СЫЙЛАҒАН ЕЛБАСЫ ЕКЕНДІГІҢІЗДІ ТАҒЫ БІР МӘРТЕ ТАНЫТТЫҢЫЗ

Аса құрметті, Нұреке, бұл күндері сізге арналып айтылып жүрген баспасөз беттеріндегі, халықтың аузындағы «Елі сыйлаған, елін сыйлаған Нұреке» деген тіркес қанатты сөзге айналып кетті. Иә, пікірде шындық болмаса, қанатты сөзге айналмас еді. Сіз осы бір бағаға лайық екендігіңізді, әр қадамыңызда, әрбір шешіміңіз арқылы, көтерген бастамаларыңыз арқылы дәлелдеп келесіз.

Еліміздің қоғамдық өміріндегі халық көпшілікті алаңдатып, назарын аударып отырған өзекті мәселелердің бірі – жердің сатылуы немесе жалға берілуі жөніндегі үкіметтен ұсынылып отырған жобаға қатысты «Елін сыйлаған Елбасы» екеніңізді тағы бір рет дәлелдеңіз.

Жер мемлекеттің меншігі екендігі оның жаппай сатылмайтыны немесе өз азаматтарынан басқаларға жалға берілмейтіндігі дәлелдеуді талап етпейтін қағида.

Егер жер сатылса, соның ішінде шетелдік азаматтарға сатылса, біздің билік ұстап отырған басшыларымыздың ел болашағын ойламағандығы, билік пен қоғамның қателігі болары сөзсіз. Тіпті, соңғы кездері халықтың аландатушылығын туғызған жерді сату немесе жалға беру идеясының өзі ата-бабаларымыз аманат еткен ұлан байтақ жерімізді тоздырмай күтіп-баптау, аялы алақанда ұстау тұрғысында дұрыс болғанымен «жеті өлшеп, бір пішетін» түйінді мәселе екенін сіз зерделей білдіңіз. Сөйтіп, бұл мәселені әлі де пысықтау, ой таразысына салу, сүзгіден өткізу керек екенін айтып, жерді сатуға байланысты мораторий жариялауыңыз халықтың көкейіне қонды. Халықтың алаңдаушылығы сейіліп, бұл шешімге соншалықты разы қош болғанын ел арасындағы біз сияқты қарапайым азаматтар көзімен көріп, өз құлақтарымен естіп жатырмыз.

Қай ұлттың, қандай мемлекеттің болмасын негізгі тірегі тілі мен жері екені дау тудырмайтын шынайы шындық. Сол қағиданы сіз еліміз тәуелсіздік алған алғашқы күннен бастап берік ұстанып, көршілес елдермен арадағы шекараны деваркациялау мен ұлттық тілімізге мемлекеттік тіл мәртебесін беру мәселесін алғашқы кезекте шешкеніңізді зиялы қауым, саясаттанушылар ғана емес, қарапайым халықтың өзі жақсы біледі. Сондықтан осы жолы да ауыл шаруашылығы айналымындағы жерді Қазақстан халқына сату немесе шетелдіктерге жалға беруге байланысты үкіметтің ұстанып отырған бағыт-бағдарын қайта қарап, пысықтау қажет екендігі жөніндегі ұсыныстарын, талап-тілектерін халық тікелей сіздің өзіңізге білдірді. Өйткені халық сіздің ақыл парасатыңызға сенеді. Ал сіз болсаңыз әрқашан халықпен бірге екеніңізді, халқыңызды

сыйлайтыныңызды көрсеттіңіз. Сіз «халық қаламаған ұсынысты мен қолдамаймын» деп Қазақстан Ассемблясында тура мәлімдеп, әрқашан туған халқыңызбен бірге екеніңізді, халқыңызға қалтқысыз қызмет ететіндігіңізді таныттыңыз. Мәселені шешуді шұғыл қолға алдыңыз. Мәселені терең зерттеп, байыбына бармаған, халық көпшілікпен санасып, пікірін алмаған осы саладағы кейбір лауазым иелерін қызметінен босатуға дейін нақты шара қолдандыңыз. Осы іске қатысты жоғарғы лауазым иелері, білікті маман, ғалымдар, қоғамдық ұйымдар мен қарапайым халық өкілдері енген жүзден астам мүше құрамындағы келелі комиссия құрдыңыз. Обылыс, аудан әкімдерінен бастап, осы мәселеге тікелей қатысты басшыларға халықтың пікірін алуды тапсырдыңыз. Комиссияның қортындысын, барлық құжатты Парламенттің Мәжіліс, Сенат депутаттарының талқылауына ұсынатыныңызды мәлімдедіңіз. Халық атынан, халықтың өкілі ретінде отырған депутаттардың халық пікірімен санасып, дұрыс шешім қабылдайтынына сеніп отырғаныңыз анық.

Сіздің сол тапсырмаңызбен құрылған комиссия мүшелері екі ай бойы халықтың, әсіресе ауыл еңбеккерлерінің, фермерлердің арасында болып, халықтың пікірін тыңдады, кездесулер өткізді, онымен қоса сенат, мәжіліс депутаттары, жергілікті жердің мәслихат депутаттары, ауыл, аудан, облыс әкімдері халықпен үнемі бірге болып, отырыстар өткізді. Халықтан келіп түскен мыңдаған хаттар мен ұсыныс, пікірлерді сараптап қыруар шаруа атқарды. Комиссияның қорытынды отырысында көптеген ұсыныс оңтайлы шешімін тапты. Бастысы жерді сату, жалға беру мәселесін халықтың тілегіне сай әрі ғылыми негізде шешу үшін бес жылдық

мораторий жариялау қажет деп тапқаны көпшіліктің көкейінен шықты. Сіз бұл шешімді халқымның пікірі деп көріп сол күннің ертеңінде қабылдап бекіттіңіз, ең алғашында қалай айттыңыз, соған жеттіңіз, Рахмет, Нұраға жасай беріңіз, сізге халқыңыз шын жүрегімен тілеулес, сіз елі сыйлаған Елбасысыз.

Сіздің «Мәңгілік ел» идеяңыздан туындаған «Үш тұғырлы тіл» бастамаңызды да халық қолдайды. Алайда жоғарыдағы жер мәселесі сияқты жан-жақты ойластырылмаған, терең зерттеуден, сараптаудан өтпеген тұстары болу мүмкін деген тұрғыда ғана халық алаңдап отыр деп ойлаймын. Бірақ сіз бұл мәселені де қайта қарап, халықпен санасып шешуді тапсырдыңыз. Білім министрі де әлпені аттамай, ағылшын тілін біріші сыныптан бастамай, ең алдымен қазақ тілін асқақтатып, мемлекет тілінің мәртебесін көтереді ғой деп сенеміз.

Жер мәселесіне байланысты тарихи маңызды шешім қабылдағаныңыз үшін Қазақстанның қарапайым азаматтарының бірі ретінде халқы қалаған, құдай қолдаған Елбасы сізге алғысымды жеткізіп отырмын. Сіздің денсаулығыңыз зор болып, халқыңызға адал қызмет ете беруіңізге тілектеспін!

Екінші бөлім

**ЕЛІМІЗДІҢ ЕЛДІГІН,
МЕМЛЕКЕТІМІЗДІҢ ТӘУЕЛСІЗДІГІН
САҚТАУ – ЕЛ МҰРАТЫ**



*Қуан, қазақ, қуанатын күн бүгін,
...Сарайың толсын сақарадан ескен самалға,
Күн нұры қонсын күңгірттеніп қалған жанарға,
Биіктегі жаудыраған жұлдызды,
Көсіліп жатып, өз көзіңмен санауға,
Keң түріп таста Тәуелсіз үйдің түндігін.*

Уақан ҚЫДЫРХАНҰЛЫ

БӘРІНЕН ДЕ ЕЛІМІЗДІҢ ЕЛДІГІ, ҚАЗАҚТЫҢ ТӘУЕЛСІЗДІГІ ҚЫМБАТ

Қазір әлемде қанатын кең жайған және дүниенің не бір құпияларының бет пердесін ашқан ақпарат құралдарынан біздің еліміз туралы талайды оқитын болдық. Аранын ашқан, дүниені түгімен жалмаған кейбір шет алпауыттары Қазақ Елі Тәуелсіздігін жариялаған күннен бастап көзін алартып, өз қақпандарын құра бастағаны жасырын емес. Тіпті, халқымызды бір-біріне қарсы қою арқылы іштен іріту, бүлдіру, тоздыру саясатын «табысты» жүргізе асыра бастаған сыңайлы. Өзіміз білмей отырғанда, өзгелер сонау мұхиттың аржағынан «Сирия, Ливан сияқты елдердегі қақтығыс Қазақстанда жалғасады» деп сәуегейлік жасады. Бұндайларға «тіл аузың тасқа..., тілің байлансыннан» басқа не айтайық. Бүкіл әлемді жайлаған жойқын соғыс, жарылыс, қақтығыс, елді ішінен ыдырату жолындағы астыртын саясаты берекесі бекем Қазақстанда алға баспайтыны анық. Дегенмен сақтықта қорлық жоқ, еліміздің әрбір азаматы абай болғаны абзал. Біз «мың өліп мың тірілген халықпыз», қазақ деген қаһарман халықты қас дұшпандарымыз ешқашан жер бетінен жойып жібере алмас деген нық сенімдеміз. Дегенмен құдай бетін әрі қылсын, біз енді өлсек қайта тіріле алмауымыз да мүмкін, ағайын! Өйткені жаһандану деген атпен ұсақ ұлттарды жалмап жатқан замана індегін бұрынғы отарлау саясатымен салыстыруға мүлде болмайтыны айдан анық.

Біз ұзақ жылдар бойы қанды қасірет шегіп, адам сенгісіз ауыр өмір кештік, азаматтарымыз тірідей сойылып, тұлып болып та ілінді. Қазақтарға қарсы жасалған

жоңғар шапқыншылығы, шүршіт басқыншылығы, орыс отаршылдығы, ашаршылық, саяси нәубет, қанды соғыс бәрі жұқпалы індеттерден артық кесірін тигізді. Соның салдарынан қазіргі жан санынан әлденеше есе асып түсетін қазақ баласы Алладан келетін ақ өлімнен емес, адам қолымен жасалған айуандық әрекеттің салдарынан қынадай қырылды. Ал, жерінен, елінен еріксіз айырылған Қазақ баласы «ақтабан шұбырынды» болып, азып тозып өзге елдер босағасын сағалап, басыбайлы құлы болғанын білеміз. Ата-бабадан қалған қасиетті қара мекенімізде азшылыққа айналдық. Қазақ, өзінің кір жуып, кіндік кескен, аруақ орнаған қасиетті жерінде жат жұртты масайратып қойып, өзгенің жерін қорғауға мәжүбір болды. Өзгенің жері үшін қасық қанын қиып, мерт болдық.

Біз неліктен ұзақ жылдар бойы осылай бодандық, құлдық қамытын кидік? Мұның көптеген себебі бар екенін білеміз. Дегенмен солардың ең үлкені өзімізден болған. Халқымыздың шешен тілі мен көсем ойының жемісі «шығасыға иесі басшы», «алтау ала болса ауыздағы кетеді», «үй іші ала болса, кереге басын санап пәле толады» деген сияқты береке-бірліксіздіктің салдарын санаңа құятын ұлағатты тәмсіл сөз, мақал-мәтелдер – сан ғасырлық өмір сабағы, жау жағадан алып, жан қысылғанда туындаған тәмсілдер. Халқымыз өз ішінен береке бірлік кеткен кезде әлсіреп, сол кезде жаудың қырына алынып, құрығына іліне кетіп отырғанын әр тұстағы тарихи сабақтардан аңғарамыз. Іштен іріткі жасайтын алауыздық, көреалмастық, бақталастық өрши келе ауыл арасы, ру, тайпа, ұлт ішінде араздықтар, наразлықтар молайып, партияға, топқа, жікке бөліне бастайды. Бұлар көбінесе шеттің жымысқы саясаты,

зұлымдық іс- әрекетімен жасалады. Демократия деген сыпайы атпен «қой терісін жамылған қасқырлар» қораға кіреді де бәрін «жемтік» етеді. Осылай, ойламаған жағдайда ұшық жабысса, оның кейбірі оңалып, орнына келсе де көбісі қайтадан қалпына келмей, орны толмас өкінішке қалдырып, опық жегізеді. Сондықтан бәрін санаға салып, сараптай отырып алға нық басуымыз қажет.

Қазақстан халқында жападан жалғыз ғана мүдде бар, ол – Ұлттық мүдде, Еліміздің елдігі, Қазақ елінің Тәуелсіздігі. Осы Тәуелсіздігіміздің арқасында атада көрмегенді ботамызда көріп, халқымыз бақытты өмірге кенелді. Тәуелсіздік алған 25 жылда екі ғасырлық өркенге жетіп, әлемдегі дамыған 30 елмен кұйрық тістестік, тарихымызды төрт мың жылға ұзартып, Ұлы дала Елі екенімізді төрткүл дүниеге паш еттік. Осындай табыстарға қол жеткізген Қазақстанның қаһарман халқының алда жетер жетістігі, асар асуы, алар биігі әлі де мол. 2030, 2050 жылдарға дейінгі жоспар, стратегиялық бағыт-бағдарламалардың бәрін де орындап, алға ұмтылып, құдайға шүкір, экономикалық тұрғыда алаңсыз өмір сүретініміз анық. Әрине, бұл тек қана ішкі және сыртқы жақтан нендей бір тосын қырсық ұшырасып қалмасақ ғана жүзеге асатын мақсат. Әсіресе, ішкі жақтан ешқандай қырсық тап болмаса, ондай ел сыртқы қырсықтың қандайына да төтеп бере алады.

Ал егер іште ұшық шалып, қырсық туындаса, сыртқы жақтан келетін қырсық өзінен-өзі дауылды күнгі өрттей лап қояды. Ондай қатер бола қалған күнде ел дамуының шапшаңдығына сәйкес, ертең қолға келетін игіліктер, дәлірек айтқанда халықтың нақты табысы, өскелең өркен, өміршең істері аңызға айналып, бүгінгі жеткен деңгейіміздің өзінен құлдырап кетеміз. Сол үшін бізге

саяси сақтық қашан да ауадай қажет. «Жау жоқ деме жар астында, бөрі жоқ деме бөрік астында», қазіргі заман тіптен алмағайып, тіптен қорқынышқа толы, ғылым мен техника дамыған сайын адамға, табиғатқа қарсы үрейлі жағдай үдей түскен. Әлемді өздері ғана билеп, дүниені түгімен жұтқысы келетін алпауыт елдер ғаламтор арқылы ақпарат құралдарын өздерінің жымысқы саясатына аса шеберлікпен пайдаланып, жаңадан дамыған, күш қуаты толыса қоймаған, әсіресе біз сияқты жас елдерді ішінен тоздырып көздеген мақсатына жету – бүгінгі таңда отарлау саясатының ең ұтымды тәсілі. Міне, осыған жол бермеуіміз қажет. Қазақ Елінің әрбір азаматы егер өз тағдырына жанашырлықпен, жауапкершілікпен қарау керек болса ақпарат құралдарына жазылып жүрген «құйтырқы» сөздерге иланбай, өркенімізге пайдасынан зияны мол келетін азғырынды іс әрекетке тойтарыс беріп отыру керек. Тәуелсіздік Алланың арқасы болса, оны өмірге келтіріп, бүгінгі жағдайға жеткізген Елбасымыздың сара жолынан әсте таймай, қанатымызды талдырмай, Мәңгілігімізді ұран етіп, алға самғай берейік. Өтірікке, өсекке сенбейік, әртүрлі алдауға көнбейік, жабылған пәлеге нанбайық, бізге өзгенің жаны ашымайтынын сезінейік, сол үшін «қол сынса жең ішінде», егер қателігіміз болса, өз арамызда ақылдасып жөндейік, араздығымыз болса, алдағы уақытта төс қағыстырып, кешірісейік.

Осылай жасауымызды халық бұқара бізге Елбасымыз үнемі ескертіп, министрлер, облыс, аудан, ауыл әкімдерін, мемлекет басшыларын халқымен бірге болуға шақырып, әркез есіктерін ашық ұстап, адамдарды қалаған уақытында қабылдап отыруын қатаң тапсырып келгенін ұмытпайық. Шеттің жауыздық әрекетіне, жы-

мысқы саясатына ілесіп, Елдігімізге, Ұлттық мүддемізге, Тәуелсіздігімізге қатер төндіріп, тамырымызға өзіміз балта шауып алмайық, ағайын!

Бүгінгі таңда әлемдік өркениеттің ең озық жетістігі түрлі ақпараттар арқылы қас қағым сәтте төрткіл дүниенің алыс аймақтарына жететіндігімен ерекшеленіп отырғанын бәріміз білеміз. Мұндай жедел ақпараттар тек қажетсінген адамына ғана емес, қолына ұялы телефон ұстаған кімге болмасын «өз аяғымен» сұратпай келіп, қаласаң да, қаламасаң да назарыңды аудартып, оқуға, білуге еркіңнен тыс мәжбүрлейтінімен ерекше. Ал жалпақ жаһанды кезіп жүрген миллиардтаған ақпараттың басым бөлігі саясат тақырыбына қатысты екенін ойласаңыз, «сіз саясатпен айналыспасаңыз да, саясат сізбен айналысады» деген сөздің ақиқаттығына көзіңіз жетеді. Мұндай көбіне арандатушылық пиғылдағы ақпараттың, алды-жұтты өсек аяңның қыза түсетін шағы Президент, Парламент сайлауы, жергілікті сайлау сияқты саяси науқан кезі екенін де жақсы білеміз.

Бар жоғы бір айға жетпейтін уақыт ішінде ғана өткен еліміздегі Парламент және жергілікті мәслихаттар сайлауынан кейін мезгілімен келетін тұмау вирусындай жағымсыз ақпараттар тасқыны үдей түскенін сауатты да салықалы әрбір азамат аңғарған болуға тиіс.

Тәуелсіздік таңы атқаннан бергі небәрі ширек ғасырлық уақытта еліміздің қол жеткізген ғажайып табыс жетістіктерін, Елбасының Қазақстан халқының бүгінгі тұрмыс тіршілігін түзеу, болашағын нұрлы ету жолындағы өлшеусіз еңбегін жоққа шығарғысы келетін пікірлердің соңғы кезде қылаң беруі пайым-парасатты әрбір адамды алаңдатпай қоймайтыны анық. Бір өкініштісі осындай келеңсіздіктерді дер кезінде айтып, ары қарай

асқындырмаудың жолын ойластырудың орнына барынша жасырып бағамыз. «Ауруын жасырған өледі» деген сөз тегін айтылмаған. Елбасының еңбегін, еліміздің жетістігін жоққа шығаратын құйтырқы ақпараттың көздеп, көксейтіні – ең әуелі Қазақстандағы жүз отыз ұлттың айрандай ұйыған ынтымақ берекесін бұзу. Құйтырқы ақпарат таратушылардың ең басты тақырып ретінде осы тақырыпты таңдауларының өзі тегіннен тегін дүние емес. Бүгінгі таңдағы әлемді жайлаған лаңкестік күштердің бүлдірушілік әрекеті, жеке елдерді іштен шірітіп қана қоймай, бүкіл әлемді астаң-кестең ететін аса қауіпті күшке айналып отырғанын білеміз. Біздің көреген Елбасымыз жиырма бес жыл бойы сол қауіпті сезініп, алдын ала білудің арқасында алға жылжып келеміз. Қазақстанның ширек ғасырға жетпейтін уақыт ішінде елдің экономикалық күш-қуаты, халықтың әлеуметтік жағдайы биіктерге көтеріліп, дүниежүзіндегі дамыған елу елдің қатарына қосылуының негізгі кілті осы ынтымақ-бірлікте екенін, басқан ізімізді аңдып, әр қадамымызды жіті бақылап отырған бақталастарымыз бен көре алмаушыларымыз жақсы біледі.

Көп ұлтты Қазақстан халқының ынтымық-берекесін әлем халықтары мойындап, тәжірибемізді зерттей бастағаны, осы саладағы әр ісімізге көз тігіп, мұқият бақылап отырғаны, баспа сөздерге тамсана жазып жатқаны бізді еріксіз қуантады.

Ал еліміздің осындай ерен жетістігін көре алмайтындар осы бір жанды жерімізден ұстағылары келеді. Мүліктеріңді заңдастыр, шеттегі ақшаларыңды жинап, ұлттық компания, байлықтарды өзгеге емес, өздерің иелен, тек халықты жұмысты ет, дұрыс жалақы бер, сөйтіп, еліңнің иесі бол» деген Елбасының жанашырлық

мейірімін үнемі айтып, ескертіп келе жатқан ақылын ұғынуымыз керек.

Қазақ елінің қазіргі ұстанып отырған саясатын, бағыт бағдарын көре алмаушылар кімдер? Қазіргі қаптап жүрген қауесеттер, жабылып жатқан жала бір қарасаңыз ғаламтор ақпаратымен ауырған әншейін бір еріккендердің ермегі болып көрінуі де мүмкін. Олай болғанда «ит үреді, керуен көшеді» деп мән бермеуімізге де болар еді. Жоқ, олай етуге әсте болмайды. Өйткені бұл мемлекттік, үкіметтік билік басындағылар мен саясатпен айналушылар ғана емес, қарапайым халыққа қажет, отанымыздың, мемлекетіміздің қауіпсіздігіне қажет ең өзекті мәселе екенін пайымдауымыз қажет. Мемлекет деген үлкен жанұяның әрбір мүшесі түсінуі қажет. Өйтпегенде тым кеш қаламыз. Біздің әуелі түйсік-түсінігіміз, сосын оған қарсы бағытталған іс-әректіміз сол ғаламтор ақпаратымен жарысуы, тіпті басып озып, алдын орауды талап етеді. Өйткені бұл – жай ғана өсек-аяң, бос сөз емес, үлкен саясаттың ұшты жебесі.

Мұндай құйтырқы саясаттың артында аузын айға білеген, жаһанды жалпағынан билегісі келетін алпауыт державалар тұрғандықтан жеңіл-желпі қарауға болмайды. Олардың қулығына құрық бойламайды. Қазір әлемді жайлаған жауыздық әрекеттер мен құйтырқы саясат бір қарағанда көзге көрініп, елене бермейтін, ойыңызға кіріп шықпайтын жасырын айла-тәсілдерге көшті. Жайын жатқан елді жасанған қолмен басып алатын, сыртынан ұрандап шабуылдайтын ескі өктемдік айла адыра қалған. Жаратылыстағы бар қозғалыс, бір-бірін ұстап тұратын тартылыс заңының тетігі, матердің ішкі бөлігі атом, электрон, пазитрон, тіпті одан да кіші майда бөлшектерде екеніне ғылыми тұрғыда көз жеткеннен

кейін осы заңдылықты өз пайдасына алғырлықпен пайдалануға көшкен жауыз топтар әлем халықтарын, жеке-леген елдерді де осы заңдылықпен іштен ірітіп-шірітуге көшкен. Тұтас ел матер болса, оны құраушы күш (атом, электрон) – халық, жеке адам екеніне көздері жеткен. Арандатушы әрекеттердің әдіс-тәсілі қаншалықты күрделенгенін осыдан-ақ бағамдай беріңіз.

Ал сол халықты іштен ыдырату үшін ел құрамындағы ұлттар мен ұлыстарды бір-біріне айдап салу арқылы араларынан от жағып, қырмандай қырқыстыруға күш салады. Адамды адамға, партияны партияға, дінді дінге қарсы қою арқылы бірімен-бірін жауластырады. Адамдарды отанына, туған халқына, Елбасына деген бұрынғы сенімінен айырып, күмәндандыру, күдікпен қараудың психологиялық жолдарын табады. «Өтірікті шындай, ақсақты дындай» етіп, қапысын тауып, қауесет таратады. Қазақстандағы халықтардың бүгінгі ынтымақ-бірлігі жайындағы біздің шынайы іс шараларымыз бен ақпарат құралдарындағы нақты деректерімізді әншейін бір қызыл су, қисынсыз өтірік етіп көрсетеді. Тек ұлттар достығын нығайтудағы нақты істерімізді, халықтың жаппай жақсарған әлеуметтік жағдайын ғана емес, еліміздің экономикалық тұрғыдағы бүгінгі жеткен асқаралы жетістігін де жоққа шығарады. Экономика заңдылығымен, нарық жолымен көтерілген доллар құнының өсуін, басшылықтың қателігі ретінде «жерден алтын» тапқандай етіп көрсеткісі келеді. Ақшаны еркіндікке жібергенде ғана экономикамыз оңалатынын айтқымыз келмейді.

Шындығында біз қай салада болмасын әлемдік өркениеттің шырқау биігіне көтерілген жоқпыз ғой. Ширек ғасыр ішінде мұндай жетістікке жету мүмкін емес

екенін де білеміз. Бұл қоғамдық қалыптасудың басы ғана. Дана халқымыз «Елу жылда ел жаңа» дейді. Ойлап қарасаңыз жеке адам тұрғысында да елу жыл (елу жас) ақыл ойдың кемел шағы. Қоғамдық тұрғыда кемінде екі ұрпақ алмасып, мүлдем жаңа буын қалыптасып үлгереді. Ал жай бір жаңару, өркендеу, алға басу емес, қоғамдық бір жүйеден екінші жүйеге көшу тіпті, елу жылмен де өлшенбейтін ауыр міндет, зор мақсат екені айтпаса да түсінікті. Өйтсе біз осы заңдылықты бұзып алға қарыштап ұмтылған, қоғамдық қалыптасу үрдісін екі есеге қысқартқан елміз. Денгенмен асар асу, жетер биігіміз алда.

Бүгінгі жетістігімізді кем бағалап, мұрын шүйіретіндер, алпауыт елдермен бір күнде теңесе қалмадық деп өркенімізді кем бағалайтындар немесе жетістігімізді көре алмай өсек-аяң тарататындар осы жағдайды біле тұра халықты жаңылдырып, байырғы бақуатты елдермен салыстыру жолымен иландыруды көздейді. «Әлемдегі мұнайға бай Араб елдері өмірге келген баланың жөргекпұлына екі-үш мың доллар, мектеп бітіргенде 20 мың доллар, үйленгенде 60 мың доллар көмек, жәрдемақы береді екен, мұнайлы елдің бірі бізде неге солай болмайды. Бұл мемлекеттің саясатының дұрыс еместігі, халықтың тұрмысын жақсартуға көңіл бөлмеудің бір мысалы» деген сияқты азғыруларға, илана қалатындар да аз емес. Өйткені пендеміз ғой, ақшаны кім жек көрсін. Бір қарағанда бұл уәж қисынды болып көрінуі мүмкін. Сөйтіп «азғыруға аспандағы бұлт та ереді» дегендей, қысқа ақыл жетегінде мемлекет халықтың тұрмыс-тіршілігін жақсартуға қанағатты түрде көңіл бөлмей отыр деген түсінікке тірелетіндер кездесері де анық. Шын мәнінде біздің жас мемлекетімізді мың жылдық

тарихы бар Арабиямен салыстыру мүмкін емес екенін, еліміздің экономикалық тұрғыда жамалмаған жыртық тесігі, кем-кетігі көп, жаңадан қаз тұрған жас мемлекет екенімізді де естен шығармау абзал. Әскери қолбасшы мықты болмаса, қаншалықты мықты армияның өзі соғыста жетерме еді?

Басқамен дұрыс салыстыруға да ақыл-пайымымыз жетпей жатады.

Міне, осындай адамдарды, әсіресе жастарды теріс пиғылдағы арандатушы күштер өзіне тартады. Ал шын мәнінде, өзімізбен бірдей кеше ғана бодандықтан құтылған ТМД-дағы басқа елдерден көш ілгері келе жатқанымызды, тіпті экономикалық кей салада ұлы империя Ресейдің де алдына түскенімізге, болашағымыздың зор екеніне неге шүкірлік етпейміз.

«Құланның қасуына мылтықтың басуы» дегендей әркімді саясатқа еріксіз тартатын биылғы саяси науқан Парламент пен жергілікті мәслихат сайлауы дүние жүзіндегі көптеген елдерді алаңдатып, экономикалық тығырыққа тіреп отырған әлемдік дағдарыспен қатар келуі әлгі арандатушы күштердің теріс насихатын жандандыруына қолайлы мүмкіндік туғызып отырғанын да жасырмауымыз керек. Олар әрине, елдің әлеуетін таразыға салып, өзімізді өзгелермен салыстыруға келгенде, «пәлен ел неге сондай, бізде неге мұндай» деп өзінше білімдарсуға, бұра тартып, пүшек іздеуге құштар. Халықтың бәрі болмаса да түсінігі таяз бір бөлігі осыған имандай сенеді. Соңғы кезде жермен тілге байланысты талай қауесет өсектерді де таратып үлгерді. Ең абзалы бәрі шықдыққа тоқтап, халық ақ пен қараны ажырата білді.

Жалпы, халық ұлы күш екенін мойындаудың сыртында, қоғамдағы жеке тұлғаның, халыққа тұтқа, тірек

боларлық бір адамның да рөлін естен шығармауымыз абзал. Бұл – философиялық тұрғыда әлдеқашан дәлелденген ұғым.

Сондықтан кеменгер Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың көреген саясаты, ұйымдастырушылық қабілеті, іскерлігі, сол арқылы танылған халықаралық аренадағы беделі еліміздің дамуын алға сүйреуші локомотив екеніне күмәнмен қарайтындарға шынайы шындықты айтып, салмақты саясат, насихат арқылы көздерін жеткізіп, дұрыс пікір қалыптастыруға ықпал жасауымыз керек. Біз олай етпеген жағдайда іштен ірітіп-шірітуші арандатушы күштер өздерінің улы саясатын жүзеге асырудың қолайлы мүмкіндіктерін нығайта береді. Ондай жағдайдың соңы ата-бабаларымыз мыңдаған жылдар бойы аңсаған, тек бүгінгі бақытты ұрпақ біз ғана көріп отырған, тәуелсіздік атты тағдыр сыйлаған зор несібемізден айырылып, тағы да әлдекімдердің бодандық қамытын ки-месімізге кепілдік жоқ.

Бүгінгі әлемдік өркениет тұсында дұшпандарымыздың жағырапиялық тұрғыда алысы жоқ. Ақпарат арқылы идеологиясы халыққа қас қағымда жетіп жатқандардың бодандық құрығы да қысқалық жасамайтыны хақ. Бұған – айналасындағы көрші мемлекеттер емес, әлемнің алпауыт елдерінің араласуымен астан-кестені шығып жатқан таяу шығыс елдері Сирия, Ауғанстан, Иран, Ирак, Египет, Палестина сияқты елдердің тағдыры айқын мысал. Әрине, жеңіл ойлай салсақ немесе батыс идеологиясының насихатына сенсек, сол елдердің өз ішіндегі билікке таласқан билеуші топтың жүргізіп отырған саясатына көңілі толмайтын лаңкес, содыр топтардың әрекеті. Ал шын мәнінде аспандап тұрған өркениеті жоқ сол елдердің содырлары осыншалықты күш қуатқа қалайша

ие? Сол содырларды кезінде желіктірген, өкпесінен үр-леп жел берген, қару жарак, қаржымен дем бергендер бүгінгі ара ағайындық кейпін танытып отырған алпауыт елдердің өздері екендігін сауатты қауым жақсы біледі. Соңғы айларда қыза түскен АҚШ президентінің сайлау алды науқанында Ирак пен Ливандағы соғысқа Барак Обама кінәлі екенін президенттен үміткер бәсекелестері халық алдында ашық айтып, айдай әлемге жайып салды. Алпауыт елдер соғыс өртін өршіту арқылы байлыққа кенеледі, қару сайманын өткізеді де соңында өздері тұтатқан өртті өздері қайта басып, «ірілігін» көрсетеді. Болмағанда әртүрлі індет, ауырулардың вирусын шығарып, онымен қоса дәрісін дайындап қалталарын қалыңдатады. Бұл – арандатушылықтың көбіміз білетін бір қыры ғана.

Ал жоғарыда айтқанымыздай ғылым мен техникалық әлемдік өркениетке сай алпауыт елдердің бүгінгі таңда бүкіл әлемді жойып жіберер зор күш қуатқа ие болудың сыртында қулық-сұмдық, құйтырқылықтың, зымияндықтың да адам айтса нанғысыз небір түрлері, жіңішке жолдарын ойлап тауып, іске асырып жатқанын дәлелдейтін дерек, дәйектер де аз емес. Мәселен ғасыр басындағы қанды оқиға АҚШ-тағы халықаралық сауда орталығының аспан тіреген екі ғимаратының көзді ашып-жұмғанша жермен жексен болуы ұшақпен соғудан болған апат еместігін жеті жыл өткен соң атақты кинорежиссер Питер Жозеф өзінің «Zeitgeist'» атты ұласпалы деректі фильмі арқылы дәлелдегенде жағамызды ұстадық емес пе. Сенбеске шараңыз жоқ, ғимараттардың ұшақпен соғудан осыншалық күшті, әрі қас қағым уақытта күл-талқан болуы ғылыми заңдылыққа сыймайды делінген. Кезінде құтқару жұмысына қа-

тысқандардың айтуынша қирандыдан табылған ең кесек дүние ұялы телефонның жартысындай ғана болған. Құрылыстың қаңқасын бекіткен 47 дана 300 метр биік зәулім болат дінгектер өртте жанып кетті деу ақылға сыяма? Олай балқу үшін 1000 градустық ыстық ұзақ уақыт керек екен. Сол сияқты 110 қабаттың басынан билгьярд тасын тастап қалсаңыз еркін құлау жылдамдық заңы бойынша жерге 80 секундта жетуге тиіс болса, ғимарат небәрі он-ақ секундта құлап түскен. Сонда бұл әрекетті кім жасаған, қалай жасаған? Американдық билеушілер тобы дүние жүзін қорқынышты жағдайда ұстау үшін лаңкестер дейтін құбыжықты әрдайым есіне салып, оларға қарсы күрес желеуімен өзге елдерді өзіне бағынышты ету, сол арқылы пайда табу үшін істеген әрекет деген фильм түсірушілердің қорытындысын ғылым-білімі дамыған көптеген елдердің ғалымдары еріксіз мойындаған. Мәселе қайда жатыр. Әлемдік деңгейдегі мұндай құйтыркылық мысалдарды жүздеп санауға болады. АҚШ ядролық қару жасады деген жалған жаламен Иракты тас-талқан еткенімен, халықаралық сарапшылар ондай қару таппағанын кезінде Буштың өзі мойындады. Бірақ ондай мойындаудан не қайыр, күштінің аты диірмен тартты, Ирак халқы АҚШ тұтатқан соғыс өртінен әлі де арыла алмай зардап шегіп отыр.

Елдің ынтымақ-берекесін бүлдіріп, іштен тоздырушы арандатушылардың қазіргі таңдағы басты тәсілі біріншіде халық арасындағы таным-түсінігі, түйсігі таяз, өзгеге еліктегіш топ пен солақай саясаткер сымақтардың қолтығына су бүрку болса, екінші тәсілі – халық ішіне жаппай жағымсыз өсек-аяң тарату жолымен дүрліктіру. Түрлі шетелдік басылымдарды айтпағанда өз ішіміздегі кейбір теріс пиғылды үгіттейтін, дәріптейтін

электронды ақпарат құралдары да көрініс бере бастады. Сөзіміз дәлелді болу үшін бірер мысал келтіре кетейік. 2013 жылдың 17-қаңтарында «Жана өзен нет» сайты «Қазақстанды қарулы қақтығыстар күтіп тұр, ары қарай бұл қақтығыстар Өзбекстанда, Қырғызстанда, Түркіменстанда жалғасады» деп, ғаламтор оқырмандарын дүрліктірген болатын. Ал АҚШ-ның 100 мың данамен басылатын «Foreign Policy», Францияның «Le Figaro» сияқты беделді басылымдары «Ливан, Сирия, Пәкістандағы, Африка елдеріндегі жылдар бойғы тұтанған соғыс енді Қазақстан, Қырғызстан қатарлы орта Азия елдерінде жалғасады» деп сәуегейсіген болатын. Бұл – бір жағы сәуегейсу емес, халықтың зәресін алу, үрейлендіру жолымен іріткі салу. Мұндай алып-қашты лақап бүгінде де ғаламтор бетінде көрініп жүр. Алайда шетелдік ақпараттың жөні бір басқа, өз еліміздегі теріс пиғылды электронды ақпарат құралдарының мұндай әрекеттеріне тосқауыл қойылмай отырғаны таңғалдырады.

Жерді жекеге беру туралы әңгімеден кейін ғаламтор желісіндегі өсек-аяң тіпті қыза түсті. Еліміздің аты да заты да белгісіз бір сайтында аузы-мұрны қисаймай: «Қытайдың қаншама әскері Тәжікстанға кірді. Ал Қазақстанды да қытай азаматтары иелене бастады, оладың саны кешікпей елу миллионға жетеді дейді, тіпті көшелерде бұдан да сорақы лақаптар тарады. Сонда Қазақстанның қытайланбағанда несі қалады» деген өсек таратқанын өз құлағыммен естідім. Жалпы халқының саны он жеті миллионнан аспайтын Қазақстанға елу миллион қытай келеді дегенге қалай сенеміз, көптеген қытай кіріп қойғаны рас болса көшеде, ауылда көзге ұрып тұрмас па еді. Осындай негізсіз өсекке қалай сенбекпіз! Ғаламтор арқылы арандатушы топтар Қа-

зақстанның байырғы халқымен оралмандардың арасына жік салатын өсек-аяндарды да жиі тарататын болды. Жоғарыдағы сайтта «Кеше бізді оралман деп шеттетіп едіңдер, жерімізді қытай басып алса, ендігі жерде өздерің оралмандардан да төмен ұлдарың құл, қыздарың күң, жеріміз пұл болады» деп оралмандар атынан, өсек таратты. Халықты мұндай негізсіз өсекке сенбеуге шақырамыз. Отан қадірін, ұлт қадірін білетін шеттен келген ағайындар ешқашан мұндай арандатушылыққа бармайтынына мен кәміл сенемін. Біз «Атажұрт» қоғамдық бірлестігі тарапынан осы өсектің иесін іздестіріп те көрдік. Оралмандар емес екеніне көз жеткіздік. Мемлекеттің қауіпсіздік органдарында оралмандарға қатысты мұндай еш сезікті іс әрекет тіркелмеген. Мемлекеттік ақпарат құралдары ондай бірде бір дерек жазбаған.

Халық көпшілік, әсіресе жастарымыз осындай өсек-аянның жетегінде кетпей абай болғай дейміз. Бұқараның ақыл-ойын жаулайтын, теріс үгіт, жаман ой ешқашан жақсылық әкелмейді, керісінше опық жегізіп, өмірімізді құл талқан етеді. Өшу қас қағымда ғана болса, өсіп, жетілу, толу соншалықты қиын, әркімнің қолынан келе бермейтін, ұзақ мерзім талап ететін күрделі процесс екенін біле отырып «бейітке» жүгірмейік.

Өзінің бейбітшілік сүйгіш позициясы, осы жолдағы игі қадамдары арқылы халықаралық аренада зор беделге ие біздің еліміз қазір әлемнің 180-дей елімен дипломатиялық қарым-қатынаста екенін ойласақ бізге төніп тұрған пәлендей қауіп жоқ сияқты көрінері де анық. Бірақ олай деп бойды босқа салуға болмайтыны тағы шындық. Қай елдің бізбен достық қарым-қатынас барысында қандай мақсат көздеп отырғанын дөп басып айту қиын. Қалай да әр елдің достық қарым-қатынаста ішкі

есебі бар екені шындық. Мәселен сонау мұқиттың арғы бетіне қол созып отырған әлемдегі ең ірі держава АҚШ-ның қалай да бізге жаны ашып отырғаны жоқ. Бізді жаулап алу ниеті болмаған күннің өзінде Орта Азиядағы дамушы елдерге ықпалын жүргізіп, Россия мен Қытайға бақталас болу, қыр көсету жолындағы қолайлы мүмкіндіктерді біз жалғастырушы көпірі екендігімізді өзіміз де, өзгелер де түсініп отыр. Бұл орайда екі ұлы көршіміз Ресей мен Қытай көкейімізде тұратыны анық.

Кезінде марқұм танымал саясаткер Айтан Нүсіпханұлы «Қазақстан үшін Ресей қандай маңызды болса, Ресей үшін Қазақстан сондай маңызды екенін ұмытпаған жөн» деп жазған еді. Саяси салада да, экономика тұрғысында да осы тепе-теңдіктің, күні бүгін сақталып отырғаны, «Евразиялық одақтың» маңызының екі ел үшін де арта түсуі бізді қуантады. Ал Қытай тұрғысында Батыс Қытай, батыс Европа тас жолы да дәл осындай маңызға ие. Басқаша айтқанда екі көршіге біздің сыйласуға тұрарлық маңыздылығымыз жыл сайын артып келеді.

Қалайда алыс-жақын елдердің қайсысы болмасын біздің жетістіктерімізге соншалықты қуана қол соқпайтыны, тек қоғамның әр саласындағы салмағымызға сай сыйлатыны өмір шындығы.

Сонымен қоса кім болмасын осал тұсымызды жіті қадағалап отыратыны анық. Біздің ішкі ең мықты тірегіміз – Елбасы өзі басшылық жасап, жылдар бойы халықтың сенімінен шығып келе жатқан «Нұр Отан» партиясы. Екінші тірегіміз – еліміздегі сан ұлттың ынтымағы жарасқан бекем бірлігі мен тірлігі. Ынтымақ, бірлігімізге Президентіміздің өз бастамасымен құрылған, бүгіндері жүйелі жұмыс жасап отырған «Қазақстан халықтары

ассамблеясы» да зор, маңызды үлес қосып отырғанында айта кетуіміз керек. Қазақстан халқы осы екі тірек күштің айналасына нық топтаса білді. Біз осы екі күшті мызғымас тірек санасақ, керісінше дұшпандарымыз осал тұсымызды да дәл осы екі фактордың айналасынан іздейді. Әсіресе саяси науқан тұсында партиялар мен ұлттарды бір-біріне қарсы қою арқылы жік салғысы келеді. Әрине, демократиялық принциптерді берік ұстанған біздің еліміз көп партиялыққа, әділетті бәсекелестікке шек қойған емес. Биылғы сайлауға да алты партияның өз үміткерлерін ұсынғаны, олардың тіркеуден еш кедергісіз өткені бұған дәлел. Бұл сайлауда да халық өз таңдауын жасады, әлем мемлекеттері де толығымен мойындап, тұтас қолдады.

Әлемді жайлаған дағдарыс, экономика, қаржы тапшылығына да төтеп беріп, сүрінбей келеміз. «EXPO-2017»- ні де табысты өткізу арқылы халық игілігі үшін тағы бір қалашық бой көтеріп жатқанын көріп отырмыз. Елбасымыз елі, жері, халқы үшін жарғақ құлағы жастыққа тимей тынымсыз еңбектеніп жүр. Осындай жағдайда «көрмес түйені де көрмес» дегендей халық арасына теріс үгіт жүргізіп, аққа қараны жағуға болама?

Қысқасын айтқанда, Қазақстанда шет елдіктерге жер сатылмайды, жалға да берілмейді, тіпті, еліміздегі Қазақстанның азаматтығын алмағандарға да жер берілмейді. Соның ішінде Ауылшаруашылық мақсатындағы жер учаскілері шет елдіктердің жеке меншігіне еш уақытта берілмейді. Тек ауыл шаруашылығындағы игерілмеген жерлерді Қазақстанның өз азаматтарына ғана аукцион арқылы жалға беріп жерді тиімді пайдалануға бет бұрыс жасайды. Бұл практика әлем елдерінің бәрінде бар. Ал біздің өз азаматтарымыздың жалға алған жерлерін шет

елдіктерге сататын, жалға беретін құқығы жоқ. Берілген алақандай ғана жер болса да ол халықтың, мемлекеттің күнделікті назарында, қатаң бақылауында болады. Егер еліміздің ұлттық қауіпсіздігіне титтей де зиян келер болса қайта қаралып кері қайтарылады. Халықпен ақылдасып, егер өз азаматтарымызға жер берген жағдайда бұның бәрі мемлекет заңымен айрықша белгіленеді. Яғни заңға кіретін болады. Сол үшін халықтың пікірін толығынан енгізеді. Егер халық қаламаса заң қабылданбайды. Яғни жер жалға берілмейді. Мұны Елбасы өзі жуықта ғана өткен Қазақстан халық ассамблеясы сессиясында шегелей отырып айтты. Сондықтан жер туралы заң қабылданбай тұрғанда, әлі ешкімге жер берілмеген жағдайда түймедейді түйедей етіп, халық ортасында өсек таратып, ел тыныштығын бұзуға әсте болмайды. Егер мұндай іс әрекет жасаса, «тырнақ астынан кір іздеудің» алауыздық, көреалмастық, бақталастықтың көрінісі болары анық. Бұл сыныққа сылтау табу арқылы тәуелсіз қазақ елін ыдыратуға, жоюға арналған шеттің, жауыздық іс әрекеті екенін де жоққа шығара алмаймыз. Өйткені бұған қоса соңғы кезде жастарға ағылшын тілін үйрете бастауға байланысты Білім министрлігінің бағыт бағдарламасын тікелей бұрмалап, «жерден алтын тапқандай» етіп «бұл – Қазақ елін құрту, жоюдың бір жолы» деп көрсетушілерге не айтамыз. Қазіргі заман талабына сәйкес жастарымызға шет тілдерін үйрете бастайық, оларды ғылымды, білікті етейік, ұрпақтарымыз білімді, өзгемен терезесі тең болып өссін деген тұрғыда ұстанған бағыт.

Бұның бәрін уақыт өзі анықтайды. Халық өзі қаласа ағылшын тілін мектеп жасынан ба немесе орта мектептен бастай ма, аптасына бір ме әлде көбірек сағатпен ен-

гізе ме бұның бәрі халықтың өз қалауында. Сондықтан бәрін саясатқа айналдыруға болмайды. Ал қазақ тілін, яғни мемлекеттік тілді дамытуға байланысты Елбасының саясаты өзгермейді, керісінше жемісті болады. Уақыт өте келе қазақ тілінің тұғыры биіктей береді. Ағылшын тілін үйрену, игеру өмір талабы екені де рас. Сондықтан бәріне де сабырлық керек. Бірлік – біздің «Мәңгілік ел» болуымызды қамтамасыз ететін сан түрлі фактордың бірегейі, саяси тұрғыдағы мәңгілікке жеткізер қадамдарымыздың алтын дінгегі. Тек, саяси қырағылығымыз арта берсін. Бұл әлемде досымыздан дұшпанымыз аз емес екенін естен шығармайық. Қажымас қайратпен күрес жүргізіп келе жатқан еліміздің билік басындағылардың ерен ісін көре алмас күндеушілер қалай бұрмалап, дақпырт таратса да қараша халық – көрмес көр соқыр, еш нәрсені естімейтін керең емес, нақты көреген, сұңғыла. Бізге Қазақ еліміз қымбат, еліміздің Тәуелсіздігі қымбат.

ЛАҢКЕСТІКТІҢ ТАМЫРЫ – СЫРЫМЫЗДЫ АЛҒАН СЫРТҚЫ ЖАУ

Ақтөбедегі, Алматыдағы лаңкестік оқиғасынан соң зұлымдықтың себебіне үңіліп, тегін тектей бастадық. Біріміз қоғамнан, өз ортамыздан іздесек, біріміз әлемге өз үстемдігін жүргізуді мақсат тұтқан сыртқы күштердің әрекеті дегенді алға тартып жатыр. Әрине, қай-қайсысының да зор ықпалы бар екені дәлелдеуді қажет етпейтін шындық. Тек қайсысының салмағы басым, біз қай факторға айрықша назар бөлуіміз қажет? Нақты қандай шараларды жүзеге асыруымыз қажет? Бұл тұрғыда әлі де дөп басып айтып, пәрменді шара белгілей алмай, басымыз қатып жүргені де шындық. Теледидар бағдарламасы арқылы өз ой пікірін білдірушілердің ортасынан ел қадірлеген дөкей ағаларымыздың бірі мұндай зұлымдық әрекеттердің түп тамыры қоғамдағы кемшіліктерде жатыр деген пайым жасады. Жұмысы жоқ, тіршілігі нашар отбасынан шыққан жастардың қоғамға деген ренішінен туындаған әрекеті деген түйін жасайды. Мен бұл тұжырыммен келіспеймін. Жұмыссыз жастардың бәрі қолына қару алып, адам өлтіріп, жарылыс жасап, халықтың шырқын алады деу ақылға сыймайды. Бұл ретте жұмыссыздық деген ұғымның өзін біржақты түсінуге болмас. Нарықтық экономикаға көшкен елдерде, әсіресе жер байлығына сүйене отырып өндірісті мықтап тұрып дамытуды қолға алған біздің елде жұмыс жоқ емес, талаптанған адамға не көп, жұмыс көп. Онан гөрі пиғыл жоқ десек шындыққа жақын келер еді. Ауыл, ауданнан бастап әкімшіліктің әр буынында «жұмыспен қамту» мекемелері жұмыс істейді. Қала көшелерінде

мемлекеттік ұйымдардың, жеке өндіріс, шаруашылық, түрлі компаниялардың «Жұмыс іздеп жүрсіз бе? Бізге келіңіз», «Жұмысшы қажет» деген сияқты жарнама, хабарламалары самсап тұр. Жұмыс істегісі келетін адам үшін құрып кеткенде Абай ағамыз айтқандай «Есектің артын жууға» дейінгі жұмыстың неше түрі бар. Бірақ қазіргі таңда ауырдың үстімен, жеңілдің астымен жүргісі келетін жалқаулар да жоқ емес. Ондайларға жұмыс «табылмайтыны» шындық. Әйтпегенде көрші өзбек, қырғыз ағайындар жұмыс іздеп бізге ағылмас еді ғой. Қазір Астана қаласының ірі құрылыс нысандары түгіл тұрғындардың меншік баспаналарына дейін солар салып жүр. Ал біздің жастарымыз күні түні көше кезіп, серуендеп салтанат құрып жүр, олар жалқау деп айта алмаймын. Бірақ қайда барсақ та «қазақтың жігіттері заманауи техниканы игере алмайды, бір бұранда, гайка жасай алмайды» деген қаңқу сөз алдымыздан шыққанда еріксіз алаңдайсың. Бүгінгі әлемдік, тіпті өз еліміздегі индустриалдық өндіріс, инновациялық технология өркениеті біздің жастарымыздан ұшақ, ғарыш кемелерін жасауға дейінгі терең білімді талап ететіні де рас. Оған жастарымыздың қарым қабілеті, мемлекеттің қолдауы жетпей отырған жоқ. Тек белсенділігіміз жетіспейме деп ойлаймын. Біздің жастарымыз Елбасымыз айтқан «Іздеген сайын табылатын, игерген сайын молаятын» инновациялық технологияны игеруге неге құлшынбаймыз. Сөйтіп, кеше ғана құлдық бұғаудан босаған жас мемлекетімізді сан ғасырлық өркені бар алпауыт елдермен бір күнде теңесе қалмадық деп өз елін, туған отанын алымсынбай мұрынымызды шүйіруге бола ма? Ал лаңкестік топтар осындайды қалт жібермей пайдаланады. Сондықтан қоғамдағы келеңсіз істердің бәрі жұмыссы-

здықтың салдары, еліміздің өркенінің төмендігі деудің өзі – сынаржақ пікір. Әрине, кемшіліксіз қоғам болу мүмкін емес. Қоғамдағы мұндай кемшілікті түзету үшін әр адам өзін түзету керек. Біз аяғымызды енді ғана тәй-тәй басқан жас мемлекетпіз. Сондықтан осындай жас елдің тез қалыптасуы үшін өзімізді өзіміз аялауымыз, қорғауымыз қажет. Уақытпен жарысып өсуіміз қажет. Әдетте өсу қиын өшу оңай екенін естен шығармау жөн. Бұл – халық даналығы, халық пәлсапасы. Демек халықтың тіршілігі нашар, жұмыссыз жастар көп болуы қоғамда орын алған зұлымдық әрекеттің негізгі себебі емес.

Зұлымдықтың, лаңкестік қаныпезерліктің түп тамыры өз ішіміздегі жұмыссыз жастарда емес, сол лаңкестікке барып, өз жанын пида етіп жүрген жанкешті жеке адамдарда да емес, сыртқы дұшпандарымыздың қулықтарына құрық бойламайтын әрекетінде жатыр. Бүгінгі таңда адам санасының нәзік тұсын өз мақсатына пайдаланудың көзін тапқан адамның сезімін улайтын психологиялық, рухани қару мынау ғылым мен техникалық өркениеттің жетістігінен анағұрлым асып түсті десек артық айтқандық емес. Ол дін атын жамылған жалған ағымдар екенін жақсы білеміз. Бірақ солардан қорғанудың жолын ойлап тапқамыз жоқ. Тіпті жарытып ойлап, бас қатырып жүрген жоқпыз. Ақтөбедегі бұдан жеті жылдың алданда болған оқиғадан сабақ алып дәйекті, түпкілікті шара қолдана алмауымыз бұған дәлел. Жастарымыздың сана сезімін шетелдердегі дін атын жамылған лаңкестік радикал күштер салафизм, бахауист сияқты секталар арқылы улап жатыр. Не үшін? Түпкі мақсаты не? Оларды дайындайтын күштер – әлемге қожалық еткісі келетін алпауыт мемлекеттер. Олардың мақсаты – мықтылардан да мықты болу арқылы жалпақ

әлемге өз үстемдігін жүргізу. Оған жететін жол ұсақ, әлсіз мемлекеттерді басып алу, құрту, аздырып-тоздыру, халқын құл болдыру, байлығын пұл болдыру. Олар әсіресе, жаңадан дамып келе жатқан мемлекеттердің өз құрықтарына оңай түсетінін де жақсы біледі. Жас, әлсіз елдерді қару-жарақ қолданбай-ақ өз ішінен ыдырату, ішкі қақтығыстарды өршіту арқылы-ақ басып алып отырды. Осындай жас мемлекеттің бірі бүгінгі таңда Қазақстан болмақ. Қазақстан атты байтақ территориялы, жерінің асты мен үсті байлыққа толы ел қандай басқыншының болмасын көзін қызықтырып, кеңірдегін жыбырлатыры сөзсіз. Байлыққа көзі тұнғандар қандай әрекеттен де тайынбақ емес.

Осы тойымсыз пиғылдарын іске асыру үшін зорекер елдер ғасырлар бойы өзінен әлсіздерді басып алудың небір айла-тәсілдерін қолданғанын жақсы білеміз. Садақ, қылыш, шоқпардан бастап атом бомбасына дейінгі қару жарақ күшін пайдаланып көрді. Химиялық, биологиялық қарулар ойлап тапты, тіпті, әртүрлі індет тарататын бактерологиялық қару қолданды. Қысқасы не сияқты қулық-сұмдықтарға барды. Бірақ бүгінгі таңда ондай қару жарактың бәрінің де күні өтті. Сондықтан ендігі жерде адам санасын улайтын, жоғарыда айтқанымыздай, психологиялық қаруға көшті. Бұл – олардың ойлап тапқан кезекті қуатты қаруы, зор жетістігі. Осы қару арқылы бүкіл араб елдерін, бір ғана Иракты шейт, сүннидке бөліп, бір-біріне қарсы қойып, мыс табақтай қағыстырды. Ауғанстанды асы-үстіне шығарды, Иранды аздырып-тоздырып, иегінің астына алды. Сирия мен Ливияның халқын ақтабан шұбырынды етіп, Европаға тентіретті. Енді, міне орта Азиядағы ең бай, әрі жас мемлекет біздің елге де ауыз сала бастады.

Алланың рахымымен түскен қасиетті дініміз бен оның ақ жолын нұсқайтын Құран-кәріміміздің аяттарын бұрмалап, құбыжық етіп көрсетіп, жастарымызды адастыруда. Алпауыт елдерде бұл қаруды жүзеге асыратын жүздеген институттар, секталық оқу орындары, орталықтар жұмыс істейтіні жасырын емес. Тіпті Ұлыбританияның мұсылман дінінің атын жамылған Ақмадия «мешіті» жиырманшы ғасырдың басынан бері жұмыс істеп келеді. Олардың құйтырқы саясатын мұсылман елдері әлдеқашан әшкерелеп, өкілдерін Меккеге қажылық сапар жасауға шектеу қойғанымен іс әрекетін тоқтату мүмкін болмай отыр. Осындай ағымдар дінді бұрмалап қана қоймай жастардың санасын түбегейлі өзгертіп, асқан қатыгездікке, қанішерлікке тәрбилеуде. Оларды азын-аулақ ақшаға қызықтыру, өз «ілімдеріне» риясыз сендіру арқылы жарылыс жасап, жанкештілікке баруға көндіруде.

Қой терісін жамылған қасқыр сынды мұндай секталар біздің елімізде кеңестер тұсындағы пролетарлық диктатура, коммунистік идеология құлап, демократия үстемдік құрған 1990 жылдардан ерекше күшке айналғанын бәріміз жақсы білеміз. Адам құқы, дін ұстану еркіндігі, әрине, демократиялық қоғамның басты құндылықтары екенінде дау жоқ. Барлық негізгі діндерге тең құқық бердік, есігімізді демократиялық үрдіске сай айқара аштық. Дінді мемлекет ісінен бөлектесек те азаматтардың дін ұстану құқына шектеу қойған жоқпыз. Біздің осы кеңшілігіміз кемшілікке жол ашты. Негізгі, шынайы діндердің атын жамылған ізгілікке қарсы жауыздық саясатты дәріптейтін секталарға жол беріп алдық. Бұған – еліміздегі қаптап кеткен діни секталар, әлденеше рет орын алған кішігірім лаңкестік оқиғалар,

еліміздің жүздеген жастарының өзге елдердегі соғыстар мен қақтығыстардың ортасында жүргені дәлел. Бұларға түсінік беріп қамқорлығымызға ертерек алған болсақ бұндай жағдайға барар ма едік. Әрі, еліміздің қауіпсіздік, заң, құқық органдары осы жауыз секталардың іс әрекетіне бақылау қою, жолына дер кезінде тосқауыл қою тұрғысында пәрменді жұмыс жасай алды ма. Бұл тұрғыда аталмыш органдар қол қусырып қарап отыр деуден аулақпыз. Ең негізгісі барша халықты жұмылдыра алмадық, олардың күшін пайдалана алмадық. Басты мәселе – істің нәтижесі. Ал нәтижесіздіктің себебі көпірме сөз, қағаз жүзіндегі шара, көз бояушылық, жоғарыға берілетін жалған ақпарат екенін Елбасының өзі де айттып, ескертіп жүргенін білеміз. Елбасы алдында есеп беретін шенді шенеуніктер «бәрі де ойдағыдай, сіздің тапсырмаңызды осылай артығымен орындадық, алаңдауға негіз жоқ» деп қағаз жүзінде атқарылған шараларды жұмыс нәтижесі ретінде таныстырады. Тіпті, кей шенеунік өзінің ауыз толтырып айтқан «жетістігінің» жалған екенін өзі де білмейді. Өйткені оған ақпарат беріп отырған қол астындағы қызметкерлері көзбояушылық жасап, жалған ақпарат береді. Өтірікті шындай, ақсақты дындай етіп, өсіріп, ісіріп-кептіріп баяндайды. Осындай келеңсіздіктер әлгі лаңкестік секталардың елімізде тамырын тереңдете түсуіне қолайлы мүмкіндіктер туғызып отыр.

Сондықтан елімізде жастардың діни жат ағымға бой алдырып, жауыздыққа баруының себебін жұмыссыздықтан емес, сырымызды алған сыртқы күштерден іздеуіміз керек. Сыртқы күштердің жауыздық әрекеттеріне қарсы тек заң, құқық, қауіпсіздік ұйымдары ғана емес, діни орындардан бастап, қоғамдық ұйымдар, әр отбасы,

жеке адамдар күш біріктіріп күресуіміз қажет. Елбасы Н.Назарбаев Ақтөбе қаласында болған лаңкестіктен соң халыққа жасаған мәлімдемесінде: «Халқымыздың қауіпсіздігі мен тұтастығы үшін бәріне де дайын екенімізді көрсететін кез келді» деп барлығымызға зор міндет, жауапкершілік жүктеді. Сол міндетті абыроймен орындау үшін әр азамат, әр отбасы, әр ұжым жауапкершілігімізді арттырайық, ағайын.



МЕМЛЕКЕТ ПЕН ХАЛЫҚТЫҢ АРА БАЙЛАНЫСЫ – ТЫНЫШТЫҚ КӨЗІ, БЕЙБІТ ДАМУДЫҢ КЕПІЛІ

Қоғам, халық болған жерде келеңді де, келеңсіз де оқиғалар орын алып жататыны – өмір заңдылығы. Алайда келеңсіздіктің кеселге айналмауына қоғамда кім жауапты? Әрине, жалпы халық болып атсалысу керек екенін білеміз. Дегенмен негізгі міндет атқарушы биліктің мойнында болуға тиіс екеніне де ешкім дау айтпайды.

Ел тыныштығы тәртіп пен жауапкершілікте, береке-бірлікте екенін Елбасымыз әр сөзінде қадап айтып, қол астындағыларға нақты тапсырма беруден жалыққан емес. Елбасы тәуелсіздіктің алғашқы күнінен бастап барлық сатылы әкімдік басшыларына халықпен бірге болуды мұқият тапсырды. Министрлерден бастап, облыс, аудан, ауыл әкімдеріне дейін әрбір азаматтың тұрмыс-тіршілігін жете қадағалап отыруды, халықпен тығыз байланыста болып, олардың алдында атқарған шаруаларының есебін жылына екі рет беріп, халықтың талап, тілегін тыңдап, шешіп отыруды, кезіккен кемшіліктер мен шешімін таппаған мәселелерді хабарлап отыруды міндеттеген болатын. Өкініштісі кейбір министрлерден бастап барлық сатылы әкімдердің көпшілігі бұл тапсырманы бас шұлығын қабылдағанымен жүзеге асыруға келгенде селқостық танытты.

Әсіресе кейбір министрлер мен облыс, аудан әкімдері ел арасында болып, халықпен қоян қолтық араласқанды қойып, мұқтажын айтуға іздеп келгендердің өзіне кезікпей машинадан түсе сала біреу-міреу арыз-ар-

ман айтып мазамды алмасын деп, кабинетке жүгіріп кіретін болғанын халық көп жерде бастарын шайқап айтып жүр. Онымен қоймай кабинеттеріне қабат-қабат есік салдырды. Ғимараттың ауласынан бастықтың кабинетіндегі екі қабат есікке дейінгі жол полицей, күзетші, кезекші, рұқсаттама беруші, өтініш қабылдаушы, бөлім бастығы, бастықтың хатшысы сияқты жеті қабат тосқауылдан тұратындықтан өтініш айтушының өзі емес қолындағы бір жапырақ арызы үлкен бастыққа жетсе, араға апта салып барып жететін, әйтпегенде жартымсыз жауаппен жарты жолдан қайтатын жағдай кейбір мемлекеттік мекемелерде қалыптасқаны бүгінгі нақты көрініс. Сөйтіп, бастыққа жолданған халықтың өтініш, тілегі, ой пікірі қақпадан өте қақпақылға түсіп, су аяғы құрдымға кетеді. Сөзіміз дәлелді болу үшін бір жолдасымның басымынан өткен бір мысалды келтіре кетейін.

«Мен тұрмыс тіршілік тұрғысында жоғарыға шағымданайын, өтініш білдірейін деп емес, қоғамға иненің жасуындай болса да пайдасы тиеді ау деген ниетпен жазған бір кітабыма авторлық құқық алу үшін әділет министрлігіне барғаным бар. Мақсатым – министрге немесе бөлім бастығына, тіпті, сол авторлық құқыққа жауапты басшысы емес, өтініш қабылдайтын қызметкерге кезігу. Министірліктің есік алдындағы полицейлер рұқсаттама бюросынан рұқсат қағаз әкелесіз деді. Рұқсаттама бюросының сығырайған көздей терезенің ар жағындағы қызметкер дәліздегі телефон арқылы қажетті адамыңызбен сөйлесіп «қабылдаймын» деген жағдайда рұқсаттама қағазын беретінін айтты.

– Ол адамның кім екенін білмеймін, қалай сөйлесемін?

– Қабырғадағы тақтада жазулы тұр.

Қабырғадағы тақтада авторлық құқықты қойып, соған жақын келетін бір де лауазым жоқ. Жорамалдап қана бір лауазымның телефон номерін таңдадым. (Оның телефонына қосылудың өзі машақат, тақтадағы жазулы номерге тура шалсаң қабылдамайды, номердің алдына сан қосатын болу керек деп ойладым, бұрынғы бір ішкі телефон үрдісімен 9 санын қосып көрдім. Тағы жоқ. Таңғып терезедегі келіншектен қайта жөн сұрадым.

– Ой, өзіңіз сауатсыз екенсіз, нұсқауы жазулы тұр ғой, алдыңғы «7» деген санды қалдырып теріңіз, – дейді.

Ақыры сөйлесіп, аржағындағы қызға шаруамды айттым.

– Төлемін өткізіп қойсаңыз, кітабыңыздың нұсқасын ауыздағы жәшікке қалтырып кетіңіз, бізге кезігудің қажеті жоқ.

Мә, саған, жәшік дегені менің 300 парақтан тұратын кітабым сыймайтын қуықтай тар. Ақыры телефон арқылы әлгі қызға қайта сөйлесіп, «есік алдына келіңіз» деген жауап алған соң министрліктің алдына қайта келдім. Ар жағынан шыққан қызметкерлердің бәріне жалтақтап «авторлық құқық» деп айғайлап тұрып, өзімді іздеп келген қызға папкамды әрең өткіздім. Жай өткізгем жоқ, 300 парақтың әрқайсысына қол қоюға тиіс екенмін. Егер алдыңғы сөзбен жәшікке салып кетсем, қабылданбай тағы да сергелдеңге түскендей екенмін. Сөйтіп, әлгі қыз «жауабын жұмыс күні бойынша бір айдан соң осы жерден келіп аласыз» деді де айналып кете барды.

– Қызым, тоқтай тұр, болмағанда аты жөніңді айтып кет. Бір айдан соң сені қалай таппақпын. Әйтеуір аты-жөнін біліп алдым» деді.

Міне, қарапайым халық бүгінгі таңда қарапайым ғана атқарушы лауазымындағы мемлекеттік қызметкермен

тек осылай тілдесе алады. Ал министрлердің халықпен бір айда екі рет, екі сағат кездесуге уақыт бөлгенін кестеден көресіз. Шындығында осы кесте де орындала бермейді. Ол күні министрге «шұғыл шаруа» шыққандықтан келмей қалады немесе орнына басқа біреу келеді. Оның жауабы: «Бұл мәселе менің құзырымда емес, министрге өтінішіңізді жалғастырамынмен» шектеледі. Осылай басшылықтан жауап ала алмаған жұрттың биліктен көңілі қалады. Тіпті, бейбіт митинг өткізу талабын қояды. Ондай митингінің соңы көшеде тәртіп сақшыларына қарсы тас атуға, қарулы қақтығысқа дейін апарып соғатынын көптеген елдердің бастан кешіріп жатқан жағдайларынан көріп отырмыз.

Жалпы халықтың наразылық танытып көшеге шығуы түгіл бір басшының бір ауыз сөзінен, бір реткі жағымсыз мінезінен болып ренжіген бір адамның көңіліне қонақтаған үкіметке, мемлекетке деген реніштің орны толмақ емес. Сол бір адамның бір ауыз пікірі көпшілік ортасына өрт болып таралады. Оны сөндіру оңай емес. Қазақ «достың көңілі бір атым насыбайдан қалады» деп бекер айтпаған. Қаз тойғанына емес, орғанына семіреді дегендей адамның жақсы сөзге жаны семіреді, бір ауыз жылы сөзді жарым ырыс санайды. Сондықтан әрбір мемлекеттік қызметкер алдына арыз айта келген кез-келген азаматты ілтипатпен қабылдап, қолынан келетін шаруа болса бітіріп берсе, қолынан келмесе жөнін дұрыс түсіндіріп шығарып салса, ол адам басшыға да, үкіметке де ренжімейді. Мемлекеттік саясатқа деген салқындық туындамайды. «Шалқайғанға шалқай, Ақ патшаның ұлы емес, еңкейгенге еңкей, атаңның қара құлы емес» дейтін халық суын таба білгенге қоң етін кесіп беруге дайын екенін басшылық қызметтегі әрбір азамат естен

шығармау аса маңызды. Әр сатылы лауазым иелерінің бірінші міндеті Елбасының саясатын мүлтіксіз жүзге асыру болса, екінші міндеті халықтың көңілін таба білу. Осы екі талапты бұлжытпай орындаса, халық мемлекетке жақындай түседі. Осы орайда басшылық қызметтегі лауазым иелері «Елбасының саясатын мүлтіксіз жүзеге асыру» деген ұғымды кең ауқымда түсіну қажет. Мәселен берілген тапсырманы, тапсырған істі айтқандай етіп орындау бір басқа да оны шынайы толыққандылықпен, жасампаздықпен орындау бір басқа. Бізде мемлекеттік қызметкерлер өзінің білімділік, біліктілік потенциалын толық пайдалана алмайды. Мәселені шешудің басқа жолдарын жан-жақты қарастырмайды. Қатып қалған қатаң қағида, бірөңкей стандартпен ғана жұмыс істеп, «бар», «жоқ» деген шалақ жауаппен шектеледі. Ол түгіл адамдардың басшылыққа жолдайтын тілек, өтінішінің өзін «менің мынадай мұқтажыма қол ұшын беруіңізді өтінемін» деген бір ауыз сөзге сыйғызатын қатып қалған бір үлгіге бағындыруды талап ететін стандарт қалыптастырып алғанбыз.

Бұл неге байланысты? Қазақстан – тәуелсіздікке қол жеткізгелі небәрі ширек ғасыр ғана болған жас мемлекет. Сондықтан мемлекеттік қызметтегі кадрларымыздың іскерлігі, мемлекетті басқару тәжірибелерінің аздығына байланысты деп ойлаймын. Қандайда бір қызметкер көп жағдайда өзінен жоғарғы лауазым иелерінің берген тапсырмасын бұлжытпай орындасам, заң аясынан шықпасам болды деген түсініктен аса алмайды. Ал шын мәнінде нағыз тәжірибелі, ысылған мемлекеттік қызметкер өзінен жоғарғы лауазым иелерінің берген тапсырмасын жасампаздықпен, творчестволықпен кемеліне келтіре орындауға тиіс. Басқаша айтқанда өз құзырын-

дағы, тіпті кей жағынан заңға қайшы келетін қандай да бір қиын тапсырманы басқаға жалтақтамай-ақ жөнін өзі тауып, орындап шығады. Нағыз іскерлік деген осындай болуға тиісті. Өйткені өмір, тірлік өлшеусіз, тұңғық дүние, оның барлығын тек, заңның аясында немесе қалыптасқан бірғана стандартпен шешуге болмайтыны өмірдің шындығы. Өмір, ол шексіз бай, заң да әр түрлі стандарттар да өмірден алынады.

Мен өз басым мемлекет басқаруда бай тәжірибелі ҚХР, бұрынғы Кеңестер Одағы, Қазіргі Ресей, Моңғолия сияқты елдердің мемлекеттік қызметкерлерінің іс тәжірибелерін жақсы білемін. Тіпті, Моңғолияда мемлекеттік қызмет атқарып жүрген кезімізде Кеңестер Одағының мемлекеттік түрлі органдарында қызметкерлерімен тәжірибе алмасып тұрдық. Сонда байқағаным; әр сатылы мемлекеттік орган қызметкерлері өзіне жүктелген шаруа, берілген тапсырманы жоғарыға жалтақтамай, батылдықпен, іскерлікпен шеше біледі. Ал бізде жағдай басқаша, әр сатылы мемлекеттік орган қызметкерлері өз бетімен батыл қадам жасай алмайды. Үнемі өзінен жоғарғы лауазым иесіне жалтақтап, болмашы шаруаны да соларға сілтейді. Немесе өзі заңды толық білмегендіктен мынау заңға қайшы келуі мүмкін деп батыл шешім қабылдай алмайды. Бұл жерде ескертін бір жай – әрине, кім болмасын заңға бағынуы, заң аясында қызмет жасап, шешім шығаруы қажет екенін бәріміз білеміз. Бірақ, заң дегеніміз де қатып қалған қатаң да қасаң қағида емес. Заң – тірі организм. Өсіп жетіліп отырады, икемдесең иіледі. Жалпы, заң өмірдің бұралаң иірімдерінің барлығын қамти алмайды. Олай ету мүмкін емес. Біз көбіне осы заңдылықты ескермей әуелі заң шығарып аламыз да өмірді сол заңға күшпен

бағындырамыз. Керісінше заң өмірге бағындырылып жасалуға тиіс. Өйткені өмір бай, өмірдің жолы сан тарам. Сондықтан заң өмір тіршіліктің талабынан туындайды. Заңды өмірге икемдеуге немесе заңның өмірге икемді тұсын ұтқырлықпен пайдалана білуге тиіспіз. Сол арқылы заңды да бұзбай, алдына келген қарапайым халықты да ренжітпей, жоғарыдан берілген тапсырманы іскерлікпен орындап, мемлекеттік істі оңтайлы атқаруға болады. Міне, біздің мемлекеттік қызметкерлерде осындай іскерлік тәжірибе жетіспейді. Алдына келген адамды «мына мәселе менің құзырыма жатпайды» немесе «мына мәселе заңға толық сәйкеспейді» деп қайтара берсеңіз мемлекет пен халықтың арасы алшақтай береді. Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні – әр сатылы мемлекеттік орган қызметкерлері өз құзырындағы мәселені жоғарыға сілтеп тайсақтамай, өз бетімен шешуге қабілетті болуы керек. Сонда ғана мемлекеттің алға қойған мақсаты орындалады, сонда ғана мемлекет пен халықтың арасы жақындайды. Бұл мемлекеттің халықшыл екенін дәлелдейді.

Мемлекеттік қызметкерлердің іскерлігі жөніндегі бұл мәселені алғаш рет мен көтеріп отырған жоқпын. Елбасының өзі мемлекеттік қызметкерлермен кездесулерінде айтып келеді. Елбасын мемлекеттік қызметкерлермен бір кездесуінде «Мен білімді, білікті деген азаматтарды мемлекеттік түрлі лауазымдарға тағайындап, түрлі тапсырмалар беремін, сенім жүктеймін. Өкініштісі олардың көбі тапсырманы өз бетімен орындаудың орнына «қалай істеуім керек?» деген сауалмен қайта айналып өзіме келеді. Әрине, ақыл-кеңес сұрауға болатын шығар, бірақ әуелі өзі ойланып-толғанып, орындаудың бірнеше жолдарын қарастырып, осының қайсысын таңдасам, бо-

лады десе мәселе басқаша. Ешбір ойланбастан басқаның жөн сілеуін күту іскерліктің белгісі емес, ондай мемлекеттік қызметкерлерден не қайыр» деген болатын. Сондықтан әрбір мемлекеттік қызметкер сол іске ең әуелі өзінің бар ақыл, парасатын жұмылдару, ойлану қажет. Бір стандартқа бағынып қатып қалмай, түрліше ойла-нып, түрліше әрекет ету арқылы жетістікке жетуге, істің шешімін өз бетімен табуға болады. Адамның таным қа-білетінің шексіз екенін философтар әлдеқашан дәлел-деген. Қандай қоғамда болмасын адам шешуші фактор, соның ішінде ой еңбегімен шұғылданушылардың орны ерекше. Ойды ой қозғайды, соңғы нәтижесі қандай істе болмасын оңтайлы шешім табылуға тиіс.

Біздің мемлекеттік қызметкерлердің тағы бір кемші-лігі жоғары лауазымды басшылар Елбасының тапсыр-масын орындамаудың сыртында «бәрі де болып жатыр, халық үкіметке разы, жағдайлары жақсы» дегендей жалған ақпар береді. Бұл жөнінде Жаңаөзен оқиғасы тұсында Елбасының өз аузынан естігенімізді халық әлі ұмыта қойған жоқ. «Мен Жаңаөзенге барайын, бар-лығын өз көзімен көрейін, халықпен кезігейін деп бір неше рет айттым, ал, сендер бәрі жақсы, бәрі болып жа-тыр дегендерің қане» дегенде ойбай, бәрі дұрыс еді, тек бұл мәселе оралмандардан ғана болды деп құтылудың жолын тапты да кетті. Соңында оралмандардың ешбір қатысы жоқ екеніде анықталды.

Жүздеген, мыңдаған жылдық мемлекеттік тарихы бар ірі елдердің барлығында мемлекеттік қызметкер-лер әуелі халықпен санасады. Басшы лауазым иелері халықтың ортасында болады. Алысқа бармай-ақ ір-геміздегі 1,5 млрд. халқы бар Қытай елін алып көрелік. Жоғарғы лауазымды мемлекеттік қызметкерлер қыз-

мет уақытының тең жартысын халықтың арасында – ауыл-қыстақтарда өткізеді. Тіпті ауыл-қыстақтарда арнайы шағын үй-жайлары, кеңселері бар. Қызметін сонда істеп, халықтың ортасында болады. Қаладағы отбасына үш айда бір рет 10 тәулікпен ғана қатынасады. Сондықтан олар халықтың ортасында не болып жатқанын, қарапайым адамдардың тұрмыс тіршілігі қандай екенін, қоғамға қауіп неден екенін бес қолдың саласындай біліп отырады. Басқа байырғы мемлекеттерде де осындай халық пен мемлекеттің арасын жақындатуға арналған түрлі іс тәсілдер бар екенін естіп, біліп жүрміз. Бірақ өз өмірімізде іске асыруға келгенде салғырттық танытамыз.

Небәрі 17 млн халқы бар біздің елімізде әркімнің қайда не істеп жүргенін ауыл басымен, қалалы жерде көше-көшесімен бақылап отыратын мүмкіндік бар. Әр мекеме, мектеп, ұйым, компания өз қарамағындағылармен олардың жанұясындағы жағдайдан хабардар болып отыруы қажет. Үкімет тарапынан қойылып отырған талап, тәртіпке полиция, қауіпсіздік мекемесі ғана емес, солар-ақ жауапты болатын мүмкіндік бар. Осылай істесек, халықпен тығыз байланыста болсақ нендей бір келеңсіздіктің алдын алуға мүмкіндік толық. Қауіпсіздігімізді қалайда сақтауға әбден болады. Сол үшін Мемлекет ұйымдарын қарапайым халықпен үнемі бірге болуға шақырған Елбасы тапсырмасын міндетті түрде орындап, өз міндеттерін аброймен орындау лауазым иелерінің парызы.

Қазақстан халқының береке-бірлігін нығайтып, өзара татулығын арттырып, ішіміздегі алауыздықты, көреалмастықты, бақталастықты жою – Мәңгілік Ел мүддесі

Елбасының ойлы да көреген саясаты, ұлтына деген терең сүйіспеншілігі жөнінде сөз болғанда тағдыр тәлкегімен «жат жұрттық» атанған шетелдегі қандастарымызға жасаған қамқорлығына қалай таң қалмайсыз, соның борышын қалай өтейміз деген ойға еріксіз шомыласыз.

Нақты айтсақ еліміз экономикасының тұралап тұрғанына қарамастан 1991-1992 жылдардың өларасы жаңа жыл түнінде алыстағы қандас ағайындарды жаңа жылдарымен құттықтай отырып, атажұртына шақырған «Ағайынға ақ тілек» атты хатын жолдады. «...Атамекенге келемін деуші ағайындарға жол ашық. Ата-баба аруағы алдарыңыздан жарылқасын! Сіздерді Жаңа жылдарыңызбен шын жүректен құттықтай отырып, әрқайсыңыздың отбасыларыңызға мол бақыт, қуаныш тілеймін! Сіздермен атамекенде табысатын, емін-еркін қауышатын күнге тезірек жетейік! деп жүрек жарды лебізін білдірді. Осыбір ыстық лебізі, шын жүректен шыққан ілтипатты сөзі алыстан келген ағайын біздердің әлі де жадымызда. Мұндай ілтипатқа оралман ағайын біздер нақты іспен ғана жауап беруге тиіспіз. Қазақстанның мүддесін қорғап, дамытуға тарыдай болса да біздер қолдан келген үлесімізді қосуды өзімізге парыз санаймыз. Сондықтан шеттен келген ағайындар, тұрғылықты

халық бірігіп, елімізді қорғау, Елбасымызды қолдау, Елбасының «Мәңгілік Ел», «Нұрлы жол» бағдарламасын уақытынан бұрын орындап, енді бұл дүниеде өшпейтін, мәңгілік Қазақ Елін өркендету үшін «Атажұрт» қоғамдық бірлестігін құруды жөн көрдік. Енді біз Қазақ елінің бір уығы болып шаншыламыз, бір кірпіші болып, қаланамыз. Қара шаңырағымыздан ала беру емес, керісінше барымызды береміз, бойдағы күш-қуатымызды арнаймыз деген ұранды нақты жүзеге асыру үшін іс шаралар ұйымдастыратын боламыз.

Біз жасыратыны жоқ бөгде елде ұзақ жылдар бойы өзгенің жыртысын жыртып, жыртығын жамап, күнін жоқтадық. Өзгенің жерінде артық болсаң, тең болып, тең болсаң, кем болып келдік. Күш-қуатымызды, білім-білігімізді өзгенің игілігіне арнадық.

Қадірлі ағайын! Енді бүгін бабалар аңсап өткен, топырағын басуға зар болған Атажұртымызға, Қара шаңырағымызға келдік. Отанның қаншалықты ыстық болатынын тұрғылықты халықтардан гөрі сіз бен біздер артық сезінетініміз де анық. Өйткені Отанның қадір-қасиеті, киелі шаңырақтың құдырет күші шексіз екенін басқадан қағажаяу көргенде ғана түсіндік. Сондықтан Атажұртына оралған ағайындар тұрғылықты халықпен етене жақын болып, тез сіңісіп, ары қарай не көрсекте бірге көрейік. Оралған ағайындар «шамамның жеткенінше еңбек етіп, елімді көркейтсем, септігімді тигізсем екен» деп келейік. Мемлекетімізді, халқымызды сынап, мінеу емес, сыйлап, ортаны құрметтейік, мақтан тұтайық. Кеше ғана қайта тіріліп, тәй-тәй басқан, бүгін күш қуаты артып, ірі дамыған ел қатарына жеткен Қазақстан халқына, Елбасына ақыл айтып, жол сілтеуден аулақ болайық. Елбасы салған сара жолды басшылыққа алып, бәрін де өзіміз

жасайық. Өйткені біздің қолымызды ешкім қақпайды. Қазақ елінің жыртық-тесігін жамайтын да, кеткенін келтіріп, кемтігін толтыратын да өзіміз болайық. Қоғамдағы әрбір кемістікті өзгеден емес, өзімізден іздейік, өзімізді түзеу арқылы өзгеге үлгі болайық. Өзіміз жақсы болсақ, өзгенің де жақсы болатынын түсінесіздер. Еліміз бойынша береке-бірлікті қалыптастырайық. Мемлекетіміз ғұмырлы болу үшін өзара тату болайық. Елбасымыздың Қазақ елі тәуелсіздік алған күннен бастап айтып, ескертіп, қадағалап келе жатқан ой-пікірін, ұсыныс, тапсырмаларын Қазақстан халқының әрбір азаматы сіз, біздер бүгіннен бастап, сөзбен емес, іспен жүзеге асырайық. Сол үшін қанымызға сіңіскен, талай ғасыр бойы қазақ халқына опық жегізген, ханын тағынан тайдырған, халықты бақ берекесінен айырған, талай рет қазақтың тамырына балта шаптырған ішіміздегі алауыздық, көреалмаушылық, бақталастықтың жолын қиюды бүгінгі өмір талап етіп отыр. Егер атың өшкір, осыбір аса пәлелі, қырсық пиғылды арамыздан алыстатсақ, еліміз мәңгілік жасайды, халқымыздың бағы ашылып, бақытқа бөленіп, ырыздығы онан сайын артады. Ал бұл пәле жалғаса берсе, ел дамысының шапшаңдығына сәйкес ертең қолға келетін игіліктер, дәлірек айтқанда, халықтың нақты табысы, өскелең өркені, өміршең істері аңызға айналып, аһ ұрғызып қала берумен ғана шектеліп қалмай, кешегіге қарағанда атқа шапқандай бүгінгі жеткен жетістіктеріміздің өзінен құралақан қаламыз. Ортада алауыздық, көре алмаушылық, бақталастық орын алған кезде халқымыздың береке-бірлігі кетіп, әбден әлсіреген, сол кезде жаудың қырына алынып, құрығына іліне кетіп отырғанын елдік, ұлттық тарихымыздан жақсы білеміз. Іштен ірітетін алауыздық, көре алма-

ушылық, бақталастық әрекеттері өрши келе, ұлт ішінде араздықтар, наразылықтар бас көтереді. Сол үшін мұндай іс әрекетке жол бермеуді «көре-көре көсем болған» бабаларымыз үнемі ескертіп, сақтандырып келді.

Әрине қазаққа ғана тән қасиет емес. Әлемнің көптеген ұлт, ұлыстарында кездеседі. Қайда да әділдікті көбінесе пасықтық жеңіп, жақсылықтан артылып отыратыны да құпия емес. Алауыздық, көре алмаушылық, бақталастық тіпті сонау пайғамбар заманынан арабтарда да болған. Мұхаммед пайғамбарымыздың өзіне қанша қастандық жасалды. Бергісін айтсақ қазақтың данасы, ақыл-ойы, бір туары Абайдың өзіне не көрсетпедік. Тіпті Шәкәрімнің өзін өзіміз өлтіргеміз жоқ па? Сонау бағзы заманның өзінде Керей елі мен Найман елі алауыздық кесірінен өзара жауласып, Шыңғысханға жем болды. Қазақ хандығы тұсында да әр дәуірде Үш жүздің басының қосылмауына осы таққа талас, баққа талас басты себеп болды. Отаршылдар дәл осы осал тұсымызды қалт жібермей пайдаланып, «бөліп ал да билей бер» деген саясат ұстанып, халқымызды құлдыққа салды. Осылайша таққа таласқан бақталастық кесірінен әкесі мен баласы, ағасы мен інісі, ағайын-туыс өзара жауласып, бірінің тамырына бірі балта шабуы кесірінен еліміз, ұлтымыз қаншама тозғанын естен шығармауымыз қажет. Осының салдарынан қазақ мың өліп, мың тірілмеді ме! Осының бәрін біле отырып, өзімізді-өзіміз көрге сүйрей берейік пе деген сауал еріксіз туындайды.

Қадірлі ағайын, алауыздық, көреалмаушылық, бақталастықтың тигізген, алда тигізетін зиянының бәрін айттып тауыспаспыз. Бөлінсек, бөрі жеп, жарылсақ, жау алатынын көрдік. Зардабын атқамінерлер немесе баққа, таққа таласқандар емес, қарапайым халық өзіміз тартып

келгеніміз де белгілі. Сондықтан саяси сақтық қашанда керек. «Жау жоқ деме, жар астында, бөрі жоқ деме, бөрік астында», «сақтықта қорлық жоқ» бұл – әшейін айта салған сөз емес, ежелден келе жатқан ескі де есті сөз, қапы қалмасын деген ескерту.

Қазіргі заман – тіпті алмағайып, тіптен қорқынышты. Жаһандану заманында демократия дегенді желеу етіп, алпауыт елдер біздің халықты ішінен ірітіп, бірін-біріне қарсы қойып, өзара жауластыру арқылы ойлаған мақсатына жететін жауыздық әрекетінен де абай болуымыз қажет. Жалпы, өмірдің екі-ақ жолы бар екенін білесіздер. Соның бірі тірі жүру болса, екіншісі өлу. Яғни бірі өшу болса, екіншісі өсіп-өну. Осы екі жолдың қайсысын таңдайық, қане, айтыңыздаршы? Береке-бірлік, ұлтаралық татулық сіздер мен біздерді, яғни Қазақстан халқын өрге сүйрейді. Гүлденген, өркендеген, салауатты, мәңгілік жасайтын Қазақ мемлекетін қалыптастыртады. Халқы бақыт пен шаттыққа бөленеді, ұрпақ алаңсыз болады. Қазақ Елін қандай да бір жау ала алмайды. Халқы құлдық пен бодандақ өмір енді кешпейді. Сөйтіп, береке-бірлігі жарасқан бақытты халық атанамыз. Әрбір азамат жасампаздыққа бой ұрып, отанының, елінің, жерінің нақты иесі бола алады. Сонда ғана құлдық жүйеден шығып, оны біржолата ұмытамыз. Міне, осылай емін-еркін өмір сүреміз.

Бұл – салауатты Қазақстан халқының нақты бақыт жолы. Яғни Елбасымыздың нұсқаған сара жолы. Ал, алауыздық, көре алмаушылық, бақталастық сіз, біздердің басымызды төрге емес, көрге сүйрейді. Өсірмейді, өшіреді. Тіпті қазақтың маңдайына құдайдың берген бағын ұшырып, құт-берекесін қашырады. Ішіміздегі алауыздық әрбір отбасының, оның ұрпағының өсіп

жетілуіне үлкен қиянат болады. Бізді басыбайлы болдыруды көздеп отырған алпауыттардың, құртып жібергісі келетін дұшпандардың қолтығына кіріп, уысында кетеміз. Мұндай зұлымдық саясатты өмірде көрдік, басымыздан өткіздік. Енді бүгін міне, «көре-көре көсем болдық». Өткеннен тағылым алдық. Сол тағылымды естен шығармайық. Сіз біздерді адастырып, сара жолымыздан тайдыратын тұла бойы улы, өзі жиіркенішті көре алмаушылық, бақталастықтың жолын кесетін, арамьздан аластайтын уақыт, заман біздің еншімізге тиіпті. Өйткені бүгінгі заман ақыл парасаттың толысқан заманы. Әлемге ұлтжандылығымен, берекешілдігімен үлгі болған ұлт-ұлыстардан үйренудің, ақпарат алмасудың зор мүмкіндігі туған заман. Көзге көрінбейтін қиянаты да сезінуге болатын ғылым жетістігінің заманы. Әрі ата-бабаларымызға арман болған Тәуелсіздік қолға келген заман.

Осы бір кесепатты қазақтың қанына сіңді деп қаперсіз қарап отыруға болмайтынын бүгінгі қоғам талап етіп отыр. Қанымызға сіңіп, бойымызды жайлады, енді түзелмейміз деу өмірлік, пенделік, қисынға келмейді. Бірақ біз солай ойлап, бүкіл ұлтымыздың қасиетін төменшіктетіп айтуға құштармыз. Біздің қанымызға осы жағымсыз қасиеттер сіңген жоқ. Керісінше осы қасиеттер сіңді деген идея, ой сана қанымызға сіңген.

Біздің ортамызда алауыздықтан, көре алмаушылықтан ада, жаны таза парасатты азаматтар көп екенінде дау жоқ. Тек «бір қарын майды бір құмалақ шірітеді» дегендей бірер ағайынның осындай жаман пиғылы бәріміздің атымызды жойып, бетімізге қара күйе болып жағылып жүр. Біздегі басты кемшілік – ондайларды түзеуге, ақыл айтуға парықсыздығымыз. Олай болса, ондайлармен

барлығымыз бірлесе күресуіміз қажет. Қанымызға сіңді деп қарап отыру мінәсіп емес, керісінше өзімізді өзіміз алдау дұшпанға жем болудың жолы.

Қадірменді ағайындар, барлығымыз бір ауыздан осы лағанаттан айығуды ниет етсек, алдымыз ашылып, болашағымыз жарқын бола беретінінде дау жоқ. Бұл істі ауызбен айтып емес, іс жүзінде өмірде жүзеге асырайық. Енді осындай жаман әрекетке барып, ел бұзғандарды «сен батырсың, мықтысың» деп «қағаз қалпақ» кигізбей қазақтың басына қонған бақытты ұшырмауды талап етейік. Керісінше ортаға ұйтқы болып, көпті береке-бірлікке, өзара татулыққа шақырғандарға қосылып, соларды қолдайық. Жақсылыққа бастап, ұлағаттылық танытқандарды құдай да, Елбасы да, халық та жаман көрмейді. Сондықтан мемлекетімізді өркендетуге, тәуелсіздігімізді сақтауға «Мәңгілік ел» болып жасауымызға, Елбасының Қазақстан халқы үшін жасап жатқан әрбір ісіне көлеңке түсіретін қазақтың өз ішіндегі алауыздық, көре алмаушылық, бақталастық тамырына балта шауып, береке мен бірлікті, өзара татулықты қалыптастырайық.

АДАСПАЙЫҚ ЖҰЛДЫЗДЫ ЖОЛЫМЫЗДАН

Қанағатшыл ұлт едік барымызға,
Дақ түсті ме түп-тұнық арымызға ,
Көреалмастық , бақталас, алауыздық
Қайдан ғана дарыған қанымызға.

Қазақ едік қыл өтпес арамыздан,
Бір-бірінің шалмаған аяғынан
Қанда деген қаңғыған бос сөз . Білем,
Шықпай жүрген сандырақ санамыздан.

Атам қазақ солай ма ед, білмедім мен,
Көреалмадым өзгені күндедім мен,
Сезіп тұрып сәулесі шарпығанын,
Арай күнді қап-қара түн дедім мен.

Дақ түсті ғой абырой, атағыма,
Тура келер көзіме жас алуға,
Дәл осындай жат мінез бағзыдағы,
Емес еді-ау қазаққа ата мұра.

Берекелі ел едік баяғыдан,
Құт дарыған келіннің аяғынан,
«Ой да баққан қазақ ек қой да баққан»,
Байлық қонған қойшының таяғынан.

Көре алмадық біреудің жанса бағы,
Кекке айналды реніш тарқамады,

Бүйте берсек кетерміз алты жаққа,
Қазағымның бір туған алты Алашы.
Атақ, мәнсап іздедік бәріміз де,
Қарадық па ақыл ой, әлімізге,
Барды жоққа шығардық байбаламдап,
Қарамадық Заманның әлібіне,

Беріп пе еді береке тақ таласы?
Тақ таласы қазақтың бақталасы,
Басы кеткен талайдың қызғаныштан,
Ажырамай ісінің ақ, қарасы.

Шыққыр көзім шыныменен шыққаны ма?
Досты көрмей, болыстым дұшпаныма,
Шәуілдеттім күшігін басқалардың,
Қарсы қойдым қанденді құтпаныма.

Күшік болдық жем беріп, қарғылаған,
Ағайынмен көрістік қанжығада,
Ұстап бердік дұшпанға туысқанды,
Соны ойласам жүрегім қанжылаған.

Өз қолыммен қазды ұлтым азап көрін,
Өз қалауы сияқты азапты өмір,
Қарға көзін шұқымас бір-бірінің,
Өз қолымен шұқыды қазақ көзін.

Қызғаншақтық – «қызыл ит» бір қабаған,
Маза бермей ішінді тырмалаған,
Ұстап бердік момынды жала жауып,
Алатындай ләззат мұң-наладан.

Тапты содан қазағам не марқадам?
Сен сыйғанмен сыймадым мен Арқаға,
Құлы болдық басқаның басыбайлы,
Көзден ақты қанда жас тарам-тарам.

Артық көрдік жабыны арғымақтан,
Жау құлатпас оспадар жар құлатқан,
Жандайшаптар, сұм шолақ белсенділер,
Ұрдажықтар өз халқын қан жылатқан.

Мен қазақпын көрем бе сені бөтен,
Ата салттан иігі еді жерімесен,
«Қор болайын дегенде байдың ұлы,
Ұрлық жасар» дегеннің кебі ме екен!

Заман қайда үш биге бас иетін,
Кетірдік-ау қазақтың қасиетін,
«Бас-басына би болып» қоқиландық
Осы шағар ең ауыр қасіретім.

Ақыл айтқан үш биім, әндегерім,
Сезді ме екен құлқымның өзгерерін,
Бодан болдық орысқа, отқа түстік
Неге ермедік соңынан хан Кененің!!!

Қор қылдық ғой түсінбей Ұлы Абайды
Көре алмадың, қазағым, ғұламаңы,
Келімсекке кеңпейіл боламын деп,
Кемел тілім қор болды, тұралады.

Кетті қайда асылдар? Кім білмейді.
Махамбет пен Шәкәрім дүлділдерім,

Басын кескен Қарасарт, Ықыластар
(Қайтарды екен, шіркін-ай, кімнің кегін?)
Алаауыздық, күншілдік мысы басты-ау
Өз ұлының халқына тісі батты-ау,
Бүгін де жүр, ағайын, арамызда,
Сатқын бауыр, сұрқия Ықыластар.

Көзге шұқып көрсетер кім соларды?
Әр жүреkte шындық жүр тұмшалаулы,
Рухына ұлтының адал жаны,
Азайды ма өр қазақ бүр табанды?

Әділеттің жолы еді таңдағаным,
Бәріне ортақ ұлт-ұлыс, хан, қараның
Қорқау қасқыр тойымсыз тонап жатыр,
Нәпақасын момынның – қаймананың.

Мәшһаб қайда ұстанған бабамыздан,
Жат дін келіп жармасты жағамызға,
«Бөлінгенді бөрі жер» деген осы,
Ала мысық өткені арамыздан.

Берекесі халқымның қайда қалды,
Бір қазаққа айналған бар қазағым.
Өзге дінге кіргенің, өңшең маубас,
Қас дұшпанға ашқаның дарбазанды.

Елге айналдық патшасын сыйламаған,
Халық болдық данасын тыңдамаған,
Өзгелерге жем қылар өз еліңді,
Ит қызғаныш ішінді тырмалған.

Қайда кетіп барады мына қазақ,
Кімге ілтипат көрсетер кімді ағалап,
Көреалмастық, бақталас, алаауыздық,
Мінезіңе айтамын лағанат.

Сенде жатыр бастауы қасіреттің,
Жаны жомарт қазақты тасыр еттің,
Көреалмастық, күншілдік, бақталастық,,
«Атың өшкір»!

шынымен

атың өшсін!

Қарындасшыл ұлт едім қазақ деген
Қара жерге туысын қаратпаған,
«Сап-сап, көңілім» кеңейсін пейіліміз,
Қарғыс атқыр пиғылға талақ берем!

Жат пиғылға бой ұрдық асылық қып,
Сол үшін де табанға басылыппыз,
Мың өлгенбіз , өзгеден зорлық көріп
Өлмесек те сан рет жасыдық біз.

Артта қалды сол заман мың жасытқан,
Нұрын шашты арайлы бір жақұт таң,
«Оян, қазақ», ой ойлан, күнің туды,
Айта алмаспын асырып Міржақыптан.

Түсіне алсақ ғұлама Ұлы Абайды,
«Ұлы дала елінің» күн арайлы
«Біріңді қазақ, бірің дос» көре білсең
Тәуелсіздік туы әсте құламайды.

Адаспайық жұлдызды жолымыздан,
Арайланып Ай туған оңымыздан,
Арман болған сан ғасыр тәуелсіздік,
Сусып шығып кетпесін қолымыздан.

Айқара ашық тәуелсіз түндігі елдің.
Сайрап жатыр алдында «Нұрлы жолың»
«Мәгілік ел» таймасақ мұратынан,
Аспанынан қазақтың күн күледі.



ӨЗ ӨЗІН СЫЙЛАСА, ЖАТ ЖАНЫНАН ТҮҢІЛЕДІ

Халқымызда «ерім дейтін ел болмаса, елім дейтін ер де болмайды» деген аталы сөз бар. Елі үшін қызмет еткен ұл-қыздарын ешқашан естен шығарған емес. Есімдерін естерінен шығармай ардақтап, ұрпаққа үлгі – тұту ұлтымыздың ұлағатты қасиеттерінің бірі. Әсіресе ел билігін ұстаған азаматтарға айрықша құрметпен қараған. «Ханда қырық кісінің ақылы бар» деп ханын, патшасын сыйлаған, төреге төрін ұсынған, билердің кесімі мен шешімін әділдік жолы деп таныған, «Алланың ісі – парыз, патшаның ісі – уәжіп» деген мұсылман дінінің қағидаттарын ұстанған дана халықпыз.

Қысқасы, өз орталарынан шығып, ел басқарған азаматтарға риясыз сеніп, солардың нұсқаған жолымен жүруді парыз деп таныған. «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы», «Әз тәукенің жеті жарғысы», «Абылайдың ақ туы астында» деген қанатты сөздер осындай ел басқарған ұлдарымызға деген сый құрметтен туғаны хақ. Бұрынғы өткен хандар мен билер түгіл кешегі кеңестік дәуірде ел басқарған Дінмұхамед Қонаев ағамыздың атын күллі қазақ атамай «Димаш» деп қадірлегенін, еркелеткенін білеміз. Отарлаушылардың өзге қиянаттарының бәріне көнсе де дәл қазақ деген халықтың тұлғасы саналған сүйікті ұлы Димашты тақтан тайдыру саясатына көне алмаған жастар 1986 жылы «Желтоқсан көтерілісіне» шыққаны еліміз тарихына алтын әріппен жазылған ұлы оқиға болды және тәуелсіздікке жетудің алғашқы қадамы ретінде бағаланды. Ел билеген азаматтарға деген сый-құрмет осындай-ақ болар.

Халқымыз жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар деп танып өздері қалап сайлаған тәуелсіз мемлекетіміздің тұңғыш президенті Нұрсұлтан Әбішұлын да халқымыз күні бүгін дәл осылай құрмет тұтып «Нұрағаң салған нұрлы жол» деген ұтымды да ұлағатты қанатты сөз қалыптасып үлгіргеніне бүгінгі ұрпақ өзіміз куәміз. Басқасын айтпағанда осы жылдары қанша қазақ Нұрекеңді пір, үлгі тұтып, ұлым Нұрекеңдей мықты азамат болсын деген тілек, ниетпен сәбиіне Нұрсұлтан деген есім берді. Елбасының өзінің қарсылығына қарамай қаншама ұйым, бірлестік, игілікті іс, жоба атына «нұр» деген анықтама қосылды.

Менің бұл жерде айтайын деп отырғаным Елбасына деген халықтың сый-құрметінің аздығы, көптігі жайлы емес, сөз бен істің бірлігі жөнінде. Басқаша айтқанда Елбасымызға сый-құрметті сөзбен емес, іспен көрсету жағы ақсап тұрғандай сезіледі. Әсіресе қарапайым халық емес, Елбасының өзі сенім жүктеп, қолын жоғары лауызымға жеткізген шенеуніктерімізден бастап, солардың қол астындағы мемлекеттік қызметкерлер Президентімізге сөзбен емес іспен құрмет көрсету жағы бірінші кезекте тұрса ғана еліміздің болашағы нұрлы болмақ. Елбасы сенім жүктеп, премьер министр, министр сияқты ең биік мансапқа көтерген көптеген азамат, түйені түгімен жұтып, алды шетел асып қашып кеткені, арты әділ заңның құрығына ілінгені өз алдына әңгіме.

Бүгінгі таңда да өмірде көріп жүргеніміздей көптеген лауазым иелері сөйлеген сөзінде Елбасын аузынан тастамағанымен, қызмет бабында Президенттің қадап тапсырған істерінің өзіне салғырт қарайтыны өмірдегі нақты шындық. Ондайлар – шын мәнінде халықтың қамын ойлап, Елбасының сөзін сыйлап емес, тек қара ба-

сының қамы үшін, жұмсақ креслодан айырылмау үшін жағымпаздық жасайтындар. Мұндай жағымпаз шенеу-
ніктердің көбі Елбасына жағыну үшін халыққа қиянат
жасамаса да, мемлекеттік саясатқа, жеке адамдарға зиян
шектіріп, кесірін тигізеді. Өйтсе, Елбасын жүрекпен
сыйлау – бір басқа да жағыну – бір басқа. Адам адамды
шын жүрегімен сыйласа, тіпті қателігіне де кешіріммен
қарайды. Реті келсе, өзіне, көзіне айтады. Ал жағым-
паздар үшін бәрі бір. Ауызекі сөйлегенде барынша қол-
даған, қошеметтеген сыңай танытқанымен, іштей қате-
лессе екен деп тілейтіндер де жоқ емес шығар. Өйткені
бәріміз пендеміз ғой. Қателесе қалса кемістігін бетіне
айтпақ түгіл, онан ары қоздырып, қолтығына су бүркіп,
екі беткейлік танытатындар да кезігуі ешкімді де таң
қалдырмайды.

Бұдан Елбасына лауазым иелері ғана адал болу ке-
рек деген ұғым туындамайды. Керісінше жалпы ха-
лықтың адалдығы шенді-шекпенділердің адалдығынан
да маңызды екенін ескеруіміз керек. Бір лауазым иесінің
теріс пиғылынан мемлекет зардап шексе де орнын толты-
руға болады. Ал жалпы халықтың сеніміне селкеу түссе,
орнын толтыру оңайға түспесі анық. Кешегі Ақтөбеде-
гі, Алматыдағы лаңкестікке қатысқан жастар, күні бүгін
дін атын жамылған сепаративтік пиғылдағы радикал-
дардың жетегіне кіргендер. Ауғанстандағы, Сириядағы
соғыстарға қатысып жүрген жүздеген отандастарымыз
Қазақстан халқының бір бөлшегі, бір мүшесі екені де
белгілі. Олардың бәрін мемлекетіміздің бүгінгі саяса-
тын қолдамайтын, Елбасымызды құрмет тұтпайтын
азаматтар деп кіналау қиын. Керісінше оларды осындай
жолға итермелеген қандай күштер, оларды дұрыс жолға
қалай саламыз, қалған жастарымызды азғындық жолға

түсірмеу үшін не істеуіміз керек дегенді парасатпен пайымдап, нақты жұмыс жасауымыз қажет.

Әрине, жастар тәрбиесі тұрғысында қоғам тарапынан жасалатын жұмыс сан салалы. Оның бәрін бір мақала көлеміне сыйғызу мүмкін емес. Біз ең бастысы отбасынан бастап, білім ордалары, мемлекеттік және мемлекеттік емес қоғамдық ұйымдар жастарға патриоттық, отансүйгіштік қасиет қалыптастыруға айрықша күш салуымыз қажет. Қазақ елі деген ежелден ұлы халық екенін, ата-бабаларымыздың ұлы даламызды қызғыштай қорғап, керек жерінде жауларымен жан алысып, жан берісуінің арқасында бүгінгі тәуелсіздік таңына жеріміз бүтін, ұлтымыз аман жеткенін, біздің әрқайсымыздың тамырымызда сол бабалардың қанының түйіршігі барын жүректеріне терең ұялата білуіміз қажет. Ол ұрпаққа өткен тарихымызды ұқтырудың сыртында Тәуелсіз еліміздің ширек ғасырдағы қоғамның әр саласында жеткен жетістігі аңызға бергісіз ғаламат екенін сезіндіруден тұрады. Жастарымыз өз елінің, туған Отанының әлемдегі орны айырықша екенін білсе ғана құрмет тұтады. Кеше ғана Рио-де-Жанейро олимпиадасындағы еліміздің айтулы боксшысы Данияр Елеусіновтың «Алтын медаль» үшінгі қарсыласымен аянбай айқасқан белдесуі кезінде мен осы ойымның шындық екендігіне, отансүйгіштік деген қандай қасиет екеніне көз жеткізгендеймін. Олимпиадалық ойынның іріктеу кезеңіндегі Франция боксшысымен шайқаста көзі шықпаса да басы жарылып жүріп жеңіске жеткен қандасымыз, өзбекстандық қарсыласымен болған «Алтын медаль» үшінгі ақтық айқаста қандай жанкештілік танытты десеңізші. Басының аса қауіпті жаракатын тіпті естен шығарып алғандай. Қайта көрермен біздер

қарсыласының қолы жаралы қабағына тиіп, қансырауы мүмкін ғой дегенде жанымыз шығып отырды. Сонда Даниярды мұнша батылдыққа апарған қандай күш? Әрине, отансүйгіштік күш екені анық. Ел намысын жібермеуді басты парыз санады. Елі үшін дәл бүгінгі жағдайда бір алтын медальдан айырылу абыройынан, намысынан айырылу еді. Данияр соны шын жүрегімен түсінді.

Ал Данияр мойынына алтыннан алқа тағып, Бразилия аспанында қазақтың көк байрағы желбіреп, әнұраны қалықтағанда түннің 3 сағатына дейін тапжылмай көріп отырған 10 жастағы немерем қолын жүрегіне қойып, бірге тебіреніп тұрғанда менің көзіме жас келді. Міне, біздің отан сүйгіштік рухымыз осындай болса, елімізді ешқашан жау алмайды. Еліміздің бүгінгі экономикалық жетістігін, халықтың тіршілік деңгейін, ұлттардың береке-бірлігін, еліміздің ұстанған бағыт бағдар, саясатын жокқа шығарып, қарсы үгіт насихат жүргізіп жастардың бір бөлігін болса да соңынан ерту үшін әрекеттенетін дұшпандарымыздың жымысқы саясаты жүзеге аспайды.

Жалпы дін атын жамылып, теріс пиғылға жетелеу – халықты бүлдірудің алғашқы қадамдары екеніне бүгіндері көзіміз жетті. Шаңырағы ортасына түсіп, күл талқаны шығып жатқан елдердің бәрінде арандатушы күштер халықтың ең нәзік, жан жерінен ұстады да, түймедейді түйедей етіп, отқа бензинді құяды, әрмен халықты бір-біріне қарсы қоюу арқылы көздеген мақсатына жетіп, ақыры қырғын соғысқа айналдырып қойды. Бұнда қырылғандарда, қиналғандар да тек қарапайым халық екенін күнделікті көріп отырмыз. Тіпті күн құрғатпай қаншама елде қаншама адам атыс, жарылыс, әдейі жасаған қастандықтың құрбаны болып, ол дүниеге аттанып жатыр. Тек біздің өзімізде осындай ланкестік

жағдай 20 дан астам тіркелгені сақтанудың белгісі. Сөйте тұра осындай көзқарасты түзетуге қатысты мемлекеттік ұйым, мекеме, жеке қызметкерлер көз жұма қарап, мән бере бермейтініне таңданасың. Тіпті Елбасына «сіздің тапсырмаңыз орындалып жатыр» деп өтірік айтатындары сияқты мұндай келеңсіздікке мән беріп, талқыға салудың, шара қолданудың орнына жасырып бағады. Осындай келеңсіздікпен күресуде отан сүйгіштікке тәрбиелеуден өзге қандай жолдары бар, қалай күресуге болады. Мемлекеттік мекемелердің қызметкері, бұқаралық ұйымдар, қарапайым халық не істеуі керек. Әрине, адам құқына еркіндік берген демократиялық қоғамда біреудің аузына біреу қақпақ бола алмайды. Дегенмен «ит үреді, керуен көшеді» деп жайбарақаттық танытуға, елеп ескермей қоюға болмайды.

Мұндай өсек-аяң таратушылардың басты құралы ғаламтор желісі екенін жақсы білеміз. Ең әуелі тәуелсіз баспасөз құралдары мен ғаламтор желісіндегі мұндай өсек-аяңның жолын кесу қажет. Бұл тұрғыда заңды шаралардың өзін толық қолдана алмай, заң баптарын жүзеге асыра алмай отырғанымызды жасырмауымыз қажет. Тозатын елдің баласы бірін-бірі қатын дейді, озатын елдің баласы батыр дейді, біз неге жақсылық айтып, бір-бірімізге тілеулес болмаймыз, сонда ғана жат жанынан түңілмейме, бірімізді- біріміз жамандау күнә болмай ма?

Елбасы халықтың мүддесіне сай келмейтін теріс саясат ұстанып отырса мәселе басқаша. Еліміздің тәуелсіздікке қол жеткізуіне іскер саясатшы ретінде өлшеусіз үлес қосқан, өзі құрған жас мемлекетті небәрі жиырма бес жылда асқар биіктерге көтеріп, әлемдегі дамыған 50 елдің қатарына қосқан тұңғыш Президентіміздің еңбегін

қалай бағаламасқа! Ұзақ жылдық стратегиялық жоспар бір басқа, осы мерзім ішінде басқада тактикалық қаншама жоспар іске асты. Қазақстанның беделі халықаралық аренада қалай өсті, экономикамыз қалай қарқын алды, халықтың тұрмыс деңгейі қалай өсті. Халықаралық аренадағы еліміздің Елбасымыздың кеменгерлігі арқасында ширек ғасыр бойындағы атқарған сан алуан ісі, бастамалары арқылы жинаған беделін айтпағанда кеше ғана БҰҰ-ның қауіпсіздік кеңесіне тұрақты емес мүше болуының өзі қаншалықты мәртебе. Ал еліміздің ішкі өркені мен тұрақтылығы жолындағы атқарған істерін бәрі көзімізбен көріп, қолымызбен ұстап отырған өмір шындығы. Олай болса, өзіміз таңдап сайлаған, сол сенімімізді еселеп ақтап отырған кеменгерлігі мен еңбеккерлігі әлемге үлгі болып отырған Елбасымыздың еңбегін қалай жоққа шығармақпыз, қалай жамандамақпыз?! Бұлай ету – «көрмес түйені де көрместің» ісі. Көре алмаған дұшпандарымыздың азғырындысына ергендердің әрекеті. Қала берді мансап үшін неге де болса барудан тайынбайтын, «кедей байға, бай құдайға жетсем» дейтін бақталастықтың салдары.

Жалпы ақыл-парасатымен, өнер-білімімен әлемдегі қай халықтан болмасын қалыспайтын қазақ деген халықтың қыр соңынан қалмайтын басты кемістік көре алмастық, бақталастық екені айтылып та, жазылып та жүр. Ұлы Абай ағамыз бір ғасыр бұрын айтып кетті. Әйткенмен осы бір қыр соңымыздан қалмай, етегімізден тартып келе жатқан жиіркенішті қасиетімізді түзеудің жолын әлі тапқан жоқпыз. Патшасына сенбеген, патшасын жамандаған халық ел бола алмайтыны – өмір шындығы. Бағы қайтқан патшасының аяғынан шалады деген екен. Өзімізді өзіміз жамандасақ басқалар халқы-

мызға қандай баға бермек. Қазақ деген халыққа дауа жоқ екен деп етегін ашып күлері, теріс айналары сөзсіз. Әлем мойындаған саясаткер, әлем бағалаған білім парасатты тұлға, көреген көшбасшымыздың соңынан ерсек адаспайтынымыз хақ. Мен бұны Қазақстанның барша қаһарман халқына емес теріс пиғылдағы жалғыз жарым жанашырларға айтып отырмын.

ДУЙІМ ЖҰРТТЫ ДҮРЛІКТІРМЕЙІК

Қай ұлттың, қандай мемлекеттің болмасын негізгі тірегі тілі мен жері екені дау тудырмайтын шынайы шындық. Еліміз тәуелсіздік алған алғашқы күннен бастап Елбасымыз осы саясатты берік ұстанып, көршілес елдермен арадағы шекараны деваркациялау мен ұлттық тілімізге мемлекеттік тіл мәртебесін беру мәселесін алғашқы кезекте шешкенін зиялы қауым, саясаттанушылар ғана емес, қарапайым халықтың өзі жақсы біледі. Бүгінгі таңдағы күн тәртібінде тұрған Елбасының «Мәңгілік ел» идеясынан туындаған «Үш тұғырлы тіл» ұсынысы мен ауыл шаруашылығы айналымындағы жерді Қазақстан азаматтарына сату немесе жалға беру мәселесі де жан-жақты ойластырылған, зерттеуден, сараптаудан өткен, ел болашағына тұтқа боларлық аса маңызды мәселе екенінде дау жоқ.

Бүгінгі жаһандану дәуірінде өркениеттің кілтіне айналған ағылшын тілін балаларға мектептің алғашқы сатысынан бастап үйрету ұлттық тілімізді меңгеруге көлеңке түсіреді деп байбалам салу қисынға келмейтіні анық. Психология ғылымы анықтағандай адамның қай

салада болмасын негізгі қалыптасуы ана құрсағынан басталып, бес жасқа дейін қалыптасып үлгеретінін ескерсек, жас ұрпақтың ана тілін меңгеруіне оқу бағдарламасындағы ағылшын тілі пәнін оқытудың кедергі бола алмайтыны дәлелдеп жатуды қажет етпейтін шындық. Бұрынғы заманда да балалар ондаған хисса, дастан, батырлар жырын, ол түгіл араб тіліндегі құран сүрелерін еш қиналмай жаттап алатыны әрі жас күнінде көкейге қонған дүние ешқашан ұмытылмайтынын өз өмір тәжірибемізден білеміз. Сондықтан «Үш тұғырлы тіл» мақсаты аясындағы техникалық, жаратылыстану саласындағы пәндерді ағылшын тілінде оқыту ана сүтімен дарыған ұлттық санаға, ұлттық ойлам, рухани сауаттылыққа кері әсер етеді деп қауіптену мүлдем қате, даңғаза пікір, тіпті бүгінгі мемлекет саясаты өз мүддесіне сай келмейтін әлде бір арандатушы топтың қасақана ұйымдастырып отырған ісі ме деген ойға қаласыз. Біздің жас ұрпақтарымыз ғаламдық тілді жастайынан меңгермесе Елбасы алдымызға қойған «100 нақты қадам» - Қазақстан Республикасының әлемдегі дамыған мемлекеттердің отыздығына кіру жөніндегі жоспары толыққанды жүзеге аспайды деп ойлаймын. Мұның сыртында әлемдік ғылым, білім, техникалық мүмкіндік дамыған бүгінгі таңда адамға тіл үйретудің, оқытудың неше түрлі әдіс-тәсілдерін ойлап тауып, өмірде жүзеге асырып жатқанын ескерсек, біз оқыған замандағы тіл үйрету методикасы мен бүгінгі методиканың арасы да жер мен көктей айырмашылықта екенін ой елегінен өткізбей байбалам салудың реті жоқ. Ағылшын тілін үйрену артық емес, ал, қазақ тілін үйрену парыз, Қазақ елі әр бір азаматының борышы, сол үшін егер қазақ болсаң қазақша сөйле, бұл Елбасы саясаты.

Еліміздің қоғамдық өміріндегі халық көпшілікті алаңдатып, назарын аударып отырған өзекті мәселелердің бірі – жердің сатылуы немесе жалға берілуі жөніндегі үкіметтен ұсынылып отырған жобаға қатысты баспасөз ақпарат құралдары арқылы көтеріліп жатқан айғай-шу. Жер мемлекеттің меншігі болғандықтан оның жалпы сатылмайтыны немесе өз азаматтырынан басқаларға жалға берілмейтіндігі дәлелдеуді талап етпейтін қағида. Егер жер шетелдік азаматтарға сатылса, ел болашағын ойламағандық, билік пен қоғамның қателігі болары сөзсіз. Алайда бұл саладағы бүгінгі көтеріліп отырған жерді сату мәселесі Қазақстан азаматтарына ғана қатысты ұсыныс екендігін ескермей, дақпыртпен халықты дүрліктіру арандатушылық пиғылдағы әлдебір топтың әдейі іс әрекеті деп есептеуден басқа жол жоқ. Билік басындағылар мен бұқаралық ақпарат құралдарының бұл мәселені халыққа дұрыс жағынан жете түсіндіре алмауының кесірінен туындаған, қарапайым адамдар санасындағы күдікті жылпостықпен пайдаланып қауесет өсек таратқанын да.

Жерді шетелдіктерге басы бүтін сату түгіл жер қойнауындағы қазба байлықтарды шетел компанияларымен бірігіп пайдалану тәртібінің өзі шектеулі екенін ескеруіміз керек. 2003 жылғы заң негізінде қазір елімізде осы салада шетелдермен бірлескен 32 компания ғана жұмыс атқарып жатқаны жасырын емес, ашық айтылып, жазылып жүр. Бұл компаниялардың да шартта көрсетілген кесімді мерзімін созуға қатаң тыйым салынған. Ал ауыл шараушылығы айналымындағы жерлерді шетел азаматтарына сатпау еліміздің конституциясында, жер туралы бұрынғы кодекстерде көрсетілген. Бүгінгі үкіметтік жоба бұл заңдарды өзгерте алмайды.

Әрі бұл ұсыныс жүзеге асу үшін Парламенттің екі сатысынан өтіп барып, Елбасының қол қоюына ұсынылатыны белгілі. Ал президентіміз болса Қазақстан халықтары ассамблеясының кезекті сессиясында сөйлеген сөзінде жердің шетелдіктерге сатылмайтынын қадап айтты. Сондықтан дүрлігуге негіз жоқ. Бұған ең қажеттісі сабырлық екені айдан анық. Сабыр түбі сары алтын екенін енді де ұқпадық па? Жоғарда айтқанымыздай шекара қауіпсіздігін, жер тұтастығын ел тәуелсіздігінің алғашқы таңында қолға алған Елбасымыз жерді меншікке беруге келгенде өзі ұстанған, заңмен бекітілген қатаң қағиданы естен шығарады деп ойламаймын. Біз Елбасына сенуіміз қажет. Әрине, тек ауылшаруашылығы айналымындағы игерілмей, күтімсіздіктен эрозияға ұшырап жатқан жерлерді Қазақстан азаматтарына меншікке беру болашақтың қамы деп түсінуіміз керек. Оның өзінде жобада жер өз халқымызға сатыла қалғанның өзінде облыс әкімдерінің құзырында болатындығы жалпылама емес, істің жақын айналасындағы биліктің құзырында болатындығымен ерекше. Олар облыс, аудан аумағындағы жерлерді өздері көзбен көріп, қолмен ұстап отырғандықтан мұқият қарайтын болады.

Ауыл шаруашылығы айналымындағы жерді меншікке беру жобасы жүзеге аса қалған күнде шетелдерден келген оралман қандастарымызға да тиімді болмақ. Өйткені қазір үкімет қандастарымыздың оралмандық мәртебесін он жылға ұзарту, оралман мәртебесімен жерге иелік ету мәселесін қарастыруда. Сондықтан ата жұртқа жаңадан қоныс аударушы ағайындар Қазақстан азаматтығын қабылдамай тұрып-ақ оралман мәртебесімен де жерге ие бола алады.

Жалпы ауылшаруашылығы айналымындағы жерді шетел азаматтарына сату үкімет ұсынған жобада қарас-

тырылмаған. Бұл – әлдекімдердің таратып жүрген қауесеті. Ондай негізсіз өтірікке сеніп алаңдаудың, дүрлігудің қажеті жоқ екенін ойлайық, ағайын. Елімізді екі он жылдықта екі ғасырлық өркениет биігіне көтеріп, әлемдегі дамыған елу елмен тереземізді теңеген Елбасымыздың сара жолынан ауытқымайық, ағайын.

ЕЛІМІЗДІҢ ТӘУЕЛСІЗДІК АЛУ ЖОЛЫНДАҒЫ ЖӘНЕ ОНЫ САҚТАУДАҒЫ ЕЛБАСЫ САЯСАТЫ

Қазақ деген атқа ие болған бес жарым ғасырда біздің халқымыз қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған небір мамыражай заманды да, ат ауыздықпен су ішіп, ер етігімен су кешкен, небір ақтабан шұбырынды шақтарды да басынан кешірген тарлан тарихтан белгілі. Қашанда дүние кезек. Қазақ деген халық өмір бойы өзгенің текпісінде, қорлық көріп, құл болып өткеміз жоқ. «Қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заман» дегеніміз қандай заман еді.

*«Жарлысы мен байы тең,
Жабысы мен тайы тең,
Жары менен сайы тең,
...Қайран менің Еділім,*

Менен қалған мынау Еділ жұрт» - деп қарға бойлы Қазтуған жырау бабамыз айтқандай қазақтың басына бақыт қонып, байлығы тасыған заман да өткен. Осындай төртқұбыласы тең, бай да бақытты елге кімдер көз алартпаған. «Аузы түкті кәуір де, басы шошақ қалмақта» (Мөңке) көз тікті. Қазақ даласын ат тағанында тоз-

дырғысы келді. Бірақ, қайсар қазақ жер бетінен мәңгіге жойылып кеткен қайсы бір ұлттың кебін киген жоқ. Батыр бабаларымыздың жанын шүберекке түйіп, қасық қаны қалғанша елі, жері үшін шайқасып өтті. Нәтижесінде мынау салқар даламызды бүгінгі ұрпаққа сойырғал етіп қалдырды.

Иә, тозған заман болды. Қазақтың біртуар ойшыл ақындарының бірі Ақыт Үлімжіұлы айтқандай «Жазған басымыздың қатты жарылған», жанымыздың шырқыраған шағы кешегі дәуір еді. 1930-1940 жылдар арасындағы аштықтан, жазықсыз жаладан, қазақтың жартысы қырылды. Бабадан қалған жеріміз бөліске түсті. Біз сонау бағзы заманда басынған жаудың өзін ана тілін, ата дінін ұмыттырып, қазақ қылып, мұсылман болдырып жіберген едік. Кешегі кеңес дәуірінде мүнәфихтардың бізді мәнгүрт еткені сонша тілімізді де, дінімізді де біржола ұмытуға дәс қалдық.

Сорымыз бес елі еді, бірақ құдайға шүкір маңдайымызға жазған бармақтай бағымыз бар екен. Ол бақ – кемел саясаткер, кеменгер тұлға Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы еді.

Біздің тәуелсіздікке қол жеткізген бүгінгі заман бағзы бабалар тұсындағыдай «Ақ білектің күшімен, ақ найзаның ұшымен» жеңіске жететін заман емес еді. Керісінше сарабдал саясат, сабырлы парасат күші дәуірлеп тұрған заман. Көреген, дана көшбасшымыз Нұрсұлтан Назарбаев осыны бағамдай білді. Кешегі кеңестер одағының құрамында болып, заман өзгерген сәтте шарт кеткен басқа Республикалар сияқты тәуелсіздікке де асыққан жоқ. «Ақырын жүріп, анық басты», әліптің артын бақты, менменсігендердің арқасынан қақты, бәсіресін жібермеудің жолын тапты. Соның арқасында

кеңестік дәуірдегі территориямыздың бір пұшпағынан да айырылған жоқпыз. Ата кәсібіміз – өрістегі малымыз, Кенестер Одағының өркенін өрге сүйреген өндірісіміз өзімізде қалды.

Біз атың өшкір ядролық қаруды, оның сынақ алаңы полигонды ғана талақ еттік, бастан құлақ садақа еттік. Өзгенің бәрі өзімізде қалды.

Дүние боқ өз алдына, адам факторын да Елбасымыз естен шығарған жоқ. Өзге ұлтсың деп ешкімді өзекке тепкен жоқпыз. Қуғынға, сүргінге түсіп, туған жерінен айырылып, қазақстанға жер аударылғандардың қазақтай кең қолтық елге жолыққан бақталайлары бар екен. Ұрпақтарының кіндік қандары осында тамды. Сондықтан бұл қасиетті дала сенің де, менің де құдай сыйлаған құт мекеніміз деп, басқа ұлттарды да бауырымызға тарттық, басынан сипадық.

Ендігі кезекте ата жұртынан алыста қалған қандас ағайындарымызды қара шаңырағына шақырдық. Шеттен келіп жатқан ағайындардың ата-бабалары тарихтан хабарсыз бәзбіреулердің айтып жүргеніндей қиын-қыстау шақта Отанын тастап кеткендер емес еді. Алпауыт мемлекеттер жерімізді бөліске салғанда бөлініп қалған қазақтардың ұрпағы. Қазақстанның кешегі астанасы, бүгінгі Ресей жері Орынборды, бүгінгі Өзбекстанның қазақтардың қордалы бөлігінің қоныстары сияқты бергі тарихты айтпай-ақ қоялық. Ал ҚХР, Моңғолия қазақтарының «Ағажай Алтайы» бағзы заманнан қазақ жері екенін біреу білсе, біреу білмес. Арғы бабамыз түріктердің Орхон өзені сағасында, Шыңғысхан дәуіріне дейін Керей, Найман, Уақ, Меркіт, Қоңырат тайпалары қазіргі Монғолия территориясының қақ төрінде өмір сүргенін есепке алмағанның өзінде, керейлердің 1370

жылдарға дейінгі Шағатай дәуіріндегі, одан кейінгі Әмір Темір заманындағы ата қонысы осы Өр Алтай екенін тарих растайды. Бергісі Абылай хан Цин патшалығыман дипломатиялық келісімге келіп, Алтай тауының шығысы мен оңтүстік беткейін ресми түрде қазақ хандығына қаратқаны жайлы қазақ тарихшыларынан бұрын қытай тарихшыларының өздері жазып кеткен. (Цин патшасы “Гаузуун патшалығының орда естелігі” 793 том. 20 бет, Тайпей 1964) Бүгінгі Түркия мен Батыс Европаның ондаған еліндегі қазақтардың да түп тамыры Өр Алтайда. Мен мұны Қытайдан, Ресейден, Өзбекстаннан жер даулау үшін айтып отырған жоқпын. Бұл сөздерді шетелдерден келген қандастарымыздың тарихи тағдырларын терең түсінетіндіктен айтып отырмын. Осындай тағдыр тәлкегімен өзінің бабажұртында отырып-ақ шетелдік болып қалғандар мен қуғын-сүргін көріп, алыс шетелдерге кеткен ата-бабаларымыздың ұрпақтарын қарашаңыраққа шақыру, бауырына тарту – Елбасының көреген саясатының, халқын шексіз сүйетіндігінің бұл тартпас дәлелі.

Елбасымыздың тәуелсіздікке қол жеткізу, оны сақтап қалу жолындағы стратегиясына, тактикасына қысқаша тоқталсақ осындай. Көшбасшы ұлы тұлға – Елбасының сындарлы саясаты, нұсқаған Нұрлы жолы арқылы:

*«Алғидың құба жонына,
Жайылған қойым сыймаса,
Жүз бүркеншік, жүз қоспен,
Қатар жүріп жинаса,
Көгалалы көп жылқы,
Көлге бір жесе, көз жетпей,
Санап санын алуға,*

*Есебіне жан жетпей,
...Жүз нарға кілем жаптырып,
Қазақтың сәнін арттырып,
Ұзатып салсам сәнменен,
Көңілді хош таптырып»*

- деп ата-бабаларымыз армандаған бақытқа, байлыққа біз жеттік.

Ақтамберді жырау сол арманын:

«...Осындай берген дәулетті көтеріп тұра алар ма екенбіз?» деп, «семіздікті қой көтерер, қойдан басқа не көтерер» дегендей, ынсапсыз, тәубасыз пендешіліктен жаралған адам баласы көтере алар ма екен деген күмәнмен, ескертпемен түйіндейді.

Тәуелсіздіктің арқасында бүгінгі қазақстандықтар, біздер, алаңсыз, бақытты ғұмыр кешіп жатырмыз. Сол бақтымызды «көтеріп тұра алуымыз» үшін әуелі тәуелсіздігіміз баянды болуы керек. Бабаларымыз қойған бұл сұрақ біздің де әрқайсымыздың көкейімізде болуға тиіс. Жауабын өз парасатымыздан, қазақтық рухымыздан, отансүйгіштік қасиетімізден іздеуіміз керек.

*«Еділ, Жайық екі өзен.
Талсыз болар деймісің,
Көкшетаудың көп көлі,
Елсіз болар деймісің»*

- деп дана бабаларымыз айтқандай әманда «еліміз елсіремесін, халқымыз қағансырамасын»!



ЕЛБАСЫ НАЗАРЫНАН ТЫС ҚАЛМАҒАН ТІЛ, ДІН, ҚАЗАҚ ДИАСПОРАСЫ САЯСАТЫ – ТӘУЕЛСІЗДІК КЕПІЛІ

Тәуелсіздіктің 25 жылдығында оның рухани ұлы мазмұны – тіл, діл, дін, демократия, диаспора саласында өткеніміз бен жеткенімізді бағамдап көрсек Елбасының осы ең нәзік, ең өзекті саладағы ерен ерлігін, бәрін де еппен шешкен салмақты саясатының сыртында елгезек, қағылездігін көреміз.

- Тәуелсіздік – адамзаттың өмір сүру еркі.
- Демократия – қоғамдағы әлеуметтік әділеттілік.
- Дін – адам жанының әміршісі.
- Тіл, діл – ұлттың ұлы нышандары.
- Диаспора – ұлттың үзіліп қалған буыны.

Тәуелсіздік бастау алған алғашқы жылдарда Қазақстанда осының бәрі ақсап тұрған еді. Тіпті кейбірінің

мұрнымызға иісі де келмеген болатын. Бодандық дәуірде осының бәрінен айрылғанбыз. Бізді ұлт етіп ұлықтаған да, құл етіп құрықтаған да, бодандықтан босатып, бақытымызды ашқан да – ырықсыз уақыт – Жаратқан хақтың жазуы. Аллаға шүкір, ешбір күш тербелте, еш тарих төмендете, еш құбылыс ауыстыра алмастай болып, тәуелсіздік орнықты. Оның авторы да, орындаушысы да – Елбасы. Тәуелсіздік пен Нұрсұлтан Әбішұлы бір тұлға, бір ұғым. Тұлғалық сипат – «Ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек». Оның аты – парасат, ұлы иман!

Жиырма бес жыл – дәуір өлшемінде қасқағым сәт. Қазақ, ел жаңаруын – 50, қазан жаңаруын 100 жылмен есептеген. Біз оған сол елу жылдың жартысына жетпейтін уақыт жұмсадық. Көз ілеспес осы кезеңде ұлтымыздың арқасынан сан ғасырдың салмағын аударып тастап, тұтастай саналық, сапалық, жаңаруға жеттік. Елдігіміздің ен-таңбасын түгендеп алдық. Өркениеттің осы заманғы биігіне өрлеп кеттік. Кер даланың кешегі керенау қазағын бүгін білмейтін ел, танымайтын түкпір жоқ. Дүм-дүниенің дүмпуін дәл естіп, саяси сахнада дауымыз саңқылдап шығатын болды. Мұны елдің тәуелсіздігін теңселтпей, ұлттардың ынтымағын ыдыратпай, дамудың тізгінін тежемей, ілгері жетелеп келе жатқан Елбасынан қалай бөлек қарай аламыз! Елбасының осы қасиеттерін бағалаған, қалтқысыз сенген дана халқымыз көреген көсем ұлын тағына әлденеше рет отырғызды. Егер алда сайлау өтілсе тағыда дәл солай боларына сенеміз. Әр сайлауда ел сенімін ақтауға ант бере отырып, туған елін «толдым деп тоқырамауға, астым деп асқақтамауға» шақырып келеді. Бұл да – кемел ақылдың үні.

Ал тәуелсіздігіміздің бір тұғыры тіл мәселесі екенін ешкім де жоққа шығармайды. «Ұлтыңның шықпаса

алға ұрандап, Тілі жоқ халық қалайша елдік құра алмақ» дегендей тілсіз мемлекет болмайтынын Елбасымыз өзгелерден кем түсінген жоқ. Алайда бұл мәселеге келгенде асығыстық танытып, Елбасының ұстаным саясатын күстаналап жүргендер де бар екені жасырын емес. Әлдекімдердің бұл ойының дұрыс еместігін уақыт көрсетті, әлемнің әр түкпірінде, тіпті кешегі бір қазаннан ас ішкен ТМД елдеріндегі жайлар көрсетті. 1992 жылы Анкарада өткен тәуелсіз алты түрік мемлекеттері Президенттерінің тұңғыш саммитінде халықтардың тарихы, тілі, мәдениеті орайындағы қимыл бірлігі сөз болғанда Әзірбайжан Президенті: «Латын жазуына көшейік. Түрік тілін ортақ тіл етіп, БҰҰ-ға өткізейік» деген ұсыныс жасады. Сонда Нұрсұлтан Әбішұлы:

«Болмайды. Біз тәуелсіз мемлекет құрып жатырмыз. Тілсіз тәуелсіздік жоқ. Бір ағадан іргеміз бөлінбей жатып, екінші бір тілді ағаламайық» деп, кесіп айтқанының өзі даналық емей немене?

Ал тәуелсіздіктің бір тұғыры диаспора-сырт казак мәселесіне келсек, Нұрсұлтан Әбішұлы өз қандастарын бауырына тартқан әлемдегі үш елдің бірі екенімізді мақтанышпен айтып жүрміз. Бірақ бұл саладағы еңбегіне әлі толық баға бере алған жоқпыз.

«Жылағанды – жұбат. Жығылғанды – жебе. Адасқанды – ізде. Айрылысқанды табыстыр. Азды құрап – ел ет. Сазды құрап – жер ет!» Бұл – адамгершіліктің қағидағдары, Тәуелсіз Қазақстан оның Елбасы Тәңірдің осы тағылымдарын зерделей білді. Диаспора (сыртқазак) – ұлтымыздың үзіліп қалған буыны. Буыны бос ұлт бірегей ел бола алмайды. Елбасы осыны ойлап, тәуелсіздіктің сәулесін елдігіміздің елең-алаңында-ақ алыстағы ағайындарға түсірді. Көші-қон мемлекеттік саясатқа

көтеріліп, айырықша заң аясында жүргізіліп келе жатыр. Диаспорамен жұмыста дүниенің алдында тұр деген неміс пен еврейде бұл әліге дейін қоғамдық ұйымдармен қайырымдылық қорлар арқылы жүргізілетін шаруа. Бұл жағынан не бәрі жиырма жылда әлемнің алдына шығып кеткенімізді әлі аңғара қойған жоқпыз.

Елбасы Қазақ диаспорасының бір жарымын немесе бірегейлеріне емес, әлемнің әр тарабына тарыдай шашылып кеткен қайран қазақтың әммасына барды. Ең әуелі қазақтың ұлы шоғыры орналасқан Қытайға барды. Ондағы қазақтармен жүздесіп жұбатып, қуантып кетті. Мұнан соң Түркияға барды. Елбасымызға Түрік ағайындар танытқан туысқандық өз алдына, ондағы қандастарымыздың жүрегі жарылып кете жаздады. Әуе жайларда, вокзал босағаларында, елшіліктің табалдырығында ақсарбастар аталып, құрбандар шалынып жатты. Ағайындардың «А, Құдай!», «Абылай!», «Алаш!», «Ақ жол!»... деген ұрандарын кезінде телеарнадан көрдік, естідік. Соңында тілшілеріміз тебірене жазды. Мұнан соң Иран барды. Ауған соғысы кезінде күллі Таяу-Шығысқа тарап кеткен сан мыңдаған қазақты соғыс босқыны ретінде қайтарып беретін қатерден арашалап алып қалды. Моңғолияға сапары кезінде Елбасымыз олардың жырмен жеткізген сағынышын, сырын мұңын естіп, бірінші рет көзіне жас іріккенін мен емес, Президенттің өзінің тілшісі Қайнар Олжай жазды.

Барған жерінің бәрінде қазақ болса, оны елемей кеткен жоқ. Жүрекжарды сөздерін айтып, жұбатып, қуантып жүрді. «Қазақ– қайда болса да менің халқым» деді. «Қашан, қайда жүрсем де, алыстағы ағайындар жүрегімнің бір түкпірінде жатады» деді. «Сіздердің атамекенмен қауышуға асығатындарыңды білемін. Мен де

асығамын» деді. «Түптің түбінде, түгел жинап аламын» – деді. Сырттағы қазақтардың Тәуелсіздікпен табысуы, Атамекенге ат басын бұруы осыдан басталды.

Елбасымыздың осындай ілкімді саясаты, іскерлігі арқасында Тәуелсіз Қазақ елінің жан саны бір миллионға артты. Бұл халқының саны аз мемлекеттер қатарына жататын Қазақстан үшін қомсынуға келмейтін сан екені түсінікті.

Енді қасиетті мұсылман дінімізге келейік. Бұл да – қазаққа тәуелсіздікпен бірге қайта оралған хақиқат. Демократияның бір тармағы дін мәселесінде де Елбасымыз әлем таныған, әлем табынған негізгі діндердің ешқайсысын шетқақпай етпей-ақ қасиетті мұсылман дінімізді халқымыздың көкірегіне қайта ұялатты. Аса ірі қоғам қайраткері ұлт, дін жанашыры Уақап Қыдырханұлы ағамыздың, мұсылман дінінің қайнаған ортасының бірі Түркия ғұламалын аузына қаратқан Халифа Алтай атамыздың аударған Құран Шариф нұсқалары 2002 жылдың өзінде-ақ «Қазақстанның мәртебелі Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың халыққа сыйы» ретінде басылып, тегін таратылды. Мұның нанымдық, танымдық, адами, ғалами құндылығын айтпағанда, оның өзі бодандықтан босанған мұсылман елдері басшыларының бәрінен бұрын Нүрекең жасаған аса сауапты іс еді.

Ал, 2003 жылы Президент дүние діндері даналарын сәби елінің төріне шақырып, теңселіп тұрған әлем тыныштығының топсасын нанымдар нақыштарымен шегендеп, шегелеп тастады. Мұны сұңғыла саясат деу аз еді. Жер күйресе – имансыздықтан, діни дұшпандықтан, тәубеден жаңылудан, тойымсыз топастықтан күйрейді. Және бұл әлгі шет алпауыттарынан жасалған лаңкестіктің жаласын ислам әлеміне жапқан діни дүрдараздық

дүркіреп тұрған тұс еді. Әлем абыздарының ұғысу, уағдаласу форумы осы қатердің жолын бөгеген бірегей шара болды. Алайда «Аумағы алақандай, халқы сау-сақпен санағандай» қазаққа осыны да көпсініп, құстанағандар да болды. Рас, біз бір-ақ шөкім халықпыз. Бірақ, мінсіз Алла мұғжизасын мемлекеттердің мәртебесіне, халықтың санына патшалардың пәрменіне қарап жасамаған. Мұхаммедті Пайғамбар еткенде арабтар әлемнің артында қалған ел болатын. Сол қуыстағы құлына Құран түсіріп, күллі жаһанға жарық шашқан. Адамзаттың жаңа өркениеті сол жерден басталған. Ендеше, саяси әлем сипатын әлі аша алмай, пәтуасын дәл баса алмай келе жатқан бұл шараны Жаратқан Хақтың біздің Елбасымыз арқылы жер бетіне жіберген мұғжизасы (шарапаты) деп білген жөн.

Содан бері Астанада әлемдік және дәстүрлі дін өкілдерінің үш съезі өткізілді. Өмірі тоғыспайтын, тоғысқаны соғысқан болып шығатын дін даналары ұғысып, жұғысып кетті. Дінаралық татулық тыныштықтың біздің топырақта қағылған алтын қазығына айналды. Сол түрлі діндер саммиті дәстүрге айналып кетті. Нұрсұлтан Әбішұлын әлем діндарлары мойындады, бағалады. Елбасының бұл саладағы еңбегін де айтып тауыса алмаймыз. Пәни дүниенің бар тірлігін пайдакүнемдікпен емес, Патша Құдай бұйыртқан парасатпен жүргізетін әлемнің, өсімқорлыққа бармайтын, алдап соқпайтын, арбап-әрбілемейтін экономикалық жүйесі «Ислам банкі» ортамызға әкелді. Дүние жүзілік Ислам конференциясының тізгіні түркі исламиятында тұңғыш рет Тәуелсіз Қазақстанның қолына өтті. ЕҚЫҰ-ның он бір жыл жабылып қалған саммитын шақырып, үзіліп қалған үміт, тоқырап қалған тілекті қайта жалғап берген Елбасымыз

бұл конференцияны «Ислам елдерінің ынтымақ ұйымына» айналдырып берді. Ислам әлемі енді Халықаралық мәселелерді сырттай сөз етіп қана қоймай, оған ықпалды ұйым ретінде араласа алатын болады.

Міне, айта берсек тәуелсіздігімізді экономика саласында ғана емес, рухымызда бекемдеу жолындағы Елбасының ерен еңбегін айғақтайтын еңбектері ұланқайыр.

*«Қуан, қазақ, қуанатын күн бүгін,
...Сарайың толсын Сақарадан ескен самалға,
Күн нұры қонсын күңгірттеніп қалған жанарға,
Биіктегі жсаудыраған жұлдызды,
Көсіліп жатып, өз көзіңмен санауға,
Кең түріп таста Тәуелсіз үйдің түндігін»*

- деп Уақап Қыдырханұлы ағамыз айтқандай бүгін Елбасының сындарлы саясаты арқасында Тәуелсіз еліміздің шаңырағынан әлемге еңсемізді биік ұстап, өр рухпен қарайтын кемел шаққа жеттік.



ХАЛҚЫН БАҚЫТ ПЕН ШАТТЫҚҚА БӨЛЕП, ЕЛІН МӘНГІЛІК ЖАСАТУДАҒЫ ЕЛБАСЫНЫҢ СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ

Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы сонау 1980 жылдардың аяғында халқымыздың заңғар тұлғалы азаматтарының бірі сол кездегі Қазақстан Коммунистік партиясы орталық комитетінің бірінші хатшысы Дінмұхаммед Қонаев ағамызбен бірге Жетісудың жасыл алқабын, Алатаудың мұзарт жоталарын ұшақпен айналып ұшып өтіп, қонған сәтінде Димаш аға тебіреніспен «Әттең қазақтар осы ұланбайтақ даласына өздері ие болып, жеке ел ретінде өз күндерін өздері көретін заман қашан туар екен» деп қалыпты да артынша сұқ саусағын шошайтып ерініне апарып, дымың ішінде болсын дегендей, сөзін жалғастырмай үнсіз қалғаны жайлы естелік жазылған еді. Екі тұлға армандаған сол күнге халқын Нұрекең жеткізді.

Алпауыт елдің уысынан шығып, Тәуелсіздікке қол жеткізгенде Нұрекең қуанышын да, көңіл толқынысын да өзгеге сездірмей ішке бүге жүріп, иіместі иітіп, жібіместі жібітіп, берместі берген етудің жолын таба білді. Солай істеудің арқасында еліне соғыс, жанжалсыз, дау-дамайсыз тәуелсіздік әперіп, мәселенің бәрін де ыждағаттылықпен шешті.

Қазақ халқының Кеңестер Одағынан алуға тиісті бәсіре еншісі жерін-суын, дүние-мүлік ен байлығын шып-шығасын шығармай қайтарып алды. Қазақстан жеріндегі бүкіл ауыр, жеңіл өнеркәсіп, темір жол тораптары мен электр станциялары, оның желілері бәрі-бәрі қызыл қолдарымен көмір қазып, темір балқытқан қазақ халқының табан ет, маңдай терімен жасалғанын дәлел-

деді. Қазақ деген қаһарман халықтың Ұлы Отан соғысында Берлинге дейінгі ауыр азапты, қырғынға толы жолды өзге ұлттармен бірге басып өтіп, жеңіс туын желбіретуге өлшеусіз үлес қосқанын, сондықтан кеңестер одағынан бәсіре еншісін алуға құқылы екенін Ресейге еріксіз мойындатты. Өзге ештемеге таласпай, Қазақстан халқының өз қолдарымен жасалған байлықты ғана игіліктенуді мұрат тұтты. Нүрекеңнің орамды ой, уәлі сөзбен жеткізген уәжін алпауыт елдің жетекші тұлғалары қабыл алмасқа шарасыз болды. Бұл Елбасымыздың Қазақстан халқының, оның болашақ ұрпақтарының тәуелсіз отанында бақытты өмір кешуіне жасаған алғашқы қадамы еді.

Еліміз Тәуелсіздігіне енді ғана қол жеткізген тұсқа дөп келген әлемді жайлаған экономикалық дағдарыс жас мемлекетімізге тіптен ауыр тигені де белгілі. Сол кезде Елбасы Нүрекең бойындағы бар күш-қуатын, ақыл парасатын еліне, халқына арнап, батыл қадамдар жасады. Қазақстанды экономикалық дағдарыс тығырығынан қысқа мерзім ішінде шығарып, халықтың әлеуметтік жағдайын қалпына келтіруге халық алдында уәде берді, серт етті. Бұған халқы да қалтқысыз сенді. Сөйтіп, кеменгер басшылықтың арқасында экономикамыз жыл сайын өрге басып, халықтың әлеуметтік жағдайы біртіндеп жақсара түсті. Бір сөзбен айтқанда, әлемдік дағдарыс, жоқшылық, тапшылық біздің еліміздің басынан көрген түстей ғана болып, көзді ашып жұмғанша өтешікті. Елбасы жарғақ құлағы жастыққа тимей жүріп, әлемнің өркениетті көптеген елдерімен ынтымақтастық байланыс орнатты, экономикамызды өрге сүйреуге зор ықпал ететін инвестициялар тарта білді. Бұл – Елбасымыздың халқы үшін жасаған екінші құтты қадамы еді

Иә, экономикалық дағдырысты да артқа тастап, етек-жеңімізді жия бастадық. Ендігі кезекте халықты алаңда-тып отырған жағдай кеңестік дәуірде індет болып жабысқан, қатер болып қалыптасқан Семей ядролық сынақ полигоны еді. Ресей Қазақстанның тәуелсіздігін мойындап, халқымыздың тікелей табан ет, маңдай терімен жиналған басқа дәулетті игіліктенуімізге бөгет бола алмаса да полигон құрылысының иелігін, оның іс қызметін реттеуді уыстарынан шығарғысы келмегені белгілі. Бұл шын мәнінде халықаралық маңызға ие, аса күрделі шаруа болатын. Сондықтан Ресей тарапы өзінің халықаралық беделінен, күш-қуатынан айырылып қалмау үшін ядролық сынақ полигонын жаппауға мүдделі еді. Бірақ қашан да салиқалы саясат ұстанатын, оны жүзеге асыруда табындылық таныта алатын Елбасымыз бұл мәселе жөнінде де қарсы жақты өзінің батылдығы, жүректілігі арқасында тығырыққа тіреп, полигонды жабу туралы Жарлығын шығарып, айдай әлемге жар салды. Бұл Қазақстанның, оның басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың да беделін асқақтата түсті. Өйткені ең әуелі дүниежүзіндегі бейбітшілікті қалайтын барлық халықтың қолдауына бөленді. Ресейдің әскери қуатынан сескенетін әлемдегі ядролық қаруға ие алпауыт елдер үшінгі маңызы тіптен зор екені айтпаса да түсінікті. Бұл Елбасының халқының қамы үшін жасаған Алланың рахымына бөленер аса мархабатты ісі еді.

Елбасымыз келесі кезекте Қазақстан Республикасының басқа елдермен шектесетін шекарасын белгілеп, ұлттық валютамызды шығару арқылы Ел тәуелсіздігін айқындайтын негізгі істерді қолға алды. Осындай маңызды шаралар арқылы Тәуелсіз, дербес мемлекет екенімізді сыртқы саясатта онан әрі бекемдеп, көршіле-

лес мемлекеттермен қарым қатынасты дау-жанжалсыз шеше білді. Бұл біздің еліміздің халықаралық беделін онан әрі нығайтып, біздің тәуелсіздігімізді таныған, экономикалық қарым- қабілет тұрғысында да әлеуетті екенімізді мойындаған әлемдік елдер қатарын молайта түсті.

Елбасы Қазақстан Республикасының сыртқы қауіпсіздігін осылай бекемдеген соң ішкі тұрақтылықты қамтамасыз ету, көп ұлтты Қазақстан халқының тату-тәтті, бірлік берекеде болуына назар аударды. 2015 жылды Елбасының өзі «Қазақстан халықтары ассамблеясы жылы» ретінде белгілеп, сан жүздеген шаралар ұйымдастырылды. Жалпы халық Елбасының бұл саладағы ерен еңбегін жақсы білетінде дау жоқ.

Қазақстан мемлекетін дамытып, ғылым-білімнің бүгінгі жетістігін пайдалану арқылы әлемдегі дамыған елдердің қатарына қосылудың жаңа бағыт-бағдарларын, стратегиясын Елбасымыз 2005 жылдан бастап әр жылғы халыққа жолдағын Жолдауы арқылы айқындауды дәстүрге айналдырды. Өзінің алғашқы жолдауларында алға қойған басты мақсат Қазақстанда әлемдегі дамыған 50 елдің қатарына қосу болды. Кезінде бұл жоспарға көптеген адам күмәнмен қарағанында жасырудың реті жоқ. Бірақ нақты экономикалық есепке негізделген әр Жолдау елімізді бір жылда ондаған жылдық қарқынмен алға жылжыта алды. Бұл халқын онан сайын қуантып, жігерін тасытса, дұшпанының мысын басып, мойындауға мәжібір етті. Сөйтіп, 2030 жылға жоспарланған әлемнің өркенді 50 елдің қатарына қосылу стратегиясы 2010 жылдың өзінде негізінен орындалып, еліміздің, халқымыздың алдына жаңа мақсаттар қоюға тура келді.

Елбасының стратегиялық саясатының ауқымды бір бөлігі ғылым білімді дамыту арқылы елімізді озық ел-

дердің қатарына қосу болды. Бұл тұрғыда еліміздегі жоғар оқу орындарының ғылыми негізін арттыру, жаңадан жоғарғы білім ордаларын ашу, оларға әлемдегі маңдайалды университеттерден маман тартуға күш салып қана қоймай жас ұрпақтарды АҚШ, Ұлыбритания, Жапония, Германия сияқты әлемдегі ғылым, білімнің тұтқасын ұстап отырған елдерден «Болашақ» бағдарламасы арқылы оқыту болды. Бұл бағдарламаны жүзеге асыру жолында мемлекет қаржы аяған жоқ. Әр студент үшін мың-мыңдаған доллар жұмсады. Осы бағдарлама шеңберінде соңғы оншақты жылдың жүзінде еліміздің мыңдаған қазақ жастары аталмыш елдердің ең беделді оқу орындарында білім алып отанына оралды. Қазір олардың көпшілігі мемлекеттік басқару қызметінде, еліміз дамуының басты тетігіне айналған экономикамызды индустрияландыру, инновациялық технологияға көшіру саласында жемісті еңбек етіп, ел өркенін өрге сүйреп келеді.

Білім саласындағы Елбасының стратегиялық жоспарларының бірі елімізді кәсіби маманды жұмысшылармен қамтамасыз ету. Өтпелі кезеңде үзіліп қалған кәсіптік техникалық мектептердің орнын түрлі маманды жұмысшы дайындайтын коллеждер басты. Осы коллеждерде тегін білім алған маманды жас жұмысшылар еліміздің экономикасының әр саласында жемісті еңбек етуде.

Елбасының халқымыздың игілігі жолында атқарған аса игілікті істерінің қатарынан ұланбайтақ жеріміздің барлық өлкесін тең дәрежеде бірдей дамытуға күш салуы еді. Көре алмаған немесе түсінігі таяз әлдекімдердің ойлағанындай Елбасы тек жаңа Астана салуға ғана назар аударған жоқ. Қазақстан Республикасының барлық облыс, аудан, ауыл, елді мекендерін тиісінше бірдей

өркендетуге күш-жігер жұмсады. Халық Алматы қаласын астана мәртебесінен айырылған соң даму қарқыны баяулап, қарапайым қалалардың біріне айналады деп топшылаған еді. Алайда бұл қаланы еліміздің өнер-мәдениет орталығына, ірі өнеркәсіп, қаржы орталығына айналдырды. Тек облыс орталығы ірі қалаларда емес, аудан, ауылдардың өзінде ауыр және жеңіл өнеркәсіптер салып, олардың жол қатынастарын шешу үшін темір жол тарту, әуежай құрылысын салу, тасжол төсеу, сумен қамтамасыз ету үшін құбырлар тарту, энергия көзін шешу сияқты өзекті мәселелерді сәйкестендіруге күш салды. Сол арқылы нарықтың өтпелі кезеңінде қаңырап қалған шет ауылдардың өзіне жан бітіп, тұрғындары қайта қоныстанып, урбанизация белгілі дәрежеде бәсеңдеді. Сондай-ақ, ауыл мен ірі қалалар ортасында әрі-сәрі күй кешіп қалған шағын қалаларды дамытудың өзіне осыдан үш жыл бұрын арнайы бағдарлама ұсынып, тың серпін берді. Бұл бастама да Елбасына деген ауылдық жердегі халықтың сенімін арттырып, сүйіспеншілігін арттыра түсті.

Елбасының халқын бақыт пен шаттыққа бөлеп, бақуатты тұрмыс кешуге бағытталған сара жолының ауқымды бір саласы халықтың әлеуметтік мәселесін бірінші кезекке қоюы болды. Ең бергісі кешегі нарықтық экономиканың өтпелі кезеңінде жекешелендіру деген желеумен барлық жерде балабақшалар мен мәдениет үйлері ұстағанның қолында, тістегеннің аузында кеткені, мектептердің өзі жөнделмей, тозып құлауға шақ қалғаны бәрімізге аян. Осы кемшіліктің орнын толтыру үшін ауылдардан бастап, қалаларға жүздеген мектеп, балабақша құрылыстарын салды. «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында ауыл, аудан орталықтарында мәдениет үйлері

қайта ашылып, халықтың рухани қазынасына айналды. Бұл саладағы көрсеткіштер дамушы елдермен, соның ішінде тәуелсіз мемлекеттер достастығы елдерімен салыстырғанда 3-10 есе артық болып, Қазақстан Орта Азия елдерінің көшбасшысына айналды.

Халықтың әлеуметтік мәселесінің басты көрсеткіші денсаулық сақтау саласында қол жеткізген табыстарымыз тіптен ерен екенін көзімізбен көріп жүрміз. Облыс орталықтары мен басқа да ауқымды қалалардың барлығындағы емханалар мен ауруханалар осы заманғы құрал-жабдықтармен толық қамтамасыз етілді. Бір кездері дамыған елдердің өзінде жылына санаулы адамға ғана жасалатын жүрек, бауыр, бүйрек сияқты ең күрделі ішкі ағзаларды алмастыратын трансплантологиялық операциялар еліміздегі басты қалалар Астана мен Алматыда ғана емес, кез келген облыс орталықтарында күн сайын емес, сағат сайын жасалатын болды. Ең күрделі саналатын адамның жүрегі мен бауырын эп сәтте ауыстыратын, мидың тамырларын емін еркін жалғайтындар кешегі болашақ бағдарламасы бойынша оқып, дайындаған өңкей өзіміздің қара көз ұл мен қыздар. Осы жетістігіміз арқылы кеңестік дәуірде халқымыздың орташа жасы алпысты ғана құраған болса, қазір бұл көрсеткіш 70 жастан асып отыр. Бүгін РИО олимпиадасы аяқталуға небәрі екі күн қалды, дәл бүгінгі жағдайда спортшыларымыз алтын, күміс, қола аралас он жеті медальға ие болып әлемде жиырма екінші орынға көтерілдік. Ал, осы жарыста бірде-бір орын, медаль ала алмаған әлемде 141 ел бар екенін естігенде еріксіз Аллаға шүкір айтып, осы күнге жеткізген Елбасына қалай қуанбасқа.

Елбасының халқын бақыт пен шаттыққа бөлеп, бақуатты тұрмыс кешуге бағытталған ауқымды шаралары-

ның бірі Сарыарқа төсінде бой көтерген жаңа Елордамыз – Астана қаласы. Осы бір қыруар қаржы талап еткен алып шаһарды мемлекет қаржысынан, халықтың қалтасынан емес, Елбасы өзінің бет-беделімен шетелдерден инвестиция тарту, қаржылай көмек алу жолымен тұрғызғанын айрықша атап айту керек деп ойлаймын.

Бәрін айт та бірін айт, халықтың тұрмыс деңгейі күн санап өсіп келе жатқанына тоқталдық. Алайда, әлем елдерін тегіс шарпыған кезекті экономикалық дағдарыс кезінде халқымыздың тұрмыс тіршілігі қайта төмендемей ме деген алаңдаушылықтың жоқтығы Елбасының халқы үшін жасаған игілікті істерінің жиынтық нәтижесі іспетті. Олай дейтініміз Елбасының көрегендігімен алдын ала ойластырылған Қазақстанның мемлекеттік даму қоры халықтың әлеуметтік жағдайының дағдарыс кезеңінде төмендемейтініне кепілдік береді. Мұндай қор әлемнің ешбір елінде жоқ деп сеніммен айта аламыз. Қазір Европаның ірі дамыған елдерінің өзі бірінен соң-бірі дағдарыстың дәмін татып, ашынған халық бас көтере бастағанын ақпарат құралдары арқылы күнделікті көріп отырмыз.

Біздегі тыныштық пен салауаттылықтың бір негізі халықтар достығы, ұлт-ұлыстар бірлігі, олардың жергілікті негізгі ұлт қазақтарға деген ризашылық сезімі болса, екіншісі жоғарда толық тоқталғанымдай елбасының Қазақстан халқын бақыт пен шаттыққа бөлеп, ертеңіне алаңсыз бай-бақуатты тұрмыс кешіп отырғанында екенінде дау жоқ. Біздің осы жетістігіміз ұзағынан сүйіндірсін! Елбасының денсаулығы зор болып, халқын жарқын болашаққа бастай берсін!



АСТАНА - ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ БІР ҒАНА ЖЕМІСІ

Тәуелсіз Қазақстанның бүгінгі таңдағы қол жеткізген ғажайып жетістігі, ертеңгі болашағы жайлы сөз қозғалғанда елордамыз Астана қаласы жайлы айтпай өту мүмкін емес. Бұған негізгі екі себеп бар. Біріншісі: Дүниежүзі саяси картасында кеше ғана пайда болған Қазақстан деген мемлекетке әлем елдері назар аударғанда ең әуелі осы елдің Астанасын іздейді. Өйткені қай елдің болмасын келбетін, ішкі, сыртқы саясатын анықтайтын негізгі орта – елдің Астанасы. Сол елмен қарым-қатынас жасап, ынтымақтастық байланыс орнатуды мақсат тұтқан қандай ел, кім болмасын өз қадамын, іс қимылын мемлекет басшылығы орналасқан Астанадан бастайтыны сөзсіз. Осындай сәтте «аз отырып, көп сынайтын» әрбір мейман Астанаға қарап еліміздің өркеніне, келбетіне өзінің алғашқы бағасын беретіні де – саяси өмірде қалыптасқан үрдіс. «Аяғын көріп, асын іш» дегендей алтын Астанамызды көріп, арғы бергімізді бажайлайды.

Екіншіден: Ата-бабаларымыздың ғасырлар бойы жан алысып, жан берісіп, қорғап келген ұланғайыр қа-

зақ даласының солтүстік бөлігіне көз алартып, қаңқу сөзбен қағытпалағандарға, қитығымызға тиетіндерге Сарыарқаның төсіндегі салиқалы Астанамыз айбат шегіп тұрғандай.

Тәуелсіз жас мемлекеттің экономикалық, саяси, әлеуметтік қан тамырларына нәр беріп тұрған жас астанасы – «Астана» қаласы бұл күндері ел дамысының алтын діңгегі іспетті. Ұлы дала елі Қазақстан Орта Азияның кіндігі болса, Астана – осы орталық елдің жүрегі. Орталық Азияның ерекшелігі болып есептелетін ұлы дала өркениетінің және әлемдік сәулет өнерінің озық үлгілерін бойына сіңірген арайлы қала ХХІ ғасырдағы архитектуралық жобалаулардың үздіктері қатарында десек артық айтқандық емес. Қазақ ықылым заманнан бері көшпенді халық болса да мемлекеттіліктің негізгі шарттарының бірі болып есептелінетін астанасыз болған емес. Қазақтың хандық ордаларының шаңырағы Сарайшық, Сығанақ қалаларынан бастап Кеңестік дәуірдегі Ел Астанасы мәртебесіне ие болған Орынбор, Қызылорда (Ақмешіт) қалаларын айтпағанда, көрген адамның көз қуанышына айналған ару Алматы – күні бүгінге дейін халқымыздың мақтанышы. Бұл – біздің қазақ халқының ежелден келе жатқан мемлекет екеніміздің дәлелі. Қазақты бұрынды-соңды мемлекет құрмаған көшпенді халық ретінде бағалап, бізді кемсіткісі келетін теріс пиғылдылардың алдына тартар бір дәлеліміз осы ежелден тарихта белгілі астаналарымыз болмақ.

Алайда Елордамыз «Астананың» орны бұрынғы астаналардан мүлдем бөлек. Біз «Астана» тұсында айдай әлемге танылдық. Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаевтың әлеуметтік-экономикалық сан саладағы сарабал саясатының бір парасы осы Астана қаласы екенін бұл

күндері әлем мойындады. Халқымыздың орынды мақтанышына айналды.

Астана өркениеттің орталығы ғана емес, тәуелсіз еліміздің жалпы ұлттық идеясының тұғыры. Ал жас Астанамыздың болашағы тіптен нұрлы боларына халқымыз шүбәланбайды. Елбасымыз алдымызға мақсат етіп қойып отырған «Қазақстан – 2050» стратегиясы, «Мәңгілік Ел» идеясы, болашаққа бастар «Нұрлы жол» бағдарламасының орындалуы осы қаладан бастау алып, ұланбайтақ қазақ даласының түкпір-түкпірінде жүзеге асады.

Еліміздің бас қаласы Астана күннен-күнге қарыштап дамып, ширек ғасырға толмайтын уақыт ішінде төрткүл дүние көз тіккен бәсекеге қабілетті қалалардың біріне айналып отыр. Бұл – барша қазақ елінің қол жеткізген жетістігі. Осылайша аз уақыт ішінде Астана сәулет тұрғысында елдің негізгі брендіне, әлеуметтік және экономикалық өркенімізді өрге бастыру тұрғысында басқарушы, бағыттаушы орталыққа айналды.

Тәуелсіздікке жаңа ғана қол жеткізіп, етек-жеңімізді жинай алмай жатқан кешегі күні Президентіміздің жаңа мемлекеттің болашақ бағыт-бағдарын жаңаша айқындайтын жаңа астана салсақ деген ұсынысына көпшілік қауым сенімсіздік танытқанын да білеміз. Бізбен ежелден етене араласатын мемлекеттер мен бұрынғы одақтас республикалар да құр қиял ретінде бағалағаны белгілі. Елбасымыз сонау 1990 жылдардың басында бұл бастаманы көтергенде алда болатын қоғамдық өтпелі кезеңнің экономикалық, әлеуметтік қиындықтарын білмеген жоқ, білді. Әрі қиыншылықтармен күресе отырып, ғасыр құрылысын тұрғызуға әлеуетіміздің жететінін бағамдай білді. Осы көрегендіктің, батыл қадамының арқасында қоғамдық дамудың қас қағым сәтінде сәулетті қала тұрғызып үлгірдік.

Астанамыздың әрбір ғимараты сәулет өнерінің озық үлгісі екендігінің сыртында, еліміздің саяси-экономикалық бағыт- бағдарын айқындайтын бас қала, жетекші күш ретінде айрықша маңызға ие. Бүгінгі таңда «Астана» – елдің саяси орталығы, бұл жерде барлық мемлекеттік мекемелер, Парламент, Үкімет, министрліктер мен ведомстволар шоғырланған, осы жерде еліміздің қоғамдық қатынастарын реттейтін түрлі заңдар мен Қазақстан үшін ең маңызды шешімдер қабылданады, осы жерде ең жоғарғы деңгейдегі кездесулер өтеді, ең маңызды құжаттарға қол қойылады. Еліміздің саяси орталығы ретінде бізбен қандай да бір мақсатпен, қандай да бір дәрежеде қатынас жасағысы келетіндер Астанаға көз тігеді. Сондықтан бүгінгі таңда еліміздің саяси өмірін Астанасыз елестету мүмкін емес.

Оған дәлел осында жыл сайын, ай сайын өтетін халықаралық деңгейдегі сан-салалы бас қосулар арқасында Елорда халықаралық маңызды шаралар өтетін орталыққа айналды. Мұның ішінде Европалық Қауымдастықтың ынтымақтастық ұйымы саммитінің Астанада қабылдануын ерекше атап айтуымызға болады. Сол сияқты Шанхай ынтымықтастық ұйымының басқосулары, халықаралық деңгейдегі экономикалық кездесулер, әлемдік баспасөз құралдары өкілдерінің медиафорумдары сөзімізге дәлел.

Елбасы идеясымен жүзеге асқан Әлем діндері көшбасшыларының съезі тұрақты түрде Астанада үш рет өткізілуі Қазақстанның әлемдік қауымдастықтағы рөлін арттыра түсті. Елорданың беделін де биікке көтерді. Күні кеше әлемнің елуден астам мемлекет басшылары Семей полигонын жауып, әлемге қауіп төндірген атом ядролық қаруының көзін жойған Нұрсұлтан Назарбаевты нақты ер, әлемнің ұлы саясаткері атады.

Елордадағы халықаралық жиындар өтуге арналған Бейбітшілік және келісім сарайының, Тәуелсіздік сарайының есігі күн сайын жабылған емес.

Қазіргі таңда тұрғындардың тұрмыс-тіршілігіне қатысты бар проблема шешілген, жанға жайлы, үркініш-қорқынышсыз тыныш, бейбіт, рахат өмір бесігіне айналған қалаларды «Ақылды қала» деп атау үрдісі қалыптасты. Астана қаласы да осы «ақылды» қалалар қатарында. Алайда Астана қаласы тұрғындардың ғана емес, бергісі Қазақстан халқының, арғысы әлем халықтарының бейбіт, тыныш өмірі үшін қызмет етіп отыр. Олай болса Астана қаласын «Ақылды қала» деп атау жеткіліксіз сияқты. Ақылдылық бір басқа да ақылдылықтың асқар шыңы іспетті мейірімділік ұғымының орны тіптен бөлек. Астана бар әлемнің тыныштығы үшін қызмет жасап келеді. Әлем халықтарын бір-біріне бауырмал, ынтымақ берекешіл болуға үндеп келеді. Әлем халқының басым көпшілігінің басын құрайтын діндердің барлығының да негізгі қағидасы – адамдардың бір-біріне деген мейірім, қайырымы. Әлем халқын мейірімділікке, бауырмалдыққа, бір- бірін аялауға шақырып, Ұлы Абай пәлсапасын іске асырған, «адамзаттың бәрін сүйіп» бауырмалдыққа шақырып келе жатқан қала Астананы мейірбан қала десек тіпті жөн сияқты. Өйткені бұл Елбасымыздың ұстанымы. Мәңгілік Елдің түп тамыры мейірімді Мемлекет екенін де үнемі айтып келеді.

Астана қаласында тек саясат емес, мәдениет, өнер, спорт саласындағы халықаралық шаралар тұрақты өтетін болды. Басқасын айтпағанда Астанада кешегі өткен «Азияда» ойындары, ертең өткізілгелі отырған «ЕХПО -17» халықаралық көрмесінің өзі Елордамызды әлемдегі танымал қалалардың қатарынан орын алғаны-

ның куәсі десек артық айтқандық емес. Астанамыздағы спорттық шараларға арналып бой көтерген халықаралық сайыстар өтуге толық мүмкіндікті «Астана арена» жабық стадионы, «Алау» мұз айдыны сарайы, «Сарыарқа» велотрегі сияқты спорт кешендері халықаралық бәсекелерге ұйтқы болуда.

Шетелдік басылымдарда еліміздің және Мемлекет басшысының ұстанған саясатын “Астана осылай деп мәлімдеп отыр, Астананың пікірі мынадай” деп халықаралық үрдістегі түрлі көзқарасты сол елдің астанасының атауымен беретін дәстүр біздің Елордамызға да тән қасиет. Ендеше, Астана дегенде ойға бүкіл Қазақстан оралады. Сөз иесінің Қазақстанды айтып отырғанын ұғынамыз. Сондықтан Астананың мәртебесі күн өткен сайын асқақтай бермек. Жалпы, Астана тек қана Қазақстанның елордасы статусымен шектеліп қалмасы анық. Еуразияның нақ ортасында орналасқан Астана таяу келешекте әлемнің көптеген мемлекеттері санасатын, ел мен елді жақындастыратын, адамзат арманы тоғысатын үлкен орталық болары анық.

Бұған Біріккен Ұлттар Ұйымының орталығын Орта Азияға көшіру жөніндегі ұсыныстар қолдау тауып жатса, таңдаудың бірі Астана қаласына түсетіндігін айтуы дәлел. Өйкені Астана бейбітшілікті сақтаған, әемдегі тыныш қала, бұнда бейберекетсіздік, ланкестік, атыс, шабыс, көтерліс, шеру еш уақта, ешқашан жасалмайды.

Астана қаласының тағы бір ерекшелігі – еліміздің ғылым-білімінің басты ордасы. Қоғам, ел дамуының негізі адам факторы болса, әлем халқы өркениет биігіне ұмтылған бүгінгі дәуірде адам құдыреті ғылым-білімде болмақ. Осы тұрғыда Астана қаласы бой көтерген алғашқы жылдардан бастап университеттер мен кол-

леждер ашылып, ғылым-білім ордасына айналды. Қазір Ел болашағын нұрландырып, Елбасының «Мәңгілік ел» болу жолындағы ұсынып отырған бағыт-бағдарламаларын жүзеге асыратын жастарымыз әлемдегі көшбасшы университеттермен теңдесе алатын «Назарбаев университетінен» бастап, Астанадағы ондаған жоғары білім ордаларында білім нәрімен сусындауда.

Астана – жер жүзіндегі барша қазаққа ортақ, басқаша айтқанда барша қазақтың астанасы. Ол тек тыныштықты қалап, өз мейірін мәңгілік төгіп тұратындығымен ерекшеленеді. Сондықтан әрбір қазақ Астанамызбен мақтанады, мерейі өседі. Жарқын болашаққа қол созған жастарымыз өздерінің асқақ армандарын Астанамен ұштастырады. Астана – еліміздің көшін өрге бастайтын асқақ армандар мен ғылым, мәдениет, экономика тұрғысындағы асқаралы биіктерге жетелейтін қала. Ең бастысы – ел Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың ерен ерліктерінің бірі. Қысқасы осы Астана қаласын да Алла, әлем халықтары биік өркениетке қол созған ХХІ ғасырда бағы жанған Қазақ Елінің, халқының маңдайына берген екен. Бүгін Астана киелі қалаға айналды. Келешекте қасиет дарыған, Қазақ елінің ең сүйкімді, сүйікті қаласы ретінде Мәңгілік жасай береді. Өйкені еліміздің шамшырағы, бәрінің ортақ жүрегі, жан жағына нұрын шашқан бейбітшілік пен бірліктің, өзара татулықтың символына айналды. Бұлақтың қайнар көзі болған, бәрін жібітіп нәрін шашқан, адам баласының бақыты мен шаттығына айналған Астананы мейірімділіктің, тыныштықтың, бейбітшіліктің, береке–бірліктің, татулықтың, өркениеттің ең үлгілі қаласына айналдырайық.



АСТАНАМЫЗДЫ «МЕЙІРІМДІ» ҚАЛАҒА АЙНАЛДЫРАЙЫҚ

Елбасымыз Тәуелсіздігіміздің алғашқы күнінен бастап мейірімді мемлекет құрудың барлық қадамдарын жасап, ата заңымызға енгізу арқылы бағытымызды айқындап берді. Әрі бұл мақсаттың халқымыздың ізгілікті мұраты үшін аса маңызды екенін үнемі ескертіп келеді. Жүзеге асыруды жүйелі түрде ұйымдастыруды талап ететін бұл мақсатты «су басынан тұнады» дегендей еліміздің бас шәһары Астана қаласынан бастап қалыптастырсақ нәтижеге жетеріміз күмәнсіз. Өйткені Елбасымыздың өзі идея көтеріп, табандылықпен іске асырған Астана қаласы бүгінгі таңда Астана тұрғындарының ғана емес, еліміздің әрбір азаматының мақтанышына айналды. Мейлі қалада, мейлі ауылда тұратын әрбір азамат Астананы мақтан тұтудың сыртында, тұрғындарының мәдениетін өздеріне үлгі санайтын болды. Мұның сыртында ерте ме, кеш пе өзі орнатқан Елбасымыздың есімінен аталатын бұл шаһардың атына заты

сай болуға тиіс екені айтпаса да түсінікті. Ал «заты» деген ұғымның аясына ондаған, тіпті жүздеген мақсат, мүдде сыйысып тұрғанымен ең маңыздысы «мейірім» екендігінде дау жоқ.

Біз айналасы ширек ғасырға жетпейтін мерзімде Сарыарқаның төрінен жаңа астана тұрғызу арқылы тілімізге «Ертеңі ертегідей Елорда» атты тіркес қалыптастырып үлгірдік. Ал сол «ертеңі» біртіндеп бүгінге айналып келе жатқанын көзімізбен көріп отырмыз. Өзіміз ғана көріп отырған жоқпыз, Астанаға ай сайын, тіпті, күн сайын сапарлай ағылып жатқан әлем елдерінің қоғам, мемлекет қайраткерлерінің дуалы аузынан естіп жүрміз. Тіпті жекелеген қоғам, мемлекет басшылары емес, 2002 жылдың өзінде Еуропа мен Азияның білікті сәулеткерлері бас қосқан алқалы жиынға қатысушылар бір ауыздан «Ғылыми теориялық тұрғыда Астананың сәулет, үлгісі өмірге жаңа стиль әкелді, Астана қаласының жобасы архитектура ілімінің оқулығына кіретін жаңалық» деген баға берген болатын.

Осындай жобасы толықтай іске аспай жатып әлемді таңдай қақтырған Астанамызды онан сайын гүлдендіре түсу үшін осы жобаның бас авторы Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев қолдан келгеннің бәрін жасап жатыр. Соның бірі - 2017 жылға дейін Астананы болашақ қаласы ретінде дамытудың «Smart City» – «Ақылды қала» халықаралық форматының «Smart Astana» жобасын жүзеге асыру міндеті. Сөйтіп бұл жоба жүзеге асса, Астана әлемнің көшбасшы 50 ақылды қаласының қатарына қосылмақ. Қазір «Ақылды қала» жобасын іске асыруға бағытталған «Қауіпсіз қала – Астана қаласының тіршілік қызметін кешенді қамтамасыз ету жүйесі» және «Интеллектуалды көлік жүйесі» жобалары сәтті жүзеге

асып жатқанын білеміз. Бұл жобалардың басты мақсаты елорда тұрғындарының тұрмыс деңгейін, әл-ауқатын арттыру, Астана қаласының инфрақұрылымын жақсартуға бағытталған заманауи технологияларды кеңінен қолдану, осы арқылы тұрғындардың қоғамдық қауіпсіздігін қамтамасыз ету болып табылады. «Smart Astana» жобасының негізгі ұстанымдары бойынша ақылды экономика, ақылды басқару, ақылды өмір сүру деңгейі, ақылды жұмылу, ақылды адамдар және ақылды қоршаған орта деген алты тұғырнаманы іске асыруға тиіспіз. Ақылды экономика, ақылды өмір сүру деңгей, ақылды қоршаған орта негізінен, мемлекеттің экономикалық саясатына тіке байланысты. Әрі мұны жүзеге асыруға еліміздің экономикалық әлеуетінің қауқары жететініне күмәнданбаймыз. Ал «ақылды жұмылу», «ақылды басқару», «ақылды адамдар» тұғырнамалары экономикаға емес, идеяға, адамдардың ерік жігеріне, парасатына, адамгершілігіне, саналы өмір салтына қатысты болғандықтан оларды ақшамен сатып алу мүмкін емес. Басқаша айтқанда бұл көрсеткіштер ақылдылықтың асқар биігі мейірімділік, қайырымдылық арқылы жүзеге аспақ. Сондықтан, менімше, осы үш көрсеткішті «қайырымды, мейірімді қаланың» нышаны ретінде қарастыру жөн сияқты. Өйтсе, Елордамызды қайырымды қалаға айналдыру үшін экономикамен қатар идеяға, парасатқа да жете мән беру керек. Мәселен, негізгі көрсеткіштің бірі ақылды басқару болса, басқаруды ақшаға сатып ала алмайтынымыз өмір шындығы.

Қайырымды қала жайлы идеяны алғаш көтерген адам әлемдік ғылымның биігіне көтерілген ғылым, білім, парасат иесі Әл-Фараби бабамыз екеніне тарихи жазбалар куә. Әл-Фараби бабамыз осыдан он ғасыр бұрын «Қай-

ырымды қала жайлы трактатында «Адамдар, бақытты болуы үшін бір-біріне көмектесіп отыру мақсатымен бірлескен қала-ізгі қала. Халқы бақытқа жету үшін өзара көмектесіп отырған қоғам да ізгі қоғам болады. Қалалардың бәрі бақытқа жету жолында біріне-бірі көмектесіп тұратын халық ізгі халық. Сол сияқты халықтардың бәрі бақытқа ұмтылып, біріне-бірі көмектесіп отырса, бүкіл жер жүзі ізгі болар еді» - деген еді. Әл-Фараби қала тұрғындарының бақытты өмірге қол жеткізуі қайырымды билік өнеріне де тікелей қатысты деп есептейді. Қайырымды қала болу үшін қала басшылығы тұрғындардың бақуатты да бақытты өмір тұрмысы үшін қызмет етуі керек деп есептейді. Сондықтан қайырымды билеушілер билеген қала қайырымды қалаға айналып, тұрғындары бақытқа жете алатыны айтылады. Сонымен қатар, «қайырымды қала» басшылығы мен тұрғындарының міндетіне ғылым негіздерін меңгеру, әділдікке ұмтылу, әртүрлі әлеуметтік топтардың бір-бірімен тату өмір сүруін т.б. жатқызады.

Кемеңгер Елбасы бабамыздың пәлсапалық бұл пайымдарын әлде қашан оқып, көкейіне тоқыған. Астанамызды қайырымды қала болдыру идеясын баяғыда-ақ ұсынған. 2010 жылғы қыркүйек айындағы жоғары оқу орнының студенттері алдындағы өз сөзінде Н.Назарбаев Әл-Фараби армандаған қайырымды қала құрып жатқандығымызды атап өткен болатын.

Бүгінгі таңда елімізде белең алған әртүрлі келеңсіздіктердің бір себебі жалпы басшылықтың (мемлекеттік қызметкерлердің) халықпен қоянқолтық жұмыс жасамай, олардың тұрмыс-тіршілігімен, арман-мүддесімен санаспай, мейрімділік таныта алмай отырғандығында екені жиі айтылатын болды. Міне, басшылықтағы

бұл кемшілік қайырымды қала орнату ісіне де қатысты екенін ұлы философ бабамыздың трактаты да дәлелдеп отыр.

Қаладағы мемлекеттік ұйымдардың басшылығы мен қол астындағы қызметкерлері қала тұрғандармен қоянқолтық жұмыс жасап, Фараби бабамыз айтқандай әртүрлі әлеуметтік топтардың мүддесімен санасып, тілек ұсыныстарын орындауға күш салса, орындалмайтын талап тілектердің өзінің себептерін түсіндіре білсе, әр тұрғынды өзінің туғанындай санап, мейірімділік танытса, «бармақ басты көз қыстыдан» әділетке жүгінсе, ұлтаралық қатынастарды назар төрінде ұстап, Қазақстан халықтарының ынтымақ-бірлігі, тату-тәтілігі қоғамның тірегі екенін қаперінен шығармаса ғана қайырымды қала тұрғындарын қалыптастыра алады. Жалпы, Астананы мейірімді қала болдыру «су басынан тұнады» дегендей бұл елімізде мейірімді қоғам орнатудың да негізі болмақ. Бұл тұрғыда Астана қаласы барлық талаптарды қамтамасыз еткен төрт құбылысы тең қала екенінде күмән жоқ. Ірге тасы қаланған күннен бастап, Елбасының өзі қатаң қадағалауға алып әсемдікпен қатар тұрғындарға жайлы болудың бар мүмкіндіктері қарастырылған. Елбасы қала мәріне әр жылдары Иманғали Тасмағамбетов, Асқар Мәмин, Жақсыбек Әділбеков, Әсет Исекешев сияқты білімді де білікті, қоғамдық жауапкершілігі жоғары, ұлттық рухқы мықты, адамдармен тіл табыса білетін іскер, ең таңдаулы кадрларды тағайындап отыру қаланың әуелгі жобасының мүлтіксіз орындалуына, жаңа мүмкіндіктерді ұтымды пайдалануға зор ықпал еткенін халқымыз жақсы түсінеді. Қазір Астана қаласының «ЭКСПО-17» көрмесіне қызу дайындық үстінде. Осы шара аясында қаланың оң қанатынан жаңа-жаңа

сәнді ғимараттар бой көтеріп, қаланың көркіне көрік қосып онан сайын ажарландыра түскенін әр тұрғын өз көзімен көріп, көңілдеріне қуаныш, шаттық ұялауда. Мұның сыртында осы шараның басты ұраны болып табылатын «жасыл экономика» - энергетиканың күн батерияларына, жел, су қуаттарына негізделген адамдардың денсаулығына, қоршаған ортаға жайлы жаңа көздерін дамытудың түрлі бағдарламалары жүзеге асуда.

Қайырымды қала болу қаладағы мемлекеттік ұйымдардың басшылығының іс қызметімен ғана шектелмейді. Басшылыққа қоса, халыққа түрлі қызмет көрсететін орындардың, жеке меншік кәсіпорын, компаниялардың қызметшілерінің, ілтипатына, мәдениеттілігіне тіке қатысты болмақ. Әсіресе қалалық тәртіп сақшылары, халыққа қызмет көрсету орталықтары, банк, қоғамдық көлік ұйымдары мен қала базарлары, сауда дүкендері, асханалар мен мейрамханалар т.б. орындар мейірімділік, қайырымдылықтың айнасы, үлгісі, ұйтқысы болу арқылы қала қызметі кешенді түрде мейірімді, қайырымды болмақ. Халыққа даяшылық жасаушы кондуктор, сатушы, аспаз сияқты жүздеген қызмет иелері осының барлығы қала көлемінде кешенді мейірімділікті қалыптастырушы элементтер екенін шынайы түсініп, халықтың, тұтынушылардың алдында мейірімділік, қайырымдылық, мәдениеттілік танытып, иіліп ілтипат көрсетсе ғана нәтижеге жетеміз.

Сондай-ақ «Smart Astana» жобасын «ақылды жұмылу» тұғырнамасы да қала басшылығының іскерлігіне, ұйымдастыру қабілетіне байланысты екені айтпаса да түсінікті. Екінші жағы жоғардағыдай басшылық тұрғындарға мейірімділік, қайырымдылық танытпаса, олар ақылды жұмылмақ емес, оларды қатаң талап қою ақылды күштеп жұмылара да алмаймыз.

Ал «Smart Astana» жобасының негізгі тұғырнамасындағы ақылды адамдар ұстанымы қала халқының білім, парасатына этикасына, эстетикасына тіке байланысты болмақ. Әрбір тұрғын Астана қаласын шын жүрегімен сүйіп, менің сүйікті қалам, менің баспанам, алтын ордам деп түсінсе, әртүрлі ұлт өкілдері бір-біріне сыйластықпен қараса, қала халқының береке-бірлігіне, тазалығына, мәдениетіне өзіндік үлесін қоса алары хақ.

Рим императоры Адриан «қала келбеті тұрғындардың сұлулықты қаншалықты бағалайтынының белгісі» деген екен. Астана әлемдегі сұлу қалалардың бірі. Ал оны одан сайын ажарландыра, әрлендіре түсу қала халқының эстетикалық талғамына, парасатына байланысты. Бұл ретте қаланың сыртқы бет-бейнесінен, сұлулығынан да артық қайырымдылық, мейірімділік талаптарына сай келетін ең басты қасиет адамдардың бір-бірімен қарым қатынасы. Дүниежүзіндегі «Ақылды қала» талаптарына сай келетін 50 қаланың әрқайсысындағы тұрғындардың бір-бірімен сыпайы қатынастары, мәдениеттілігі бізге үлгі болуға тиіс. Мәселен, мен өз басым, әлемнің біраз елінде болғанымда Швед, Швецарияның, Жапонияның көптеген қалаларының тұрғындарының айрықша мәдениеттілігіне бір-біріне, мейілі сырттан келген қонақпен асқан ілтипатен, мейірімділікпен қатынасатынын, тіпті, көшедегі өтіп бара жатқан танымайтын адамдардың бір-біріне бас изеп сәлемдесіп өту салтын көргенде еріксіз ризалық сезімде болғанмын. Жалпы осындай «әлемнің «ақылды қалаларында» тұрғындардың көшеге бір тал сіреңке де тастамайтынын, қала көшелерінің айнадай жарқырап жататынын, ұрлық-қарлықтың мүлдем болмайтынын осы қалаларда болып қайтқан жерлестеріміздің көбі таңдана әңгімелейді. Таңданбасқа да

шарамыз жоқ. Таңдану бір басқа да үлгі алу, Астананы да осы қалалардың қатарына жеткізу бір басқа. Осындай қала тұрғындарының мәдениетті қарым қатынастарын көпшілікке жете насихаттауымыз, жүйелі жұмыс ұйымдастыруымыз керек, үлгі алуымыз қажет. Сол арқылы біз болашақта Астананы қала тұрғындарының мәдениетті, ілтипатты қатынасы тұрғысында да, қаланың сұлулығы, тазалығы тұрғысында да басқаға таңданатын емес, басқаны таңдандыратын кемел дәрежеге жеткізуіміз, Астана әлем елдерінің назар төрінен орын алып, шетелдің әрбір азаматы Астананы бір көрсек деп арман ететін қалаға айналдыруымыз керек.

Сарыарқаның дархан төрінен жоқтан бар болып небәрі 20 жылдың ішінде өзіміз түгіл өзгелердің назарын тартқан әлемнің «Ақылды 50 қаласының» қатарына қосылудың барлық талаптарын жүзеге асырып жатқан ару Астананың болашағы тіптен зор. «Мәңгілік ел» болуды мұрат тұтқан «Ұлы дала елінің» бар болмысын ең әуелі Астана паш етіп айқындап тұратын күн алыс емес. Басқаша айтқанда «Мәңгілік елдің» символы, басты нышаны болуға тиіс. Өйткені еліміздің сыртқы қатынасына келсек, әлем халықтарының бейбітшілігіне зор үлес қосатын небір құнды шешімдер осы қаладан бастау алуда. Төрт құбыласы тең қаланың шартарабынан әлем саясаткерлері, қоғам қайраткерлері ағылып келіп бас қосатын болды. Олар біздің Елбасымыздың, еліміздің, әлем тыныштығы жолындағы маңызды бастамаларын, халқымыздың бейбітшілік сүйгіш ақ жүректі адал пиғылдарын шартарапқа сәт сайын таратып жатыр. Ал елдің ішкі жағдайына келсек Астана тыныштық, татулық, береке-бірлік қаласына айналып үлгірді. Еліміздегі 130 ұлттың өкілдері осы қалада бейбіт өмір сүріп жатыр.



Сондықтан Астанадан бейбіт өмірдің иісі аңқып тұр деп мақтанышпен айта аламыз. Өйткені ұрлық- қарлық, тонау, айқай-шу беймазалық ахуал қала көшесінде байқалмайды.

Сондықтан еліміздің бас қаласы Астананы мейірімді қалаға айналдырайық. Мейірімді деген аса қасиетті сөз әуелі бір Алланың ізгі сипаты, Алланың атына қосылып айтылуының өзі тегін емес. Қаламыз осы киелі ұғымға сай болып, мейірім шуағын төгіп тұрса, басымызға мәңгілік бақыт орнамақ. Ал қала тұрғындары үшін осынау киелі ордада өсіп-өніп, тіршілік етудің өзі қандай ғанибет. Киелі қалада еш уақытта атыс-шабыс, жарылыс сияқты халықтың үрейін алып, берекесін қашырар келеңсіздік болуға тиіс емес. Ешкім де көшеге шығып, айғай шу шығарып, дауыс көтермейді, халыққа, қоғамға қарсы шара ұйымдастырмайды. Өсек-аяңнан ұрлық-қарлықтан аулақ болады. Мейірімді адамдар бір-біріне жала жауып, тырнақ астынан кір іздемейді.

Адамдар тек тіршіліктің тірегі болған қоғамдық еңбекке қана ден қояды. Бір-біріне тілеуестік танытып, береке-бірлігі жарасады. Әрине мейірімнің бастау көзі - парасат, жоғары дәрежелі мәдениеттілік. Астананың әрбір тұрғынының бойына осы бір ізгі қасиетті қалыптастыруға тиіспіз. Сөйтіп, қаламыз нағыз мейірімді қалаға айналып, тұрғындар ешбір алаңсыз, қорқынышсыз, еңселері тік, көңілдері шат өмір сүруге тиіс. Бұл мақсатқа жетуге басты кедергі көп уақыттан бері қазақтың қанына сіңген (қанына біткен емес) көреалмастық, алаауыздық, бақталастықты түп тамырымен жою – бүгінгі заман талабы, өмір талабы. Бұл талапты жүзеге асырудың идеясын Елбасымыз әлдеқашан көтергенін, Астана қаласының бұрынғы әкімдері жүйелі түрде біртіндеп жүзеге асырып, қалыптастыра бастағанын жақсы білеміз. Астанамыздағы бүгінгі тыныштық, мамыражай тірлік – соның кепілі. Астана қаласы бүгінгі таңда әлемнің көптеген ірі қалаларының шырқын бұзып, үреймен өмір сүруге мәжүбірлеп отырған лаңкестік әрекеттер, атыс-шабыстан аулақ екенін жақсы білеміз. Бұл да Астананың қауіпсіздігін мұқият қамтамасыз етуге баса назар аударылып, күштік құрылымдардың сақадай сай тұруының нәтижесі.

Ендігі жерде қаланың жаңа мәрі Әсет Исекешев мырза осы үрдісті ыждағаттылықпен жалғастырса, мейірімді қала болуға көлеңке түсіретін қандай да бір келеңсіздікке қарсы өзі бас болып, табанды күрессе, қаланың қарапайым тұрғындары біздер де қарап қалмай қал-қадірімізше үлес қосатынымыз да сөз жоқ. Мейірімді қаланың критерін тоқтатып, үлгісін жасау қолдан келеді. Ел тәуелсіздігінің 25 жылдығында қолға алынған бұл мәселе айдай әлемге есігімізді ашатын «ЭКСПО-17» көрмесінде қадірлі меймандарымыздың

аузында қалатын біздің асыл қасиетіміздің ең кереметтерінің бірі ретінде танылмақ. Әрі бұл істің жаңашыл да жалынды азамат, іскер басшы Әсеттің қолынан әбден келетініне Елбасының өзі де сенеді. Астана тұрғындары да кәміл сеніп отыр. Бұл сенім үрдесінен шығудың негізгі тетігі Астана қаласындағы басшылық ұйымдардың қарапайым халыққа есігін айқара ашып, олармен етене жақын болуына, мейірімділік танытуына, кіш пейлдік жасауына, аса сыйластықпен қатнасуына талап қойып, орындата білуінде.

Астаналық бұл идея – біздің ұлттық идеямыздың құрамдас бөлігі. Біздің ұлттық идеямыздың шыңы – қазақ деген халықтың өмірден жапа шеккен сан ұлттың өкілдерін туғанындай көріп бауырына басқаны, мейірімділік, қайырымдылық танытып қамқор болғаны, «ере келген итіне де кет демеген» кішіпейіл, қонақжай, кең қолтық қасиеті. Осындай мейірімді, қайырымды қазақ деген халықтың Елордасы Астана қаласы да қайырымды, мейірімді қала болуға әбден лайық, әрі өз қолымызда. Астанамызды осылай бейбітшіліктің символы, жасампаздығымыздың куәсі, қайырымдылықтың белгісі ретінде мейірімді қалаға толықтай айналдырсақ, гео орналасуы тұрғысында Еуразия жүрегі саналатын бұл қала болашақ Еуразияның, тіпті, әлемнің бейбіт өмірінің де бастауына, жүрегіне айналып, әлем халықтарының назарын өзіне тартып, Сарыарқаның самал төсінен қол бұлғап тұрары сөзсіз.



МӘНГІЛІК ЕЛДІҢ ТАМЫРЫ, БАҒДАР ШАМЫ – АСТАНА МЕЙРІМДІ ҚАЛА

Бақытым өзіме,
Айбыным басқаға,
Басылған көзіме
Оттай боп Астана,
Мәз-мәйрам ұл-қыздар,
Жаудырай жанары,
Жердегі жұлдыздар
Жарқырай жанады.

Байтақ жері,
Батыр елі,
Бәйтерек асқара,
Қазағымның
Жайнаған гүл
Бас ордасы – Астана.

Еркелей көсіле,
Есілген Есілім,
Ортаймас несібе,
Құт мекен бесігім,
Оралған азат күн
Киелі босаға,
Алты Алаш қазақтың
Кіндігі – осы ара.

Көгінде тамаша
Көк қанат байрағым
Даламның қарашы ә,
Дастарқан жайғанын.
Күн күліп төбеден,
Айналып туған Ай
Арайға бөлеген
Па шіркін, дидары-ай!

Байтақ жері,
Байтақ жері,
Батыр елі,
Бәйтерек асқара,
Қазағымның
Жайнаған гүл
Бас ордасы – Астана.

Үшінші бөлім

**АМАНАТ АРҚАЛАҒАН АҒАЙЫНДАР НЕМЕСЕ
«АТАЖҰРТ»
ҚОҒАМДЫҚ БІРЛЕСТІГІ – ЕЛ ҰЙТҚЫСЫ**



*Күйінсін жауың, сүйінсін досың,
Жиылсын қауым, құйылсын көшің,
Ертеңің үшін аянба ерім,
Оянышы елім, жиылсын есің.*

Н.Ә. Назарбаев

АТАЖҰРТЫМ – АРМАНЫМ

Теңіз кешіп, тауды басып оралған,
Төрлетіндер бауырластар қара орман.
Басын қосқан әлемдегі қазақтың,
Қазақ Елі - шаңырағың, өз ордаң.

Аспанында зымырандар от өрген
Ақберенмен көмкерілген іргеміз,
Көк байрағын көтерген Атажұртым,
Енді өзіңмен мәңгі жасай береміз.

Судай сіңіп, балдай батып кетер ек
Алып келді осы орда жетелеп,
Топырағында тамыр жайдық бабаның
Көкті тірей бой көтерді бәйтерек.

Аспанында зымырандар от өрген
Ақберенмен көмкерілген іргеміз,
Көк байрағын көтерген Атажұртым,
Енді өзіңмен мәңгі жасай береміз.

Құтты ұясы кәрінің де, жастың да
Тоқайластық бір шаңырақ астында.
Ақ тілекпен ағайынын шақырған,
Тек, өзі болды Елбасымыз Нұраған.

Аспанында зымырандар от өрген
Ақберенмен көмкерілген іргеміз,
Көк байрағын көтерген Атажұртым,
Енді өзіңмен мәңгі жасай береміз.

ҚАНДАСТАРЫМЫЗДЫҢ ҚАЗАҚ ЕЛІНЕ ДЕГЕН ҚАПЫСЫЗ СЕНІМІ

«Қаны бірдің жаны да бір»

Бұл күндері әлемді шарпыған дағдарыстың өз елімізге тигізер кесапаты жайлы Елбасымыз қанша айтып, үкіметіміз қаншама шаралар қолданып жатқанына қарапайым халық біздер онша мән беріп, алаңдай бермейтін сияқтымыз. Өйткені ең бастысы отан тыныш, қарнымыз тоқ, көйлегіміз көк, өз елімізде, отбасымызда алаңсыз тірлік кешіп жатырмыз. Ал аз күндік сапармен болса да отаныңнан жыраққа шыға қалсаңыз ойыңызға әр нәрсе оралары тағы шындық. Отан, туған жер қадірі осындайда білінеді. Ал сапарыңыздың сәті қандастарымыз тұратын елге түссе, туған елінен, отанынан жырақта жүрген ағайындарымыз Қазақ елі жайлы не ойлайды екен деген сұрақ ойыңызға орала береді.

Жуықта көршілес ҚХР мен Моңғолияға сапарлап бара жатқанымда менің де көкейімді осындай ойлар мазалады. Ең бастысы ондағы қазақтар Қазақстанның жай-күйіне алаңдай ма екен, сұрай қалғандар болса, қандай жауап беруім керек дегенді жол бойы ой елегінен өткіздім. Қытайдағы қандастарымыздың әкімшілік әрі рухани орталығы Үрімжі қаласына ат басын тірегенімізде алдымыздан шыққан ағайындардың «Ассалаумағаликумінен» кейінгі алғашқы сауалдары «Ел-жұрттарыңыз аман ба, әлемдік дағдарыс қыспағы ол жақта қалай болып тұр» дегеннен басталғанда жол бойындағы ойымды мазалаған сұраққа жауап тапқандай, жауап

болғанда жағымды жауап тапқандай болдым. Көңілімді қазақ қайда да қазақ екен ғой, атажұртының ақуалына шеттегі қандастарымыз бізден бір кем емес алаңдайды екен ғой деген мерейлі сезім баурады. Атымызды байлап, ақ дастарқан жайған ақжүрек ағайындардың бәрі де – жоғарғы лауазым иелері болмаса да, ғылым-білім саласында еңбек ететін, көзі ашық, көкірегі ояу, әлем тынысын сезіне білетін зиялы қауым өкілдері еді. Әр дастарқан басындағы әңгіменің негізгі арқауы атажұрт – Қазақ елінің бүгінгі мен болашағы, қазіргідей аласапыран замандағы экономикалық жағдайы болды. Көптеген азаматтармен дидарласу барысында әлемді аузына қаратқан алпауыт державалардың бірі болса да, соңғы жылдары төл ақшаларының құны құлдырап, күллі жаһанды шарпыған дағдарыстың иісін сезе бастаған ҚХР-да тұратын қандастарымыздың екі елдегі ақуалды салыстыра отырып, әлемдік деңгейде сараптау жасай алатын ұшқыр да ұтымды ой пікірлеріне тәнті болдым. Бір байқағаным – дастарқан басында атажұрттан келген қонақ отырғандықтан да болар, сол дағдарысқа байланысты ҚХР-ның емес, Қазақстанның ертеңіне көбірек алаңдайтындықтары. Әрі Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың сарабал саясатына, ілкімді іскерлігіне кәміл сенетіндері болды. Қазақ елінің тұрмыс жағдайына құлақ түріп отыратындарын, оларға барлық жақсылық бола берсе екен деп шын жүректерімен тілейтіндіктерін, Елбасының кемеңгер саясатына тәнті, көңілдері қош екенін естігенде риза сезімде боласыз.

«Бұдан жаман күнімде де тойға барғанмын» дегендей Қазақстан тәуелсіздігін енді ғана алып, аяғынан қазтұра бастаған шағындағы әлемді жайлаған дағдарыстан да Нұрсұлтан Назарбаев елін экономикалық

тығырықтан алып шығудың жолын тапқанын білеміз. Енді, құдайға шүкір Қазақ елінің белі бекіді, экономикасы нығайды, индустриалды-инновациялық өркениет жолына көшті. Бұл жолғы әлемдік дағдарыстан да сүрінбей өтеді дегенге сенеміз, –дейді білікті дәрігер Зейін Қадырханұлы қанағатты сезіммен. Дәл осы ойды іліп әкетіп, сабақтай түскен ініміз, ұзақ жыл бойы ұстаз болған Қызырбек Апенұлы: Ойлап көріңізші, Елбасы өзі ұсынған стратегиялық бағыт-бағдарларды айтпағанның өзінде, өткен жылы жариялап, тағы бір жылға ұзартқан мүлікті заңдастыру шарасының өзі неге тұрады. Азаматтардың заңсыз саналып келген жеке мүліктері мен шетел банклеріндегі немесе сандықтарының түбіндегі миллиардтаған ақшаларын ашыққа шығарып, ешбір төлемсіз өз аттарына түсіру құқын беруі мына алмағайып, аласапран заманда еліне де, дәулет иесінің өзіне де жасалған зор мүмкіндік қой деп тың ойын толықтыра түсті. Тіпті біздің елде қандай да бір заңсыз жұмыс жасалса, иесін тура қамауға алады, сотқа тартады, ал, сіздерде басынан сыйпап, қамқорлығына алады. Атыңа түсіріп ал деп қана отырған жоқ қой, сол ақшаңа ірі компанияларды жекешелендіріп ал. Тек адамдарды жұмысты болдыр, оларға дұрыстап жалақы төле, еліміздің өркендеуіне үлес қос, сүйтіп-ақ, адал мүлкіңнің заңды қожайыны болып, қысылып-қымтырылмай емен-еркін өмір сүр деп отыр ғой. Бұдан артық рақымшылық, еркіндік бола ма! Шындығында «жаман айтпай жақсы жоқ» дегендей мынау ұр да жық, ойпыл-тойпыл заманда шетелдік банктердегі жеке тұлғалардың долларға айырбасталған ақшаларын сенімді қолда деп кім айта алады. Сол қаржының игілігін дұрыс көре ала ма? Қазір алпауыттар аузын ашқан, қайтсем пайда табамын деген

заман, оған әлемнің түкпір түкпірінде тұтанып жатқан соғыс өрті мен лаңкесік әрекеттерді қосыңыз. Осындай бей-берекетсіздікті пайдаланып, ақшаларын шетел банктері қайтармай қойса, не істемек. Бір ғана мысал; қазір Европа елдері Ресеймен арадағы араздыққа байланысты бөгет, кедергілерді көбейтіп, алпауыттардың сақтатқан ақшаларын қайтаруды қойып, өздерін кіргізбеуге бел байлап отыр. Сондықтан Қазақстанның да шетелшіл «мықтылары» Елбасының жасаған мүмкіндігін пайдаланып, мемлекет берген жеңілдіктерге сүйене отырып, мүлкін, ақшасын заңдастырып алуы керек қой. Тіпті бүгінгі таңда Қазақстаннан сенімді, тұрақты елді әлемнен табу қиын деп ойлаймын. Барлық түркі текті халық арқа сүйеген Түркиядағы жағдай анау, бір жағынан Ресей, бір жағынан ішкі тұрақсыздық қысып бара жатқанын естіп, біліп отырмыз, – дейді.

Қытайдағы зиялы қандастарымыз еліміздегі уақытынан бұрын басталған саяси науқан Парламент және жергілікті жерлердегі мәслихат сайлауларын да құптайтындарын айтады. Әрі тұрақтылық орнаған елде сайлаудың тыныш, әділ өтетіндігіне де сенімді екендіктерін байқатты.

Қытайдағы қазақтарды алаңдататын маңызды мәселелердің бірі көші-қон жағдайы екенін жақсы білеміз. Жуықта ғана Президент қол қойған «Халықтың көші-қон туралы» жаңа заңының қолданысқа енуін ондағы барлық қазақ асыға күтіп отырғандарын айтады. Әрі соңғы бірнеше жылда іркіліп қалған көштің осы заң арқылы қайта жанданатынына сенімді екен. Ондағы ағайындардың әңгіме ауанынан түйгеніміз жаңа заңдағы квоталық көмек алғысы келетін оралмандарды қоныстандыру аймағының үкіметтен белгіленуі еш ке-

дергі емес көрінеді. «Бізге керегі қиыншылықсыз шекара асу мен Қазақстан азаматтығын кедергісіз тез алу ғана» дейді көбісі.

Қытайдағы қазақтардың атажұртына оралуына бөгет болып отырған екі мәселе бар. Мұның біріншісі – Қытай елінен «қылмысқа байланыспаған» деген анықтама алу болса, екіншісі виза алудың – қиыншылықтары. Ақпарат көздерінің хабарына сенсек ендігі жерде «қылмысқа байланыспаған» деген анықтама алу Қазақстанның көші-қонға жауапты мекемесінің біріккен тәртіппен сауал жолдау арқылы шешілетін сыңайда. Ал виза мәселесі азаматтардың шетел асу паспорттары әкімшілік органдардың қолында болатындықтан кез келген уақытта Қазақстанға қоныс аударуына аз да болса кесірін тигізері анық. Дегенмен Қазақстанның Үрімжідегі консулы ұлғайтылып, пәрменді жұмыс жүргізсе, бұл мәселе де шешімін тауып қалар деген үмітте көрінеді. Қалайда осы заңды жүзеге асырудың ереже, тәртібі белгіленіп оралмандар мәселесіне жауапты министірліктің көші-қонды бастауын ерекше асыға күтіп отырғандықтарын Үрімжі сапарында жолыққан сондағы ағайындарымыздың бәрінің аузынан естідік.

Қазақстан Республикасының «көші-қон» туралы жаңа заңының бекітілуі шетелдегі қандастарымыздың атажұртына тағы да лек-легімен оралуына мүмкіндік туғызары анық. Ағайындардың асығатын да жөні бар, бұрынғы заңға енгізілген Қазақстан азаматтығын төрт жылдан соң алу жөніндегі өзгерісі атажұртына оралушыларға біршама бөгет болғаны рас.

Моңғолиядағы қоғамдық жалпы ақуал қытайдағыдан мүлдем бөлек. Олар бүгінгі әлемдік дағдарыстың салқынын артықырақ сезіне бастағандай. Әсіресе

мұнай өндірмейтін ел ретінде екі алпауыт көршісі Ресей мен Қытайдың нарығына еріксіз бағынышты. Жанармай бағасы біршама өскен. Ең бастысы дағдарыс – жұмыс орындары тапшы, жастардың еңбек етуіне жұмыссыздық қашанда қол байлау екенін жақсы білеміз. Бүгінгі дағдарыс тұсында мәселе бұрынғыдан да күрделене түскен.

Сонымен қатар Моңғолиядағы қазақ ағайындар да «Көші-қон туралы» жаңа заңға Елбасының қол қойғанын естігеннен бері дән риза көрінеді. Олар да жаңа заңды жүзеге асыру тетіктерін айқындайтын ереже, тәртіптердің белгіленуін асыға күтуде. Қытайдағы қандастарымыз виза мәселесіне алаңдаса, Моңғолиядағылар оралмандардың зейнетақысына көбірек алаңдайтын көрінеді. Жай алаңдау емес, атажұртқа көшу мәселесі тек осы мәселеге тіреліп тұр десек те болады. Моңғолияда алдымыз қырық артымыз он жыл істеген еңбегіміз далада қала ма деп, ертеңдеріне алаңдайды. Әрине алаңдамасқа амал жоқ. Бұрын барған оралмандарға зейнетақы тағайындау кезінде Қазақстан мен Моңғолия үкіметі арасындағы 1994 жылғы еңбек шартымен көшіп келушілерге жәрдемақы, өтемақы төлу жөніндегі келісім шарт бойынша екі елдегі еңбек еткен жылдары (еңбек өтілі) толық енген. Өкініштісі 20 жыл мерзімімен жасалған екі ел арасындағы бұл келісім шарт 2014 жылы күшін жойғаннан кейін зейнет демалысына шыққан Қазақстандағы оралман қандастарымыздың Моңғолияда еңбек істеген жылдары есепке алынбайтын болған. Міне, осы мәселе «Халықтың көші-қон туралы» жаңа заңын жүзеге асыратын ереже, тәртіпте қарастырылып бір жақты болса болғаны, көш керуені қайта басталмақ.

Монғол Үкіметінің заңы бойынша зейнет демалысындағы азаматтар шет елге қоныстанып сол елдің азаматтығын алған күннен бастап бұрынғы беріп отырған зейнетақысын қиып тастайды. Ал басқа елдердің бәрінде олай емес, қырық жылғы еңбегіне белгіленген зейнетақысын алып отыру туралы халықаралық адам құқығы заңында толығынан көрсетілген заңды ұстанады. Ал өкінішке орай Монғолияда ғана олай емес.

Моңғолияда тек қандастарымыз ғана емес, жалпы моңғол азаматтары өздерімен бірдей 1990 жылдары ғана тәуелсіздікке қол жеткізген Қазақстанның аз жыл ішіндегі жеткен өркеніне таңдана қарауда. Әрі бұл жетістіктің Президенттік басқарудың артықшылығында екенін, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың оңтайлы саясаты мен ұстанған бағытының ұшқырлығына тіке байланысты екенін терең түсінеді. «Біздегі басты қателік – бейберекеттік, жоспарсыздық» дейді кездескен екі адамның бірі. Кеңестік дәуірдегі экономикалық дамудың жылдық, бес жылдық, ұзақ жылдық стратегиялық жоспарларының тиімділігі тәуелсіздік алып, жеке шаңырақ көтерген көптеген жас мемлекеттерде ескерілмей, «бәрін нарық өзі шешеді, өзі реттейді, бұл – демократия қағидасы» деген желеумен бейберекеттікке жол берілгенін Моңғолияның халқы енді ғана түсінген сияқты. Әсіресе Қазақ елінің әуелгідегі «Қазақстан-2030, 2050», қазіргі дамыған 30 елдің қатарына қосылу жөніндегі стратегиялық бағыттарын, Елбасының жыл сайынғы халыққа жолдауындағы мақсаттардың мүлтіксіз орындалып жатқанына зиялы қауым талдау жасап, түсініп отырғаны аңғарылады.

Моңғолиялықтардың біздің еліміздің өркеніне осылай баға беріп, қызығушылығын осы жолы Баян-Өл-

гий аймағына сапарымда ғана емес, өткен жылы ел астанасы Ұлан-Батырда болғанымда да аңғарғанмын. Ол жолы Моңғолия үкіметінің бас уәлиі Ч.Сайханбилэг, Парламент орынбасары, Моңғол елін 100 жыл басқарған Халық Партиясының бастығы М.Энхболдлармен, парламенттің көптеген мүшелерімен әңгімелескенмін (сол М.Энхболды бүгін Моңғолия Үкіметін өзі басқарып отыр). Осы пікірлерді сол жолы да естіген едім. Олар Қазақ елін аз жылдың ауқымында экономикалық, әлеуметтік биік белестерге көтерген Елбасымыздың ерен еңбегін жоғары бағалаудың сыртында, тәжірибемізді зерттеуге көңіл аудара бастаған. Өткен жылы Моңғолия Парламентінің бір топ мүшесі Астанада, Алматыда болып қайтқаны белгілі. Олар өз елдеріне барған соң екі елдің 1990 жылдан бергі 20 жылдық экономикалық көрсеткіштерін салыстыра зерттеген. Зерттеу қорытындысы бойынша Қазақстанның Моңғолиядан көш ілгері кеткенін, оның себептерін ақпарат құралдары арқылы еркін жариялап, Қазақстанды «болашақ елі» деген баға берген болатын. Ал осы жолы Моңғолия Халық партиясының Баян-Өлгий аймағындағы филиалының басшылары «Нұр Отан» партиясының Астаналық филиалымен қарым-қатынаста болуды өтініп, менен ресми хат жолдады. Партия бастығы Сұлтан Гомбыжайұлы: «Егер біз «Нұр Отан» партиясының Астаналық филиалымен қарым-қатынаста болсақ, ары қарай Моңғолияның Халық партиясын «Нұр Отан» партиясымен байланыстыру арқылы осы бір халыққа беделді саяси ұйымның ұйымдастыру іс тәжірибесінен үйренбек ойдамыз» деп ағайындық тұрғыда ашық айтып, осы іске дәнекер болуымды сұрауы да Моңғол елінің Қазақстанға қызығушылық танытып отырғандығын көрсетеді.

Моңғолияның біздің елімізге қызығушылығының тағы бір дәлелі осы елдің Ғылым Академиясының академигі, атақты дәрігер Шагдарсүрэн Абай романдарын, Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың даналық сөздері, ұтқыр ой ұсыныстарын моңғол тіліне аударып, кітап етіп бастырыпты. Қазір бұл кітап зиялы қауымның «үстел кітабына» айналған. Сол кісімен өткен жылы Ұлан-Батырда жолығып ұзақ әңгімелескен едім. Академик әңгіме барысында Қазақ елінің ширек ғасырға толмайтын уақытта екі ғасырлық өркенге жеткенін Елбасымыздың ерен ерлігі, даналығы деп бағалап, алда өзіңіз сияқты азаматтармен бірігіп, осы кісінің еңбектеріне қатыстытың, құнды мәліметтер жинап, қазақ, моңғол, орыс, жапон, қытай тілдеріне аударып, кітап етіп бастыру ойы бар екенін, сол үшін Астанаға арнайы барып, осы елдің тыныс-тіршілігімен таныссам, Елбасына жолықсам деген пікірін де айтқан еді.

Моңғолиядағы аз қазақтың тағы бір ерекшелігі өздерін қазақ елі азаматы ретінде сезінеді. Бұл бір жағы Моңғол ағайындардың, оның мемлекетінің қазақтарға бірге жасасқан 150 жылдан астам уақыт ішінде қысым көрсетпеген киіз туырлықты түбі бір туыстығында, қонақжай, кең қолтықтығында жатса, екінші жағы Қазақстан Президенті Н.Назарбаевтың 1992 жылдың жаңа жыл түнінде жолдаған «Ағайынға ақ тілек» сәлемінен, Моңғолияға сонау 1993 жылы жасаған алғашқы сапарынан бері ондағы қазақтардың жүрек түкпірінен терең орын алған зор сеніміне тіке байланысты. Алайда дәл өз еліміздегі сияқты Моңғолияда да демократизімді анархизмге айналдырғысы келетін кей топтың, партияның қазақтарға қырын қарай бастағаны да жасырын емес. Мәселен (Әсіресе мемлекеттік қызметке тағай-

ындау тұрғысында) парламенттің жаңа сайлауы жақындаған сайын күшейе түскен болатын. Абырой болғанда жуықта өткен парламент сайлауы қорытындысы бойынша мемлекет билігін төрт жыл бойы уысында ұстаған Моңғолдың Демократиялық Партиясы жеңіліс тауып, таяу күндерде билік Моңғолдың Халық Партиясына өтті. 1921-1990 жыл аралығында социалистік Моңғолияның қоғамдық көшбасшысы болған аталмыш партия коммунистік идеологияның «пролетарлық интернационализм», «Лениндік ұлт саясаты» принциптерін берік ұстанып, осы елдегі ат төбеліндей аз қазаққа ешбір қысым жасамай, ұлттық бар болмысын сақтап қалуға бағытталған қамқорлық көрсетіп келген болатын. Сондықтан бұл жолы ел көлемінде, соның ішінде қазақтардың басым көпшілігі тұратын Баян-Өлгий аймағы сайлаушылары осы партиядан аты ұсынылған мүшелерге сенім жүктеді. Сөйтіп, МХ Партиясынан жасақталатын жаңа үкімет қазақтарға ұлттық тұрғыда қысым жасамайды деп сенім артып отыр.

Ұлт жанашырлығына байланысты тағы бір есте қалар елеулі оқиға дәл осы бір үкімет пен парламенттің ауыспалы кезеңінде Баян-Өлгий аймағының орталығы Өлгий қаласында тұратын ағайындардың 100-ден аса отбасы баспаналары селге кетіп, аз да болса қиыншылыққа тап болды. Екі адам қаза тауып, 20-дай үй мүлдем жарамсыз болып қалды. Жаңадан жасақталып жатқан Моңғолия үкіметі зардап шеккен азаматтарға көмектесу үшін арнайы комиссия құрып, істі қолға алған. Алайда табиғат апатынан зардап шеккен қандастарымызға Моңғолия үкіметінен бұрын қарашаңырақ Қазақстан көмек қолын созып, қандастық парыздың үлгісін танытты. Дәл осы күндері Моңғолияда өтетін

АСЕН елдерінің саммитіне қатысуға Улаан-Батырға аттанған Қазақстан Республикасының премьер министрі Кәрім Мәсімов Қазақстан Президентінің тапсырмасымен ұшақ тұмсығын қандастарымыз тұратын Баян-Өлгий аймағына бұрды. Осындай басқа іс түскен қысылтаяң шақта Қазақ елінің үкімет басшысының ортамызда табылып, хал сұрауы ондағы ағайындардың мерейін бір өсіріп тастады. Жайшылықтағы ағайындық қарым-қатынас бір басқа, дәл мынадай басқа іс түскен сәттегі уақыт өткізбей, сол сәтте қолма-қол көмек көрсетуі тек қазақ ағайындарды ғана емес, моңғолдардың өзінің таңданысын туғызды. Моңғолияның баспасөз ақпарат құралдары, әсіресе ғаламтор арқылы «қандастықтың қасиетін қазақтай біл, ағайын болсаң осындай бол» дегендей жарыса жазды.

Халықпен кездесу өткізген премьер министрі сел апатынан баспанасыз қалған отбасыларына тікелей үй тұрғызуға арнап Қазақстан үкіметі тарапынан қомақты қаржы бөлгенін хабарлады. Үкіметтік көмек өз алдына, еліміздің қайырымды азаматтары ғаламтор арқылы жар салып, халықты қор жинауға жұмылдыра бастады. Телевизия арқылы өз лебізін білдірген бір азамат «Кеше Астананың 10 жылдық мерейтойында Моңғолиядағы қандастарымыздың бір топ өкілі 2000 шақырым қашықтықтан атпен келіп, алыстағы ағайындардың ыстық сәлемін жеткізгені әлі есімізде, бізбен бірдей қуанып, шаттығымызды бөліскен қандастарымызға басына іс түскен кезде қол ұшын бере алмасак, еліміздің елдігіне, ұлтымыздың ұлттығына сын» дегенін естігенде, табиғат апатынан зардап шеккендер ғана емес, біздің де төбеміз көкке жеткендей болды. Қазір жер-жерде ұйымдастырылып жатқан көмектің алды Баян-Өлгий-

ге барып, халық игілігіне еніп кетті. Ал ағайыннан хал сұрай барған премьер министр Кәрім Мәсімов, аймақ басшыларымен жолығудың сыртында осындағы мектеп, балабақша сияқты мемлекеттік мекемелер мен өндіріс шаруашылық орындарын аралап, олардың жұмыс барысымен танысты. Қандай көмекке мұқтаж екендерін тыңдап, кейбір кішігірім қаржылық, материалдық көмекті қолма-қол көрсетті. Сондай-ақ ағайындар ұзақ жылдар бойы соңынан түскенімен күні бүгін шешімін таппай келген «Алматы-Астана-Өлгий-Улаанбаатар» бағытында ұшақ қатынасын орнату, Баян-Өлгий аймағының орталығынан Қазақстан Республикасының Моңғолиядағы елшілігінің консулын ашу, Қазақстан мен Баян-Өлгий арасындағы Ресейдің 50 шақырым ғана жерін басып өтетін төте жол салу жөнінде Ресеймен келісу сияқты күрделі мәселелердің өзін шешуге күш салуға уәде берді.

Бұл жолғы премьер министр сапарының қаржылық экономикалық салмағы өз алдына, саяси, рухани салмағы бұдан он есе асып түсті. Басқаша айтқанда Моңғолиядағы жалпы халықтың жеті пайызын ғана құрайтын ат төбеліндей аз қазақ (150 мың халық) иесіз, сұраусыз, елеусіз тобыр емес, артында іздеуші, қорғаушы-қолдаушы болар Ұлы елі бар ұлт екендігін моңғол ағайындарға дәлелдеді. Тағы бір қуаныштысы Кәрім Мәсімов жолдас халықпен кездескенде, мекемелерді аралап жұмыспен, халықтың қал жағдайымен танысқанда, кездесу жиналыстарында тек қазақ тілінде ғана сөйлегенде жиналған жұрт ерекше қуанып, таң қалысқан ғой. Бұны біз Елбасының алдында бір жылдың ішінде қазақша сөйлей алатын боламын деген уағдасына жеткен екен ғой дестік. Сөйтіп, Атажұрт қарашаңырақтағы ағай-

ындарға қапысыз сенген Моңғолиядағы аз қазақтың Моңғолдың үкіметі, халқы алдында тағы бір мәрте мерейлері үстем болып қалды. Міне, ағайынның жанашырлығы өмірде тағы бір рет дәлелденді. Осындай кезде көзге көрінсе шеттегі қандастарымыз Атажұртымен онан сайын жақындаса беретіні сөзсіз.

Шеттегі қандастарымыздың тағы бір зәру мәселесі Қазақстан мемлекеті тарапынан «Шетелдердегі қазақ диаспорасы туралы заң қабылдану. Өйткені бұндай заң дүниежүзінің ірі елдері Ресей, Израил, Герман, Қытай, Корей және Еуропа елдерінің бәрінде бар. Олар шеттегі қандастарын халықаралық қатынасқа негізделген осы заң аясында қорғайды. Егер осындай заң қабылданса, біз ешкімнен қорықпай, үрікпей, емін-еркін жүрер едік. Артымызда еліміз, жеріміз, аялайтын отанымыз, қорғайтын панамыз бар екендігін көрсетіп, қайда жүрсекте еңкейіп емес, қайқайып өтер едік деседі. Бұл заңның жобасын өзім жазып сенатқа ұсынғанымды айтып, менің де олармен тілегім бір екеніне тоқталып көңілденіп қалдым.

Жалпы, аталмыш елдерде қашан болсақ та әңгімеге бірінші кезекте Қазақстанның бүгінгі қарышты қадамы, оған мұрындық болып отырған Елбасының ерен еңбегі арқау болады. Тіпті моңғол ағайындардың аузынан «Осындай басшысы бар ел қандай бақытты» деген сөздерін естігенде қарапайым қазақ менің жүрегімді мақтаныш сезімі биледі.

Әманда, еліміз аман, жұртымыз тыныш болғай! Елбасымыздың нұсқаған сара жолынан таймасақ, ең бергісі әлемді дүрліктірген бүгінгі дағдарыстан да сүрінбей өтерміз.

ХАЛЫҚҚА ЕҢ ЖАҚЫН КҮШ – ҚОҒАМДЫҚ ҰЙЫМ

БІЗ «АТАЖҰРТ» ҚОҒАМДЫҚ БІРЛЕСТІГІН ҚҰРДЫҚ

Халық пен мемлекеттің тығыз байланысы елдің елдігінің бекем күш қуаты екендігі – ықылым заманнан бері жер бетінде өмір сүріп келген елдердің өмір тәжірибесінен дәлелденген қағида. Елбасы, тіпті, парламент қарапайым күллі ел халықтың әр отбасымен, әр мүшесімен күнделкті араласа алмайтыны белгілі. Әдетте халық пен мемлекетті жақындастыратын дәнекер үкіметтік органдар екенін де жақсы білеміз. Өйткені үкіметтік органдардың өкілі мемлекеттік қызметкерлер халықпен бір ортада біте қайнасып жатыр. Нақты айтқанда мемлекеттік органдардың аппараттық қызметкері мемлекетіміздің ең төменгі бірлігі ауылдан бастап аудандық, облыстық әкімдіктерде жұмыс жасап, халықпен күнбе-күн етене араласады. Сөйтіп, мемлекеттік құрылым тұрғысында халықпен етене жақын билік, үкімет адамдары болғанмен олардың да әттеген-ай дегізер тұстары жоқ емес. Әсіресе өркениеттің бүгінгі дәуірінде мемлекеттік қызметкерлердің көбісі тек біздің елде емес, қай елде болмасын құлқынның құлына айналып халық үшін, мемлекет үшін деудің орнына, кара басының қамы үшін қызмет істеп, өз міндетін адал атқармайтын болды.

Әлемдегі қоғамды басқару тетіктері жетілген байырғы мемлекеттер халықпен етене жақын болудың бір тетігі ретінде үкіметке бағынышты емес тәуелсіз қоғам-

дық ұйымдарды қолдап, солардың күш қуатын, қарым қабылетін кеңінен пайдалануда.

Қоғамның белгілі бір тобы арасынан өз ерік жігерлері арқылы құрылған мемлекеттік емес қоғамдық ұйым, бірлестіктер біздің елімізде де аз емес. Әрі Елбасы оларға қолдау көмек көрсету халық пен мемлекет арсын жақындата түсудің маңызды факторы екенін үкіметке үнемі ескертіп келеді. Бұл ретте Елбасының тікелей қолдауымен құрылып, халықтың ынтымақ берекесіне ұйтқы болып келе жатқан Қазақстан халықтары ассамблеясының іс қызметін көпшілік қауым жақсы біледі.

Қоғамдық топтардың ішінде тәуелсіздіктің арқасында бабалар арманын арқалап, алыс-жақын шетелдерден келген қандас ағайындарымыздың орны бөлек. Жалпы саны 1,5 миллионнан асқан бұл қауым, қоғамда өз орны бар, ақылмен жұмсаса, бірлік пен берекенің, еңбектегі ерен ерліктің қайнар көзіне айналар зор күш екенін ешкім жоққа шығара алмайды.

Еліміз тәуелсіздігін жариялаған күннен бастап, тағдырдың жазымышымен жер жаһанның шалғай шеттеріне дейін тарыдай шашылып кеткен қандастарымызды Ата жұртына қайта оралуға шақырған Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың көреген саясаты арқасында 1991 жылдан бергі аз жыл ішінде алыс жақын шетелдерден бір миллионнан астам қандасымыз Ата жұрт-қара шаңырағына оралыпты. Алайда олардың ортасынан құрылып, халық пен мемлекеттің арасын жақындатуға, еліміздің экономикалық потенциалын арттыруға ықпал жасап отырған қоғамдық ұйым жоқ. Біз осы олқылықтың орнын толтыру мақсатында «Атажұрт» атты қоғамдық бірлестік құрдық.

Біздің бүгінгі айтпағымыз – «Атажұрт» қоғамдық бірлестігі тарапынан Тәуелсіз елімізді өркениет биік-

теріне жеткізу жолында осындай сарабдал саясат, стратегия қалыптастырып, екі тізгін бір шылбырды тең ұстап келе жатқан Елбасымыздың қажырлы еңбегін қолдап, бағыт бағдарламаларын жүзеге асыруға шеттен келген қандас ағайындар біз қандай үлес қосуымыз керек, біздің әлеуетіміз, потенциялымыз қандай, міне, осыларды саралау.

Қоғамдық бірлестіктің басты мақсаты – жарғымызда көрсетілгендей, оралмандардың болмыс, мүмкіндіктерін пайдалана отырып, «Қазақстан – 2050», «Мәңгілік Ел» стратегиясын, «Нұрлы жол» бағдарламасын мерзімінен бұрын орындауға, халықтың береке-бірлігін арттырып, өзара тату болу арқылы тыныш, бейбіт өмір қалыптастырып, халықты бақыт пен шаттыққа бөлеудегі Елбасының саясатын жүзеге асыру жолында «Нұр Отан» партиясына көмекші, жәрдемші болу.

Статистикалық мәліметтерге, баспасөз, ақпарат құралдарының есебіне жүгінсек, жоғарыда айтқанымыздай ел тәуелсіздігін алғаннан бері байырғы отанына оралған қандастарымыздың 58 пайызы еңбек жасындағылар, 30 пайызы болашақ игілікті өз қолдарымен жасайтын балалар мен жасөспірімдер, тек 12 пайызы зейнет жасындағылар екен. Ал сол еңбек жасындағы 58 пайыз азаматтарымыздың ішінде ғылым-білім, өнер-мәдениет, экономика, іскерлік саласында жоғары білім-білік игерген, зор жетістіктерге жеткен тәжірибелі азаматтар аз емес. Әрине, солардың көпшілігі қара шаңыраққа оралғаннан бергі уақытта өздерінің білім-білігін ел игілігіне жаратып, қажырлы еңбек етіп келеді. Елбасының назарына ілініп, жоғары баға алғандары қаншама. Бұл шеттен келген қандастарымыздың ел дамуына елеулі үлес қоса алатын зор күш екенін айғақтайды.

Атажұртқа алғаш оралғанымызда мектеп табалдырығын да аттай қоймаған бүлдіршіндеріміз бен бесіктегі сәбилеріміз, қара шаңырақ төрінде дүниеге келген жас ұрпақтарымыз тәуелсіз елімен қатар ержетіп, бүгін жасы жиырма бестен асқан аптал азаматтарға айналды. Тұрғылықты халықтың жастарымен бірдей білім алып, қоғамға еңбектерін сіңіре бастады. Бұл ешқашан үзілмейтін, жалғасын таба беретін үрдіс.

Қоғамдық ортада мейлі тұрғылықты болсын, мейлі шеттен келсін бәрі бір қазақ, оларға «оралман» деп ат беріп, айдар тағып, «ала қойды бөле қырқудың» қажеті жоқ екеніне өткен уақыт өзі дәлел. Бір қарағанда солай көрінгенмен о қазақ пен бұ қазақтың ортасында үлкен айырмашылық бар екенін, шеттен келгендер жергілікті халықпен әлі де біте қайнасып, біртұтас қазақ бола алмай жатқаны өмір шындығы екенін мойындамасқа тағы болмас.

Шеттен келген ағайындар ішінде түрлі себептерге байланысты өз мүмкіндігін пайдалана алмай жүргендер де, өзінің салғырттығынан, қоғамдық белсенділігі төмендігінен күш-жігерін ата жұртының игілігіне жарата алмай жүргендер де, тіпті, Елбасы сөзімен айтсақ, қара шаңырағыма не беремін, ел игілігіне қандай үлес қосамын деп емес, қара шаңырақ маған не береді деп, дайын асқа тік қасық болғысы келетіндер де бар екенін жасыра алмаймыз.

Адам өзгенің жақсылығынан бұрын кемшілігін тез аңғаратынын ескерсек, шеттен келген жалғыз жарым ағайындарымыздың осындай кемшіліктері жақсы қасиеттерімізден, игілікті істерімізден бұрын көзге ұрып тұратыны да даусыз шындық. Өйтсе, «бір қарын майды бір құмалақ шірітеді» дегендей қоғамдағы бір, екі адам-

ның әлгіндей болмашы кемістіктерінің өзі көпшілік қауымның елім үшін деген белсенділігіне, беделіне көлеңке түсіреді. Сондықтан біз болмашы нәрсеге, әлдекімнің бірауыз ағат пікіріне бола өкпелеп, өзімізді жат сезіну емес, кемістікті әуелі өз басымыздан іздеп, өз ісімізге қорытынды жасап, соны түзетуге тырысуымыз, жергілікті халыққа мүмкіндігінше тез сіңісіп кетуге талпынуымыз керек.

Жалпы біз, алыс жақыннан келген ағайындарға осы жылдарда Елбасынан бастап мемлекеттен, үкіметтен көрсетіліп келген сан-салалы қолдау, көмекті ешқашан жоққа шығармаймыз. Десе де, өмір, тіршілік дегеніміз даңғыл жол еместігін, бұрылыс-қалтарысы, қиын-қыстау ауыртпашылығы болатыны – заңдылық. Әсіресе бір мемлекеттен екінші мемлекетке қоныс аудару түгіл, бір ауылдан екінші ауылға көшіп барғанның өзінде қаншама проблема туындайтынын жақсы білеміз. Сондықтан алыстан келген ағайындар біздер үшін өмірде қиындық болған жоқ деп ешкімде айта алмайды. Соның ішінде ұлы көштің Қазақстанда қоғамдық бір формация екіншісіне алмасудың өтпелі кезеңіндегі аумалы-төкпелі заманға тап келуі тұрғылықты халыққа да, оралмандарға да біршама қиындықтар туғызды. Оралмандар тұрғысында әлеуметтік саладағы толып жатқан қиындықты айтпағанда тек Қазақстан азаматы деген мәртебе алу жолында көптеген қиындық көріп, сергелдеңге түсті. Тәуелсіздік таңы атысымен елең-алаң шақта туған жерін, ағайын туысын, өмір бойы жиған-терген азды-көпті дәулетін тастап, ұрпағымды үйіріне қосамын, ұлттық мемлекетімнің шаңырағын көтерісемін деп атажұртқа ағылған патриот қандастарымыз Қазақстан азаматтығын алу жолында кедер-

гілерге тап болып алды он жыл сандалғанын көбіміз, тіпті, билік басындағылар да жақсы біледі. Олар сонда да қиындыққа мойымай, күллі Қазақстан халқының құрамдас бөлігі ретінде еліміздің өсіп өркендеуіне өз үлестерін қосып келеді.

Тәуелсіздіктің екінші он жылдығында азаматтық алу мәселесі бұрынғыдай емес, біршама жолға қойылып, азаматтық алу мерзімі аз да болса қысқарған еді. Алайда, соңғы үш жылдың жүзінде көші-қон тоқырап қалды. Бірақ, атажұртын аңсағандар легі тоқтаған жоқ. Өз күштерімен атажұртқа оралып жатқандар, құдайға шүкір, баршылық. Жалпы әр жылда келген оралмандардың қай-қайсысының да тұрмысында қиындық болмаған жоқ, болды. Бірақ, сол қиындықтардың барлығын әуелі мемлекеттің қолдауымен, қала берді өзіміздің қажыр-қайратымызбен жеңе отырып бүгінге жеттік.

Сол сияқты соңғы 4-5 жылдың жүзінде шеттен келген ағайындар Қазақстан азаматтығына төрт жылдан соң ғана қабылданатын заң шығуы олардың еңбек етуіне, өмір сүруіне қиындықтар әкелген болатын. Бір қуаныштысы осы кедергіні жойып, Қазақстан азаматтығын бір жылға сыйыстырып алатын жаңа заң қабылданды. Ендігі жерде алыстан келген ағайындар үшін білек сыбанып, еңбек ету ғана қалды. «Атажұрт» қоғамдық бірлестігінің мақсаты – осы іске мұрындық болу.

Оралмандар ісімен айналысатын ұйым құру еліміздің ішкі бірлік-берекесін бекемдеудің сыртында саяси мәнге де ие екенін ұмытпауымыз жөн. Жоғарыда айтқанымыздай, шын мәнінде шеттен келген қандастарымыз жергілікті халыққа аз уақыт ішінде етене сіңісіп, біте қайнасып кете алмайтыны белгілі. Ешкім оларды әдейілеп бөліп-жарып шеттетпесе де ең бергісі әдет-ғұрып,

салт-сана, тіл, өмір сүрудің қалыптасқан үрдістері жергілікті халықпен мидай араласып кетуге кедергі келтіретіні анық. Бұл айырмашылықтың жойылуына белгілі уақыт қажет. Бір сөзбен айтқанда, қазіргі таңда шеттен келген ағайындар мен жергілікті халық арасында қарапайым көзге көріне бермейтін бос кеңістік (вакум) бар. Өйтсе, ел бірлігін ыдыратып арандатуды көздейтін түрлі лаңкестік, сепаративтік күштер әлемнің әр түкпірінде бас көтерген ойпыл-тойпыл мына заманда еліміздің тәуелсіздігін, ұлттық бірлігін көре алмайтындар осы кеңістікті өз мүддесіне шебер пайдаланып, іріткі салуға әрекеттенетіні де заңдылық. Біз оралмандардың күш-жігерін топтастыратын қоғамдық ұйым құру арқылы осы бос кеңістіктің орнын толтыра аламыз. Тұрғылықты халық пен оралмандар арасында ине өтетіндей де бос кеңістіктің болмауына, ынтымақ берекенің нығаюына үлес қосамыз.

Бізде күш бар, білім парасат бар. Бір миллион халық ішінен ел қамын ойлайтын отансүйгіш азаматтар да, қоғам үшінгі игілікті іске қаржы бөлер қалталылар да табылады. Әншейінде шеттен келген ағайындарымыздың ішінде іскер азаматтардың, ірі кәсіпкерлердің, ғылым жолында тер төгіп жүрген ғалым доктор, профессордың, жалпақ жұртқа аты мәшһүр өнер, мәдениет саңылақтарының көптеп саналатынын мақтан тұтамыз. Солардың күшін неге пайдаланбасқа. Егер ой сала білсек, ұйымдастыра білсек, мұндай игілікті істен олардың көпшілігінің ат тонын ала қашпайтыны анық. Бастысы солардың басын қосып ұйымдастыратын, осы бастамаға мұрындық болатын қоғамдық белсенділігі жоғары, ел бірлігін, халық қамын ойлайтын, білім парасатты бірер азаматқа болса да ой салсақ, солардың бірі іліп әкетіп, іске асырар деген оймен идея көтеріп отырмыз.

«АТАЖҰРТ» ҚОҒАМДЫҚ БІРЛЕСТІГІНІҢ ҰЛТТЫҚ ҰРАНЫ

- Ата жұртым, біз сенен аламыз емес, саған барымызды береміз, бір кірпішің болып қаланамыз!
- Мәңгілік елім, біз сені сынау емес, сыйлаймыз, мақтан тұтамыз!
- Дана халқымызға ақыл айтып, жол сілтеу емес, Елбасы салған сара жолды басшылыққа алып, бәрін де өзіміз жасаймыз.
- Кемістікті өзгеден емес, өзімізден іздейміз, өзімізді түзеу арқылы өзгеге үлгі боламыз!
- Елбасы ұсынған Мәңгілік Ел идеясын жүзеге асыруға көлеңке түсіретін алауыздық, көреалмаушылық, бақталастықтың жолын кесуге үлес қосамыз.
- Кім берекені бұзса, оны біз қасірет деп көреміз!
- Мәңгілік елдің болашағы – жастарды жасампаз болуға, өзара береке бірлігімізді нығайтуға, шеттің лаңкестік жымысқы әрекетінен, арандатушылық саясатынан сақ болуға шақырамыз!
- Біз Мемлекетімізді қорғаймыз, Елбасымызды қолдаймыз!

«АТАЖҰРТ»
ҚОҒАМДЫҚ БІРЛЕСТІГІНІҢ ТӨРАЛҚАСЫ

**“АТАЖҰРТ” заңды және жеке тұлғалар
Қоғамдық бірлестігінен Қазақ елінің
Азаматтарына жолдаған
ҮНДЕУІ**

Астана қаласы

“ҚАЗАҚ ЕЛІМ МӘНГІ ЖАСАСЫН!”

Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев айтқандай Қазақ халқы ежелгі ғұндар мен сақтардан, түркілерден өсіп-өніп, қазақ деген халық болып қалыптасқан кезеңнен бастап тарихтың талай жайдары жаз, қытымыр қыстарын бастан кешу арқылы бүгінгі күнге жеткен. Бір сөзбен айтқанда “мың өліп, мың тірілген”.

Бұрынғыларын айтпағанның өзінде қазақтарға жоңғар шапқыншылығы, шүршіт басқыншылығы, орыс отаршылдығы, ашаршылық, саяси нәубет, қанды соғыс бәрі-бәрі қандай да бір апаттан, жұқпалы індеттерден артық кесірін тигізген. Соның салдарынан қазіргі жан санынан әлденеше есе асып түсетін қазақ баласы Алладан келетін ақ өлімнен емес, адам қолымен жасалған айуандық әрекеттің салдарынан қынадай қырылғанбыз. Қазақ халқының бастан кешкен азабын, қайғысы мен қасіретін, көрген қорлығы мен зорлығын ендігі ұрпақтың басына бермеуін тілейміз.

Қазақ осылайша неліктен ұзақ жылдар бойы қанды қасірет шегіп, азап тартты? Мұның көптеген себебі бар екенін бәріміз білеміз. Дегенмен солардың ең үлкені өзіміздің тарапымыздан болғанын ескере бермейміз.

Дана халқымыз: “Шығасыға иесі басшы”, “Алтау ала болса ауыздағы кетеді», ”Үй іші ала болса, кереге басына пәле толады” деген сияқты ұлағатты сөздерді бекер айтпаған. Жау жағадан алып, жан қысылған қайғылы шақта өмір сабақтарынан туындаған тәмсілдер. Халқымыз өз ішінен береке-бірлік кеткен кезде әлсіреп, сол кезде жаудың қырына алынып, құрығына іліп отырғанын тарихтан аңғарамыз. Іште іріткі жасайтын алаауыздық, көреалмастық, бақталастық әрекеттер өрши келе ауыл арасы, ру, тайпа, ұлт ішінде араздықтар, наразылықтар бас көтеріп, ақыры түбімізге жетіп отырған.

Енді міне, Тәуелсіздік, егемендік қолға келген ширек ғасырда біздің ұлттық мемлекетіміз өз жеріне өзі қожалық етіп, ұлттық-мемлекеттік өз тілін қалпына келтіріп, ұлттық байлықтарын өзі билеп, өзі игілігіне асырып, ел елге телім болып бытырап, ыдырап кеткендері керуен-керуен, тізбек-тізбегімен тарихи отанына қайта оралып, бір шаңырақ астына жиналып, осы шаңырақты биіктету, іргені бекемдеу жолында бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарып, білек сыбана қажырлы күрес жүргізіп жатырмыз. Осындай ғана қысқа мерзімде екі ғасырлық өркенге жеттік. Кешегі күдік пен күмәннің бәрі артта қалып, халқымыз «атасында көрмегенді ботасында көріп», бейбіт, бақытты өмірге жетіп, ешкімге тәуелсіз жеке ел болдық. Қазақстан Республикасы қазірде күн санап дамып келе жатқан елдердің қатарына қосылды. Бұл – біздің үлкен мақтанышымыз.

Ал, Тәуелсіздік алған жиырма бес жылда жүздеген жылдарға тең келетін жеңістер мен жетістіктерге қол жеткізген Қазақстанның қаһарман халқының алдағы мақсаты 2050-жылға дейін әлемдегі өркениет биігіне көтерілген ірі мемлекеттермен терезесі теңеліп, ғасыр-

лық өркенге жету екені бәрімізге белгілі. Әрине, бұл – тек қана ішкі және сыртқы жақтан нендей бір тосын қырсыққа тап болмасақ ғана жүзеге асатын мақсат. Әсіресе, ішкі жақтан ешқандай қырсық ұшыраспаса, ондай ел сыртқы қырсықтың қандайына да төтеп бере алады. Ал егер іштен ұшық шалып, қырсық туында-са, сыртқы жақтан келетін қырсық өрттей қаулап, отқа орайды. Ондай қатер бола қалған күнде ел дамуының шапшаңдығына сәйкес ертең қолға келетін игіліктер, дәлірек айтқанда халықтың нақты табысы, өскелең өркен, өміршең істер қайта сөніп, аһ ұрғызумен ғана шектеліп қалмайды, бүгінгі жеткен деңгейіміздің өзінен айырылып қаламыз. Қазір әлемде қаншама елдің халқын өзара жауластырып, көптеген ұлт-ұлыстардың күлін көкке ұшырып, шаңырағын ортасына түсірген, көре алмайтын қаскүнемдердің жымысқы саясатынан, жауыздық әрекетінен сақтанатын күннің жеткені де жасырын емес. Мұны Елбасы үнемі ескертіп келеді. Алайда жалпы халықтың әлі де бейғамдығы, осындай маңызды мәселеге салғырттық танытуы – өкінішті. Сондықтан “Атажұрт” қоғамдық бірлестігі төралқасынан Қазақстанның барлық халқын “ҚАЗАҚ ЕЛІМ МӘҢГІ ЖАСАСЫН!” атты үндеуге шақырады.

1. Бүгінгі қолға келген табыстарымызды баянды ете отырып, Тәуелсіз Қазақ елін “Мәңгілік Ел” етіп, халқын бақыт пен шаттыққа бөлеу жолындағы Елбасымыздың «Қазақстан-2050» стратегиясын, “Мәңгілік Ел” идеясын, “Нұрлы жол” бағдарламасын толығынан қолдап, мерзімінен бұрын орындап ең ірі, дамыған отыз елдің қатарына қосылуына отанына оралғандар, тұрғылықты халық күш біріктіріп, ынта жігерін арттырып, Еліміз дамуын жеделдетуге шақырамыз.

2. Салауатты, жасампаз Қазақ елінің әрбір азаматын өнерлі, білімді, іскер, тәжірибелі, сабырлы, ақыл-парасатты, мейірімді, жасампаз болып, қалыптасуға шақырамыз.

3. Қазақ Елінің күш қуатын арттырып, Мәңгілік ел болу үшін ішіміздегі көралмаушылық, бақталастық, алауыздықты түп тамырымен жойып, халқымызды береке-бірлікке, өзара тату болуға үндейміз.

4. Еліміздің күш қуаты артып, қалыпты дамуының негізі болған Үкімет пен халықтың ара байланысын нығайтып, облыс, аудан, ауыл әкімдерінен бастап министрлерге дейінгі әр саладағы лауазым иелерін халықпен бірге болып, бұқара қауымға есігін айқара ашу арқылы халық пен мемлекет арасының ынтымағын арттырудағы Елбасының тапсырмаларын абыроймен орындауға, әр уақыт халықпен бірге болуға шақырамыз.

5. Өзге ұлт өкілдерін қадірлей отырып, олармен орыс тілінде ал, қазақ ағайындар, әсіресе жоғарғы лауазым иелері өзара тек қазақ тілінде сөйлеп, мемлекеттік тілді дамытуға, ұлттығымызды қорғап, рухтарын оятуға шақырамыз.

6. Қоғамда қалыптасқан сыбайлас жемқорлық, паракорлық, бюрократтық, мәнсапқорлық, тәртіпсіздік, әділетсіздікпен күресудегі Елбасының ұстанымын нақты жүзеге асыра отырып, Елімізді, жерімізді, отанымызды іш пен сырттан келетін қандай бір қауіп-қатерден, лаңкестік әрекеттерден сақтап, қырағы болуға шақырамыз.

7. Еліміздің егемендік алғанын, тәуелсіз мемлекет құрғанын, әлемдегі дамыған елдер қатарына жеткенін, Елордасы Астана қаласының жаңадан орнағанын, еліміздің өндіріс, шаруашылық, экономика саласының аса шапшаңдықпен дамуының бәрі Елбасымыз

Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев деген асқақ тұлғамен біте қайнасқан, ажырағысыз біртұтас дүние деп тануға, Елбасымыздың еліміз үшін жасап жатқан әрбір игі бастамасын қуана құптауға үндейміз.

8. Әлі де шетелдерде өмір сүріп жатқан қандастарымыздың алдағы уақытта да Атажұртым деп аңсап келетіндеріне үкімет, мемлекет тарапынан көрсетілетін қолдау өз алдына, ең әуелі қарапайым халық біз құшағымызды ашып, мейірбандық, ізгілік танытып тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағыдай алда да қамқорлық көрсете берейік!

9. Барлық ақпарат құралдарын қазақ елі халқын ішкі алауыздықтан, шеттің алдамшы, жымысқы саясатынан, жауыздық әрекетінен сақтануға, Отанымызға қауіп төндіретін қандай да бір іс әрекетке абай болуға, ішіміздегі көралмаушылық, бақталастық, алауыздықты жойып, Тәуелсіздігімізді қорғауға, салауатты Қазақ Елінің әрбір азаматы жасампаз, өзара тату, береке бірлікте болуға, Еліміздің Елдігін, Халықтың тұтастығын арттырып, Қазақстан мемлекетін мәңгілік жасатудағы Елбасымыздың бағыт, бағдарламасын, әрбір идеясын жүзеге асыруға байланысты нақты ұсыныстар көтеріп, кемшіліктердің бетін ашу жолында белсенділік танытуға шақырамыз.

«АТАЖҰРТ» қоғамдық бірлестігінің төралқасы



АҚЫЛ ҚОСАЙЫҚ, АҒАЙЫН!

«АТАЖҰРТ» қоғамдық бірлестігінен Қазақстанның жалпы халқына жолдаған АШЫҚ ХАТЫ

Қазақ деген халықтың мыңдаған жылдарғы тарихындағы небір қиындықтарды бастан кешірген қайғылы кезеңдерінің ішінде соңғы үш жүз жылдық отарлау саясатының өшпестей өкінішті із қалдырғаны қапысыз шындық екенін мойындамасқа лажымыз жоқ. Біртұтас қазақ даласының, қазақ халқының елі мен жерінің бөлшектеніп, миллиондаған қандасы жат елдің азаматы болып кетті. Ресей мен Қытай қазақ даласын бөліске салғанда қытай құрамына енген Шығыс Түркістан қазақтары әуелі гоминданның, сосын маошыл коммунистердің қанды қырғынына ұшыраса, атажұртта қалғандарымыз аштықтың, жалған жаланың құрбаны болып, жоңғар шапқыншылығы кезіндегіден де артық азаматарымыздан айырылды. Ұлттық рухымызға балта шабылып, 1990 жылдардың басында тілімізден, ділімізден, дінімізден біржолата айырылудың, ұлт ретінде жойылып кетудің аз-ақ алдында тұрдық.

Алайда әуелі Алла жар болды, қала берді аруақ қолдады, әлі де ұлттық рухымыздың тамыры үзілмепті. Ата-баба арманын арқалаған Алаштың аманатына адал ұл-қыздарымыз бар екен. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев бастаған тәуелсіздік атты ұлы идеяны солар қолдап, қапысыз жүзеге асырды. Атажұрттағы күллі қазақ көк байрағымыздың астынан табылды. Тәуелсіз Қазақстанның дербес мемлекет екенін бар әлемге паш етті.

Алыс, жақын шетелдегі қандастарымыздың үлкен бір шоғыры аталарымыздың арманын арқалап, байырғы отаны қазақ топырағына оралды. Елге ел қосылып, есімізді жиып, етегімізді қымтауға кірістік. Сөйтіп, ширек ғасыр аясында Тәуелсіз Қазақстан аяғынан нық тұрды. Алып қадаммен алға басып, әлемнің айтулы елдерінің санатына қосылдық.

Осы бір ұлы іске байырғы отаным деп, ата-баба аманатын арқалап шет мемлекеттерден қоныс аударған бүгіндері ұзын саны 1,5 миллион оралман қандастарымыз да «елімнен енші алайын деп келіп едім» деп алақан жайған жоқ, керісінше ерінбей еңбек етіп, әркім өз шама-шарқынша үлес қосты. Қасиетті қара шаңырақтың аясына сыйғызып, құшақ жая қарсы алған Қазақстан халқына, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевқа рахметтерін жаудырып, алғыстарын айтты.

Енді, міне, біздің сол қуанышымызды, сол бақытымызды көре алмайтын, қасиетті жеріміздің байлығына есі кете қызыққан сыртқы дұшпандарымыз тәуелсіздігімізге, елдігімізге көз аларта бастады. Біз соғыс қаруларын шекарамызға бағыттап, сес көрсеткен ел жоқ деп жайбарақат отырғанда олар өздеріне бағынышты студің көзге көрінбейтін заманауи әдісіне көшті. Ол әдіс-тәсіл халқымызды бір-біріне айдап салу арқылы арандату,

іштей іріту екенін енді-енді түсіне бастағандаймыз. Арам пиғылдылар қасиетті мұсылман дінінің атын жамылып, сырттай қойдан қоңыр болып көрінгенімен, жасырын түрде қаныпезерлік әрекеттерге бара бастады. Кешегі Ақтөбедегі, Алматыдағы лаңкестік әрекеттер бізге соны ұқтырды. Әлемді ашса алақанында, жұмса жұдырығында ұстауды көксеген зұлым күштер Ливандағы, Сириядағы, Ауғанстандағы, Ирандағы, Ирактағы, Украинадағы, Таяу шығыс, тіпті әлемнің көптеген елдеріне істегендерін енді бізге де жасай бастады, осы жолы бұның бәрін анық аңғардық.

Олар алғашқы кезеңде еліміздің аса шапшаңдықпен дамыған дамысын көргісі келмеумен қатар, жастарымыздың бір бөлігін дін атын жамылған түрлі қанқұйлы секталарға тарту арқылы саясаттарын жүзеге асырса, келесі кезекте еліміздегі айрандай ұйыған ұлттар татулығына сызат түсіруге, жергілікті қазақтар мен шеттен келген қандастарымызды бір-біріне қарсы қоюға күш салары анық. Сондықтан осыбір зұлым күштің құрбаны болмаудың жолын ойластыратын, Қазақстан халқы бүгінгі айрандай ұйыған тату-тәтті береке-бірлігімізді сақтап қалу үшін, ақыл қосатын, зұлым күштерге бірлесе қарсы тұратын кез жетті.

Біз «Атажұрт» қоғамдық бірлестігі мүшелері шеттен келген қандастарымыздың жергілікті халықпен етене араласып, кірігіп кетуін, біртұтастығын қамтамасыз ету жолындағы өз міндетіміз, миссиямыз ауқымында жалпы халыққа ашық хат жариялап отырмыз.

Шеттен келген қандас ағайындар біздер қазақ деген ұлттың әлемдегі жалғыз отаны Қазақстан екенін жақсы білеміз. Ол – бүгінгі ұрпақ бізге ата-бабаларымыздың қалдырған аманаты, арман тілегі, ұлы мақсат-мүддесі.

Сол үшін ата-баба аманатына әрқашан адалмыз. Біз жат мемлекетте жүріп, отансыздықтың зардабын жергілікті қандастарымыздан артық тартқан жандармыз. Сондықтан Отан деген ұғымның ұлылығын, қадір-қасиетін айрықша түсінеміз. Тәуелсіздіктің қаншалықты ыстық, қаншалықты қымбат екенін жанымызбен, жүрегімізбен жақсы сезінеміз. Біз сол үшін кіндік қанымыз тамған туған жерімізді, баспанамызды, атқарып отырған тіршілік көзі – жұмыс, қызметімізді «Отан» деген бәрінен ыстық, бәрінен қымбат жалғыз ұғымның садағасы етіп, атажұртқа оралдық. Ендігі жерде Қазақ елі біздің тағдырымыз екенін терең түсінеміз. Елбасымыз айтқандай біз отанымыздан не аламыз деп келген жоқпыз, отанымызға не береміз, Қазақстанның болашақ өркеніне қандай үлес қосамыз деп келдік. Отанымыздың игілігіне жарасақ, бір кірпіші болып қалансақ деп келдік. Әрине, бұл мақсатқа жетудің алғашқы қадамы еліміздің ынтымақ берекесін сақтау, жергілікті халыққа етене сіңісу, ұрпағымызды білімді-білікті, отаншылдық рухта тәрбиелеу екенін жақсы түсінеміз.

***Ендігі жерде жалпы Қазақстан халқынан
тілейтініміз:***

1. Ең әуелі тәуелсіздікке жету жолындағы күрестен, тәуелсіздікті сақтап қалу жолындағы күрес әлдеқайда қиын да күрделі екенін назарда ұстап, мемлекетіміздің нығая беруі үшін, келешек ұрпағымыздың бақыты үшін Елбасының нұсқаған жолымен ұстаған бағытымыздан таймай, елдігімізді, тәуелсіздігімізді бірлесе қорғауға әрқайсымыз белсенді үлес қосайық!

2. Бізді бүгінгідей бақытты өмірге жеткізіп, шатшадыман тұрмысқа кенелткен Елбасының, «Нұр Отан» партиясының аясына нық топтасып, әрбір қиын-қыстау сәтте Елбасымен, «Нұр Отан» партиясымен бірге болайық!

3. Еліміздің тәуелсіздігін, халқымыздың береке-бірлігін көре алмайтын, жеріміздің байлығына көзі тұнған дұшпандарымыздың бізді іштен тоздыру үшін бірімізді-бірімізге айдап салып, мыс табақтай қағыстыру үшін ойлап тапқан өсек-аяңына, іс-әрекетіне, жапқан жаласына сенбей, бірігіп тойтарыс берейік!

4. Осы бір тәуелсіздік арқылы келген бақ берекемізден айырылып қалмау үшін біріміз жергілікті қазақ, біріміз өзге ұлт, біріміз сырттан келген ағайын болып жан-жаққа тартпай, бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарып ынтымағымызды бекемдей түсейік! Олай етпегенде берекесіздігімізді сыртқы дұшпандарымыз ілкі пайдаланып, бірімізді-бірімізге айдап салу арқылы тәуелсіздігімізді жойып, өзіне кіріптар ететінін терең түсінейік!

5. Еліміздің бүгінгі жеткен жетістігін жоққа шығарып, азғырындыға көніп, Елбасының, билік құрған «Нұр Отан» партиясының, мемлекетіміздің саясатын қасақана бұрмалап, қарсы тұруға үндеп жүрген өз ішіміздегі іріткі салушы топтың құйтырқылығына еруден аулақ болайық! Керісінше ұғындырып, түсіндіру арқылы өз тентегімізді өзіміз тәрбиелейік, одан болмаса олардың іс әрекеттерін әшкерелеп, қазіргі қоғамға, мемлекетке қарсы шығып, мінеп, сынап, өздерін «батыр санатқысы келетіндермен» қарсы күресейік, өйтпегенде мұның түбі тек қасірет әкелетінін ұмытпайық!



Құрметті отандастар!

Қашанда ханын жамандаған халық оңған емес. «Екі аққудың да бір басшысы бар» дегендей әділ де парасатты саясат ұстанып отырған бүгінгі кемел басшылыққа қарсы келу береке бірлігімізге, бақ талайымызға кесірін тигізетінін назарымызда ұстайық!

Әрқайсымыз өз ұлтымыздың дәстүрлі дінін берік ұстанып, ұрпағымызды осы дін жолымен тәрбиелеп, дін атын жамылған түрлі секталардың арандатушылық іс-әрекетінен сақтанайық. Отанымыздың тағдырын өз қолына алатын болашақ ұрпағымызды халқына, отанына адал етіп өсірудің басты жолы «Нұр Отан» Партиясының саясаты, Ел басының Елі, халқы үшінгі бағыт, бағдарламасы деп түсінейік!

«Атажұрт» қозамдық бірлестігі



ОРАЛМАНДАР – НАҒЫЗ ПАТРИОТТАР

Еліміз тәуелсіздігін алғаннан бергі ширек ғасырлық уақытта мемлекетіміз азаматтарымызды, әсіресе жастарымызды елін, жерін, Отанын шын сүйетін нағыз патриот етіп тәрбиелеуге айрықша көңіл бөліп келді. Қазір тілімізде «Жаңа Қазақстанның патриоттары» деген тіркес те қалыптасты. Біздің мемлекеттік идеологиямыздың ең негізгісі жастарымызды жаңа Қазақстанның нағыз патриоттары етіп қалыптастыруға бағытталған. Әрине, отан сүйгіш, патриоттық сезім – бүгінгі ғана ұранымыз емес, бізге бағзыдан жеткен қасиет. Ата-бабаларымыз туған жеріміз қазақ сақарасын ғасырлар бойы жаудан қорғап, бүгінгі ұрпаққа жеткізді. Сол бабаларымыздың туған жерін, атамекенін, халқын

басын бәйгеге тігіп, қасық қаны қалғанша дұшпандарымен айқасып өтуін, талай арысымыздың осы жолда жанын пида еткенін отансүйгіштік емес деп ешкім де айта алмайды.

Бүгінгі таңда патриот деген ұғымның өлшемі, шарты (критериясы) сан алуан. Солардың бір парасы еліміз тәуелсіздігін алып, шаңырағын көтерген елең-алаң шақтан Атажұртқа жетуге асыққан шетелдегі қандастарымыздың ұлттық рухы деп ойлаймын. Олардың көпшілігінің кіндік қаны тамған туған жерлері бүгінгі таңда өзге мемлекеттің территориясы болса да байырғы қазақ даласының бір пұшпағы екені де тарихи шындық. Ол жерде бергісі жеті атасының басы, бабалар зираты жатыр. Сол бабаларының топырағын, туған жерін, ағайын туыстарын, тіпті, өмір бойы ұрпағым үшін деп тірнектеп жинаған мал дәулетін, қора-қопсысын қиып тастап, атажұртым, қара шаңырағым, ұрпағымды осы шаңыраққа жеткізсем, үйіріне, ұлтына қоссам деп келуден артық қандай патриоттық сезім болмақ.

Тәуелсіздіктің алғашқы сәтінен бастап алыс, жақын шетелдердегі ағайынды бауырына тартып, «Ағайынға ақ тілек» хатын жолдаған Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың өзге елде өгейлік көріп жүрген қандастарымыздың отансүйгіштік қасиетінің ерекше болатынын дөп басып аңғарғаны сөзсіз. Қандастарымыз Елбасының сол сенімін ақтады. Қазақ елі тәуелсіздік алды дегенде жергілікті халықтан артық қуанып, бөркін аспанға атқандар да, ақсарбастарын айтып сойып, ақ тілектерін білдіргендер де шетелдегі қазақтар болды. Қасиет дарыған қара шаңырағым қайта көтерілді, енді құлама-сын деп Алладан медет тіледі. Қандастарымыздың бұл пейілін тек Қазақ халқы емес, өзге халықтар да сезініп,

отансүйгіштік қасиеттің жарқын үлгісі екендігін мойындады. Өйтсе, алыстағы ағайындардың Қазақ отанына ағыла бастауының негізгі себебі отансүйгіштік қасиетінде екенінде дау жоқ.

Әрине, қандастарымыздың атажұртқа лек-легімен оралуында өзге себеп жоқ деп айта алмаймыз. Мәселен өздерінің ұрпақтарының болашағын да ойлады. Бірақ ұрпағымыз азғындап басқа ұлттарға сіңісіп кетпесе екен деген ой арманның да бір ұшы қазақ қашанда қазақтығынан айырылмасын, ұлтымыздың саны өсе берсін деген отансүйгіштік ойға, мүддеге келіп тіреледі. Сондықтан алыстан келген ағайындарымызды, әсіресе ұлы көшті алғаш бастап келген қандастарымыздың ерлігін лайықты бағалап, құрмет көрсетуіміз, рахмет айтуымыз керек деп ойлаймын.

Сол ағайындар нарықтық экономиканың ойпыл-тойпыл өтпелі кезеңінде келе салысымен ел игілігі жолындағы келелі істерге бел шеше кірісіп, өздерінің лайықты үлесін қосты. Миллиондаған қазақ тұратын Өзбекстан, ҚХР сияқты елдерден келген мол топты айтпағанда сол кезде небәрі 150 мыңнан астам ғана қазақ тұратын Моңғолиядан қоныс аударған аз ағайынның өзі қоғамның әр саласында еңбек етіп, тер төкті. Олардың көпшілігі арнайы орта, жоғары білімді түрлі мамандық иелері болды. Статистикалық мәліметтерге жүгінсек Моңғолиядан келген 18-50 жас арасындағы оралмандардың 50 пайызы жоғары, 30 пайызы арнайы орта маманды екен. Көштің алғашқы легінде келген осы ағайындардың арасында Кеңестер одағының жоғары оқу орындарында білім алған, ғылымның әр саласында жаңалықтар ашқан, Моңғолияның жоғары оқу орындарында, ғылыми орталықтарда жемісті еңбек

еткен доктор, профессорлар, басшылық қызметте министр, парламент депутаты, премьер министрдің бірінші орынбасары лауазымына дейін көтерілгендер, тіпті, ұшқыштардан бастап, сол кездегі Кеңестер Одағындағы атом инженерлерін дайындайтын Дубна қаласындағы университетті бітірген ядролық физика инженеріне дейін болды. Осындай атақ дәреже лауазым иесі бола тұра жылы орын, жұмсақ креслоларын тастап, атажұртым, қара шаңырағым деп келгендерді Отанының патриоттары емес деп кім айта алады. Алғашында жұмысты мал бағудан, қар тазалап, қора сыпырғаннан бастаған қандастарымыздың көпшілігі әсіресе дәрігерлер, мұғалімдер, техникалық мамандық иелері болатын. Кейіннен мұғалім азаматтарымыздың бірқаншасы мектеп директорына, оқу ісінің меңгерушісіне тағайындалып, жас ұрпақ тәрбиелеуге еңбек сіңірсе, ана тілімізді байырғы таза қалпында сақтаған осы елден келген ағайындарымыздың жүздеген зиялы азаматтары еліміздің облыстық, республикалық телеарналарында, газеттерде тілшілік қызмет атқарып, халыққа кеңінен танымал болды. Ал жалпы оралмандар ортасында өнер, мәдениет, спорт саласында ата жұртына бірден танымал болып кеткен ақын-жазушы, тарихшы, әнші, биші, әртістердің (орталарында өзі жасаған елінің халық әрісі, халық жазушысы, әлем чемпионы атағын алғандары да бар) орны тіптен бөлек. Елбасының өзі өнеріне тәнті болып, қамқорлық көрсеткен тарих ғылымдарының докторы, академик Зардыхан Қинаятұлы, жазушы Жақсылық Сәмитұлы, әнші Майра Мұхамедқызы, Қабылаш Әбікейұлы, Қабыкей Ахмерұлы, Егеухан Мұхамәдиқызы, Ясира Зақанқызы, Меруеш Башайқызы, биші Шұғыла Сапарғалиқызы, әнші Құрманбек Әлімға-

зыұлы, Риза Қайырбайқызы, боксшы Қанат Исламұлы сияқты өнер, спорт шеберлері өз алдына бір төбе. Шаруашылық, бизнес саласында көзге көрініп еліміз өркеніне қомақты үлес қосып жүрген Монғолиядан келген Төлеубай Нығарбайұлы, Сырымбек Тауұлы, Еркін Оқасұлы, Қытай елінен келген Нұрбек Ханафияұлы, Ержан Шәріпханұлы, Дәурен Бидоллаұлы, Өзбекстаннан келген Ғалым Пернебаев қатарлы көптеген азаматтарымыз халықтың мақтанышына айналды. Сол келген оралмандарымыздан көптеген жас буын өкілдері ер жетіп, оқып бүгін ел басқара бастады. Солардың бірі Монғолиядан келген Үнзила Шапаққызы ҚР Конституция мүшесі ретінде Үкіметті үстінен қарап отыр. Асқар Мұнараұлы бір Министрліктің орынбасар дәрежесінде жұмыстаса, тағы көптеген жастарымыз лек легімен шығып, елімізге таныла бастады.

Шағын және орта бизнес, өндіріс шаруашылық құрып ел экономикасының дамуына зор үлес қосып жүргендері қаншама. Шет елдерден ірі өндіріс техникаларын, ғылым мен техниканың соңғы жетістіктерін енгізіп келіп ел игілігі жолында аянбай еңбек етуде. Ең бергісі көп жерде шағын бизнеспен айналысушы ағайындар әртүрлі өндіріс орындарын ашумен қатар, ауыл үйді жиһазбен, тіпті бала шағаны түйе, қой жүні, ешкі түбітінен тоқылған киім, жылы байпақпен қамтамасыз етіп отырғаны өмір шындығы. Қытай елінен ата жұртына оралған Астанада Қайрат Айдарханұлы, Алматыда Жасан Зәкейұлы өздерінің біліктілігімен тек Қазақстанда ғана емес бүкіл әлемге танылған атақты дәрігерлер екенін танытты.

Бүгінгі күні Елбасының өзі «Ағайынға ақ тілек» деп жар салған сол 1990 жылдардың басында келген

оралман қандастарымыздың көш қомында келген қара домалақтар мен ата жұртқа жеткен соң өмірге келген алғашқы ұрпақтары тәуелсіздікпен бірге жасасып, жасы жиырмадан асқан аптал азамат болып, ержетті. Тұрғылықты халықпен біте қайнасып, Қазақстанның нағыз азаматына айналды. Олардың алды мемлекттік жоғары лауазымды қызметтер атқарып, елін бастай бастағанын жоғарыда айттық.

Тәуелсіздік жылдарында атажұртына оралған бір-жарым миллион қандасымыздың атажұртқа келгеннен кейінгі ұрпақтарын қоса есептесек жалпы саны екі миллионнан аспаса кемімейтінін демографтар да дәлелдеп отыр. Өйтсе, оралман ағайындардың отбасынан шыққан ұлттық рухты «Қазақстан патриоттарының» тағы бір легінің өсіп жетілгені біздің көз қуанышымыз көңіл марқайтар мақтанышымыз.

Тағы бір айта кететін жай белгілі себептермен бірер жылға саябыр тартып, іркіліп қалған көші-қон саясатының қайта жанданып, «көші-қон туралы» заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Бұрынғы заңдағы шеттен келген қандастарымыз Қазақстан азаматтығына төрт жылдан соң ғана қабылданатын бап өзгертіліп, небәрі алты айдың ішінде азаматтыққа қол жеткізетін болды. Заңда көрсетілген жеті облысқа келген ағайындарға баспана, жұмыс, қызметтен бастап барлық қолдау, көмек көрсетілетін болды. Бұл заң – шеттегі ағайындарымыздың атажұртқа келесі бір легінің ағылуына жол ашары сөзсіз.

Ендігі тілейтініміз Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев салған сара жол «Нұрлы көштің» қайта қарқын алуына мұрындық болатын «Қазақстан Республикасының көші-қон туралы» жаңа заңының мүлтіксіз жүзеге асуы



мен шетелдерде тұратын қазақ диаспорасы туралы заңның тезірек бекітіліп, қара шаңырағын аңсаған шеттегі қаймана қандастарымыздың Атажұртына оралуына тағы бір зор мүмкіндік туатын күннің алыс болмауы. Тілегіміз Елбасымыздың құлағына жетіп, баршамызды қуантар күн жақын екеніне сенемін.



«ШЕТЕЛДЕГІ ҚАЗАҚ ДИАСПОРАСЫ ТУРАЛЫ» ЗАҢНЫҢ ҚАЖЕТТІЛІГІ МЕН МАҢЫЗЫ

Әлемдегі өркениетті мемлекеттердің барлығы дерлік өз мемлекетінен тысқары жерде тұратын қандастарына басқаша айтқанда өз диаспораларына айрықша көңіл бөледі, оларға ұлттық-мәдени, саяси-әлеуметтік жағынан қолдау көрсетуге айрықша назар аударады. Бұл үрдіс өркениеттік жаһандану дәуірі деген атқа ие ғылым-білім ғарыштап дамып, әлемдегі сан жүздеген ұлттар мен ұлыстар бір-біріне мидай араласып баратқан бүгінгі таңда тіптен айрықша маңызға ие болып отыр. Өйткені ұлттық рухтан айырылған халық қашан да азғындыққа ұшырап, соңы ұлт ретінде жойылып кетуге апарып соқтырмақ. Қазіргі жағдайда қазақ халқының үштен бір бөлігі шетелдердегі қазақ диаспорасында өмір сүріп жатқандықтан олардың жаһандану үрдісіне жұтылып кетуі Тәуелсіз Қазақстан үшін үлкен қасірет екені айтпаса да түсінікті.

Шетелдегі қазақтарды, олардың тілін, ділін, ұлттық рухын сақтап қалу оларды тек Қазақстан аумағына көшіріп алумен шектелмек емес. Әрі шетелдегі барлық қазақты көшіріп алу бүгін, ертең толық орындалатын мақсат емес. Сондықтан Қазақстан аумағынан тыс жердегі қандастарымыздың ұлттық болмысын сақтап қалу үшін сол елдермен, сол елдегі қазақтармен байланысымызды барынша күшейтуге мүдделіміз.

Бұл саладағы жұмыс еліміз тәуелсіздік алған алғашқы жылдардан бастап қолға алынып, көптеген шаралар жүзеге асырылып жатқанын ешкім жоққа шығара алмайды. Мұның ең алғашқы қадамы – Ел тәуелсіздігінің елең алаң тұсында-ақ басталды. Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев 1991 жылдың 31-желтоқсанында шетелдегі қандастарымызды жаңа жыл мерекесімен құттықтап, «Ағайынға ақ тілек» атты хатын жолдағанын бәріміз білеміз. Хатта алыстағы ағайындарға байырғы отандары, атажұрты Қазақстанға қайта оралудың тарихи сәті түскенін, келемін деушілерге Тәуелсіз отанының есігі айқара ашық екенін айтып, елге оралуға шақырды. Ал 1992 жылы өткен Дүниежүзі Қазақтарының тұңғыш Құрылтайы дәстүрге айналып, бүгінгі күнге дейін Құрылтай төрт рет өтті. Сондай-ақ ДЖҚ Қауымдастығы тарапынан, Сыртқы Істер министрлігі, басқа да министрліктер мен қоғамдық ұйымдар тарапынан атқарылып жатқан шаралар, игілікті істер өз алдына.

Қазақстан дүниежүзілік қоғамдастықтың толық құқылы мүшесі болып отырған қазіргі жағдайда Қазақстан Республикасы мен біздің отандастарымыз мекендейтін елдердің өзара қатынастарына байланысты мәселелер мемлекетаралық деңгейде өткір қойылып, мемлекетіміздің қазақтар тұратын елдермен сыртқы саясатының маңызды бөлігіне айналды

Алайда жоғарыда аталған шаралардың барлығы шеттегі қандастарымыздың ұлттық болмысын сақтап қалуға, олардың құқын Қазақстан Республикасы тарапынан толық қорғауға жеткіліксіз екендігін құқықтық сауаты бар әр адам біледі. Әлем елдерінің, оның жекелеген азаматтарының құқын қорғауда қай елде болмасын заң деген құжаттың алар орны айрықша. Демократиялық бағыт ұстанған елдер өз елінің заңдарымен қатар халықаралық заңдар, тіпті жекелеген елдердің заңындағы халықаралық нормаларға сай келетін баптарға құрметпен қарайтындығы бұлжымас қағида десе артық айтқандық емес. Соның ішінде қай елдің болмасын заңындағы адам құқына байланысты баптардың халықаралық маңызға ие екені белгілі.

Адам құқын қорғау ауқымындағы дамыған елдердегі түрлі заңдардың бір парасы сол елдің шеттегі диаспорасы туралы заң болып табылады. Мұндай заң әлемнің ірі елдерінің бәрінде бар. Ресей, Англия, Америка, Франция, Германия, Жапония, Қытай, Израиль сияқты тағы басқа көптеген елдер өзге елдердегі өз ұлт азаматтарын естерінен шығарған, оларға екінші дәрежеде қарап көрген емес. Әрі олардың құқын әуелі адам құқына қатысты халықаралық заң нормалары арқылы, қала берді осы диаспора туралы заңмен қорғайды. Экономикалық тұрғыдан да қолдау көмек көрсетеді. Мысалы, Ресей 1999 жылы «Ресей Федерациясының шетелдегі отандастарға байланысты мемлекеттік саясаты туралы» Заң қабылдап, арнайы ұшан-теңіз қаржы бөліп, алыс-жақын шетелдердегі отандастарына қолдау жасауды жан-жақты жүзеге асыра бастады. Өткен желтоқсанның аяғында ғана Ресей президенті Путин шетте тұратын қандастарын қанатының астына толығынан алғанын қадап тұрып айтты. Бұған біздер де қуаныстық. Түрік

республикасында да диаспораға қатысты барлық мәселе мемлекеттік деңгейде шешілген. Яғни, Түркияның диаспорамен айналысатын мекемесінің жылдық бюджеті - 100 миллион АҚШ доллары, қызметкерлер саны – 170 адам. Ал Әзербайжан мемлекетінде Президентке қарайтын диаспора жөнінде тікелей мемлекеттік комитет бар. Бұл комитетте жүзге жуық қызметкер жұмыс істейді және бұған қажетті қаржы да толық бөлінеді. Мысалы, шетелдердегі азербайжан жастарымен байланыс орнатуға ғана жылына 5 миллион евро бөлетін көрінеді. Бұл елдердің қай-қайсысы да адам күшіне зәру емес. Басты мақсат ұлттық идеяда жатыр. Ал біздің ел үшін адам факторы да, ұлттық идеология да ауадай қажет.

Шетелдегі қазақ диаспорасына мұндай қолдау көмек жасауға Азиядағы дамушы елдердің көшбасшысы ретінде танылып, әлемдегі дамыған 30 елдің қатарына қосылуды мақсат етіп отырған біздің елдің әлеуеті жетеді. Ал осындай нақты іс шаралар нақты заң аясында болса, тіптен нұр үстіне нұр.

Жалпы, әлемдік деңгейде мойындалған үрдіс бойынша шетелдердегі қандастарымызды заң аясында қорғасақ, қолдасақ нақты нәтижелерге жете аламыз. Сонда ғана қазіргі таңдағы шетелдегі қазақ диаспорасы ортасында ұйымдастырылып келе жатқан түрлі мәдени шараларымыздың да тағаны бекіп, заң аясында орныға түспек.

Осы орайда айта кететін тағы бір жай қазақтар аз мөлшерде тұрып жатқан басқа мемлекеттерді айтпағанда Ресейде, ҚХР-ында, Өзбекстанда тұратын миллиондаған қандастарымыздың жас ұрпағы ана тілінен айырылып қалудың аз-ақ алдында тұрғанын бірінші кезекте ескеруге тиіспіз. ҚХР-ындағы қазақ мектептерінде қа-

зақ тілі пәнін оқыту сағаттары соңғы жылдары күрт азайды. Ал Ресейдегі бір миллион қазақтың ортасында небәрі екі-ақ қазақ мектебі бар екенін бәріміз білеміз. Тіпті шетелдегі қазақтар ішінде ұлттық болмысын сақтап қалуға бар мүмкіндік жасалған деп есептелінетін Моңғолияның өзінде соңғы жылдары қандастарымызға деген қатынас басқаша.

Жалпы, қандай бір ұлттың шетелдегі диаспорасына сол елдегі бүліншілік, азаматтық соғыс сияқты нәубеттерден төнетін қауіп өз алдына. Ондай қиыншылықтар кезінде қандастарымызға қол ұшын беру көбіне халықаралық заң нормаларымен реттелмек. Ал басты қауіп – қандайбір елдің бейбіт күндегі өз ішіндегі түрлі ұсақ этностарға жүргізетін сол ұлтты тарихи отанынан, тілінен, өнер-мәдениетінен, салт дәстүрінен алшақтату арқылы ұлттық рухынан айыратын ассимиляциялық саясаты. Шетелдегі қазақ диаспорасы туралы заң өз отанынан тыс жердегі ағайындарымыздың ұрпақтарын осындай әрекеттерден алдын ала қорғауға бағытталуы керек. Біз осы тұрғыда заң жобасын жасадық. Бұл заң жобасы адам құқығы туралы халықаралық заң нормаларына, Қазақстан Мемлекетінің заңдарына, қазақтар тұратын шет Мемлекеттерінің заңдарына қайшы келмейтінін, керісінше қолайлы мүмкіндік тудыратынын атап айтуымыз жөн. Осы заңның пайдасы Еліміз үшін, Халқымыз үшін орасан зор, ерекше, ешбір зиянсыз екенін де іш, шет халықтары бәрі де түсінеді.

Шетелдегі қазақ диаспорасы туралы заң қабылдау сол елдегі қандастарымыздың мүддесі ғана емес, Қазақстан Республикасының тұтастығының да құрамдас бөлігі. Қазақстан Республикасының Президенті өзінің «Қазақстан – 2050» стратегиясында: «...ұлттық қауіпсіздіктің маңызды приоритеттерінің бірі демографи-

ялық және миграциялық саясат» - деп көрсетіп берді. Бұл дегеніміз қазіргі таңда жақын және алыс жатқан елдердегі қазақ диаспорасына да тікелей қатысы бар екендігін біз білеміз. Сондықтан жақын және алыс шетелдердегі қазақ диаспорасын өзімізге тарту, етене қарым-қатынаста болу – қоғамдық маңызы бар өзекті мәселелердің бірі. Өзекті мәселенің өзегі де әрқашан заңға келіп тірелмек. Мұның сыртында диаспора – мемлекеттің ішкі және сырт саясатын жалғастырып тұрған халықаралық қатынастар субъектісі екенін де ескеруіміз керек. Сондықтан шетелдегі қазақ диаспорасы туралы заңның маңызы айрықша.

Шетелдегі диаспорасы туралы заң қабылдау әдетте сол елдің халықаралық беделіне тіке байланысты. Беделді алпауыт мемлекеттер өз мүддесін өзгелерге қашан да мойындата алады. Құдайға шүкір, біз тәуелсіздіктің ширек ғасырлық қысқа мерзімінде Елбасымыздың сарабал саясаты арқылы экономикамыз қарқынды дамып, әлемдегі алпауыт елдердің өзі санасатын Орталық Азия елдерінің көшбасшысы ретінде танылған беделді мемлекеттер қатарына қосылдық. Екі ірі көршіміз Ресей мен ҚХР-ның екеуінің де экономикалық басты сыбайласына айналып отырмыз. Шетелдегі қазақ диаспорасының ең көп бөлігі де осы екі елде. Ежелден бір одақ құрамында болған, бүгінгі таңда «ЕЭО» атты жаңа тұрпатты одақ құрып, экономикалық ортақ мүддеге жұмылған Ресейді айтпағанда, ҚХР тұрғысында біз тәуелсіздікке қол жеткізген аз жылдың ішінде бұл елмен, әріптестік, сыйластықтың, тату көршілік қарым-қатынастың биік деңгейіне жетіп отырмыз. Басқаны айтпағанда елімізде бірнеше «қытай мәдени орталықтары» жұмыс істеп отыр. Олардың іс қызметіне ешқандай қысым көрсетіп отырған жоқпыз. Ал экономика саласына

келер болсақ, әлем нарығында соның ішінде ҚХР үшін де аса маңызды энергетикалық шикі заттарымыздың қомақты бөлігін осы елге беріп отырмыз. Сондықтан «еруліге қарулы», «береген қолым алаған» дегендей ҚХР-ның да бізді құрметтейтіні, санасатыны, шетелдегі қазақ диаспорасы туралы заң қабылдасақ, оған құрметпен қарайтыны анық. Сондықтан осындай қолайлы сәтті пайдаланып «Атажұрт» қоғамдық бірлестігі «Шетелдегі қазақ диаспорасы туралы» заң жобасын әзірлеп, ҚР Парламентіне ұсынып отыр. Парламент депутаттары біздің бұл ұсынысымызды қабылдап, талқылаудан өткізеді деген сенімдеміз.



Төртінші бөлім

**БАБАЛАРДЫҢ АРМАНЫ ОРЫНДАЛДЫ,
ҰШҚАН БАҒЫМ БАСЫМА ҚАЙТА ОРАЛДЫ**

(Жыр арқауы – елдік пен ерлік)





*Бабаларымыздың мыңдаған жылғы
арманын орындап,
аманатын арқалаған
Елбасына рахмет*

БАТЫР БАБАЛАРҒА ТАҒЗЫМ

Біз қазақ халқының ержүрек ұлдары ұлан байтақ да-
ламызды «Ақ білектің күшімен, ақ найзаның ұшымен»
сан ғасыр бойы жауларынан ерлікпен қорғап, бүгінгі
ұрпаққа жеткізді деп жиі айтамыз. Арғысы сақ, ғұн,
түркі, «Алтын орда» дәуірін айтпағанда ел жеріміз-
ге жоңғарлар көз аларта бастаған XVI ғасырдан бергі
уақытта қазақтың әр ру, әр ауыл, әр атасында жаумен
айқаспаған ер азамат жоқ екендігі, ерлік көрсеткен сан
мыңдаған батыр бабаларымыз өткені дәлелдеуді қажет
етпейтін шындық.

Алайда біз сол батырлардың жүзден бірінің де тарихын, тіпті атын біле бермейтініміз өкінішті. Кезінде хатқа түспеген тарихты уақыт ағысы ұрпақ санасынан өшірді. Қазір тарихта аты аталып, ерлік істерінің жұрнағы аңыз болып жеткен жоңғар шапқыншылығы тұсындағы ержүрек ұлдарымыз көп болса 200-дей ғана. Туған елі, туған киелі топырағы үшін қасық қанын, шыбын жанын пида еткен мыңдаған батыр бабаларымыздың тарихтан аты өшіп, атаусыз елеусіз, ескерусіз қалды.

Солардың бәрінің де азаттықты аңсап, тәуелсіз ел болуды армандап кеткені, солардың бәрі тәуелсіздікті көре алмай, заманында азаппен өмірден өткені анық. Сол тәуелсіздікке, сол азаттыққа бүгінгі ұрпақты ұлтымыздың ұлы перзенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев жеткізіп, батыр бабаларымыздың арманын орындады. Осы тәуелсіздік арқасында аты ұрпақ санасынан өшкен, көптеген бабаларымыздың ерлік істерін тарих тереңінен іздестіріп, қайта тірілтпесек те ерлігін еске алып, аманаттарын орындап жатырмыз. Төмендегі дастандарға арқау болған жоңғар шапқыншылығында түмен басы, Абылайдың оң қолы болған Ер Жәнібек, 1680 жылдары Сайрам қаласын жоңғарлар басып алғанда сонау Жайық бойына он жеті мың сарбаздан тұратын ауыр қолды бастап келіп, қас дұшпанына соққы берген кіші жүздің Тілеу батыры, 1930 жылдары қытай қазақтарын басқыншылықтан азат ету жолында басын алғызған Зуқа батырлар да осындай есіл ерлеріміз. Аруақтары разы болсын!

Авторлар

АРМАНЫҢ ОРЫНДАЛДЫ, БАТЫР БАБА

(Жәнібек Бердәулетұлына)

ТОЛҒАУ

Күң мен құлға қыз-ұлы айналған кез,
Ата жұрттан айырылып, айдалған кез,
Қайғы бұлты үйіріліп төбемізге,
Басынан бақ қазақтың тайған да кез.

Халқым менің ботадай боздаған кез,
Қас арғымақ жабыдан озбаған кез,
Ана менен баланы зар жылатып,
Іштегі қайғы-мұңды қозғаған кез.

Сұм кәпір бес қаруын сайлаған кез,
Қайқайтып Қара тауды айдаған кез,
Аруағы артып, қалмақтың бағы жанып,
Қазақты құртуға бел байлаған кез,

Көзден бұлбұл Жетісу ұшқан заман,
Қысық көз бүйіріңнен қысқан заман,
Шыңғыс хан заманынан бергі шақта
Кім бар менің жеріме сұқтанбаған.

Осылай жылай-жылай ел көшкенде,
Қара ниет қалмақтар еңіреткенде,
Алла жар боп сыйлады талай батыр,
Қайран елді қайғы-мұң меңдеткенде.

Хан Абылай, Қабанбай, Ер Жәнібек,
Қорға н болған халқына, ел қамын жеп,
Батыр Баян, Наурызбай, Ер Шақантай,
Қатарынан қайсысы кем қалып ед.

Асып туған дұшпаннан аруағы ,
Бәрі бірдей Алаштың нар ұланы,
Әрқайсысы шеп бұзған дара батыр,
Қорғап қалған қазақтың шаңырағын.

Алты алашқа бәрінің аты мәлім,
Шарлап кеткен елімнің атырабын,
Ер Жәкемді даралап ҰЛЫ АСТА,
Абыройын жырменен асырайын.

Берген Алла халқының көз жасына,
Күн туғанда қасырет ел басына,
Қараша жұрт жездей боп майрылғанмен,
Кез болмаған қазақта ер жасыған.

Көк дөненмен Жәнібек атой салған,
«Ер» деп бекер еместі атай салған,
Батар күннің жалқынды алауынан,
Жаратылған нұр шапақ атар таңнан.

Абыройы Алашта асқақтаған,
Ата жауға ел, жерін таптатпаған,
Өзім сында ер жүрек ұл болсын деп,
Атын қойған жөргекте Шақшақ бабам.

Ұлы жүзде атақты асыл тұлға,
Нағашысы Досымбек батыр туған,

«Тартпай қоймас негізге» өмір заңы,
Жақсылардың рухы жақын шыңға.

Өз атасы атақты Алты, Сары,
Олар дағы жасынның жарқышағы,
Ел батыры болса да Ер Жәнібек,
Бердәулеттей әкенің аттұсары.

Шешендікпен шендесіп, ақындық тең,
Дала абызы даналық ақыл біткен,
Сегіз қырлы бір сырлы бар қасиет,
Бір бойынан табылған асыл біткен.

Түмен басы Ер Жәке – тұлғасы елдің,
Мыңға татыр қашанда бір басы ердің,
Тексіз болса нағашы жиеншарлар,
Ұлы Абай мен Ыбырай тумас еді.

Алтын түйме, ақ моншақ сабағындай,
«Жақсыны жақсы таниды», даналық-ай!
Оң жанынан Жәкеме орын беріп
Батырлығын таныған Хан Абылай.

Басталғанда тағдырдың аламаны,
Шер мен мұңды серпілтіп санадағы,
Қос көк бөрі дем берген Ер Жәнібек,
Керейлердің көкжалы, абаданы.

Тізе қосып Наурызбай, Бөгенбайға,
Қанат болып қолбасшы Қабанбайға,
Қарсы шапқан тайсалмай қас батырым,
Арыстандай ақырып тәмам жауға.

«Кезек екі тәңір бір» қалмақ састы,
Аруақты ерлердің мысы басты,
Ақтабан боп шұбырды енді өздері,
Аман қалған аз тобы Еділ асты.

Жау қырылды орылған баудай болып,
Қу толағай үйілді таудай болып,
Жәкең сынды аруақты батырларға,
Дұшпаны да сүйінген таңдай қағып.

Оралды жұрт сағынған Шығысына,
Ұйтқы болған ЕР ТҮРІК ұлысыма,
Ел басқарды Жәнібек, көсем оймен,
Кемеңгері халқының ұлы тұлға.

Тарбағатай, Маңырақ, Жайсан көлі,
Қоныс тепті мамырлап байтақ елі,
Қой бастаған серке еді Ер Жәнібек,
Бақ дәулеті қазақтың қайта оралды.

Керей, найман өрледі Өр Алтайға.
Қаптық, Бәйтік қарт Боғда, Ерен тауға,
Тарбағатай, Бортала, Іле, Құлжа,
Ата жұртқа жайлады ел алшандап.

Ұрпақ өсті жайып жас жапырағын,
Ата қоныс толтырды атырабын,
Қайран Жәкем кешегі көш бастаған,
Қалба таудың жамылды топырағын.

Ұйықта, бабам, алаңсыз ұйықта, батыр,
Ел жұртына тіріде тұтқа батыр,

Бақытқа елің кенелді берекешіл,
Өсиетіңді зерделеп ұққан асыл.

Ұрпақтарың жиналды шартараптан,
Күллі қазақ жерінен – Алты Алаштан
Қытай, Моңғол, Түркия, Европа
Зар заманда шығандап шекара асқан

Той басталды төрінде Астананың
Бірлігіңмен ұйыған мақтан елім.
Мұрындық боп ұлы асқа Сапарбаев
Ту көтерді Шығыстан бастап елін.

Батыр баба Алашқа атың мәлім
Асын берді ардақтап асылдарын,
Басында жүр мерейтой, ас қамының
Тұрсынбек, Несіпбектей, ақын, ғалым.

Азат еткен ел жерін батыр баба,
Пана болған жатқа да, жақынға да,
Сіз аңсаған «МӨҢГІ ЕЛДІҢ» шаңырағын,
Биіктетті Нұрекең асылзада.

Өтті жалған фәнилік жасын ғұмыр,
Сауын айттық, ер баба, асың бүгін,
Абыройы асқақтап, жасай бермек
Үш жүз емес, өтсе де отыз мың жыл.

* * *

Қажырлы едік, біз неткен керемет ек!
Бұл бақытты ұрпақтар кемел етпек,
Сүйінші, «НАЗАРБАЕВ ЕЛІ» атанған,
Дүниеге келді жаңа мемлекет.

Аққан шағы есіліп Есілдің бір,
Сарыарқаның ойнайды төсінде нұр,
Қазағымның сияқты мәртебесі,
Зеңгір көкте желбіреп көк туым тұр.
Ер Жәнібек сияқты батырлардың,
Аруағын сыйла, елім, басыңды и.
Бабалардың арманы орындалды,
Қалған қазақ жат елде көшінді бұр.



ТІЛЕУ БАТЫР

Жыр-дастан

Баяғыда, баяғы,
Әз Тәукенің заманы,
Ерлері көп саналы,
Қазақтың есен-аманы.
Атырау мен Маңғыстау
Батыстағы жараны
Еділ, Жайық, Ақтөбе
Қаратау, Сыр, Аралы
Қызылжар мен Көкшетау
Сарыарқаның алабы.
Бәрі-бәрі Қазақтың
Хандығына қарады.
Ен жайлаған осы елге,
Көзін дұшпан салады,
Шығыстағы қысық көз
Ашылды жаудың араны.

Қалмақ шапты Сайрамға
Қысым келді мал жанға
Хабар берді Хан Тәуке,
Қазақ деген халықтың,
Басынан бағы тайғанда
Батыс пенен Шығыста
Ығай-сығай тарланға.
Абадандай* айбарлы,
Арыстанға, арланға.

Тумаған әлі Абылай
Кенесары, Ағыбай
Өртке тиген дауылдай
Шапырашты Наурызбай
Біз білетін кешегі
Бөгенбай мен Қабанбай
Тумаған кез бәрі де-ай.
Жүрсекте біз танымай
Ол заманның өзінде
Жаралған қазақ бағына
Батырларым көп еді,
Жаланған құмай-тазыдай.

Тілеу батыр Айтұлы,
Солардың мықты сойы* еді,
Жылқыда күрең торы еді.
Қазақ деген халықтың
Дария пірі, шоры * еді
Аға тұтқан інінің,
Алтыннан жаға тоны еді
Пана тұтқан жұртының,
Батыр туған шоңы* еді,
Қарсыласқан дұшпаны
Қалмақтың маңдай соры еді.

О, жасаған бер тілеу,
Көрмесін зорлық еркін ел,
Ата жаумен айқаста,
Кез келді батыр беркінер.*
Ханнан хабар алған соң,
Атқа қонды Ер Тілеу
(Қаймана жұрт халқына,

Қашан дағы ер тіреу),
Жау қалмақтың ниеті –
Қазақтың жерін еншілеу,
Өзгені жерін өртке орау –
Аллаға болмас жөн тілеу.

Қорғамакқа Сайрамды,
Тілеу батыр сайланды,
Өз қасына жинады,
Өңшең ерді айбарлы.
Жебесін сайлап қатұттан*,
Қылыш, қанжар қайралды,
Ала балта* тақымда,
Босмойын* ердің қасына,
Сайлады сауыт-сайманды.
Айқасуға асықты,
Жау кәпірмен айдарлы.
Әуелі көрші-қолаңға,
Жеткізді хабар соларға,
Азулы жаумен айқасу,
Түспесін білді оңайға,
Жарсалды күллі жаранға
Маңғыстау мен Оралға
Еділ, Жайық екі өзен
Жаз жайлауы қонарға,
Қалды деп хабар жеткізді,
Жау қолында Хан Орда.

Жер үшін жаға жыртысқан
Қамады дұшпан тұс-тұстан
Қалды деп хабар жеткізді
Жау шебінде Түркістан,

Қайдасыңдар, ерлерім,
 Халқым сеніп, пір тұтқан?
 Киесі болған бабамның
 Қақпасы болған ғаламның
 Қасиетті шаһардың
 Жағдайына алаңмын,
 Тимесін қолы Шәһарға,
 Дінсіз кәуір* қарамның.
 Жетсін деп жедел бұйырды,
 Ерлер болса жырынды,
 Батырдың сөзін екі етпей,
 Ерте күнді кеш етпей,
 Иісі қазақ жиылды.
 Шартараптан құйылды
 Сайрамға беті бұрылды
 Бабалардай кешегі,
 Қорғаған жаудан Үрімді*
 Аталар бата тіледі
 Елімнің бол деп тірегі
 Көзіне іркіп тамшы жас,
 Арулар сәл-пәл жүдеді,
 Сұлу бике* назданып,
 Қасына келді Тілеудің
 Аман қайт деді жорықтан
 Үлпілдей соғып жүрегі.
 «Жар болсын Алла тағала
 Сабыр берсін санаңа
 Қол салса дұшпан жағаға
 Ер жігіт үйде қала ма.
 Ел үшін туған жер үшін
 Ерлердің жаны садаға
 Деп кетіп сен барасың

Жол бастап үш балаңа
Ұлдарың тегіс батыр-ды,
Жандары саған жақын-ды
Бәрің де хаққа тапсырдым,
Бабадан қалған сойырғал*,
Байтағыңды* қорғауға
Бәйгеге тіктің басыңды.
Қимай тұрмын амал жоқ,
Сендей асылзатымды».

Осылай деп қоштасып,
Қолтықтан жары демеді,
Бетке алып Сайрам шәһәрін
Ер Тілеу жауға жөнеді,
Артынан ерген көп қосын,
Екі мыңдай шақырым,
Алыс жолға бет түзеп,
«Аяндамай желеді».
Аттанған сарбаз мол болды,
Он жеті мың қол болды,
Шұбаған ізі қосынның
Жосылған күре жол болды.
Жауды жеңіп қайтуға,
Сенімдері мол болды.
Ата жаумен айқасар,
Әділет жолы оң болды.

Тілеу деген кім еді?
Бұл күнде кімдер біледі?
Елім деп туған еңіреп,
Батырлардың бірі еді.
Төрге озды төрт ғасыр,

Өшкін тартты санадан,
Тарихтың сілемі.
Арғы тегі Едіге,
Орақ-Мамай, ер Мұса,
Қарасай-Қази бәрі де,
Қорған болған еліне,
Батырлық негіз Тілеудің,
Қанында жатыр әріде.

Сол марғасқа Ер Тілеу
Батыр еді, би еді,
Әз Тәукені киелі
Отырғызған тағына
Жайсаңдардың бірі еді.
Ақылдасы, сырласы,
Ханның серік, тірегі,
Жауына қатал, жібімес
Көкше мұздың кілеңі*.
Парасатты, өрелі,
Ерлердің еді егейі.
Ел іргесі тынышта,
Әнші-күйші сері еді.
Ел басына күн туса,
Халқының қамын жер еді.
Басындырмас дұшпанға,
Мінезі шарт, өр еді.
Үстінде сауыт берені*,
Жасының дер шак, кемелі
Мыңмен жалғыз айқасар,
Асып туған ер еді.
Батысқа байтақ танылған
Қолбасшы еді, шер* еді.

Тәсілін соғыс меңгерген
Ақылдың дархан кені еді.
«Аттан» десе, ұран сап,
Сыйлайды, бәрі сенеді
Тайлысы мен таяғы,
Шығаны мен саяғы,
Бірі де қалмай Тілеудің
Артынан жұрты ереді.
Айналайын бабамның,
Беделі қандай, беделі!!!

Сырлы найза өңгерген
Нөкер ертіп ерлерден,
Шайқаста талай қол бастап
Түменді* түгел меңгерген,
Ерегессе дұшпанмен
Бір өзі мыңға тең келген,
Қабағы қату, қайсар ер,
Жар болып Алла дем берген
Кім бар деп біреу сұраса:
Ерлердің нағыз ерені
Шектінің батыр өрені,
Тілеу батыр дер еді.
Айбынды батыр сол Тілеу
Сайрамға тартқан сан қолдың
Алдында жалғыз келеді.

Сардардан сұрап ақылды
Алдына салды батырды,
Жорыққа шықса әрқашан
Қолбасшы сөзі мақұл-ды
«Жарты малта ас қылып»,

Ұзақ күнді батырды
Ат жалында түнқатып
Бозала танды атырды
Күн-түн жортқан жасаққа,
Айшылық жол да жақын-ды.
Сайрамға жетсе, сан мың қол
Ойнатпақ жауға жасынды
Әр сарбаздың арманы,
Мақсатқа жету ақырғы

Құласаң нардан құлап көр,
Бір өзің, Алла, қуат бер!
Киелі туған топырақ,
Ұлдарыңды сынап көр!
Тез жетуге бәрі асық,
Жау қолында, жырақта ел
Артта қалды бұлдырап,
Талай таулар, қырат бел,
Қол бұлғады мөлдіреп,
Шұрайлы шұрат*, сынап – көл
Айшылық жолды артқа сап,
Сайрамға жетті ләшкер*.
Ел, жердің бағы тайғанда,
Жау қолында қалғанда,
Батыр Тілеу бас болып,
Жер қайысқан қалың қол
Жетті осылай Сайрамға
Халқы қалған сансырап,
Батырлары қансырап,
Сайрамға жетті көп қосын
Әуелі Ханнан хал сұрап.
Сойқан салған көп қалмақ

Жергілікті халықты
Тастаған кез ед жаншып-ақ,
Айшылық жол қашықтан,
Жетуге жедел асыққан,
Түменді көріп қуанды ел,
Келді деп көп қол батыстан,
Қайратын жанып сарбаздар,
Жігерленді тасып қан.
Шайқаспаққа қалмақпен,
Қалғанынша қасық қан.
Шоқпарменен шайқасты
Айбалтамен айқасты,
Садақтың созып кірісін
Он екі кез жай тартты,
Қынаптан қылыш суырды
Қарудың күшін байқатты

Сүңгісін жауға сүңгітті
Қырғидайын шүйлікті,
Қазақтың қолы елу мың,
Бәрі де дүр, * кіл мықты
Қалмақ қойдай қырылды,
Жаудың шебі бұзылды,
Сақтай алмай бірлікті.
Шығысқа қарай дүрлікті

Атаңнан нәлет Бошықты,*
Қырылған сайын өшікті,
Жеткізем деп жүз мыңға
Шеріктің* санын қосыпты,
Қайырылып келіп сан рет,
Қазақтың жолын тосыпты.

Екі жақ талай арбасты,
Етектен қалмақ жармасты,
Дүркін-дүркін шабуыл
Үш жыл бойы жалғасы,
Арыстандай айбатты.
Талай батыр мерт болды,
Құмырысқадай қаптаған,
Құртам деп қалың қалмақты.

Түменді Тілеу бастады,
Сайланған жаудан қашпады,
Қиын-қыстау шақтарда
Абдырап әсте саспады,
Шолан ұрып,* шайқаста,
Бетін жаудың жасқады,
Жараланды сан рет,
Жігіттің сұлтан, апталы.
Талайда, талай боялды,
Қызыл қанға ат жалы.
Өзекті жанға бір өлім,
Ойламады сонда да,
Қарақандай бас қамын.
Тілеуге серік оң қанат
Батыр ұлы Жолдыаяқ
Жауға талай шүйліккен,
Қырандайын сорғалап,
Қоршауда қалды қапыда,
Тұрмады бірақ қорғалап,
Шеп бұзып, жауға атылды,
«Дөйіттеп»* ұран шақырды.
Қарсы келген кәпірді,
Қылышпенен жапырды.

Көптің аты көп еді,
Айласын жауы асырды,
Қаңғыған оғы кәбірдің
Қыршыннан қиды асылды,
Алланың ісі, амал жоқ,
Арманға жетпей, аһ ұрып,
Опасыз қу жалғаннан,
Таусылды дәмі ақырғы.
Дүние-ай деген өтпелі!
Көктей солды көк белі,
Анық еді Тілеудің
Қабырғасын сөккені.
Ғазауат* майдан құрбаны,
Талайы* еді текті ердің
Ел үшін өлген есілге
Көзінің жасын төкпеді.
Көңілі босап егілді,
Бауыры бордай езілді,
Білдірмеді өзгеге,
Қайратпен жеңді сезімді,
Алдаспан ұстап серт етті
Қайтарам деп кегінді.
Кеудесін ыза кернеді,
Қайқы қылыш сермеді,
Дұшпанға теңдік бермеді,
Таныды қасы, досы да,
Тілеудің даңқы өрледі,

Алты ай тағы шайқасты
Қарымын қазақ байқатты,
Талайын қойдай бауыздып,
Буырқанған Ер Тілеу,

Көңілдің шерін тарқатты
Тау қылып үйді өлігін,
Толтырып аңғар, алқапты.

Ұлының кегін қайтарды,
Көңілі ердің марқайды,
Ерлігіне батырдың
Ел-жұрты түгел сүйініп,
Дұшпаны да тамсанды.
Амал қанша, алайда,
Өлшеулі өмір адамға,
Сызығың жетсе, сұм жалған,
Мұршат қып, саған қарай ма!
Кезекті бір шайқаста,
Сұм ажал жетті байқатпай,
Бағы тайды батырдың,
Дес беріп жау найсапқа,*
Жылқының керкұланы*
Пайғамбардың пырағы
Ер Тілек мінген сәйгүлік
Үлпершектен* оқ тиіп,
Омақаса құлады.
Жаяулап қылыш сермеді,
Ерегесті, ерледі*
Жастығын жаудан мол алды
Дұшпанға есе бермеді.
-«Ата жауым сен деді,
Асып туған мен» деді,
Аттаңнан нәлет көп қалмақ,
Жөйіт* болмай, жөн білсең,
Жекеге* бірің кел деді,
Алдымен кезек ал деді,

Маған да кезек бер деді.
Жөн білмес нойыс*, ноқайлар*
Пәтуға көнбеді.
Жазым етті көп құзған,
Бір өзі мыңға тең де еді.
Осылай да сынар ма,
Жаратқан Алла пендені!!!
Қайғырды қайран қазағым,
Басқа түсіп нала мұң,
Ай қорғалап аспанда,
Күн тұтылған аза күн.
Айырылды ерден қапылыс,
Өзекті өртеп өкініш,
Мойнұсынды ел-жұрты
Аллаға қылмай асылық.

Бас болып ханы, төресі,
Билердің құрып кеңесін,
Түркістанға жерледі
Шәһит* ердің денесін.
Көрсетті құрмет осылай,
Тілеудей асыл ұлына,
Алланың сүйген құлына
Түркінің түгел қағбасы
Қасиетті қыбыла—
Батырдың жер бесігі,
Ашылсын деп дұға етті,
Жұмақтың нұрлы есігі.
Қызметін солай атқарды,
(Деменіз бастан бақ тайды)
Ертеңінде-ақ сарбаздар,
Жауға түгел аттанды.

Шабуыл енді үдеді,
Көңіл қайта түледі,
Қалмақтың құтын қашырды,
«Алаштап» ұран шақырған
Ерлердің айғай-сүреңі,
Қазақтың жерін ала алмай
Сайрамда сайран сала алмай
Үзілді жаудың күдері.
Түстіктен қуды дұшпанды,
Сай-саланы түгендей,
Қайтарып жаудан кешегі
Ерлердің кегін Тілеудей
Олжаға түскен көп қару,
Ат-көлікті түгелдей,
Сарбаздарға сауға қып,
Үлестірді шүлендей*.
Тандап мініп тарланды,
Алысып жаумен айбарлы,
Жан алысып, жан беріп,
Қорғаған солай Сайрамды,
Бабалардың ерлігі
Аңызға бүгін айналды.

* * *

Ұлтымның асыл, алтыны,
Қол бастаған нарт* ұлы,
Дұшпаннан жерін қорғады
Қазақтың батыр қанша ұлы!
Солардың бірі сом тұлға
Тілеу батыр Айтұлы
Жасынның еді жарқылы.
Елін, жерін қорғауға
Кешегі өткен ерлердің
Халқына берген ант ҰЛЫ
Бәрін айт та, бірін айт,
Туғызған талай батырды
Қазақтың күллі халқы ұлы!



ЗУҚА БАТЫР

Жыр-дастан

Бисмилла деп бастайын
Ақынмын деп таспайын,
Атадан қалған қазына,
Жыршылар салтын сақтайын
Шабыт берген маған да,
Тәуелсіздік ақ таңы,
Тарихқа көз салсам,
Жайратқан талай қас жауын
Ерлерім – менің мақтаным.

Заман да заман, заман-ай,
Өтіп те кеттің қарамай,
Жырымды бәйіт арнадым
Батыр туған бабама-ай.
Дару болсын жоқтау жыр
Жүректегі жараға.
Бабаның асыл рухы,
Нұрын құйсын санама.

* * *

Аспанын бұлт торлаған
Кездескен талай сор заман,
Қатын бала мұң кешіп
Ботадай талай боздаған.
Арасы Алтай Атырау,
Сары далам менің, боз далам,

Қашан дағы елімнің,
Іргесі жаусыз болмаған
Батыр туған бабалар,
Қыран құстай шүйіліп,
Қанатын сол шақ қомдаған.
Қырқысса да қас дұшпан,
Жүйріктен жабы озбаған.
Абыздар беріп батасын,
Бір Алла жолын оңдаған,
Ерлерім жайлы ойласам,
Жүректе жырым қоздаған.

Айбыны асқан Абылай
Қаракерей Қабанбай,
Қанжығалы Бөгенбай,
Батыр Баян, Жәнібек
Өртке тиген дауылдай,
Бастаған солар он сан қол
Ту астынан табылды-ай.

Қынадай қырды қалмақты,
Көтеріп ауыр салмақты,
Алтайға қайта қондырды,
Ауған ауыл- аймақты.
Мекендеп тұрды Өр Керей
Катон, Күршім, Зайсан нор,
Тарбағатай, Маңырақты.
Ел үшін туған ерлердің
Атағы жұртқа жайылды,
Атанып батыр ардақты,
Ерлік ісі сойлардың
Ұрпақтарға жалғасты.

* * *

Сусыды қолдан азаттық
Ақ патша көзін алартты,
Мұжығын мырза санатты,
Құлындай көрді қазақты.
Қарсы шыққан ерлерді,
Күтіп тұрды абақты.
Қытайға берді «еншілеп»
Жартысымен найманның,
Он екі ата Абақты.

Жаралған ұлттық намыстан,
Найзасын жауға шанышқан
Кенесары, Ағыбай
Ақтық демі қалғанша,
Ата жаумен алысқан,
Махамбет, Сырым, Исатай
Қазақ деген халықтың,
Ерлігін жауға танытқан.
Шапырашты Наурызбай –
Жауына батыл арыстан,
Батырда туған есеп жоқ,
Қазақ деген халықтан
Ерліктің өшпес үлгісін,
Ұрпақтарға танытқан.

* * *

Ерлердің есіл жалғасы,
Қылыштың асыл алмасы
Алтайдағы қазақтың
Бөкеден* кейін төл басы,
ЗУҚА БАТЫР кешегі.
Сөз бастаған шешені,
Қол бастаған көсемі
Ардақ тұтқан ерім деп
Абақ Керей көшелі.
Заман өтіп жылыстап,
Тарих алға көшеді,
Тәуелсіздік таңында
Түгендеп жатыр ұрпақтар,
Өткен жылдар есебін.

Зайсан көлдің тумасы,
Мыңға тең еді бір басы,

Әкесі Сәбит Дамолда,
Дін жолының тұлғасы.
Алғыр ойлы ер Зуқа,
Халықтың болған мұңдасы.

Шын ықылас, көңілмен,
Зуқа да дінге берілген,
Мына бір жалған дүниеде,
Әділет бардай көрінген.
Бала оқытты молда боп,
Аллаға деген сеніммен.

Құдайдан мәдет тілеген,
Гибрат алып жас шақта
Аят, хадис, сүреден,
Халқына сыйлы қажы боп,
Қағбаға маңдай тіреген.

Ұстады солай дін жолын,
Аллаға бөліп шын көңілін,
Ісіне көңілі толмады,
Үкірдай, тәйжі, күнденің*
Қараша халық қор болған,
Түсінді дүние бір кемін.
Айдарынан жел есті,
Қысық көз қалың кірменің.
Жоқтаймын деп күндерін,
Қорғаймын деп мұңлы елін
Дәмін де таты, амал жоқ,
Қараңғы қапас түрменің.

Түрменің көрді тарлығын,
Күнін жоқтап жарлының,

Аман шықты қапастан,
Деді ме Алла алқұлым.
Халқына ғана арнады,
Ендігі талай-тағдырын.

* * *

Алтын Алтай аялы,
Ата қоныс баяғы,
Іле, Еренқабырға
Тарбағатай алабы,
«Еженге»* тұтас қарады.
Бұйырмай қазақ жұртына,
Қурылды жердің танабы
Тұралатып салықпен
Қазақты иттей талады.
Заман келді қырланып,
Ашылды дұшпан араны.
Кек кернеді кеудесін,
Жігіттердің саналы,

Әділдік жолын таптаған,
Биліктен теңдік таппаған,
Қазақ, қырғыз, Ұранхай,
Дүңген, ноғай, сарт-сауан,
Паналады Зуканы,
Аш-жалаңаш қаптаған,
Бәрі де батыр, ер еді,
Дұшпанға кек сақтаған.

Ой ойлады байламды,
Болсам деп жауға айбарлы,
Езілген қара халыққа,
Тигізем деп пайдамды,

Ығай-сығай ерлерден,
Жасақ құрды таңдаулы

Күн сайын сайыс өткізіп,
Қару жарак сайланды,

Халықтың мұңын жаны ұқты,
Бергізбей артық салықты,
Қолын созды жарлыға,
Асырап аш пен арықты,
Маңайына жинады,
Езілген қара халықты.
Қарсылық қылып дұшпанға,
Ерлігін жауға танытты.

* * *

Замана салды салмақты,
Дұшпан торлап жан-жақты,
«Жау жағадан алғанда
Бөрі етекке жармасты».
Атаңа нәлет ақ орыс,
Бүйірден салды қармақты,
Кез келтірді құдайым,
Бакыч* деген кәззапты,
Ол да оңай берілмес,
Шағылмайтын жаңғақ-ты.
Тонап-талап халықты
Қырып-жойып зарлатты,
Батыр Зуха тағы да
Бажайлады алды-артты,

Соңынан ерді ерлері,
Алтайды қолдан бермеді,

Өткізбеді Ертістен,
Жауына қару сермеді.
Қызылдан қашқан Бакычтан,
Қорғады туған ел, жерін.

Күштерін жинап ақырғы,
Тырнағын ақтар батырды,
Сарсүмбені басып ап,
Қаладан жұртты қашырды,
Ақыл таппай қашқан ел,
Паналады батырды.
Созды қолын тағы да
Жат көрмей алыс-жақынды.
Қарсы тұрды қол жинап,
Күреске елді шақырды.
Сұсы басып Зуқаның,
Жасағы ақтың жапырды,
Жеңе алмай Зуқа жасағын,
Әптігі жаудың басылды.
Моңғолға тартты жылыстап,
Қарасын жау батырды.

* * *

Замана тағы түрленді,
«Ит жеді» бейбіт күндерді,
Арындап келген ақтарды,
Асырып еді бір белді,
Басшы болып Алтайға
Ви Жыңго деген сұм келді.
Момын елді басынды,
Берекені қашырды,

Бас көтермей салықтан,
«Сарноқта» төлеп сандалып,
Дәулеті жұрттың шашылды.
Кедейдің жары ер Зука,
Тағыда қару асынды.

Келсе де қытай кірме боп,
Танытты мінез тым бөлек,
Ауыз салды Алтайға,
Ілгерлей түсті кимелеп,
Сұғын қадап Ертіске,
Қазаққа қару тұр кезеп.

Қорған боп Зука еліне,
Бастырмай Алтай төріне,
Қырғидай тиді сан рет
Қарулы жаудың шебіне,
Басым болса жау күші,
Тайқып кетті шегіне,
Ұрымтал тұсын дөп басып,
Келтірді шайқас ебіне,
Жеңе алмасын шайқасып
Бастады Жыңго сезіне.

Паналап қиян тау-тасты,
Шүршітпен солай айқасты,
Асырып айла-тәсілін,
Дұшпанға күшін байқатты.
Алдап соғып сан рет,
Құм қаптырды найсапты.
Далақтатып артынан,
Діңкелетті шаршатты,

Жеңе алмады күшпенен,
Сүздірді талай жартасты.
Айлаға көшті зұлым жау,
Жолын іздеп, жұлындау
Бейғам кезде бас салып,
Қимылдау керек бұрындау,
Жансызын салып соңына,
Батырдың білді сырын жау
(Дүңгенді бағып қу жетім,
Қу жетім емес, сұм жетім
Өкінішке өзі ұрынд-ау).

Қолында өскен ұлы еді,
Сенімділердің бірі еді.
Жұртта қалған қу жетім,
Жақия деген сұм еді
Жансызы болып шүршіттің,
Бұрылды жауға жүрегі.
Орайы қашан келер деп,
Зуқаны андып жүреді,
Жайлауда оқшау қалған бір,
Қаперсіз бейғам күні еді.
Жалғыз келіп батырдың,
Жасағы жоғын біледі.

...Түн ортасы ауғанда,
Қалғып тұрды таулар да,
Ауылды қоршап, қалың жау,
Лап қойды арланға.
Іле алмай қару- жарағын,
Басына төніп аза күн
Арманда қалды, арманда!!

Ажалдың оғы дөп тиді,
Не шара мынау жалғанға!!
Қапелімде қайран ер,
Алғызды басын жауларға.

Жамылып қара Ай батты,
Қара түн – зауал, албасты,
Күйініп, өрт боп, албырап,
Қызырып барып таң да атты,
Қырып кетті қалың жау,
Аямай ауыл- аймақты.
Бөктірді қанға, жайратты.
Бала-шаға, кәрі-жас
Отыз шақты адамнан,
Бірі де тірі қалмапты.
Бетпе-бет келмей қатын жау,
Арамдық жолды таңдапты.
Бейуаз жұртты зарлатты.

Қаралы күн, қара күн,
Жүректе қайғы, нала-мұң,
Тіл жеткізген Жақия,
Бастап келген Мадарың*,
Айласын жаудың асырып,
Тапты осылай амалын.
Не көрмедің жалғанда,
Қайран менің қазағым.

Халықтың Зуқа – сенері,
Таудағы тарлан бөрі еді,
Шамданса шәрғез шалт кетер,
Еңкеймес емен ер еді,

Суырылып озып ортадан,
Алысқа кеткен беделі.
Пеңдені бөлек көрмеген
Панасыз елге еге еді.
Қорғансыз жұртын ойласа,
Іші толған шер еді.

Бел шешіп бір күн жатпаған,
Жасанған жауын жасқаған,
Артынан ерген ерлерді,
Ұрандап жауға бастаған,
Қиын-қыстау күндерде
Жолдасын әсте сатпаған,
Жоқ-жітіктің қамқоры,
Дұшпанына тас қамал.

Ақылдан, сірә, кенде емес,
Жауына теңдік бермеп ед,
Рас болды-ау, деген сөз:
«Батыр аңқау, ер көдек»
Алдырар күні жаздырды,
Дүңгенге сеніп кешегі,
Қолбала болған елгезек.

Жетімек күнгі панасы
Болған-ды ата-анасы,
Қара ниет кәпірдің,
Ішінде екен аласы.
Арманда кетті асыл ер,
Қапыда сынды қанаты.
Ел-жұрты ерін жоқтады,
Жазылмай жүрек жарасы,

Өр керей өртке шалынды,
Тағдырдың қатал наласы.

Имансыз кәпір сұм неме.
Жақсылық қылсын кімдерге!
Атамыз қалай сенді екен!
Атаңнан нәлет дүңгенге,
Өкініш бұдан өтер ме,
Санамен ойлап білгенге.

Жылады, халқы жоқтады,
Жампозын, нар қоспағын,
Ақындар жырын арнады,
Торай бермес топтағы.

Нар бура болып жараған,
Жүйріктің жалын тараған,
Жау алғанда жағадан
Топ бастаған аламан,
Көкжалдар ерген соңынан,
Айбаты асқан абадан.
Бағамдай біліп заманын,
Алысқа көзін қадаған.
Халқымның асқар тауы еді,
Аузына елі қараған,
Сол үшін жауы бәс тігіп,
Бір басын мыңға балаған.

Сыймады темір ноқтаға
Қара қазақ қамы үшін
Суға да түскен отқа да,

Қалсын деп елдің есінде,
Ілді басын көпірге,
Қарсы тұрды Өр керей
Мойын ұсынбай өкімге,
Берілмей жаумен шайқасты
«Бекін деген өкін де»
Нәлет айтты шүршітке,
Шырағын үрлеп өшірген

Қорлады елдің асылын,
(Таптым деп солай ақылын)
Алайда дұшпан қазақтың
Түсіре алмады нәсілін,
Рухына табынып,
Ардақтады батырын.

Жалғанның ащы, кермегі,
Сергелдең еткен пендені.
Дүниеден өзі озғанмен,
Зуқадай батыр бабамның
Ерлігі мәңгі өлмеді,
Жыл өткен сайын жаңғырып,
Абырой даңқы өрледі.
Жолын қуды бабамның,
Қазақтың қайсар ерлері.

Оспан батыр – арыстан,
Ерлігін елге танытқан,
Ежелгі досы Ақтеке,
Қалибек, Зайып, Елісхан,
Алтайда сайып қыраны көп,
Қатары солай толысқан.

Азаматтың апталы,
Алтайдың биік асқары,
Ортасында орны бар,
Жайсаң менен қасқаның.
Тұрақ еткен талай жыл
Түйе қомын, ат жалын,
Ел үшін туды еңіреп,
Ойламады бас қамын,
Сезімін елдің бауырап,
Жарлының жыртып жыртысын,
Сенімін жұрттың ақтады.
Төрелер мен бектерге,
Әділетті жақтады,
Сол үшін ғана жақпады,
Уақыт деген – атқан оқ,
Уақыт деген – қас қағым.
Өте шықты амал жоқ,
Өмірден теңдік таппады.
Тәуелсіздік ақ таңын!
Ұрпағы көрді мың шүкір,

* *Бөке* – қытай қазақтарынан шыққан батыр.

* *Үкірдай, тәйжі, күнде* – қытайлардың ел билеуші қазақтарға берген лауазымдары.

* *Ежен* – қытай патшасы. (Моңғол тілінде ие деген сөз)

* *Бакич* – қызылдардан қашып, Алтайға ауған ақ орыс әскерінің генаралы

МЕН – «ҰЛЫ ДАЛА» ҰЛЫМЫН

«Ұлы дала елінің» ұлы болам,
Құрта алмаған ешбір жау, құрымаған,
Тамырым бар тереңде: Сақ пен Ғұнда
Төр Алтайдың тумасы – ұлы бабам.

Тіккен туы бабамның құламаған,
Менің жерім кең байтақ мына дала,
Досқа сыйлы, дұшпанға айбары асқан,
Текті елімнің тотемі – Тұмар анам.

Азияның төрінде ен жайлағам,
Кім бар екен даңқыма таңқалмаған!
Қасиетті Ботайдың жазығында,
Сәйгүлікті мен алғаш шаужайлағам.

Күреспенен өткізген сан ғасырын,
Іздемеген ешқашан жанға тыным,
Ұзын найза, жарау ат, шошақ бөрік,
Мен – Мөдемін, Ғұндардың жалғасымын.

Қажығанды білмеймін, тесік өкпем,
Теңіздерді телегей кешіп өткем,
Мен – Еділмін «Тәңірдің қамшысымын»
Европа аспанын осып өткен.

Көк Түрікпін, көкке мен көтерілгем,
Тасқа жаздым тарихтың есебін мен,
Көне менен ертеңді жалғастырып,
Мәңгі ғұмыр әманда кешемін мен.



Өрлігі бар бойымда кең даланың,
Мен қалайша басқадан кем боламын!
Арабтар да алдымда бас шұлғыған,
Бейбарыстың ұрпағы мен боламын.

Елдік, бірлік қашан да айтар әнім,
Мақтанышпен мен бүгін айта аламын,
Таңсық емес қазаққа ғылым-білім,
Бабам менің – ғұлама Әл-Фараби.

Қасарысқан дұшпанға өктем болдым,
Дос алдында шуақты көктем болдым,
«Жібек жолы» көсілген – менің жолым,
Қос құрлықты жалғаған өткел болдым.

Дей шешенмін, атақты Қоңыратпын,
(Бөрте ананы тарихта танымас кім?)
Мен – Кереймін Шыңғысты Шыңғыс етіп,
Жарты әлемді билеуге жолын аштым.

Кім бар екен тегіме күмәнданған,
Құс төресі бағынды қыран маған,
Мен – Меркітпін, Жошының ұрпағымын,
«Алтын орда» – ұлысым, Тұран далам.

Алла берді, бақыттан құр қалмадым,
Көрдім талай қызығын бұл жалғанның,
Билігімді жүргізіп Үрімге мен,
Қырымды мен патшадан сыйға алғанмын.

Тарихым бар білгенге ертегі шын,
Жоңғардың да «сыпырдым» жон терісін,

Хандық құрды Жәнібек, Керей бабам,
Ұлы дала елінің ертеңі үшін.

Мен – қазақпын, атақты Абылаймын,
Қабанбаймын, жау жүрек қабыланмын,
«Аузы түкті кәуірмен», қысық көзбен,
Тіресуден сан ғасыр қажымадым.

Жол бермедім көк атты көлденеңге
Өзім қожа болғанмын өз кемемде,
«Батыр – аңқау, ер – көдек» деген рас,
Бодан болған кезім бар өзгелерге.

Ар алдында қашаннан адал ем мен,
Өтті талай заманым аламанмен,
Талды өзегім аштықтың азабынан,
Жапа шектім жазықсыз жаладан мен.

Сонда дағы өлмедім тірі қалдым,
Қажымады зорлыққа сірі жаным,
«Ұлы дала елінің» ұрпағымын,
«Алаш» – менің айбынды ұлы ұраным.

Бабаларға мен бүгін басымды ием,
Емес олар ешкімге басындырған,
Рухымен солардың қайта түлеп,
Қолыма алдым жай оты – жасынды мен.

Дей алмаймын қазақпын сорым қалың,
Бабаларым, арманың орындалды.
Намысымды қоздырған бойдағы қан,
Менің қаным емес ол, сенің қаның.
Шумер менен Маядан кем болмаған,

Даналығы – дария, дегдар бабам,
Менің зиын, зиятым асса өзгеден,
Парасаттың бастауы, сендер бабам,

Бабам жайлы сөйлесем, күмілжімен,
Тарихыммен басқаны сүріндірем,
Титтей де оған, тегімнің қатысы жоқ,
Дінімді мен кірлетсем, тілімді мен.

Алға ұмтылдым, көшімді жүре түзеп,
Кезек дүние, заманның реті кеп,
Сенің рухың таңы атса Тәуелсіздік,
Жетсек күнге барақат, күнесі көп.

Көлегейден туды Айым қорғалаған,
Сенен рух аламын, қолда, бабам.
Отанымның жүрегі – Нұр Астана
Сенен қуат аламын, орда қалам.

Мен – Абаймын, даналық дарыған ел,
Қара тасқа қайратын жаныған ел,
Нұрекеңнің парасат нұрыменен,
Төрткүл әлем түгелдей таныған ел.

Қайтарамын айырылған бәсіремді,
Түспек емес, әманда, нәсілі ердің,
Жаһанға мен жаятын келді кезім,
Қазақ деген қаһарман атын елдің.

Мен Алланың сүйікті құлы болам,
«Ұлы дала елінің» ұлы болам
Бабам менің – Ер Түрік, атам – қазақ
Рухымды тірілткен – ұлы заман.



АЛЫП ТАУ АЛЫСТАН АШЫЛАДЫ

Сұңғат ӘЛІПБАЙ

(Егемен Қазақстан)

Бүкіл адам баласының іс-әрекеті, мінез-құлқы бір-біріне ұқсас десек те, әрбір адам – өзінше бір әлем. Шамасы, миллиондарға ортақ саналатын өмірдің ғажайыбы мен ұлылығының өзі әрбір адамның бұл дүниеге екі келмейтін, сол қалпында қайта қайталанбайтын жеке тұлға ретіндегі ерекшеліктерінде жатса керек. “Мен үшін жеке адам дегеніміз – бүкіл халық” дейді Демокрит. Демек әрбір адам – феномен құбылыс. Еш уақытта толық зерттеліп бітпейтін тақырып. Дегенмен

өз өмір өткелдері арқылы елдік тарихты, немесе белгілі бір кезең шындығын бойға жинақтайтын, көптеген тарихи оқиғалар, сырын ашып бере алатын жеке тұлғалар да болады. Сондықтан мұндай тұлғалар уақыт өте келе әдеби кейіпкерлерге немесе тарихи тақырыптардың бір нысанына айналып жатады. Монғолияда туып-өсіп, сол өлкеде үлкен қызметтер атқарған, елдің таңдаулы менеджері деген атақ алған, ол 1990- жылдардың басынан Монғолия, соның ішінде Бай-Өлке аймағын Қазақстанға жақындатып, қатнасын жақсартуға үлес қосқан, өз бастамасымен 1990 жылдың шілде айында аймағына Қазақстанның радио, телевизор хабарын таратып, қазақ баспаларын қайта оқуға мүмкіндік ашқан, сол сәтте екі ел арасына телефон, телегаф каналдарын ашып, ондағы қандастарымызбен рухани жақындасуымызға, екі ел арасының сауда, экономикалық қатнасын дамытуға өз әлінше үлес қосқан, «Баян-Өлгей аймағының Ардақты азаматы, техника ғылымының магистрі, Мемлекетке еңбек сіңірген қоғам қайраткері Үзбен Құрманбайұлын біз осындай адамдар қатарына жатқыздық.

Баян-Өлгей аймағының Алтай сұмынында 1947 жылы дүниеге келген Үзбен 1965 жылы Ұланбатырдағы құрылыс техникумына түсіп, оны 4 жыл оқып бітірген соң, оны талапты шәкірт ретінде таныған құрылыс министрлігі кадр бөлімінің бастығының ұсынысымен осы қаладағы Шет мамандарына даяшылық көрсету кәсіпорынға слесарь ретінде қызметке жібереді. Бұл қызметінде жедел көзге түсіп, 1,5 айда механик болып, онан екі ай өткеннен кейін кәсіпорынның жастар комитетінің хатшысы болып жұмыс істейді. Мұнан кейін көп өтпей кәсіпорынның бас механигі, ақырында сол мекеменің басшы қызметкері ретінде министрліктің біліміндегі

кадр қатарына өтеді. Жедел өсіп келе жатқан талапты жасқа елдің астанасынан 3 бөлмелі пәтер беріледі. Өзінің қызметте жинақтаған білімі мен тәжірибесін бөлісу мақсатында жастар алдында монғол тілінде лекциялар оқып жүреді. Сөйтіп, үлкен бір кәсіпорында үш жылдың ішінде қарапайым жұмысшыдан бастаған жас жігіт енді бүкіл елдің деңгейінде ысылған кадр ретінде танылып үлгереді. Осы тұста Монғолияда, аймақтар бойынша Коммуналдық шаруашылық, тұрмыс қажетін өтеу басқармасы құрылады. Сондай кәсіпорынның бірі Баян-Өлгей аймағында да құрылады. Әрине, жаңа кәсіпорынды аяғынан тік тұрғызып, жұмысын жолға қою оңай емес. Сондықтан Үзбен осы жаңа кәсіпорынға бас инженер- бірінші орынбасар қызметіне жіберіледі. Көп өтпей 800 жұмысшысы бар осы кәсіпорынды басқарады. Кәсіпорынды дамытып, ондағы жұмысшылардың санын 1600 адамға дейін жеткізеді. Монғолия Орталық партия комитетінің 615-ші қаулысы шығып, соның негізінде Үзбен Құрманбайұлының коммуналдық шаруашылық, тұрмыс қажетін өтеу саласының жұмысын басқарудағы озық тәжірибесі бүкіл елге таратылады. Жемісті жұмысының нәтижесінде 1973-жылы Өлгий қалалық парткомының бюро мүшесі, қала әкімшілігінің басқарма мүшесі болып сайланады. Ұланбатырдағы партия мектебінде оқып, оны бітіріп келгеннен кейін Өлгей қалалық партия комитетінің хатшысы болып тағайындалады. Соңында, жұмысы қарқынды дамымаған аймақтағы байланыс кәсіпорнын басқарады. Бұл қызмет саласында да жемісті жұмысымен көзге түсіп, соның нәтижесінде оған Монғолияның “Үкіметіне Еңбек сіңірген байланысшы” қызметкері деген атақ беріледі. Әзірге мұндай атаққа ие болған жалғыз

қазақ Үзбен Құрманбайұлы екен. Сонымен қоса ол Монғолияның Еңбек Қызыл Ту, Алтын Жұлдыз, Парасат, Данқ орденімен, көптеген медальдарымен марапатталған. Осындай еңбектерінің нәтижесінде жасы келіп, қызмет ету мерзімі аяқталған кезде оған Монғолияның жоғарғы дәрежедегі зейнетақысы тағайындалған.

Өз қызметінде алдына қойылған міндеттерді жүзеге асыру ісімен ғана шектеліп қалмай қолына қалам алып, мақалалар мен өлеңдер жазып тұрады. Жазушылық қызметке қарай бет бұрады. Ол, бүгін бес кітаптың авторы. Сөйтіп, Монғолия жазушылар одағының мүшелігіне сайланады.

Қазақстан өз тәуелсіздігіне ие болған кезде шетелдерде өмір сүріп жатқан барша қандастарымыздың бұл қуанышты алақайлай атап өткені белгілі. Солардың қатарындағы Үзбен Құрманбайұлы тек өз қуанышын жариялаумен ғана шектеліп қалмай тәуелсіз Қазақстан мен Монғолия қазақтарының арасында байланыс орнатудың жолдарын қарастыра бастайды. Бұл кезде аймақтағы байланыс қызметінің басшысы болып жүрген ол енді Қазақстан телеарналарының бағдарламаларын Баян-Өлгей өңірінде көрсетілуіне жол ашу мақсатында шетелдік қандастарымыздың арасында алғашқылардың бірі болып Қазақстанға, оның астанасы Алматы қаласына арнайы іс сапармен келеді. Қазақстан жағы да Баян-Өлгей қазақтарының бұл тілегін жылы қабылдап, мәселе екі жақтан да көп кедергісіз шешіледі. Сөйтіп, 1990 жылдың 23 сәуірінде Баян-Өлгейде алғаш рет Қазақстан теледидарының бағдарламалары көрсетіліп, телефон, телеграф каналдары ашылып, ұзақ уақыт үзілген қазақ баспалары таратыла бастайды. Осы қуанышқа ортақтасу мақсатында Баян-Өлгейге Қазақстан Байла-

ныс министрінің орынбасары Қазкен Базылов, Қанай Ахметжанұлы, Айдархан Қасымбекұлы, Әдебиет Түгелбайұлы қатарлы көптеген азаматтар барады. “Атадан көрмегенді ботадан көріп” Монғолия байланыс саласының мамандары Қазақстанға келіп мамандығын жетілдіреді, бұлардың ақыр соңы ұлы көшке айналады.

Сол сапарда Алматыны аралап келе жатқан сәтімде сол кездегі Қазақстанның Білім министрі Шайсұлтан Шаяхметовпен кездейсоқ ұшырасып қалдым. Ол кісі менімен тілдесе келе сөз саптауыма қарап, бөтен елдің азаматы екенімді байқап қалды да жөн сұраса бастады. Мен өзімнің сапарымның, мұнда қандай мақсатпен жүргенімді айтып бердім. Шайсұлтан аға менің ниетіме риза болып, екі ел арасындағы қарым-қатынасты жолға қоюдың басқа да мүмкіндіктері туралы әңгімеледі. Соның қорытындысында Монғолиядағы 100 қазақты Қазақстанның жоғарғы оқу орындарында оқыту мүмкіндігі бар екендігі анықталып, осы мүмкіндікке қол жеткізу үшін мен Шайсұлтан ағамен тағы да кездесу жөнінде уағда байластық. Әрине, бұл үшін Қазақстан мен Монғолия басшылығының рұқсаты керек. Ондай рұқсатқа да көп өтпей ие болып, мен өз еліме қайтқанда осы шаруаны қоса шешіп бардым. Сондай-ақ Қазақстанның Достық қоғамының сол кездегі төрайымы Жібек Әмірхановамен де кездесіп, екі елдің арасына ұшақ ұшыру жөнінде әңгіме қозғап көрдік. Ізі қаланған осындай істерді одан әрі бекіту үшін менің сапарымнан кейін іле-шала Қазақстанға Баян-Өлгей аймағының басшысы Мизамхан Күнтуғанұлы бастаған делегация Қазақстанға келіп қайтты, - деп еске алады сол кездегі жағдайды Үзбен аға.

«Ақылды көп жасағаннан сұрама, көпті көргеннен сұра» деген халқымыздың даналық сөзі бар ғой. Үзбен

Құрманбайұлы да өз өмірінде көпті көріп, көп істер тындырып, көкірегіне үлкен ой түйген азаматтардың бірі. Өмірінің кейінгі 20 жылдық кезеңін Қазақстан тәуелсіздігінің баянды болуына арнап, Монғолия қазақтарын ата жұртпен жақындастыру ісіне рухани тұрғыдан үлес қосып келе жатқан ағамыз осы тақырыпқа арнап «Оралған бақыт, орындалған арман», «Мәңгілік ел» кітаптарын, «Астана», «Мәңгілік ел» әндеріне сөздер жазды. Сондай-ақ дүниежүзі қазақтары қауымдастығына арнап, «Қауымдастық жыры» әнінің сөзін жазып жарыққа шығарды. Қазақ елінің көк туы желбіреген Ақорда, елдігіміздің символы Бәйтерек бейнесін кілемдерге түсіріп, әрқайсысынан 50 дана шығарып қонақтарға сыйға тартқан.

«Таулардың сырын мен жақсы білемін. Өйткені, жазиралы жазық даласынан, жасыл шалғын майсасы мен мәуелеп өскен орманынан, өзен-көлдерінен тауы көп елде жан-жағын көгілдір, күрең ала таулар қоршаған жерде туып өстім. Сол тауларға жарты ғасыр уақыт бойы қарай-қарай, кейде олармен сырласа жүріп, терең ойлап, бекем түйгенім – таулардың ең асқар биігін адам алыстан қарағанда ғана анықтап, айыра тани алады екен. Қарап тұрсақ ұлы адамдардың тұлғасы мен жасаған іс-әрекеттері де осы тауларға ұқсас. Олардың тұлғасын тану үшін де кей кезде тым алыстан қараған орынды ма деп есептеймін. Мәселен, Қазақстанның тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевты алсақ, атқарған істері мен тарихи миссиясы тұрғысынан алғанда ол кісі қазақ тарихының теңдессіз тұлғасы. Мұны көре білу үшін де көз керек. Менің ойымша, Қазақстанның өзі ішінде жүрген соң мұны көптеген қазақстандықтар әлі күнге дейін толық түсініп, дұрыс ұғынып үлгермеген секілді. Көп өмірін атажұрттан жырақ жерде, бөтен елде өткіз-

ген біз секілді шерменде тұлғалар ғана қазіргі Қазақстан жетістіктерін дұрыс бағалай алатын болар деген ойдамын. Өйткені, біздің бір артықшылығымыз биік тауға алыстан қараған адам секілді тарихи тұлғаның жасаған істеріне сырт жерден қарап баға бере алатындығымыз», дейді Үзбен Құрманбайұлы.

Үзбен Құрманбайұлының кітабында Елбасының Монғолия жеріне жасаған алғашқы сапары туралы баяндалған. Сонымен қатар бұл сапар жайында біз оның өз аузынан да естідік.

Тәуелсіз Қазақстанның Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың Монғолияға іс сапармен келетінін естіген Баян-Өлгей аймағының басшылары да бұл іске ерекше мән беріп, өз беттерінше дайындық жасай бастайды. Бұған Монғолия мемлекеті басшылығының рұқсатын алады. Нұрсұлтан Әбішұлын қалай қарсы алу қажет? Қандай кәде жасаған орынды болады? Осы мәселе жөнінде аймақ басшысы бірқатар азаматтарды жинап ақылдасады. Әрине, ата дәстүр-салтымыз бойынша ақшаңқан киіз үй тігіліп, дастарқан жайылатындығы түсінікті. Бәлкім ертоқымы күміспен өрнектелген арғымақ мінгізіп, ақ шапан жапқан жөн болар. Басқа да қандай шаралардың болғаны жөн. «Үзбен, сенің де бір білерің болушы еді ғой, қандай кеңес бере аласың?» деп сұрайды аймақ басшысы Мизамхан Үзбен Құрманбайұлынан. «Бәлкім, Елбасын қабылдар кезде бір толғау жырын арнағанымыз жөн болар, ол жырда Монғолия қазақтарының бастан өткеріп келе жатқан өмірі түйіндеп айтылса, Қазақстанның тәуелсіздік алуына мұндағы қандастардың ерекше мән бергендігі, осы істен үлкен үміт күтілетіндігі жеткізілсе жарасып кетпей ме. Өйткені, біздің ортамызға Қазақстан атты

үлкен еліміздің басшысы келе жатыр, мұндай толғауды осындайда айтпағанда қашан айтамыз. Басқа кімге мұңымызды шағамыз» дейді Үзбен. Менің де ойым сол еді деп аймақ әкімі қуана құптайды. Бұл ұсыныс қабылданады. Ал енді ол жырды кім шығарады, кім айтады? Арнау өлеңді Шынай Рахметұлы жазса деген ұсыныс айтылады. Мизамхан Күнтуғанұлы Шынайды шақырып сөйлескен екен «Бұл не мазақтарың, ондай тарихи толғау екі-үш күннің ішінде жазылушы ма еді», деп ол шалқасынан түсіпті. Дегенмен азамат екен, «Шын жыласа соқыр көзден жас шығады» деген емес пе. Түнімен толғанып тамаша туындыны дүниеге келтірген. Дегенмен, енді мұны Бодаухан Тоқанұлына бір көрсетіп алайық деп кәнігі ақын, әрі журналистің сынынан тағы бір өткізеді. «Бұл толғауда мұң да бар, наз да бар, аманат та бар екен, жақсы шығыпты», дейді Бодаухан. Ал толғауды сол кезде ел көзіне енді түсе бастаған жас әнші



Меруешке айтқызу жөнінде шешім қабылданады. Сонымен бұл әңгімені доғара тұрайық та, енді сөз кезегін Елбасының 1993 жылдың күзінде Монғолияға жасаған іс сапарының барысын, «Егемен Қазақстанда» жариялаған Қайнар Олжайдың сапарнамалық очеркіне кезек берейік.

«Баян-Өлгей аймағының Мизамхан бастаған азаматтары Қазақстан делегациясына қонақасы беруді парыз санапты. Көк тәңірі резиденциясының ішінен оларда 100 басты қазақы киіз үй тігіпті. Үйдің ою-өрнегі айттып жеткізгісіз. Сол жерде үкілі домбыра алып, өзі де үлбіреп тұрған Меруеш Башайқызы деген қарындасымыз Қазақстан Президентіне арнау айтты. Президент талай арнауды естіп жүргені белгілі. Бірақ ата жұрттан алыстағы жұрттың сағынышы, аңсауы, өксігі, өкініші, үміті, болашағы жатқан бұл арнаудың жөні бөлек болды. Наз да бар, базына да бар, тілек те бар, қайсарлық та бар. Бәрі-бәрі даусы ерен, әні ерен, сөзі ғаламат осы арнаудан табылар еді.

Сонау Шыңғыс хан заманынан бері осы тауларды мекендеп, әлі де эне жайылып жүрген бұғылардың өзі бұл дауыстан елең етісті. Туу төмендегі Тоолы өзені бұл әнді іліп алып, еркін далаға қарай алып қашты. Ал, айнала қалың жұрт шер тарқатып жатқан қарындасқа ет жүрегі елжіреп, жанарларға жас алды.

Біз Меруеш толғауын сол жерде ұнтаспаға жазып алдық:



ТОЛҒАУ

Қош келдіңіз Нұр-аға!
Елімізге нұр ала
Өзіңізді көргенде
Толқымай көңіл тұра ма?
Халқымның сөзін сөйлейін
Болмасам да ғұлама
Уа дариғай-дариғай,
Жүректі шок қариды-ай!

Алты алашта қол бастар,
Абылайдай аға жоқ,
Жауды жасқап, жол бастар
Жәнібектей дара жоқ.
Азған елге Абайдай
Ақыл айтар дана жоқ.
Өтеміз-ау өксумен,

Басқаларға таба боп.
Деп аһ ұрып жүруші-ек,
Денеді дерт, санада өрт.
Келдіңіз бе өмірге,
Еліңізге пана боп.

Сол жоғым шын табылса,
Бізде арман, нала жоқ.
Уа, дариға-а-а-а-ай, дариға-ай,
Жүректі шоқ қариды-ай!

Сұлтанбысыз, нұрмысыз,
Аман-есен жүрмісіз.
Дұғай сәлем жеткізе,
Сұрай елдің тұрмысын.

Қаңқылдайды алдыңда,
Сыңар қанат бір құсың.
Құқай ойнап төбемде,
Құдай болып құр мүсін.

Боданы болып бөтеннің,
Жырта-жырта жыртысын,
Күйзелумен үш ғасыр
Күн өткізіп, күйді ішім.

Тек, желтоқса-а-а-а-ан желінде
Сізді көрдім тұңғышым!
Уа, дариға-а-а-а-ай, дариға-ай,
Жүректі шоқ қариды-ай!

Жан толғанысынан шыққан жақсы жыр міне, осылайша жалғасын тауып, жүректерді тулатты. Ақ боз үйдің алдында арнауы тыңдап тұрып, Президент Нұрсұлтан Назарбаев толқыды. Бұған дейінгі талай сапарларда бұл кісі танданысын да, толқынысын да байқатпайтын. Әлде, табиғатынан, әлде президенттік қызметінен болар, өзін сезім жетегінде жібермейтін. Тұңғиығын тербей білсе, терең де толқиды екен» деп жазыпты Қайнар Олжай.

Міне, Жасан Зекейұлы және Үзбен Құрманбайұлының жазған кітаптарына, көптеген мақалаларына шолу жасай, өзіне тағы бір кезігуді жөн көрдік. Үзекең: Қоғамда, кадр, зиялы қауымның орны бөлек, бұлар мықты болса ел тірегі. Өмірде, Үкімет ұйғарған мәнсапқа ие болып, пұланын орындап, айлығын тұрақты алып, “ауырдың астымен, жеңілдің үстімен жүріп” кәне “көкелер”-інің көңілінен шығып, асығы алшысынан түсіп жататындар да болады. Ал екінші біреулер тыным таппай, қанша еңбектенсе де “көргісі келмейтіндер түйені де көрмей”, оған қызғаншақтық танытып “сөгіс” жариялауы мүмкін. Мен, өз басым атқарған қызметіме байланысты жоғарыдан айтқызып, көрсеттіріп, тапсырма алып, олардың ақылымен істемедім, бірақ, атқарған іс қызметім халықтың қалауынан шығып отырды, маған керегі де осы еді. Соңғы 20-дан астам жыл жауаптанған қызметіме байланысы жоқ, тек аймағымызды өркендетуге байланысты азды, көпті жұмыс жасадым, сол тұрғыда тынымсыз еңбектендім. Оның нәтижесінде жаман болмады, халық та қатты қолдады, қажет болса дәл осы іске байланысты жеке кітап жазу да ойымда бар.

“Сіз сұраған соң”, мен айтайын: – Осыдан 24 жыл бұрын Қазақ Елімді, Қара шаңырағымды тапқаным

күні бүгін қуанам, сонда, Алматыға барып, ағайында-рыма Қарашаңырағымға келдім, “Еншімді” алуға келдім дегенде бәрі ағынан жарылып, бір ауыздан “Ал, Ал”-деген жылы сөзді өмірде алғаш естігенімде, жүрек-жарды ең ірі қуанғанымда сол шығар деп ойлаймын. Менің жазған кітаптарымды, азды көпті туынды мақалаларымды оқығандар сіз, Қазақ Елін, Елбасын ерекше жоғары бағалайсыз, сонда ел болған соң, адам болған соң кемістігіміз болмағаныма дейді, мен оларға “көш жүре түзеледі”, “жақсының жасылығын айтып, нұрын тасыту” маған парыз. Тек, мен емес Қазақстанның саналы азаматының бәрі солай жасайды. Тіпті Қазақ Елін, Елбасын ерекше сезініп, жан жүрегімен нақты сүйген, нағыз адам аймақ әкімі болған Мизамхан Күнтуғанұлы еді. Қазақтың бәрі сол адамдай болса күнімізде сөнбес деп ойлаймын. Дегенмен өмірдің қызығы мен қуанышы көп қой, қайсыбірін айтып тауысайын, ендігі мақсат Қазақ Елінің туын биікке көтере, ел өркеніне аз да болса септігімді тигізе алсам болды дейді – аға өз сөзінде.

Иә, кеңістік пен уақыт аясында өмір сүріп келе жатқан адамзат қауымы олардың сырларын әлі ашып болған жоқ. Аша ала ма, табиғат сырларын толық танып үлгере ме, бұл да жұмбақ мәселе. Бірақ бір ақиқат жайт, адам баласы, өзі қозғалған нүктеден алыстаған сайын, оның көз алдында тұрған ұсақ көріністердің, өсіп тұрған ағаштардың, жерде жатқан тастардың, тіпті бел-белестердің кеңістік қойнауына сіңіп кетіп, ең ақырында алып таулардың ғана өзінің бар тұлғасымен ашыла көрінетіндігі.

Адамзат қоғамының даму сырлары да осыған ұқсас. Адамзат қауымының немесе жеке халықтардың дамуында өшпестей із қалдырған тарихи тұлғалар бейнесі

де уақыт өткен сайын өзінің бар болмысымен ашылып көрініп, тарих атты кеңістіктің бір кезеңінде оның ең бір биік шыңы секілді болып халық жадында сақталып қала бермек. Сондықтан Үзбен Құрманбайұлының, алып таудың тұлғасын оның бауырындағыларға қарағанда, алыстан көз салғандар анығырақ таниды деген сөзіне айтар ешбір уәжіміз жоқ.



ТҮЙІН СӨЗ

Ең бергісін айтсақ, Қазақ деген өр тұлғалы халықтың, намысын жатқа жібермей азаттық жолындағы күресін 20 ғасырдан Әлихан Бөкейхан, Мұстафа Шоқай, Ахмет Байтұрсынов бастаған Алаш арыстары бастаса, халқымыздың біртуар кеменгер ұлы Нұрсұлтан Назарбаев осы күресті өміршең еткен де, ұлылық деңгейіне көтеріп, сол арқылы Елімізді Тәуелсіздікке жеткізіп айдай әлемге танытты. Осындай ұлы тұлға Тәуелсіз Қазақстанның тұңғыш Президенті, әлем таныған саясаткер Нұрсұлтан Назарбаев туралы соңғы он шақты жылдың айналасында өз еліміздің және шетелдің танымал қаламгерлері көптеген еңбектер жазып, оқырман қауымның назарына ұсынғанын жақсы білеміз.

Қолыңыздағы «Тәуелсіздік – тағдыр сыйы» яғни бәрінен де Қазақ елінің елдігі, Мемлекетіміздің тәуелсіздігі қымбат атты бұл кітап та бір қарағанда осы үрдістің заңды жалғасы іспетті. Алайда, қазақ халқының арғы бергі тарихы, Қазақстанның Тәуелсіздік жылдарындағы жеткен жетістігі, оның кеменгер көшбасшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың атқарған ерен істерін арқау еткен «Оралған бақыт, Орындалған арман», «Мәңгілік Ел» кітаптары арқылы Қазақстан жұртшылығына танымал Моңғолия Жазушылар Одағының мүшесі, Республикаға еңбек сіңірген қоғам қайраткері Үзбен Құрманбайұлының және Жасан Зекейұлының шығармашылық жаңа

еңбегінің көтерген мәселесі, қозғаған тақырыбы мүлдем басқашылығы мен ерекшеленеді. Бір сөзбен айтқанда, бұл кітап Елбасы жайлы жалпақ баяндау, құрғақ мақтау емес, Елбасының қоғамымызды өркендету жолындағы стратегиялық саясатын түрлі бастамаларын жүзеге асыруға, халықты еліміздің саяси жетекші күші «Нұр Отан» партиясының айналасына нық топтастыруға иненің жауындай болса да пайдасы тиетін ой пікір ұсыныстарын ортаға салады. Ең бастысы еліміздің тәуелсіздігін, осы тәуелсіздік алғаннан бергі қысқа мерзім ішіндегі қол жеткізген жетістіктерімізді көрегендікпен, нақты шындықпен дәлелдеп, тайға таңба басқандай етіп айқындайды. Сол үшін Қазақ Елінің аса шапшаңдықпен дамуын, өскелең өркенін көре алмайтын, ұлан байтақ даламыздың асты-үстіндегі ен байлығына көзі қызарған сыртқы дұшпандарымыздың арандату пиғылдағы жымысқы әрекеттеріне ел болып, халық болып қарсы тұрудың жолдарын қарастырады. Бұл ретте біздің басты күшіміз халықтың береке-бірлігі, өзара татулығында болса екіншісі қарапайым халық пен мемлекеттік ұйымдар арасының ара байланысы, яғни халыққа неғұрлым жақын болуында екенін, Елбасымыз ұдайы айтып, ескертіп келе жатқанын жақсы білеміз. Өкініштісі осы бір маңызды мәселені мемлекеттік қызметтегі түрлі лауазым иелерінен бастап қарапайым халық ұсақ-түйекке балап елеп-ескере бермейді. Міне, осындай бір қарағанда түкке тұрмайтындай болып көрінетін келеңсіздіктер асқына келе қоғамдық қауіп қатерге айналатыны өмір заңдылығы. Авторлар бұл еңбегінде осындай «елеусіз» кемістіктердің елеулі тұстарын көре біліп, оны жоюдың жолдарын халық көпшілікке ұсынады. Мемлекеттік ұйымдар, оның басшылары, лауазым иелерін әрқашан қарапайым

халықпен бірге болып, қоян қолтық жұмыстау, әрбір азаматтың ішкі дүниесін сезініп, мейрімділікпен қарап, қамқорлығына алып, көмектесумен қатар қоғамда атқарылып жатқан әрбір істі таныстырып, адамдардың пікірін тыңдап, бірге болып отыруға байланысты Елбасынан қойып келген талап, күнделікті тапсырмаларды Елбасының ойындағыдай етіп орындай алмау салдарынан қоғамда жайсыз жағдайлар туындап, шұбар сөз, өсек аяңның шыға бастағанын, әрмен осындай жағдай шығармаудың жолдарын ашып айтады. Халықшыл Мемлекеттің маңыздылығына тоқталады.

Авторлардың ойынша береке-бірлігімізге көлеңке түсіретін Еліміздің Елдігіне, Мемлекетіміздің Тәуелсіздігіне қатер төндіретін басты келеңсіздік – алауыздық, көреалмаушылық, бақталастық сияқты қызғаншақтық іс-әрекеттер екеніне тоқтала келіп, осыларды түп тамырымен қиып, атын өшірмейінше көздеген мақсатымызға жете алмайтынымызды ашық әңгімелеген.

Біздің сыртқы жауларымыз шырқымызды бұзу үшін осы «елеусіз» кемшіліктерімізді ерекше шеберлікпен пайдаланады дейді. Сондықтан өз еңбегінде осы жағдайға айрықша басымдық береді. Ал, бұл кемістіктерді жою тым сондай қиын шаруа емес, тек лауазым иелері Елбасының тапсырмаларын мүлтіксіз орындап, халықтың да Елбасының да алдында көрінуін, игілікті істерді іскерлікпен атқарып, жасампаз болуға шақырған. Тәуелсіздіктің 25 жылында Қазақ Елі қарқынды дамып, екі жүз жылдық өркенге жеткенін қуана құптап, Тәуелсіз Қазақстан деген аса бір тәтті ұғымның Нұрсұлтан Назарбаев деген асқақ тұлға мен біте қайнасқан, ажырағысыз біртұтас дүние болып қалыптасқанын, оны ешкімнің бір-бірінен ажырата алмайтынын нақты ақиқат,

өмірдің шындығымен дәлелдейді. Өзі бастама көтеріп, іргетасын қалап, өзі тұрғызған, бүгін әлемнің ең ірі қаласының бірегейі атанған Еліміздің бас шаһары Астана қаласына Нұрсұлтан атын беруді жөн санайды.

Жазушы өзі айтқандай саясаткер тұрғысында, басшылық лауазым иесі тұрғысында емес, көпшіліктің бел ортасында жүріп, халықтың психологиялық бітім болмысына қаныққан қарапайым адам ретінде көзбен көріп, көңілге түйгендерінен нақты қорытынды шығарады.

Үзбен Құрманбайұлы тәуелсіздіктен соң қара шаңырақ Қазақтанға Моңғолиядан, ал Жасан Зекейұлы Қытайдан оралған зиялы қандастарымыздың белді өкілдерінің бірі.

Шетте туып, өзге ұлттардан шетқакпай көріп өскен, жүрегі жаралы, көңілі налалы қазақтардың атажұртына, ұлтына деген махаббаты, сағынышы, отансүйгіштік рухы қандай болатынын өз басынан кешіргендіктен жақсы біледі. Сондықтан Ел тәуелсіздігін сақтап, халқымыздың береке-бірлігін нығайтуда қоғамдық ұйымдардың ерекше маңызға ие екенін Қазақстан халықтары ассамблеясының іс қызметінен анық сезіне отырып, тәуелсіздіктен соң Елбасының өзінің тікелей мұрындық болуымен алыс, жақын шетелдерден атажұртына оралған бүгіндері ұзын саны 1,5 миллионнан асқан қандастарымыздың қоғамдағы орнын дөп басып анықтауға назар аударады. Өз жұмысын енді ғана бастап жатқан «Атажұрт» қоғамдық бірлестігінің Қазақстан халқының берекесін арттыруға, ел тәуелсіздігін бекемдей түсуге үлес қосу, Елбасы мен оның тікелей басшылығымен құрылған «Нұр Отан» партиясына көмекші күш болу жолындағы іс қимылдарын халықтың назарына ұсынады. Ақтөбе оқиғасынан кейін жасаған Елбасымыздың

үндеуін бір ауыздан мақұлдап, атажұртына оралғандар, жергілікті тұрғындармен бірлесе отырып Еліміздің Елдігін, Мемлекетіміздің тәуелсіздігін қорғау, сақтау тұрғыда «ҚАЗАҚ ЕЛІМ МӘҢГІ ЖАСАСЫН» атты ҮНДЕУ қабылдап, халықты береке бірлікке, тыныштыққа шақырған «Атажұрт» қоғамдық бірлестігінің ағайынға «АҚ ТІЛЕК» хатын ұсынуы тіпті ерекше. Халқымыздың асқақ рухты, терең білімді саясаткер тұлғасы Нұрсұлтан Назарбаевтың ақыл парасатын бағалауға келгенде өзіміздің өзгелерден қалыс қалып, жайбарақаттық танытып отырғанымызды ашып айтады. Замананың бүгінгі алмағайып кезеңінде халқымыз өзінің сарабал саясаткер, ұлы тұлғасы Елбасымыздың, қоғамның саяси жетекшісі «Нұр Отан» партиясының айналасына берік топтасып, сілтеген жолын бекем ұстану арқылы ғана Тәуелсіздігімізді баянды етіп, «Мәңгілік Ел» бола алатынымызды халықтың, қоғамның әрбір мүшесінің санасына сіңіру – кітаптың негізгі мақсаты, басты арқауы екені айдан анық. Бұл кітап оқырман қауымның көңілінен шығары да хақ.

Еділ Құламқадырұлы МАМЫТБЕКОВ
«Нұр Отан» партиясы Астана қалалық филиалының
төрағасының бірінші орынбасары



МАЗМҰНЫ

Елбасына хат.....	5
Кіріспе.....	9

Бірінші бөлім.

Тәуелсіз Қазақстан деген тәтті ұғым – Нұрсұлтан Назарбаев деген асқақ тұлғамен біте қайнасқан, ажырағысыз біртұтас дүние	17
Қазақ елін болашаққа бастар темірқазығы – «Нұр Отан» партиясы	18
«Нұр Отанға» жыр шашу (Толғау)	35
Қазақ, тарихы тереңдегі, ежелден ұлы халық	39
Қайта оралды ұшқан бағым басымнан (Толғау)	65
Ұлын ұлықтау адам баласының ұлылығы, халқының парызы (Астана атына лайықты тұлға)	70
Халқы қалаған, Алласы қолдаған Нұраған.....	85
Біз алға күдікпен емес, үмітпен қараймыз, өйткені Қазақстанның болашағы жарқын	89
Мәңгілік ел, ғұмырлы халық (Өлең).....	96
Қазақ Елінің жасампаздығы – халқымыздың бірлігі мен татулығында	99

Мәңгілік ел (Өлең).....	106
Көңілде жүрген көп ойлар.....	108
XXI ғасыр – Қазақтың алтын дәуірі. Біз «Ұлы даланың ұлы елі» екенімізді қандай қасиеттерімізбен дәлелдейміз?	115
Қазақ хандығы – біздің мемлекеттігіміздің бір парасы ғана ...	124
Елбасы – көсем ой, көшелі сөз иесі	126
Көппен көтерген жүктің жеңілдігін Елбасы ерте түсінген	127
Елін сыйлаған Елбасы екендігіңізді тағы бір мәрте таныттыңыз.....	129

Екінші бөлім.

Еліміздің елдігін, мемлекетіміздің тәуелсіздігін сақтап қалу – ел мұраты	133
Бәрінен де Еліміздің Елдігі, Қазақтың Тәуелсіздігі қымбат	134
Лаңкестіктің тамыры – сырымызды алған сыртқы жау	153
Мемлекет пен халықтың ара байланысы – тыныштық көзі, бейбіт дамудың кепілі.	160
Қазақстан халқының береке-бірлігін нығайтып, өзара татулығын арттырып, ішіміздегі ала ауыздықты, көре алмастықты, бақталастықты жою – Мәңгілік Ел мүддесі	169
Өз өзін сыйласа, жат жанынан түңіледі	182
Дүйім жұртты дүрліктірмейік	189
Еліміздің Тәуелсіздік алу жолындағы және оны сақтаудағы Елбасы саясаты	193
Елбасы назарынан тыс қалмаған тіл, дін, қазақ диаспорасы саясаты – Тәуелсіздік кепілі.....	198

Халқын бақытпен, шаттыққа бөлеп, елін мәңгілік жасатудағы Елбасының стратегиялық бағдарламалары.....	205
Астана – Тәуелсіздіктің бір ғана жемісі	213
Астанамызды «Мейірімді» қалаға айналдырайық	220
Мәңгілік Елдің тамыры, бағдар шамы – Астана.....	231

Үшінші бөлім.

Аманат арқалаған ағайындар немесе «Атажұрт» қоғамдық бірлестігі – ел ұйтқысы	233
Атажұртым – арманым (Өлең).....	234
Қандастарымыздың Қазақ еліне деген қапысыз сенімі.....	235
Халыққа ең жақын күш – қоғамдық ұйым, біз «Атажұрт» қоғамдық бірлестігін құрдық	248
«Атажұрт» қоғамдық бірлестігінің ұлттық ұраны.....	255
“АТАЖҰРТ” заңды және жеке тұлғалар Қоғамдық бірлестігінен Қазақ елінің Азаматтарына жолдаған үндеуі	256
Ақыл қосайық ағайын («Атажұрт» қоғамдық бірлестігінің Қазақстан халқына жолдауы).....	261
Оралмандар нағыз патриоттар	267
«Шетелдегі Қазақ диаспорасы туралы заңның қажеттілігі мен маңызы».....	274

Төртінші бөлім.

Бабалардың арманы орындалды	
Ұшқан бағым басыма қайта оралды.....	281
Батыр бабаларға тағзым	282
Арманың орындалды, батыр баба. (Толғау)	284
Тілеу батыр (Жыр-дастан).....	290
Зуқа батыр.....	305
Мен Ұлы дала Елінің Ұлымын	320
Алып тау алыстан ашылады. <i>Сұңғат Әліпбай.</i>	325
Толғау	334
Түйін сөз. <i>Е. Мамытбеков.</i>	339

**Жасан ЗЕКЕЙҰЛЫ,
Үзбен ҚҰРМАНБАЙҰЛЫ**

ТӘУЕЛСІЗДІК – ТАҒДЫР СЫЙЫ

Ой-толғаныстар, пікір, ұсыныстар

Редакторы **Еділ ҚҰЛАМҚАДЫРҰЛЫ**
«Нұр Отан» Партиясы Астана қалалық
филиалының бірінші орынбасары

Техникалық редакторы М. Әбдіжәлел
Компьютерде беттеген С.Табалдинова
Корректоры Е.Ақынұлы

Басуға 25.11.2016 жылы қол қойылды.
Пішімі 84x108/₃₂. Қаріп түрі «TimesCyr.kz»
Борлы қағаз. Офсеттік басылыс.
Шартты баспа табағы 22,0. Таралымы 1000 дана.
Тапсырыс №
Тел.: 8(727) 2696226, факс.: 2696226

ЖШС «Курсив» баспаханасында
дайын файлдардан басылды.
Алматы қаласы, Восточная көшесі, 2 үй.